

12016
4577

Тынымбай
Төлөпбайұлы

КАНАФАТ



FOLIANT

Тынымбай
Төлепбайұлы



КАНАФАТ

Хикаят, әңгімелер, новелла



FOLIANT
БАСПАСЫ

Астана – 2016

ЭОЖ 821.512.122-31

КБЖ 84 (5Каз) - 44

T 65/

Төлепбайұлы Т.

T 65 Қанағат. Хикаят, әңгімелер, новелла /

Т. Төлепбайұлы. – Астана: Фолиант, 2016. – 240 бет.

ISBN 978-601-302-495-0

Жазушы Тынымбай Төлепбайұлының бұл кітабына бұрын жарық көрген және жаңадан жазылған бір топ әңгімелері мен хикаяты топтастырылды. Жазушы шығармаларының негізгі идеясы – отаншылдық, махаббат, адамгершілік мәселелері. Адамдардың өзара сүйіспеншілік сезімін арқау еткен туындылар оқырман жүрегіне жол табары сөзсіз.

ЭОЖ 821.512.122-31

КБЖ 84 (5Каз) - 44

ISBN 978-601-302-495-0

© Төлепбайұлы Т., 2016

© «Фолиант» баспасы. 2016

КІШКЕНТАЙ БРИГАДИР

Хикаят

Ойын десе, бар дүниені ұмытып, құлдыраңдап кету – қашанғы әдетім. Тіпті ішіп отырган асымды тастап жүре берем. Ондайда маган ешкім тосқауыл бола алмайды. Апамның «Тамағынды ішіп ал» деп жекіргеніне де қарамаймын.

Кейде ойынның қызығымен үй бетін көрмей кететін кезім де болады. Таң қалай атты, солай орнымнан тұрып, кеседегі айранды сіміре сала, Қебен, Естүр, Құрал мен Әлібек сияқты достарымды іздең шығам.

Біздің ойындарымыздың бәрі бірдей сәтті болада бермейді. Жазатайым балалықпен бір нэрсені бұлдіріп қойсақ, әке-шешеміз алдымыздан сыбагамызды дайындалап отырады. Оны әдейі істемейміз. Ойынның қызығына берілгенде байқамай қаламыз. Эрине, үйдің іші оның бірін білсе, бірін біле бермейді.

Әнеуқұні, асық ойнаган жерде торғай шиқыл-
дал мазамызды ала берді. Қайда жүрсек те, ро-
гатканы қалдырмай, қалтамызға салып жүретін-
біз. Онымен судагы балықты да атамыз. Сонымен
не керек, асықты жайына қалдырып, рогатка-
мен құс аттық. Арты бітпес дауға айнала жаздал
тынды. Шындығына келгенде, оған ешкім кінәлі
емес. Ағаш басына қонған торғайды көзделеп атқан
Көбенниң тасы құсқа тимей, үйдің терезесін сын-
дырды. Абырой болғанда, Естүр жанжалды өр-
шітпей тоқтатты.

Сабыр ағайға әйнек әкелетін болып уәде бер-
дік. Артынша аяғымды ауыртып алдым. Өзіме де
обал жоқ қой, қарап жүрмей нем бар десейші,
тапа-тал түсте біреудің қорасына түсіп. Осыны
ойлап тапқан — Әлібек қу. Ол сондай қу болма-
са, мен аяғымды ауыртып алмас едім. Басында
жұмыртқа ұрлайық деп ұсыныс жасағанда қуанып
кеткенбіз. Мұндайды бұрын-соңды істеп көрмे-
сек те, соны бір оңай тындыра қоятындай көріп,
келісіп отырған жерімізден су шыққандай өре
түргегелдік. Сол күні Әлібек қағазға орап әкелген
жұмыртқасын бір-бірлеп қолымызға ұстатты да:

— Далада жеген тамақтың дәмі бөлек, сен-
бесендер жеп көріндер, — деді. Күніге құрт пен
ірімшік әкеліп жейтінімізді есінен шығарып,
мақтанғандағысы оның. Енді соның дәмі аузымыз-
дан кетпей, тағы да жұмыртқа тауып алып, отқа
пісіріп, соны жеғенше асықтық.

«Шеткі үйден бастайық» деген Естүрдың
ұсынысымен, ауласында қабаган иті бар Оспан-
ның үйінің қасына келдік. Дәл қазір басқалардың
қандай хал кешіп тұрганын білмеймін. Жеме-

жемге келгенде, жаңағы екпіннің менде бірі жоқ. Ұрлықтың не екенін енді түсінгендеймін. Қорғасындау ауыр тыныс еңсемді басып, ішімнен тынып тұншығып барам. Тітіреткен сезіктен жүрегім лұп-лұп соғады.

— Іске сәт! — деді Естүр жайбарақат өзінің бір жас үлкендігін көрсетіп, — қораның үстіне ішіміздегі жеңіліміз шығу керекпіз, — деген ұсыныс айтты.

— Онда «Сопақбас» шығады, — деп Әлібек мені көрсетті. Оның ойынан дәп шықса керек, со мезетте Естүр маған қарап:

— Оңға қарай сәл жүрсең, есік бар, сол тұстан түссең болады. Ит бер жақта, арасын бұзау қамайтын аула бөліп тұр. Бері шығарда дыбыс бер, көмекке Әлібек барады, — деді.

Сөзбен бәрі оңай құсан, Естүр есіп сөйледі. Далада жатқандай көре ме, ойына түк кіріп шығатын емес. Ұрлық істеп, бәлеге қаламыз деп тұрган ол жоқ. Өзі бармайтын болғасын ба, жайбарақат. Доп қуып ойнап жүргендей ешиңдерсені түсінгісі келмейді. Менің жыныма тиді. Сонда да үнде-медім, шықпаймын деп текетіресіп тұрып алудың болар еді. Сол сәтте таңдайымда жұмыртқаның дәмі тұргандай, олармен бірге үялмай қалай жеймін деп өз ойымнан іштей қысылып, бетімнен отым шыққандай болды.

Тәуекелге бел байлад, қораның үстіне шықтым. Қорыққанымнан болар, екі аяғымның әлі кетіп, тәлтіректеп жүре бергенімде ішіне дұрс етіп құлап түстім. Тұрайын десем, зіл батпан. Әлдекім жерге шегелеп тастағандай. Сүйретіліп барып тұрдым-ау. Өзім шамалағандай тауық қораның іші екен. Тап

қасымнан қытқылдаған дауыстары құлағымды бітеп таstadtы. Ит тигендей, қарқылдап шулап жатыр. Құтқен қорқынышым артта қалып, демде көз алдым жарқ етті де, ауыр тартқан денем бірден жеңілденіп сала берді. Жұмыртқаны қалтама салып алғандай мәз болдым. Осы аяқастынан тап бола кеткен есірік көңілімді көре қалғандай, қарсы алдымдағы есіктен Оспанның інісі Ашықбай кірді. Ол қораның төбесіне бір, маған бір қарап:

— Бұл жерде негып жүрсің? Төбені құлатқан сен бе? — деді жай гана.

Со кезде зәрем қалмай қорқып кеткенім сонша, сөзге келмей, бақырып жылап жібердім.

— Ой, саган не болды? Ұрмай, соқпай жылағаның не? Қорықпа, мен саган тимеймін. Одан да қораның төбесіне неге шыққаныңды айт.

— Ойнап жүрген добымыз қораның үстіне түсті. Соны алайын деп... Бұл сөз ойыма қалай түскенін де білмеймін. Өксігімді баса алмай зорга айттым.

— Мақұл, айтқаныңа сенейін. Ендігәрі бұлай іс-теме. Үйдің терезесін тықылдатсаң, шыққан адам добынды алып беретін еді. Сонда қораның төбесі құламас еді. Сен де бекерден-бекерге қорқып, босқа жыламас едің. Бұдан былай үйдің жанында ойнамаңдар, ит босанып кетсе, қауып алады. Жүр, ауладан шығарып жіберейін, — деді.

Мен аяғымды сылтып басып, Ашықбайдың сонынан ердім. Балалар алдымнан үрпісіп қарсы алды.

— Неге жыладың? Ұрды ма? Жылағаныңды естідік, — деді Әлібек бірден.

— Бір жерің ауырып қалған жоқ па? — деп Естүр мен Құрал жарыса сұрап жатыр. Болған жайды айтып бергенімде:

— Аузыңа қалай түсे қалған, — деп таңданып, Естүр жымиды. Осымен ойынымыз аяқталып, үйге қайттық.

Келесі күні ойынға асыққан жоқпын. Сәске тұс шамасында төсектен тұрып, жуынып-шайындым да, нан мен тостағанда қүюлі түрған айранды ішіп алғып, сыртқа шықтым. Кешегі уәде бойынша ақ қайындың қасына келіп, достарымды күттім. Олар да көп күттірген жоқ. Алдымен үйқысын аша алмай есінеп, үйқышыл Қебен жетті. Содан соң Естүр, Құрал, Әлібек үшеуі бірге келді. Бет алысымыз ауыл сыртындағы үлкен иірім — Қаратөбенің етегі.

Шырқау биікте қанаттарын дірілдетіп, өз әніне өзі үйып, бозторғай қалықтап жүр. Сағым ойнаған алыстағы көкжиек аспанмен астасып бұлдырайды.

Біз сиырдың түлеген жүнінен жасаған добымызben бір-бірімізді қуалап жүріп, үрып тигізгенимізге мәз болып, ирек жолдың шаңын бүркыратып жүгірген құйімізде су жағасына жеттік.

Төбеден кіршіксіз мөлдір аспан төнеді. Су жағасы у-шу. Сап-салқын самал еседі. Қамыстың арасынан сұңқылдалап, сайраған белгісіз құстардың әні келеді. Үстімізден ұшып жүрген айыр құйрық қарлығаштар тым әсем, тым сүйкімді. Енді сарғая бастаған шөптің арасынан шегірткенің шырылы естіледі. Өзеннің аргы бетінде қүйкентайлар аспанда баяу қалықтап, кей жерге құйрық керіп тоқтай қалады да, қанаттарын тез-тез қағып, төменге қадала көз тіккендей болады. Оң жақ қапталдағы қамыстардың ақырын судырап, әдемі сыбдыrlаған жапырақтары сары ала түске айнала бастаған. Мен түрған ағын судың асты құм-

дақ, саяздау қайраңында суды өрлеп, бір топ көк жон балық ақырын жүзіп кетіп бара жатыр. Көр-генде көзімде от ойнады. Қазір қолда шанышқы болса, мына көк жондарды шанышп алып қалар едім деп қолымдағы қармағымды тастай салып, соңдарынан қуа түскім келді. Бесеуміз де жайлы орын тауып, бір-бірімізден қашықтап барып, қызыл құрт салған қалбырлар мен шегірткелерге толы шырпы қораптарын көк балаусаның арасына қойып, бір-бір солқылдақ шыбық кесіп алып. суга қармақтарымызды шолп-шолп лақтыра бастадық. Тығын, қамыс, қоға сияқты әртүрлі заттардан жасалған бес қалтқы тып-тынық қалқиды.

Қармағым жақсы қапты. Інеден істеген қалтқымызben әп сәттің ішінде әрқайсымыз он шактыдан балық үстадық. Қызыл қанат алабұта, күміс қабыршақ ақ балық, арасында шүрегей де бар. Әкем өткенде екі басты қармақты ауданға барғанында әкеліп берген. Енді соған жуан шыбық кесіп алып, он қанталдағы өзен жағасын көрікті кемкерген, жұп-жұмыр жасыл коганың арасынан асыра лақтырып, шортандардың мекені – балдырлы суга тастадым. Жиектегі сазға сабын шанышп, орныма қайтып келдім.

Күн тас төбөгө көтерілген кезде, балық қармақты түртүйн мұлдем қойды. Ыстықтаган соң тертеуміз суга күмп-күмп қойып кеттік. Жагалаудағы күмның ішінен құлық тапшай, суга түспейтін Әлібектің дагдысы болушы еді. Судың ірімінен үксас құм бетіндегі майдада шұқырлардан сарғыш түстес, қулагы тікірейген тірі жәндікті сүк саусағымен тығып жіберіп тауып алса, езіл тұрып тағанына жағады. Мектепте Әлібектен жүйрік бала

жоқ. Бойы сидиган үлкен балалардың өзі шаңына ілесе алмайды. «Құлық жақсаң, сендер де жүйрік боласыңдар деп бәрімізді үтіттеген. Алгашқыда айтқанына сеніп, жағып көрдік. Ақырында бізден түк шықпайтынына көзі жетті-ау деймін. Қазір айтпайды.

Біздер суга түскен бойында, сұңгіп, жүзіп, кішкене табандарымыз су бетінде жарқылдала, жалақ ойнаймыз. Кейде құмға шығып ұзақ жатамыз. Ондайда қасымдағы балаларды өзіме қаратып, апамнан естіген, кітаптан оқығандарымды есіме түсіріп, ертегі айтам. Олар менің айтқан ертегіме, тап бір алдарында мұғалім отырғандай қыбыр етпей тыңдайды. Қасымда Әлібек болса, олай емес, бұлай деп айтқыздырмай, сөзімді бөлүмен болады. Ақырында екеуміз төбелесіп тынамыз. Қанша аlyssak та, бір-бірімізді жеңе алмай шаршап барып қоямыз.

Құннің ыстығында суга түскен қандай рақат! Құмға етпетімізben жатырмыз. Әлден соң-ақ, ыстық құм денемізді күйдіре бастады. Әлібек құлық іздең, құмның ішін әрі-бері кезіп жүр. Көйлегін басына орап алған, ешкіммен ісі жоқ. Қайтадан жалақ ойнап едік, қызыбай қойды. Жасыл қоганың шайқалғанын алдымен Қебеннің саққұлағы естіп қойды.

— Ананы қара! Қогалар жау тигендей бұлініп жатыр. Дәу де болса, қармаққа үлкен балық түсті, — деген Қебеннің жан ұшырган даусына жалт қарадық. Шынымен де, қоганың ішіне жан біткендей, бұлкілдейді. Жарыса жүтіре жөнелдік. Дер кезінде жетіппіз. Енді сәл кешікsec, сабын суырып, су түбіне алып кететіндей екен. Құрал

бірінші болып жетті. Жіпті бірден қолына орап алды. Көбен шетте тұрып, қармақтың сабынан тартты. Естүр екеуміз Құралмен қатарласып, баудан ұстадық. Су беті астан-кестені шығып, таудай толқын көтерілді. Бір алапат күш жібек жіпті біре-се олай, біресе былай тартады. Әл беретін емес.

Сазды жерде тайып кетуге шақ тұрмызы. Көбен тұрган жер құмдақ. Ақыры жиектегі сазды батпаққа табанымызды тірел алмай, тайып, үшеуміз де жығылдық. Сонда да жіптен айрылған жоқпыз. Көбен екі бүктеліліп, қармақтың сабынан тартуда. Ол да қулауга шақ тұр. Балшыққа батқанымыздың қарамай, жанталасып, еңсемізді көтере, жібек бауды өзімізге тарта бастадық. Балық жиекке қарай жақындады. Артқа қарай жүріп, Көбен тұрган құмдаққа шығып бірлесе тартқанымызда, төртеуміздің күшіміз қойсын ба?! Жалғыздан жалғыз кездессе, бала түгіл үлкен кісіге бой бермейтін су жыртқышы – қап-қара жайын мөңки, бұлғаңдал шыға келді. Жағага жеткенде, ол апандай аузын арандай ашып, тісін ақситып, аспанға атылып, қанша шоршығанмен, төртеуміз оны әйшайға қаратпай, құргаққа қарай сүйрей жөнелдік. Қанша бұлқынып, секірсе де, суга жете алмайтын жағадағы құргаққа шыққанда, жіпті тастай салып, төртеуміз балыққа тап бердік. Естүр жайынның үстіне мініп алды. Құйрық жағына жабысып Көбен жүр. Құрал бас салып аузына қарап, шошып кетті. Қармақты көмейінен суырып алуға менің де батылым жетпеді.

Манадан бері біздің даурығып жатқанымызben ісі болмаган Әлібек қасымызды келіп:

– Қандай үлкен балық? – деп таңданып қалды.

— Жайын гой, — деді Естүр оған.

Желбіршегі бір ашылып, бір жабылып барып тынышталды.

— Жайынды асқан жақсы. Сорпасының дәмі сондай дәмді. Әкем Қараөзекке барып ау салғанда, осындай жайын түскен. Ол бірақ мынадан кішілеу болатын, — деп, Естүрдың қабагы түсіп кетті. Әкесін ойына алып, көңілсіз қалды.

Көктемге салым Қопа өзені сай-салаға тасыған суымен, мұлдем кемерінен шығып, ақ көбіктеніп агады. Атпен өту мүмкін емес. Кейде тіпті жөнжосықсыз ашуға мінеді. Сондықтан су тасыған кезде барлығы қайықпен қатынайды. Онда да өзеннің екі жақ жағасына бекіткен тірешікке жалғанған сымның бойындағы шығыршыққа арқаның бір ұшын байлап, екіншісін қайыққа жалғап, ескекпен есіп отыратын. Соның өзінде қайық шайқалақтаған кезде адамдар қалт-құлт етіп, зәрелері қалмай үрейленетүгін.

...Сол күні қатты жел тұрып, ашуы басына шапқандай, көбігі жағага ұрып, аспанға шапшып жатты. Судың гүрлі кәдімгі адамның күнірен-геніндей, кейде өксіп, бүйірін солқ-солқ согады. Бірде ашу шақырып, бірде қақалып-шашалып қалғандай. Таудай толқындар долдана солқылдайды. Ескекшінің киімінің етегі жалаудай желбірейді. Ол табанын тірер шалқалап, онды-солды сермейді. Қайық бірін-бірі қуалаған ақжал толқындардың үстінен секіреді. Қым-қиғаш толқындардың арасында ерегескендей ескегін құлаштай сермейді. Оның өжеттігі өзіне жетерлік. Алапат күш отырган қайығында ма дейсің. Шапшыған су кеуделеп қайығына согады. Аспанда жөңкіп жүр-

ген қазбауыр бұлттармен бірге сонау батыстан тұтасып қара бұлт көтеріле бастады. Жел үдей тұсті.

Өскенбайдың үсті суға малынды. Төңірегі диірменнің тасындаш шыр айналып жатыр. Қарауға қорқынышты. Сол қолымен қайықтың жақтауынан ұстап алған, он қолымен артындағы бектершегіне қарманады. Оның бұл сәттегі ойы арқасындағы сөмкесі суға тимесе екен дейді. Төл алу кезінде дәрігерлік шараларды сақадай-сай даярлауға және Сарықөлдегі базға су тасымай тұрғанда келуге үлгере алмай қалды. Екі-үш күн бұрын шыққанда мұндай жағдайға тап болmas па еді. Түнде дұрыс үйиқтай алмады. Қайдағы-жайдағылар түсіне кірді. Содан ба, әлденені сезгендей, жүргегі құрғыр мазасыз. Әп-сәтте тұла бойы мұздай қатып, қорқынышты үрей билеген түсі қашты. Айналасы – қап-қара үнірейген апан. Судың арындаған ағысы, апатты толқын барған сайын күшіне тұсті. Оның арқасындағы сөмкес бір жағына ауытқып, өзін суға қарай еңсереп берді. Осы кезде қайықтың жақтауынан ұстаган қолы қарысып, суға құлады. Қайығына су кіріп, жанталасқан жалғыз қайықшының қолынан не келсін. Өзі де ажал аузына түсе жаздал, арқанның мықтылығынан аман қалды. Тап қазір Естүрдің көз алдына осы көрініс елес беріп, көңіл қошы болмай кетті. Жазық маңдайы жиырылып, мұңторлаған көздері жәудіреп:

- Ауылға қайтайық, — деді даусы бұзылып.
- Қайтсақ қайтайық. Уәделескендей, бәріміз құр қол келіппіз. Құрт пен ірімшік, нан болғанда қаужаңдар едік. Қарын шұрылдарап келеді, — дедім.

Қармақтарды жиып, ұстаған балықтарды тал шыбыққа тізген соң, жайынды қалай алып жүруді ойластық. Ұста әкесіне тартқан Құралдың ептілігі өзіне жетеді. Ол ұн-тұнсіз қармақтардың сабын қосып буып, ортасына балықты шандып байлады. Көбен тізген балықтарды қолына ұстады. Естүр мен Құрал алдынан, Әлібек екеуміз артынан ұстап, олжалы қайтқан біздер шат көңілмен ауылга аппаратын жалғызаяқ жолға түстік. Осы арада Әлібектің жүзі нілдей бұзылып кетті.

— Ауыр екен, алып жүре алмаймыз. Ауыл біраз жер, — деді селдір қабағы кіржиіп. Пыс-пыс танауын тартты.

— Одан да ана жайылып жүрген бұзаулардың бірін ұстайық.

— Міне, табылған ақыл, — деп сөздің ар жағын күтпей, бұзауларға қарай жүгіре жөнелдім. Бәрін бірдей алдымса салып қуып келгенде, қара ала бұзаудан басқасы қашып, ұстаптай қойды. Оның жуастығы бізге жақсы болды. Үстіне балықты қойып жатқанда үріккен жоқ. Жайынды қайтадан алып, арқасына ұзыннан қойдық, онда да мыңқ етпей күйісін қайтарып тұра берді. Көп бұзаулармен бірге айдан ауылға жеттік.

Алтынай кемпірдің үйінің қасына келе бергенде, қаладан келген кішкене немересі Сандугаш бұзаудың арқасындағы балықты көріп, біздерге қызыға қарады.

— Мыналарың немене, балалар? — деді қасымызға жүгіріп келіп.

— Бәсе, бұл не? — Маңдайын сипап Естүр жымың етті.

— Бұның аты жылан, — деді қылжақтай сөйле-
ген Әлібек кірпіктері жыпылық қағып:

— Алдайсың, бұл — балық, — деді Сандуғаш
оның өтірік айтқанына біртүрлі жабырқап, мон-
шақтай көздері жылтырап, балығымызға сүзіле
қарады.

— Шын айтам. Біздің суда мұндай балық бол-
майды. Тү-үү алыстан, біз білмейтін жерден сумен
ағып келген — жылан балық. Кітаптан оқығаным
бар. Содан білем, — Әлібектің жіңішке даусы ши-
қылдаپ, тауып сөйлегеніне өзінен-өзі мәз болды.

— Балық аласың ба? — дедім кішкене қыздың
көңілін аудармақ болып.

— Иә.

— Мә, ала гой. — Шыбыққа тізген балықтың
біреуін қолына ұстаттым.

— Алақай, менің балығым бар. Әже! Әже!

Сандуғаштың көзі ойнақшып, қуанышы қойны-
на сыймай үйіне қарай жүгірді.

Үйдің қасына келгенде барып жайынды бұзау-
дың ұстінен шешіп алдық. Қайтадан қармақтың
сабын біріктіріп байладық та, төртеулеп әрең де-
генде, ішкі есіктің алдына қойдық.

Үйге келсем, бөлмеде әйелдер толып отыр. Мені
көрген мезетте Әлібектің шешесі Ұмсынай терші-
ген мұрнының ұшын алақанымен сұртіп, екі езуін
жия алмай:

— Сүйінші! Інілі болдың! — деді.

Мен таңертең ойнауга шыққанымда, апам іште-
гі текеметтерді сыртқа шығарып, үйді тазартып
жүрген. Не айтарымды білмей, тосылып қалдым.
Со кезде бір қалта асығым есіме түсті. Менде әу
баста небәрі он асық болған, қазір сегіз жүз онға

жетті. Бәрін ұтып алғанмын. Түпкі бөлмеден екі уысымды асыққа толтырып әкелдім де:

— Мынаны Әлібекке беріңізші, менің берген сүйіншім болсын! — дедім.

— Ой, айналайын! Несіне әуре болдың. Қуанышқа айтып едім ғой. Ақ ниетінді қайтармайын, — деп көйлегінің қалтасына салды. Берген асығыма басқа әйелдер де мәз болып жатыр.

— Дұрыс қой, ырым еткесін ал! — Төрде отыргандардың арасынан біреуі қостай кетті. Сол арада:

— Көтек! Мынау не? — деген Ұмсынайдың ашы даусы шыққанда үйдегілер үрпиіспіп, іштерінен тына қалды.

— Балық екен ғой. Қап-қара болып жатқан бұл немене деп, қорқып кеткенімші, — дейді артынан қатты шыққан өз даусынан өзі үялып, жуып-шайғансып. Әйелдер отырган орындарынан «балықты көрейікші» деп тұра бастады.

— Мынау біз көрмеген үлкен балық екен, — деп көргендер таңғалды.

— Әкелген кім? — деп бірінен-бірі сұрап жатыр. — Бауырының несібесі көп болады екен, — деді тоқсанга келген Ырысты әже.

Менің інілі болған қуанышым зор. Құтпеген қуаныштың үстінен бір-ақ шықтый. Ағам да бетімнен сүйіп:

— Інілі болдың, бауы берік болсын! — деді көз жанары құлімдеп. Ағамның қуаныш толы жүзін бірінші көруім еді, мен де ішімнен толқып жүрдім.

Енді осы қуанышымды достарыммен бөлісу ғана қалған. Екі қалтамды бірдей асыққа толтырып, шет жақта отырган ағамнан ойнап келуге

рүқсат алып, далаға шықтым. Сүйіншіге асығымды беріп, достарымды бір жарылқамақпын.

Айнала сайраған құстардың сыңғыраған үндеріне толы, жердегі көктің мұрныңды жаратын жұпар иісі әлі кете қоймаған маусымның маужыраган ып-ыстық құндерінің бірі еді. Жаңалығымды айтқанша асығып келем. Маган жақын тұратын Естұрдың үйі алыстап кеткендей.

Ауланың ішінде бір өзі жүр екен. Мені көріп, қуанышп кетті.

— Кімді айтса, сол келеді деген, сені ойыма алғаным осы.

Бидай өндіне нұр төгіле, езу тарта жымиды.

Қалтамдағы асығымды сөз қатпастан алақанына салып едім. Ол аларын ала сала, түкке түсінбей, қой көзі бажырайып, маган қарап қалды. Со кезде барып:

— Інілі болдым, соның қуанышына беріп жатқан сүйіншім! — дедім.

— Қуанышың құтты болсын! «Інісі бардың тынысы бар» деген. Аты кім? — Ол да ыржия күліп мәз болды.

— Білмеймін, атын әлі қоймадық.

Екеуміз өзенге қарай бетtedік. Бізben бірге ауылдан шыққаннан қалмай, танауымызды қытықтаған жусанның ашқылтым иісі де артта қалып, күн сәулесімен күмістей жалтыраган өзен көрінді. Көк жүзінде шөкімдей бұлт жоқ, тек қарақұс қана баяу қалықтап үшып жүр. Айнала жым-жырт, үп еткен леп жоқ. Суга жақындаған сайын ауадымқылданып, қоңыр салқын леп есті.

Естұр көңілді. Әр нәрсені бір айтып күледі. Маган ол ділмарсып кеткендей көрінді. Үш жасында әтеш

шұқығаннан шаш шықпай қалған төбесін көрсетті. Бұжыр-бұжыр болып біткен орны шашпен білінбейді. Екі қарға жаны шыгардай қарқылдал, төбемізден кетпей қойды. Ағаш басына салған ұясынан жұмыртқасы түсіп кетті, болмаса бала-паны жерге құлады. Әйтеуір безек қаққан даусы тегін емес.

Сол сәтте оң қапталдағы шыбық талдардың арасынан бойы сорайып Ораз шықты. Менен екі жастай ұлкендігі бар, өзі ұрыншақ, әркімге бір тиісіп, әлі жеткенге құн бермейтүғын. Бірде мені де Жаппардың қызына хат апарып бермедің деп, қолымды бұрап шыңғыртқан. Содан кейін оны көрсем, көш жерден қашып жүретін болғам. Бұл жолы маған тиіспейтінін білем. Естүрдан қорқады. Бірақ не себептен екенін білмеймін. Осыдан төртбес құн шамасында Алаудың Оразды ұрганын көрдім. Түс кезінде шелекпен су алып келе жатқан едім. Алдында жөнімен кетіп бара жатқан Оразды Алау артынан қуып жетті де, қолынан шап беріп үстай алды. Бір ауыз сөз қатпастан жұдырығымен жағына бір қойды.

— Мә, саған. Балаларды ұрган қалай екенін көріп қой, — деп екінші рет алақанымен ұрды. Содан соң, қүйрықтан бір тепті.

— Ендігәрі балаларға тиіскеніңді көрсем, оңдырмаймын, білдің бе? — деді зілдене. Бір таңқалғаным, ол ұрганда Ораз мыңқ еткен жоқ. Қашып кетуіне де болатын еді. Оны да істемеді. «Таяқ жеген қалай болады екен, көрейінші» деген адамдай, қарсыласпай, мелшиіп тұра берді. Ақырында Алау өзінен кіші баланы ұра беруге үяды ма:

— Өз жөнімен жүрген балаға тиісетін не жының бар? — деді таусыла сөйлеп. Оны қоя берді.

Екеуміз оны байқамаған болып жүре бердік. Тықыры білініп қасымызга таянды. Ол бізбен қысық көзін жырттықан қуйі қол беріп амандасты. Ойында ешнәрсе жоғын көрсеткені. Мен де тиіссе таспен ұрсам да қарап түрмаспын деп, бейімделіп едім. Эйтпесе оған қүшім жетпейтінін білем. Бір жағынан Естүр қасымда болғасын батырсынған-дағым.

— Суга түсуге келе жатырсындар ма?

— Істықтағанымыз жоқ, — деді Естүр оған немқурайлылау.

— Ой, сендерді суга түсуге бара жатыр еken деп, қуанып кетпеймін бе? Эйтпесе бір өзіме көңілсіз, — деді де бұрылып жүре берді. Сол күні екеуміз су жағасындағы құмда арыстанның, жолбарыстың, пілдің, қасқырдың, түйенің үстінде отырган баланың суретін салып, біраз ойнадық.

Біздер көбіне ауыл сыртындағы қабақтың бойында ойнаймыз. Түйетайлы қабақтың үсті — мұрынды қытықтаған боз жусанды жазықтық. Бұл жер емін-еркін ойнауга жақсы. Әркім мазалап, барып кел, шауып келге жұмсамайды. Табиғаты да керемет. Төменде айнадай жарқыраған көл бар. Судың беті жыбыры білінбейтін, тақтайдай теп-тегіс. Толқын болмайтын, жел тимейтін, айналасы қалың қога, нар қамыс. Қөлдің бойы масатыдай құлпырған көк шалғын, белуардан келетін мұртты қияқ. Ішінде небір құстың даусы төніректі шуға бөлеп жатады. Жиегіндегі жалбыз бен борықтың бастары ұядан көрінбейді. Жұмыртқаның ұлкени де, кішісі де, ағы да, қоңыры да, тарғылы да

кездеседі. Шагалалар үясын қоргалап, айқыш-үйқыш төбенен ұшып шырылдайды. Қызғыштар қиқу салады. Қамыс арасынан қасқалдақтардың сұңқылдаған даусы естіледі. Үйректер су бетінде алаңсыз жүзеді. Ешкім оларға оқ атпайды. Иір мойын аққулар мен дуадақтар да бар. Қалың қорым іші базарға айналғандай, құстардың даусынан құлақ тұнады.

Ал ауылдың күнбатыс жағына шықсан, арасынан адам жүре алмайтын, балағы жер сызған қалыңши. Жанына жақындасаң, бұрын-соңды естімеген әуен мен дыбыс шығарып сусылдайды. Осы шоқ-шоқ шилердің шуылы қысы-жазы бір тынбайды. Үп еткен леп жоқ, тымырсық ауада да ызыңы келіп тұрады, құлаққа. Бұл жерде жасырынбақ ойнаған жақсы. Жазатайым, тығылған жеріңе үстінен түсіп қалмасаң, қай пысығың да іздеп таба алмайды. Бір жаман жері, көк желек жамылған шидің арасында жылан да, қарақұрт та, бұзаубаста және біз көрмеген жәндіктердің не бір түрі кездеседі.

Қалың шилермен жалғасып жатқан нар қамысты сулы өзек – Қаратөбенің етегіндегі, колхоз атымен аттас Қопа өзенімен қылышады. Осы өзен-нің жаратылсы да қызық. Жазық жерде аққан судың үні жылаған адамның даусына ұқсағандай жағымсыз естіледі. Құлама жардан ағып жатқандай, дыбысы көш жерге жетіп жатады. Ойнақши көпіршіп, сыйдырап, шашитындей, астында қой тастар болса бір сәрі. Әлі күнге дейін, осы құпияны ешкім жете түсінбейді. Әзірге ауыл ақсақалдары айтып келе жатқан жорамал ғана. Олардың да ата-бабаларынан естіген.

Ертеде өзеннің о шеті мен бұ шеті, теңіздей жайылып, көз үшында бұлдырап, көрінбейді екен. Қоктем тасыған бір жылдары жағалауда қоныстанған ел түгелімен суға кетіпті. Сонан өзен тартылып, жіңішкергенде су сарқырап ағатын болған, — деп айтады. Бір жақсы жері — су лайланбайды. Түбіндегі тастар көрініп жатады. Әсіресе шілде айында түбіне сұңғіп су ішсең, сап-салқын, мейірің қанады. Жаз ортасында таяздайды, со кезде қайырлап қалған балыққа қарық боламыз. Балықтың көптігінен адамдар да, құстар да, ауыл иттері де бір жыргап қалады.

Інілі болған құннің ертесіне, сәскे тұс кезінде үйден білдіртпей шығып, балалармен бірге қабаққа қарай ойнауга шықтым. Ауыл шетіндегі қой қораның қасына жақындай бергенімізде, қарсы беттегі құм төбеден көрінген құйын бірте-бірте үлгайып, біздердің үстімізді басып, төмендегі өзекке түсіп, көзден таса болды.

— Таздың үйіне бар! — деді Әлібек айқайлап. Алақанымен бетінің шаңын сұртті де, — Шілдік ойнайық, — деді жанында тұрған Естүрға.

Көптен ойнамай кеткен шілдікті айтқанда, бәріміз де қуандық. Әлібек шілдікті шетінен басып қалып, жердөн көтеріп алды да, құлаштап тұрып, алысқа лақтырып жіберді.

Осы арада ойынга Ораз да қосылды. Оның қайдан тап бола қалғанын білмеймін. Шілдікті ату кезегі Құралға келгенде, одан Ораз бермесіне қоймай, жабысып қалды. Ол да шілдікті көтеріп, құлаштай ұрды. Бірақ дұрыс тимеді ме, қигаштай үшып, шеттеу барып тұрған Құралдың екі қабағының арасына сарт етті. Әуелі не болғанын

түсіне алмадық, қос алақанымен қөзін басып тұрды да, қолына таяғын ұстап, түсі қашып бозарған Оразға жұдырығын ала ұмтылды. Келген бетте, жақтан бір қойды.

— Мә, саған жыртық көз! — Онымен қоймай, іштен бір тепті.

Оразға жеген таяғынан гөрі, сөзі қатты батты. Қызумен ішінің ауырғанына да қараған жоқ. Со бойда ұпайын жібергісі келмей, алыса кетті. Құрал оны аяғының сыртынан шалып, жықты да, астына басты. Қөзі ежірейіп, жалпақ танауы шелтиіп, адам танымастай тұтігіп кеткен. Демде қабагының арасы көнтиіп ісіп кетіпті. Мұндай ашуы барын кім білген. Әншейінде орынсыз сөйлемейтін, өздігінен ешкімге ұрынбайтын, сөзге көп үйірі жоқ, момын еді. Өзін тежей алмай, Оразды жұдырығымен екі жақ бетінен аямай ұрды. Мұрнынан қан бүрк ете түскенде, Естұр екеуін екі жаққа айырып тұргызып жіберді.

— Мен әдейі істеген жоқпын, шілдік қисық кетті. — Ораз алақанымен мұрнынан аққан қанды сүртіп, акталған болды.

— Сені кім шақырды? Шілдікті ұра алмайтының бар, ойынға неге қосыласың?

Құралдың қос жұдырығы түйіліп, ашуы басылар емес. Ежіреңен көзі ұясынан шығып кетердей, оны жеп қоя жаздал тұр.

— Өзінің көзі оңып тұргандай, менің көзімде не шаруасы бар. — Ораз жеңілгенін мойындағысы келмегендей, қайсарлығына салып сескенбеді.

Со кезде, құстай ұшып барған бойында, қүйрықтан бір тепті. Ол болса, өткенде көргенімдей, алақанымен мұрнынан аққан қанды сүртіп, түк

болмағандай жүре берді. Бұдан соң ойынга ешкімнің зауқы болмады. Қарсы алдымызда жайылып жүрген бір топ бұзауды көрген Әлібек:

— Бұл жаққа қарай бұзауларды шығармайтын еді гой, қалай келген, — деп бізді сөзге тартты. Былтыр қамыс арасынан шыға алмай, үйығып екі бұзау өлген, соны айтып тұрғаны.

— Мына бұзаулар ірі екен. Екеумізді көтереді, жарыссақ қайтеді, — деді Әлібек маған. Асау атардың үстінде шегедей қатып қалатынымды талай көрген менімен сыйнаспақшы.

— Арасында біреуі ғана әлжуаз, басқасы бізді көтереді. Ішінен қалаганыңды ұстап ал, сонан соң мен таңдаймын. Бүйірі шығып, бойлары өсіп қалған бұзауларды көргенде, мен де қызығып кеттім. Сөзге келмей — күйісін қайырып, жайымен тұрған ала бұзауды барып ұстадым. Ол мандайы ақ, қоңыр бұзауды қуып жүріп, артқы аяғынан шап беріп ұстап алғанда, бұзаумен бірге өзі де сүріне құлады.

Мен оны құтпестен ала бұзаудың үстіне мінгенім сол, алды-артына қарамай, мөңкіп ала жөнелді. Сәлден соң басын түқыртып, қүйрығын көтерген күйі тапырақтауға көшті. Со кезде қақпайлап отыратын, қолыма таяқ алмағаныма өкіндім. Екі аяғы бірдей сайдың ішіндегі жырага кіріп, омақаса құлады, мен қалың шенгелдің ішіне ұшып түстім. Бұтақ тиген денемнің әр жері қызарып, екі тізэмнің терісін сыдырған жерінен қан шығып, удай ашиғанына қарамай, жанталаса орнымнан тұра бергенімде, аяғымды баса алмай отыра қалдым. Естүр мен Құрал қолтығымнан сүйемелден, сайдан шығарған соң, аяғымды ақырындағы басып жүріп кеттім.

— Түсте үйге келмегенің не? Кешке дейін нәр татпай қайтіп қана жүрдің? Не істеп жүрсің? Үстібасыңың сау тамтығы жоқ. Әлде балалармен төбелестің бе? — деп апам үсті-үстіне сұрақты жаудырды. Қанталап сырылған тіземді көргенде шошып кетті.

— Мынаған не болған? Әзберген мына баляңың тізесін қара, осы бірдеме бұлдіріп келмесе, болар еді. Түрі жаман! — Қүйіп-пісіп, екі тізeme де иод жағып, шыж-быж болды да қалды.

Мен мойнымды салбыратып, тіс жарғам жоқ.

— Байғұс-ау, бүйтіп жүріп денсаулығыңан айрыласың гой. — Қайта-қайта кейістік айтып, апамның жағы тынбай қойды.

Үйдің жұмысын іstemейсің деп, артынан ағам сөйледі...

— Жасың болса он бірде, сенде әлі түйір ақыл жоқ. Осы ойыннан жалыгатын кезің болды. Одан да шешене көмектесіп, үйдің жұмысын істе. Қалаубекке де бір адам керек. Ендігі жерде ініңді багу — сенің міндетің. Бұдан былай ойынды қоясың, білдің бе? — деді ағам. Ешқашан даусын қатты шығарып айтпайды. Қашан да әңгіме айтып отырғандай жәй сөйлейді. Оны да күніге айтпайды. Істеген қылышың шектен шығып бара жатса гана... Содан ба, сөйлеген сөздері есімнен шықпай, миымда қатталып қалады.

Күнұзақты далада ойнап үйреніп қалғаннан ба, ертесіне елегізіп үйге сыймадым. Қалаубекке қарауға қорқам, қызыл шақа, өзі бір жапырақ. Іңгеләп, жылаганы да қызық. Үні тым нәзік, әрі тым жіңішке.

Кеше күнұзақты далага шықпай отырғаным жаныма батып кетті. Бүгін таңертенгісін ойынға

келген балалармен бірге кетіп, тұс жақындағанда келсем, үйдің іші қонақ келетіндей өзгерген. Жерге көрпешелер төселіп, әр жерге жастықтар қойылған.

Көрші үйдің келіні Әдемі ошақ басында жүр. Алау қорада байлаулы тұрған ісекті аулаға шығарып алып, бір өзі жыға алмай әлек. Өзін сүйрелеп, бой берер емес. Бір кезде алдыңғы екі аяғын орап алған жіптен тартып жықты. Ісектің қеудесіне екі тізесімен қонжия қалып, төрт аяқты бірдей матап байлады. Ағам жұмыстан әлі келмеген болса да, мал союды білмейді. Алау пышақты қайраққа салып, өткірлеп алды да, бір өзі союға кірісті. Іштен Қалаубектің жылаған даусы шыққан кезде, апам су құйған құманын қолыма ұстата салды.

— Алау, ағаңа су құйып тұр, — деді.

Демде ауылдағылар жиналдып қалды. Бәрінің де жүздері жайдарлы, бірінен-бірі қалмай, жарыса шыққан дауыстары көтеріңкі.

— Құтты болсын! Кішкентайдың бауы берік болсын! — деп қарт әже шашу шашып жиналғандардың көңілін бір серпіп таstadtы. Бәрі жерде шашылған, тәттісі бар, құрт пен ірімшікті жапатармагай алып жатыр.

— Біздің үйде де осындай қуаныш болсын, — деп қолына ілінгенін көйлегінің қалтасына салған Әдемінің сөзін естіп қалдым. Ол алыстағы бұрын мен естімеген ауылдан, өткен жылды жазда келін болып түскен. Біреулер апамды, біреулері ағамды сөзбен қағытып, өзара мәз болған дауыстары шығады. Жерошақ басында қазан толы бауырсақ майға қайнап быж-быж.

Келгендердің бәрі жайғасты. Ортаға дастарқан жайылып, гу-гу әңгіме енді қыза бастаған еді. Сырттан Әлім басқарманың дауысы шыққанда, іштегілердің бәрі бірдей елең ете қалды.

— Эй, мынау көрші ауылдың баласы ғой.

Алыстан көрінген аттылы кісінің дүрсілдеген түяқ дүбірі жақыннан естілгендей, жұрт назарын аударды.

— Қай шаруасынан қалып бара жатыр екен, соншама атты солықтыратындей. Эй, танауың делдиіп кетіпті ғой. Жайшылық па?

— Соғыс!

— Не дейді?

— Керман біздің елге соғыс ашыпты!

— Ah, аяғым! — Ошақ басында жүрген Үміт әжей қолындағы ожауымен жерге отыра кетті.

Сол-ақ екен, сүйк хабарды естіген үйдегілер де, іргеден өрт шыққандай, бірін-бірі жаныша итерісіп, сыртқа қарай өре жүгірген. Өрістен қайтқан малдай жұрт сапырылсып кетті. Дастарқан жилюсыз қалды. Апамның өні қуарып, үйге бір кіріп, бір шығып, іңгеләп жылаған ініме де қарамай қойды. Бірден даланың аңғал-саңғалы шығып, құлазып кеткендей, жел тұрып, шаң көтерілді. Шөп бастары жұлқына бебеу қақты, ағаш бастары бұлғақтай тенселді, үй маңындағы бір түпши сыңсығандай дыбыс шығарды. Әр ағаштың басына бір қонып, қара қарға қар-р-р-қ, қар-ррқ деп далбаңдай ұшып қонып жүр. Тамақ жырта қырылдаған қарқылы қандай жиіркенішті. Ауылдың үсті еңсені езген қара бұлттай түнерді.

Тұрақжан қайдан ғана келе қойдым дегендей, жиналған көпшілікке жаутаңдай қарап, сәл тұрды

да, туған апасының үйіне де соқпай, келген жолына түсіп, шоқырақтай жөнелді.

Ол – осы ауылдың баласы. Эке-шешесі қайтыс болғаннан кейін, көрші колхозда тұратын немере агасы қолына алған. Колхоздың баспағын бағады. Қарғыс атқан соғыс деген бір ауыз сөзді естіген сәтте менің де, бала да болсам төбе шашым тік тұрды. Ауылдың екі жақ шетіндегі балалар бірігіп, «Ақ пен Қызыл» болып, соғыс ойнаганды жақсы көретінбіз. Бала біткен қызыл болып ойнаганга құмар. Әр уақытта да қызылдар жағы жену керек. Соған орай іріктеліп алынады. Ақтарды ұстап алғанда, қүшің басым болмаса, екі қолын артына қайырып, тұтқындей алмайсың. Жазатайым балалардың «соғыс» ойнагандарын үлкендер көріп қалса, қайдағыны шығарып жүрсіндер деп үрсатын. Балалар сонда да үлкендердің сөзіне мән бермей, ойнай беретін. Енді сол бір ауыз сөз қазір өзгеше әсер етіп, қас пен көздің арасында, менің денемді аяздай қарып жіберді.

Көп ұзамай-ақ, әскерге алынатын топ көрші ауылдың адамдарымен бірге жүк машиналарына отырды. Топтың арасында ағам көзге бірден шалынды. Бойы ұзын, арқасында қабы бар. Шулаган дауыстардың ішінде ағамның да даусы қатты шығып, апама бірдеме деп жатыр. Қалаубекті құндақтап алып, әкем мен шешемнің жанына мен де жеттім. Ағам мені қаңбақ құрлы көрмей көтеріп, бетімнен сүйді. Інімді иіскеді де, маган қайтып берді. Аз күнде Балқұміс апамның тобылғыдай шырайлы жүзі күзгі шөптей қуарып, кішкене көздерінің жалыны жасқалып қалғаны жаныма қатты батты. Жүрт алдында әдептен аттай ал-

маган апам ағамның құшагына ене алмай, қолын құшырлана қатты қыса берді. Бір жағынан өздерінен едәуір жас кіші Алау да келіншегімен жандарында тұрды. Содан да қысылған шыгар. Машина жүрге таянғанда, апамның шыдамы жетпеді. Өксіп жылады.

— Сабыр ет, Балқұміс! Соғысқа аттанып бара жатқан жалғыз мен бе? Көппен көрген ұлы той деген. Балаларға бас-көз бол. Рас болса, соғыс көпке созылмайды дейді ғой, жүрт.

Машина жылжи берді. Алаудан айрылмай, жабысып алған Әдемінің сай-сүйегінді сырқыратқан даусы жиналған жүртты да жылатты. Айнала қүніреніп, улап-шулаған дауыстарға толды.

Қопа қолхозына да митинг өткізу үшін, аудандық партия комитетінің секретары Қобыланды Өмірбековтың өзі келді. Митингіге жиналғандардың басым көпшілігі – кәріліктен жұмысты тастай бастаған ауыл қарттары, кемпірлер, әйелдер мен балалар. Қобыланды жиналғандарға біздің елімізге опасыздықпен шабуыл жасаған неміс фашистері деген кімдер, олардың түбебейлі мақсат-пигылы жайлы айтты. Ендігі мақсат деп ой тұжырымдаған секретарь, ауылдағы қалған адамдардың басын біріктіріп, партиялық бүкіл жұмысты майдан мүшесіне көшіру қажеттігін түсіндірді. Сонан соң, армияга кеткендердің орнын толықтыру керек екенін, майданды азық-түлікпен, қысқы киімдермен, заттай, қаржылай жәрдем жинау керегін де ескертті.

Бас-аяғы бір айдың ішінде, өз қызығымен өзі болып жататын думанды ауылдың сүркү қашты. Құнде ертеңмен өрімдей жас жігіттер шыға келетін есік алдында, енді ербііп кәрі-құртаң қалды. Ауыл іші жым-жырт. Ит екеш ит те көрінбейді. Олар да дала кезіп, тышқан аулап, тамагын асырап жүр. Әншейінде жағаласып, жүтіріп жүретін кішкентай балалар да далаға шықпай, үйкүшік болып алған. Соғыс деген әр үйдің басына түскен ауыртпалық екен. Колхозда адам жетіспейді. Апам қырқынан шықпаган баланы қалдырып, жұмысқа шықты. Құніне он сағаттан жұмыс істейді. Әскерге жылы киімдер тігіп жатыр. Арасында үйге келіп, Қалаубекті емізіп кетеді. Кешкісін үйге келгесін де, тыным тауып отырмайды. Кішкене сәбиді шомылдырып, су болған жаялығын жуып, тамақ дайындейді. Тағы да үйдің басқа да шаруасы бар. Тұн баласы тыным таппайды. Қай уақытта үйықтайдынын білмеймін, өзім үйықтап қалам. Таңертең менен бұрын тұрып, үйдің жұмысын істеп жүргенін көрем. Сонда да аузынан шаршадым деген сөз шықпайды.

Көппен бірге мен де «балдәурен – балалық шақпен» ерте қоштастым. Балалық шақта қызықтап сайрандаған сол қундерім маған сондай қымбат болса да, бір ауық ойланып-толғануга да, сағынып-сарғаюға да мұршам болмады. Үйде жұмыс шаш етектен. Құні бойы Қалаубекпен болам, ол бір сәт үйықтаған кезде, бөлменің ішін тазартып, су әкеліп, отынға дейін дайындал қоям. Інімнің жаратылсы өзгеше. Емгенге тоймай ма, жағы тынбай жылайды. Кейде онымен бірге өзім де қосыла жылаймын. Ондайда әкемді сағынып

есіме аламын. Ағамның кескін-қелбетін көз алдыма әкелем. Сөйлеген жылы сөздері құлағымның түбінен шығып тұргандай болады. Соған шынымен-ақ сеніп қалып, айналама шарқ ұрып қараймын. Содан жарғағынан насыбайын алып, тілінің астына салып, ернін томпайтып, ауық-ауық түкіріп отыратыны есіме түседі. Жалғыз мен емес, Қалаубек те сағынғаннан жылайтын сияқты болады маган. Апам да түнде өлең айтып отырып жылап алады. Бір жақсы жері, Қалаубек екеумізге ұрыспайды. Үйде жүргенде сөйлемей ойға батып, үнсіз жүреді. Не ойлайтынын білмеймін. Апамның ағам барда үрғанын да сағынам. Артынан ағамның қалың орманның ішінде, пойызben кетіп бара жатырмыз деп, аман-саулық сұрап, жалғыз ауыз сөз жазған хатын оқып, қуанғанымнан сағынғанымды ұмытып, біраз күн жүрем.

Уақыт қалай тез өтеді. Көп ұзамай, жаздың орнын жанталасып күз басты. Ауылға қарақағаз деген бәле келе бастады. Хат таситын аяғы ақсақ Әбіш шал сауатсыз еді. Алаудың үйін қуантпақшы болып, емпелендеп кіріп келгенде, ішкі бөлмеден шыққан Әдеміні көріп:

— Сүйіншінді дайында, саған хат әкелдім, — деп, қолындағы сөмкесінен суырып, бір қағазды ұстата салыпты.

— Ойбай-ау, ойбай! Енді қайттім?! — деп өнді бозарып кеткен Әдемі дауыс салғанға сасқалақтап қалған Әбіш ақсақал үйден қояндай ытқып шығып, алды-артына қарамай қашыпты. Содан қайтып, хат тасымайтын болған.

Мектепке баратын күн жақындей бастағаннан-ақ, алғашқы сабакқа барған кезімде болған

осы бір оқиға есімнен кетпейді. Со кезде өзімнен-өзім қатты қысылам. Әсіресе Құмар апайды көрсем, бетімнен отым шығады. Алайда әңгіме түсінікті болу үшін, барлығын жүйе-жүйесімен түсіндірейінші.

Менің ол кезде оқуға құлқым болған жоқ. Содан ба, ағам мені мектепке өзі апарды. Апамның тұнде үйиқтамай отырып, тігіп берген қара шүбебек сөмкесінің ішінде жатқан жалғыз дәптер мен үші үшталған сары түстес карандашты сыйғыза алмай, бос қолыммен сыртынан сипап қоям. Қалтамда бір түйір қант бар. «Қарның ашқанда аузыңа салып сорарсың» деп, үйден шыгарда апам берген. Оған дейін менің шыдамым жететін емес. Мен оны қазір-ақ аузыма салып, тіл үйірген тәтті дәмін татқым келеді. Бірақ ағам сөйлей ме деп, қорқам. Осылай күніге беріп тұрса гой. Көңілім көтеріңкі. Кешегі мектепке бармаймын деп қығылық салғаным есімнен шығып кетті. Анау өзіммен жасты, ойынды бірге ойнайтын Амалбек, Ештайдан ақыры бұрын баратын болдым деп қуандым. Олардың әке-шешесі: «Ерте бастан баланың басын қатырып, миын ашытпайық, келесі жылы барса да кеш емес. Оқу қайда қашар дейсің?!» — деп мектепке берген жоқ.

Кішкене жүрген соң:

- Ага, мені көтерші, — деп өтіндім.
- Шаршап қалдың ба?
- Жоқ.
- Мектепке көтеріп апарсам, балалар құлмей ме саған?
- Жақындағанда түсіресің гой.

— Жарайды, — деп ағам мені иығына мінгізіп алды.

Біз келсек, сабақ басталып кетіпті. Ағам мені есік алдына қалдырды да, класқа өзі кіріп кетті. Сәлден соң есікті ашып:

— Қане, Әуелбек келе ғой, — деп ішке шақырды.

Апай ағама:

— Сен бара бер. Әуелбекпен енді өзіміз әңгімелесеміз, — деп ағамды кластан шығарып салды.

Мектепке тез үйреніп кеттім. Құмар апай да жақсы. Үні жұмсақ, аспай-саспай жәй сөйлеп, сабақ түсіндіреді. Балаларға айтатыны — айналайын. Басыңдан сипайды. Ондай жылы сөзді апамнан да естіген емеспін. Үйде емін-еркін жүріп, тентектіктің тәбесінде ойнап қалған маған қыын. «Тәртіпті болыңдар», — деп көп айтады. Мен болсам тәртіптің не еkenін білмеймін. Ол жағынан далада өскен тағы да бір, мен де бір. Ойынның ұшығына тимесем, жүре алмаймын. Біреудің шашынан тартып, екіншісін түртіп қалып, қала берді шымшып алу, әрине, маған түк емес. Осыны апай көрсе де ұрыспайды. Қасыңа келіп, маңдайымнан сипап, мені бір туған баласындаі санай ма: «Олай істеуге болмайды», — деп мәпелеп түсіндіреді. Міне, осыдан соң тәртіпсіз болып көрші. Бетінен отың шығып, өзің ұяласың. Ұлбіреген майда қоңыр үнімен әлгіде айтқандарын қайталаса, қайтып бұзықтық жасауға арың жетеді. Әрине, жетпейді. Бір қызығы, Құмар апай сабақ түсіндіргенде, ұшқан шыбынның ызыңы естіледі. Бәрімізді өзіне тартатын сиқыры бардай, баурап алады. Бір кісідей үйып тыңдаймыз. Даусының не

құдіреті барын білмеймін, тыңдай бергім келіп, маган ерекше құштарлық сезім пайда болады.

Менің қасымда Айманай деген қыз отыратын. Өзі үялشاқ, бетіңе тіктеп қарай алмай, именіп тұратын және де киіктің лағындай үркектігі бар еді. Бірде апай сабақты түсіндіріп жатқан кезде, оның бірнеше рет туруткенін сезбей, отыра беріппін. Әбден ыза болған парталасым бүйірімнен шымшып алғанда барып, қасымдағы қызға бұрылыш қарасам, жүқалаң жінішке қабақтары кіrbің шалып, кірпіктері жыптылық қағып, маган жанарымен ымдал, екі аяғымның арасына түскен карандашын саусағымен көрсетті. Айманайдың осы бір салқын көзқарасы көпке дейін менің есімнен кетпей жүрді. Содан бір күні үйықтап қалып, сабаққа кешігіп қалдым. Сыртқа шықсам, азынаған жел. Күздің қара суығы қойны-қонышымды қуалап, денемді тітіркендіріп жіберді. Аспанда бұлттар жамыраган қойдай көшіп барады. Балағы бұлғақтап, саба-лаған шеттегі қалың шидің шуылымен бірге бұрсендеп, мектепке жете бергенімде, жел саябырсығандай, қарақошқыл бұлттар тұтасып, төңірек күңгірт тартты. Бойым жылымаган күйі дірдек қағып, рұқсат сұрауға да мұршам болмай, класқа кіргенімде, апай менің тоңғанымды түрімнен байқаса керек, ұрысқан жоқ. Кекілімнен сипады. Ендігәрі олай істеме, кешігіп келгенде ұлықсат сұрап кіреді, деп те айтпады. Партаға келіп отыра бергенімде, қонырау соғылды. Іште бір өзім қалдым. Сөмкемнен алған кітабым мен дәптерімді алдыма қойып, сия сауытты алғанда, қолымнан түсіп кетті. Жалма-жан жерге төгілген сияны сұртіп жатқанымда, балалар топырлап, ішке кіре

бастады. Соңдарынан апай да көрінді. Еріктің тақтадағы жазуды сұртіп жатқанын байқап:

— Апай! Өшиіп қойды, — дедім.

Со кезде отырған орнынан ұшып тұрган, күлгеш Қоянбай:

— Апай! Сізді осырып қойды деп жатыр мына Әуелбек, — деді.

Құмар апайдың айнадай жылтыраган өні күлгінденіп, түсі қашып, қасыма жетіп келді.

— Тұр! — Апайдың ызгарлы даусы бойымды аяздай қарыды. Әп-сәтте бетімнен отым шығып, ұялғанымнан жылап жібердім. Әншейінде мені мазақтап жүргізбейтіндері естерінен шығып кеткендей, балалардың әр жерден мырс-мырс күлгендерін естігендеге, одан сайын ызаға булықтым. Соңдағы кеудені ащи өксік жаншып, бойымнан әл-дәрмен кетіп, тілімнің кекештенгеніне іштей налығанымды тілмен айтып жеткізе алмаймын.

— Тұр! Көмекбаев, саған айтам! — Апайдың өктем даусы қайта шыққанда, үстіме тау құлап бара жатқандай, зәре-құтый қашып, денем дірдір етті.

Ойламаған жерден, қасымда отырған Айманай шыдай алмай ұшып тұрды.

— Апай, Көмекбаев сабакқа кешігіп, жаңа гана келген жоқ па? Тақтага жазғанды дәптеріне көшіріп жатқан кезде Ерік оны сұртіп таstadtы. Әуелбек соны айтты ғой. Сапарбаевтың айтып тұрганы өтірік. — Құмар апай үнсіз қалды. Мен болсам, ауыр дем алып ішімді босаттым. Қөршімнің сөздері жаныма майдай жағып, әп-сәтте ауыр азаптан құтылып, көз алдым жарқ етті. Сабак сұраган Құмар апайдың алдында өне бойы үн-

демей, төмен қарап мелшиіп тұратын Айманайға таң қалдым, сонда. Таңдайы тақылдап сөйлегені әлі күнге дейін құлағымда қалып қойғандай. Бұрын ол мені шағып алатында, партада шеттеу отыратын едім. Сол жерде, иығым түсіп, басым салбырап отырсам да көз қиығым қасымдағы қызда. Бидай өні, дөгаша иілген қастары, инедей қадалып, мөлдір шықтай ілініп тұрган кірпіктері, ақ моншақтай тізілген маржан тістері, үлбіреген гулге үқсаган ерні, әлі түсініп білмейтін сезімге беріліп, оны жаңа көргендей қызыға қарадым.

Сәлден соң:

— Қоянбай, тақтага шық! — деді. Құмар апайдың зілді даусы бәсекесіп.

Қоянбайдың демде түсі бозарып, жүнін жұлған тауықтай сүмірейіп, орнынан зорға сүйретіле тұрып, тақтаның алдына барды.

— Өтірік неге айтасың?

— Апай, маган солай естілді, — деді ол міз бақпай.

— Балалар, ондай жаман сөздерді оқушыларға айтуга болмайды.

Естерінде болсын деп, қайтып Қоянбайға ұрысқан жоқ. Бір жыл сабак берген Құмар апайды осыдан соң, қалай ұмытайын.

Биылғы оқудың мәні жоқ. Мектепте оқушылар аз, екі класты біріктіріп оқытады. Сонда да бөлменің іші сиреп қалған, бұрынғыдай толып отырмайды. Біздің сабаққа келген-келмегенімізді ешкім тексермейді. Маған жақсы, көңілім ауса мектепке барам, болмаса бала бағып, үйде қалам. Естүр жұмыс істеп жүр. Оның шешесі төсек тартып, әл үстінде жатыр. Әлібек пен Құралдың

қайда екенін білмеймін, оқуға келмей жүр. Алдыңғы партада Көбен екеуміз отырамыз. Оның әкесі колхозда басқарма еді, соғысқа кетті. Ол осы мектепте көктемнен бері оқиды. Бұрын қалада оқыған, есепті шемішкіше шағады. Ауыл өміріне үйреніп келеді. Осында асық ойнауды үйренді.

Балалар әлі күнге дейін Көбенге таңырқап, үйренісе алмай жүр. Оның оң қолында қос басбармағы бар. Оны «Қос басбармақ» деп балалар атын атамайды. Бізben бірге ойнап жүрген Әлібек те «Көбен» деп айтқан емес. Қадімгі бас бармақтан өзгешеліті, сәл жұқа, басқа айырмашылығы байқалмайды. Қимылдатса, қадімгі қайшиға үқсайды. Қалада көпқабатты, мінгескен үйде тұрыпты. Сүтті, нанды дүкеннен сатып алады екен. Кішкентай кезінде балалар бақшасына барған. Қаладағы мектепте спорттың неше түрі барын содан естідім. Өзі боксқа қатысып жүргенде, ауылға көшіп кетіпті.

Бірде күні бойы жаңбыр жауып, үйден шыға алмай отырған кезімде Көбен келді. Екеуміз сіркіреп жауып тұрған жаңбырга да қарамай, сыртқа шықтық. Ол мені ауласындағы екі ағаштың арасындағы көлденең темірге алып келді.

- Турникте ойнай білесің бе?
- Турникті бірінші рет көріп тұрмын.
- Онда тұрған не бар? Қөрдің гой, енді білеңсің. Мен саган турникте ойнауды үйретем. Оның ешқандай қыындығы жоқ. Сол жерде турникте шыр айналып, неше бір тұрлерін көрсетті. Қалай құлап кетпейтінін білмеймін, сыртынан қарап тұрған менің жүрегім шайлығып кеткені. Мен де көрейін деп, көлденең орнатылған темірден

жүрексіне ұстадым. Аяғымды салбыратып жібере салғаным сол еді, өз денемнің салмағы өзіме зілдей ауыр болып көрініп, турниктен ұстаган қолым шығып кетуге шақ қалды. Көбенмен осылай дос-тасып кеттім.

Жазғы демалысқа шыққан күннің ертесіне Аманқос жерден шыққандай, үйге кіріп келді. Үстіне киген қекала шыт көйлегінің омырауы ілгектенбеген, етегінің оң жақ қапталы шалбарынан шығып кеткен алқам-салқам жүрісі маған бірден ұнамады. Шашы таралмаған, үйпаланып жатыр. «Шаш қойған түріңе болайын», — деп күлкім келіп кетті. Әй-шәй жоқ, бірден:

— Қос басбармақты шақырып берші, жұмысым бар, — деді біреу артынан қуып келе жатқандай ентігіп.

— Өзің неге бармайсың? Саған да малай керек пе? Бар өзің. — Сөзіне қарай мен де қырсықтым.

— Көршің емес пе, шақыра қойсаң бір жерің кеміп кетпес. — Жаңағыдай емес, даусы бәсендай біледі, дәл қазір ойына не келіп, не кеттіп тұрганын. Қолына ұстаган кепкасын теріс қаратып киіп алды. Ол — ауылдағы бұзакы балалардың атаманы. Қасындағылар бұның айтқанын мұлтіксіз орындайды. Өзіңің төбелескенін көрген жоқпын. Төбелесетін — жанында жүргендері, жеңіліп бара жатса ғана көмекке барады. деп естігенім бар. Ол жалғыз өзі жүрмейтін, бүтінгі мына жүрісіне таңқалдым. Босқа ерегесіп бәлесіне қалармын деп, қарсы келмей орнымнан тұрдым.

Көбен менімен ілесе шығып, онымен қол беріп амандасты. Ол бірақ қолын ықылассыз соз-

ды. Менің қасымда сен кімсің деп, кеуде көтеріп, көкірек көрсетіп тұрғандай.

— Бір күнге велосипедінді маган бере тұршы. Мініп үйренейін, — деді салған жерден.

— Бере алмаймын.

— Неге? Аяйсың ба?

— Онда шаруаң болмасын. Әлде, саған бермеймін деген сөз жетпей ме?

— Олай болса, мініп жүрген жерінде тартып алаам.

— Оған қүшің жете ме?

— Сен боқмұрын, абайлап сөйле, әйтпесе ана қос басбармағыңың қайда қалғанын білмей қаласың! Со кезде Көбен жолбарысша атылып, Аманқосқа бір-ақ секіріп келді де, құлақ-шекеден періп жіберіп еді, анау мұрттай ұшты. Ол жалма-жан тұра салып, оның жағасына жармаса кетті. Аманқостың қолы ерніне тиіп қанап қалды. Көбеннің қимылына көз ілеспейді. Жұдырықпен бетке бір қойып, іштен бір тепті. Төбелесіп жүрген адамға ұқсамай, еркін жүр. Циркте ойнағандай, оған бәрі оп-оңай. Мен іштей таң қалдым. Аманқос алақанымен ішін басып, бұк түсе құлады.

— Менде кінә жоқ. Осыны тілеп алған өзің, — деді оған Көбен. Осы кезде селдетіп жауған жаңбырдың астында қалған Аманқосты тастап кете алмай, екеуміз тұрып қалдық. Желмен бірге үстімізден сабалап ұрган су жерде кілкіді. Аманқос былғанғанын сезді ме, сәлден соң, орнынан көтеріліп, сүйретіліп жүре берді.

Класта Айманайды көргенде қуанып кеттім. Жазғы демалыста ауылда болмады. Өңі тотығып, бұрынғысынан ашылайын деген. Оны жақсы көр-

гендей, біртүрлі іші-бауырым езіліп, өзімді өзгеше ұстайтынымды сездім. Айманайдың бір жері маған қатты әсер еткендей, тынышым кетті. Осы қылығыма өзімнен-өзім қысылып, қасымдағы балаларға білдіртпей, оған ұрланып қарай бергім келді. Әйтсе де, өткендеңі маған істеген жақсылығын ұмытқан жоқ едім. «Көңіліме жылы ұшырайтыны, содан шығар. Әйтпесе неге?» деп сабама түстім-ау.

Соғыстың қашан аяқталатыны белгісіз, үш жыл өтті. Әлі ешкім басына түскен ауыртпалықтан құтыла қойған жоқ. Біріне тартса, біріне жетпейтін жоқшылық. Қара қағаз дегенің әр босағаны қағып кетсе де, барлығы тұтінін тұтетіп колхоздың жұмысын істеп жүр. Биылғы егіннің бітісі жақсы. Шөп те мол. Бірақ қол күші бұрынғыдай жетіспейді.

Ағамның ауыр жарақаттанып, ауруханаға түскен хатын алдым. Оны да қасында жатқан біреуге жаздыртса керек. Қолы түсініксіз. Әйтеуір аман екенін біліп, қуанып қалдық. Айтпақшы, әкемнің соғысқа кеткен ағасының әйелі мен алты жастағы баласы бізбен бірге тұрып жатыр. Ағамның жеңгесін мен әже деймін. Ол кісі көп сөйлемейтін, ақ құбаша келген әйел. Жұмыстан келген соң, тамағын ішіп, үй тірлігімен айналысып болған соң, Бердібекті құшақтап жатып қалады. Апам болса, түннің бір уағына дейін жатпайды. Тіпті жұмыс таппай қалса, отырып алып шұлық тоқиды. Ағамның аяғына шақ келетін етіп, саусағымен қарыстап өлшейді. Біреу мениң әкеме апарып беретіндей-ақ. Бердібек бала болып жыламайды. Өте жуас, өзімен-өзі ойнап отырып, ұйықтай береді.

Үлкен болып, Қалаубекті үруды білмейді. Тұсі сары болғасын ба, беті салтақ-салтақ, кір-қожалақ. Мұрнынан агары бір тыйылмайды. Сүртуді білмейді. Тілімен жалап қойып жүре береді. Маган дүниедегі қыын нәрсе – хат жазу. Осыған мен үйрене алмай-ақ қойдым. Қолыма қағаз бен карандаш алсам болды, ақ тер, көк терге түсіп, не жазарымды білмей қиналады. Сөйтіп, жазған «хатымды алып қуанып қалдым» дегенде төбем көкке жеткендей мәз болам. Соғыстан бес күн бұрын дүниеге келген Қалаубек үшке келді. Қаралығы да, бақырайған көзі де аумаган ағамның өзі. Тек мұрын жағы ғана келіңкіремейтін сияқты. Апам біліп айтса, танауы нағашыларына үқсаған дейді.

Соғыс басталғаннан кейін, күз айының ортасында мұғалім болмай, мектеп те жабылды. Ауылдың төрт кластық мектебінде соғыстан бұрын бір апайымыз басқа жаққа көшіп кетіп, аяғы ақсақ мұғалім Ермекбай жалғыз қалған еді. Сүйек түберкілеziмен ауырып, біраз ауруханага жатты. Одан тәуір бола алмады. Кәзір үйінде кіріп шығып жүреді.

Мен екі жыл Қалаубекті бақтым. Бердібектердің бізben тұрганы жақсы болды. Олар әкемнің туган жерінен көшіп келген. Әкемнің ағасы Қосымбет бұрын дүкенші болып жұмыс істеген деп, апамның айтқанынан білем. Жұмысқа кеткенде, екеуін бөлмеге қалдырып, сыртынан құлыпташ кетеміз. Біздер жұмыстан келгенше, бірде жылап, бірде құліп, отырған жерін былгап, өздерімен-өздері отырады.

Біздің ауыл ішетін суды өзектің бойындағы қамыс арасынан шығып жатқан бұлақтан тасып

ішетін. Енді үйдегі адамдардың бәрі жұмысқа шыққан соң, суды арбамен әкеліп, әр үйге құйып кететін болған.

Жұмысты мен де арбамен су тасудан бастадым. Алғашқы күндері ұлкендерге қолғабыс тигізгенімді қызық көріп, менің қуанышымда шек жоқ болатын. Өзіме-өзім сыя алмай жүрдім. Сол күндері менен бақытты бала болмаған шығар. Бұлақтан шелекпен суды алып, арбаның үстіндегі бөшке-ге құю, бойы бір тұтам маган оңайға соқпады. Одан әр үйдің есігінің алдындағы ыдысқа құясың. Жұмыстан шаршап үйге келгенде, бірден есейіп кеткендей сезініп, күні бойы мені көрмей сағынып қалған Қалаубектің жабысқанына да қарамай, көңілім әуелейді. Мен онда жұмыстың ауыр-женелін қайдан білейін. Жігерім құм болмай, қолымнан келгенше намысқа тырысып, жұмысқа үйреніп қалғанмын.

Күндері әдетіммен арбаның алдына малдас құрып отырып, қолымдағы тобылғы салты ұзын қамшыммен жон арқасынан қанша ұрсам да мыңқ етпейтін, қашан да өзінің бабымен аяғын санап басып, үйреніп қалған алабас өгізімді сілтеп қойып, өзекке апаратын ирек жолға түстім. Ойдым-ойдым шоқалақ жерге арбам зіркілдеп, дөңгелектері шиқылдал, мені еріксіз елеңдедеді. Құн райы өте тамаша, ашық аспанда, аса биқте жүқалау шарбы бұлттар баяу жылжып барады. Мезгіл сәске түс. Жанға жайлы салқын самал лып етіп көтеріледі де, ізінше тына қалады. Айнала тагы да тыныштыққа бөленеді. Жанымнан шығып жатқандай, шегірткенің аңы шырылы естіледі. Жолдың оң қапталындағы жусанды бұтанаң іші-

нен безгелдек ұшты. Мен де қоғалы сайға келдім.
Одан әрі өзекке түскесін бұлақ тиіп тұр.

Қоғалы сайдан өте бергенде, шошаланың ызыңын естіген алабастың міnezі аяқастынан өзгеріп шыға келді. Құйрығын аспандата көтеріп, құлағы ербііп, көзі шатынап кеткендегі өгіздің кейпін өзім де танымай қалдым. Шошаладан қашып, жанын қоярга жер таппай шошынғаны соншалық, кейін қарай кілт бұрылғанда, терте сарт сынып, арба аударылды. Жерге ұшып түстім. Алабас қолымнан шығып кеткен делбені шұбатып келген жағына қарай тұра қашты. Үстімнен бөшке төменге қарай домалап, қоғаға барып тірелді. Жалма-жан құлаған жерімнен тұрып жатып, сол жақ аяғымды баса бергенімде, көзімнің оты жарқ ете қалды. Даусым да бірге жарыса шығып, жаным қиналғаннан, шық түскен шөптей көздерім жасаурап кетті. Сол еken, көзіме ерік беріп, ағыл-тегіл жыладым. Сонша жас қайдан шығып жатқанын білмеймін. Бұрын булығып, ішімнен жылаушы едім. Бұ жолы көзі ашылған бұлақтан өзен аққандай болды. Қай-қайдагының бәрі ойыма оралып, денем қайта ауырлап, көңілімді мұң bastы. Еңсем түсіп, бордай езілдім. Балалық шақтың қызығы кеткен – өмірге деген қамыгу бар, қызуы қашқан сүреңсіз күндерге налу бар, жалғыздықтан жапа шеккен ауыртпалықтың табы бар. Және әкеге деген сағыныш та бар. Міне, осының бәрі қосыла келгенде, шыдай алмай, санамда тапталып келген қорқыныш билеген сезіміммен бірге, өкінішке толы өмірімді жаспен жудым. Адамдардың сүйеніш ізден жылайтын да кездері болатынын басыма түскен сол күні білдім. Бір ғана аяғымның

ауырғаны болса, ыңырсып-ақ жатар едім. Ен далаңы басыма көтеріп жыламас та едім. Есіз дала да жүре алмай, қапелімде мұсәпір хал кешкенім жаныма қатты батты. Жылағаннан да шаршайды екенсің, әбден божырап үйиқтап кетіппін. Аузы-басыма үймелеген шыбын-шіркейден бе, шошып ояндым.

— Айналайын, саған не болды? — Құмар апайдың үрке шыққан даусы естілді.

Көңілім босап, көзімнен жас ытқып шықты. Соның арасынша ұмыт болып кеткен, кешегі құндер бұлттан шыққан шұғыладай жарқ етті. Сондағы Құмар апайдың өзі болып, мөлдір қара көздері құлімдеп, мақпалдай жұмсақ қоңыр үні қоңыраудай күмбірлеп, ескен желмен бірге естілгендей болды. Мандайымдағы кекілімді алақанымен сипаган, ішкі жан дүниемді бір сәт жылы сөзімен баурап алған, өтіп кеткен сол келенсіз сөздің жагымсыз көрінісіне менімен бірге әлі де қиналатындағы өзімді кінәлі сезінетінім рас. Бұл маған күш бергендей әсер етті. Демде ұнжырғам түскен көңілсіз күйден арылып, арқа сүйер адам табылғанына қуанып, үстімнен ауыр жүк түскендей женілдедім.

Болған жайды өксігімді баса алмай айтЫП бердім. Соңынан:

— Апай, не болды, маған? Өліп қалмаймын ба? — деп бақырып жыладым.

— Айналайын, жігіт деген қайдады жоқ, жаман сөз айтпайды. Ештеңе етпейді, жазылып кетесің. Еті ауырып қалған шығар. Елдің бәрін жылатып жатқан қу соғыс қой. Әйтпесе сенің жұмыс істейтін кезің бе?

Құмар апай мені қаңбақ құрлы көрмей көтеріп, атқа отырғызы. Өзі атты жетектеп жаяу жүрді.

Жанымды көзіме көрсетіп, ауырганына шыдай алмай жылаганым бекер емес екен. Тобығың шығып кеткен деп, ауылдағы сынықшы Жамига әже орнына салып бергенде, ауырганы саптыйылып, жаным жай тапты. Түйенің шуда жүнін тұзды суға салып тартып берді. Әбден жазылып, орны біткенше балдақпен жүрдім.

Құмар апайдың жолдасы колхоздың агрономы еді. Біздерге сабақ берген жылы жаз айында қызметі жоғарылап, ауданға көшіп кеткен. Абыл соғысқа бір жылдан кейін кетті. Өздерінде бала болмаған соң, бір өзі жалғыз отыра алмай, шешесінің қолына қайтып келді. Ауырып дәрігерге көрінсе, жүйке жүқарған деп тауып, оған «таза ауада жүретін жұмыс істе» деп кеңес беріпті. Далада жүретін іздеген жұмысы табыла кеткен соң, жасы келіп зорға жүрген бригадир Елеудің орнына Құмар апай былтыр жаздан бері істеп жүр. Сәл толысқаны болмаса, өзгермеген бұрынғы қалпы. Сүйкімді қөркіне ер адамдардың бәрі қызығады. Ал әйелдердің арасында оны қундайтіндері де жетеді. Менің өзіме оның жұмысты беріле істейтіні үнайды. Әйел болып артық ауыз сөз дегенді білмейді. Қазірге дейін, апайдың сабақ бергендері майда қоңыр үнін қатты үнатушы едім. Сонда ғой, айналамнан шығып жатқан у-шуды да естімей, құлагымды тосып, үйіп тыңдайтынмын. Бүгінде даусы бұрынғыдай емес. Жуандагандай ма, қарлығып шығатын сияқты. Маган солай.

Бригадирдің жұмысы қызық. Таң атар-атпастан әр үйдің есігін үрып, айқайласп жүреді. Бір уақыт-

та әрқайсысын үйлерінен қуып шығарғандай, зекіп үрсип болған соң, астындағы атын жай ғана қамшысымен сілтеп қойып, бәрінің алдарында кетіп бара жатады. Кешкісін адамдар жұмыстан қайтқанда, тұн құшағын жамылған ен даланы бір өзі иемденіп қалып қояды. Ондайда Ырысты көрсе, бір сөйлейді. «Үйінде жылап жатқан баласы жоқ. Сүйретіліп жүрген шешесі алдынан тамағын дайындалап, кірін жуып қойса, қайда асығады. Дегенмен әйел адамның алпыс екі тамыры жібімеген соң, өмірі өмір ме?» – деп мұқататын.

Шөп науқаны басталды. Ауылдың жиырма шақты үйі Қөлдібай тогайына көшіп келді. Осында келгендер жертөледен өздеріне жайлыш пана жасап алды. Бөлмеден бір де айырмашылық жоқ десе де болады. Жерден екі қатар шыммен көтеріп, екі жағына сығырайтып әйнек қойды. Үстіне тал мен қамыс төсеп, шөп-шаламмен жапты да, қалындалап саз балшықпен сылап тасталды. Бұл жерге бір келген соң көшу қыын. Құз айының аяғына дейін отыратынын білгесін, істеп алғандары еді. Колхоздың жаздағы жұмысы осында болғасын, шөпті бітіргесін, егін орагы басталады. Осы арадан Құмсайға дейін еккен егіннің шеті көрінбейді. Құздің қара суығымен арпалысып, астықты жинап үлгергенше, құздің қалай өткенін де білмей қалады.

Осы жаққа жүрер алдында Құмар апайдың айтуымен дайындааттырып қойған құрал-сайманымызды алуға ауылдың бір шетіндегі ұстаханаға Қебен екеуміз бардық. Ұстахана қысы-жазы бірдей ылғи да толассыз, шың-шың етіп жатады. Ұзын мұржасынан сыздықтап шыққан тұтіннің өзі желсіз құндері ауылдың үстін кейде қап-қара бұлт-

тай басып тұрады. Ертемен ұрган балғаның дүңкілі үй-үйге естіліп, кішкентай ауылды үйқысынан оятып жататын бұрыннан. Сол кезде адамдар да қыбырлап, жұмысқа шыга бастайтын.

Бүгінде Құрал ұстаханада істейді. Оны бір көруге құмар едім. Соның сәті түсті. Ұстаханада бір өзі істеген әкесі соғысқа кетіп бара жатып, осы жұмысын баласына сеніп тапсырған болатын. Қекесі айтқан соң, амал не? Іштей қиналса да, тартынған жоқ. Сонда оны естіген басқарма да мақұлдан қуанып кеткен. Оның істеген жұмысын Қебен екеуміз әлі көрген емеспіз.

«Өзі аумаған әкесі. Соғысқа бір жылдан кейін кеткенде, баласын қасына алып үйреткен еңбегі еш кетпеген еken. Қолынан келмейтіні жоқ. Бәрін істейді» дегенді ауылға аңшылығымен аты шыққан Қайсар ақсақалдан естідік. Өзі колхоздың қойын бағады. Қақпанның сынып қалған жерлерін істетіп алуға барады. Құрал оған со бойда тауын қайтармай істеп бергесін, мақтауын жеткізетін шыгар. Бірде рахметін айтса, бірде құр сөйлеп кете береді», — дейді оны көргендер.

Біз барсақ, есігін шалқайтып ашып тастаған. Құралдың қолы көріктің құлағында, гуілдеп жанған от қызыу бетін жалайды. Күйелеш бетінен кішкентай қой көздері жылтырап, самайынан аққан тер мойнына құйылып, аштып, қышытқанына қарамай, қып-қызыл шоқтың ортасына түскен темірді әп-сэтте қызартып шығарады. Оның істеген жұмысын қызық көріп, қарап қалған екеумізді көргенде, екі езуі екі құлағында, мәз болды. Үйдің іші гүрсілдеген балғаның, ысылдаған көріктің үнінен бір сэт тыншыды. Сонан соң, қызған темір-

ді төске салып, тарсылдатып соға бастады. Қолы тіпті икемді, балға соғысы нық. Оның істеген ісін көргенде, бала деп ешкім айтпайды. Шөп машиналардың саймандары бір бөлек үйіліп жатыр. Өңкей ұзынша-ұзынша шалғы тістер. Жауырынды денесі ауыр қозғалып, білегі бұлк-бұлк соғады.

— Эй, сендер нағып тұрсындар, төрге шық-пайсындар ма?! — деп бізге күлгендегі аузы кең ашылып, кішкене қой көзі ұшқын атып, бар денесі селкілдеп кетті.

Үшеуміз ұстаханадан шығып, ескі үйдің көлеңкесіне отырдық. Осы кезде жел тұрып, үстімізден үйтқып соққан шаңыт шарпып өтті. Аптаап ауа тынысынды буып бара жатқандай. Алыстан көрінген құйынның төбесі туша желбіреп, жөңкіліп барады. Әлі де бір бөлек үйіліп жатқан жұмысын көріп, Құралмен сөйлескеннен бері, оның уақытын ұрлап жатқандай, қуыстаннып болдым. Шөпке дайындал қойған керек-жарагымызды алып, жүре бергенімізде, артымыздан Құралдың:

— Маган ертең қөмекші береді, — деген қуашынты даусы шықты.

Ұстаханадан алғандарымызды буып алып, арқаланып келе жатқанымызда, қолында темірі бар Естұрга қарсы ұшырастық. Кішкентай ауылдың ішінде бір-бірімізді көрмейміз дегенге кім сенеді. Ауданмен екі ортада колхоздың керек-жарагын тасып, қысы-жазы тыным көрмейді. Өзі жел қағып, жүдеген, көзі кіртиіп, бізді көргенде сәл гана езу тартты.

— Арбаның белдігі жарылып, Құралга апара жатырмын. — Бізді күніге көріп жүргендей, жүре сөйлеп кете берді.

Өзінің қөңілінің қошы жоқ па, кім білсін. Бұның да шешесінің жайы мәз емес. Соғыс басталғаннан бері төсек тартып жатып қалған. Енді үйдегі бас көтерер өзі болған соң, колхоздың жұмысынан қолы босаса, үйдің шаруасынан оның бұрылуға шамасы жоқ. Енді ол бұрынғысынан да салмақты, сабырлы болып кеткендей. Апам кейде істеген ісіме қөңілі толмай қалса, ана өзіндей Естүрды қарашы деп, жүріп-тұрганын айтып, мақтауын жеткізе сөйлейді. «Бала болып жеңілtek те емес. Сөзі салмақты. Жұмысына да тиянақты. Соның орнында болған Қонысбай, бірін әкелсе, бірін әкелмей, не- месе жолда тұсіріп алып жүретін. Ертесіне жүрген жолынан іздел, тапса тауып, таппаса дау-дамайға қалатын. Осы бала болғалы, бір нәрсе жоқ деген- ді естіген емеспіз. Жұмыстың жөн-жосығын бі- ліп алған. Жауапты қарайды. Қыстай майшамның майы бітті. Мына қөрші Ақсайда майшамға май қазірге дейін тапши. Тіл-аузым тасқа, тіл-көз- ден аман болсын! Әкесі марқұмға үқсаған, ол да жұмыс десе, ішіп отырған асын тастап жүре бе- ретін. Әйтпесе су тасып жатқанда несі бар де- сейші, қойшы ауылға барып. Бір-екі күн кідіріп барса да болатын еді гой. «Өрт емес қой, тұра шабатындей» деп, жиналған жерде әйелдер ай- тып отырады. Со кезде мен де Естүрга еліктеп, өзімді салмақты ұстауга қанша тырыстым. Бірақ артынан ұмытып кетем де, өзімнің «таз» қалпы- ма қалай түскенімді білмей қалам. Өстіп бірнеше рет қайталап көргенімнен ештеңе шықпаган соң, жалығып қойып кеткенмін.

Үстаханадан әкелгендерімізді екеуміз де біздің үйдің сарайына қойдық та, ауладан шыққан соң,

қайда баарымызды білмей тұрып қалдық. Бұрын ала құйындастып ойнаған ойындарымыздың бірі де екеумізді қызықтырмады. Жүрген ортамызға қарай, пигылымыз да оқшауланып, ойынга икемізді жоғалтып алғандай, есейіп кеткенімізді білдік.

— Велосипед тепсек қайтеді? — деді Көбен.

— Мен де соны айтайын деп тұр едім, — деп қуанып кеттім.

Ол сөзге келмestен, үйіне жүгіріп кетті.

Екеуміз велосипедке кезекпен міндік. Көбен ауылдың жалғыз көшесін айналып келіп, маған берді. Мен велосипедке міне сала, Естүрдың үй жағын жағаладым. Ол Айманаймен көрші тұрады. Соңғы кезде неге еkenін білмеймін, көңілім ала-бұртатын болып жүр. Сондайда Айманайды көрсем, көңілім орнына түскендей тынышталады. Соны неге көруге құштар болғаным өзіме жұмбақ. Мен бір қимасымды жоғалтқандай, салы суға түсіп қайтып келдім. Бұ жолы Көбен тез оралды. Велосипедті маған бере салған бойында:

— Айманай шелегін алып шықты, — деді.

Менің ойымды оқып қойғандай, үрлығымның үстінен шыққанына бетімнен отым шығып, қатты қысылдым. Көбенге айтпақ тұғілі, оңашада Айманайды ойыма алуға дәрменім жетпейтін. Ішімнен бір нәрсені сезіп жүрген болды-ау, деп шамаладым.

Со кезде:

— Көбен! — деп шақырған шешесінің даусы шықты.

Үйіне қарай жүгіріп бара жатқан Көбенге:

— Мен де суга барам, — деп дауыстадым. Ол басын изегендей болды. Оған мені күтпө дегенім еді.

Велосипедті заулатып келем. Айманайды ана-дайдан көзім шалды. Оны көргеннен-ақ, жүре-гім құлыншақтай асыр салды. Бір өзі қалың ойға кетсе керек. Жақындап қалған дыбысқа селк етіп, үріккен еліктей, қолындағы шелегін салдырлатып, ыта жөнеле жаздал барып, мені көргенде аял-дады.

— Ой, сен екенсің ғой. Қорқып кеттім. — Алақанымен кеуде тұсын басты. — Қайда ба-расың? — Мәлдіреген қара көздері күлім-күлім етеді.

Не дерімді білмей, дегбірім қашты. Маған сон-дай қыын сұрақ қойғанына іштей қиналдым. Осы қызыңдың несі барын? Қалай жауап қайтарарым-ды білмеймін. Өз-өзімді тұсінбей, толқып тұр-мын-ау, толқып тұрмын. Маңдайымнан шып-шып тер шықты. Осы арада бір нәрсе айту керек екенін үқтym.

— Велосипед теуіп жүрмін.

— Кімдікі?

— Қебендікі ғой.

Адам қызыққандай өзі. Көкшіл тұсі жылтырап тұр. Артқы дөңгелегін аяғымның ұшымен бір ай-налдырып, ыңғайлап алдым. Тәуекелге бел буып:

— Кел, отыр, — дедім.

Тауып айтқан сөзім осы болды.

— Қорқам. Мені құлатып алмайсың ба?

— Балаларды алдымға отыргызып айдал жүр-мін, әлі ешкім құлаған жоқ.

— Құласам - шы?!

- Құлатпаймын, қорықпа.
- Біреу көрсе, не дейді? Ұят қой.
- Велосипед тепкенде тұрган не бар?
- Үйдегілер көрсе, ұрсатын болды...
- Ештеңе де болмайды. Алдыма отыр. Мен де велосипедті теуіп үйренгенше, кемінде жұз рет құлаған шыгармын. Тасқа да соғылдым, ағашқа да соқтый, сайдан да құладым. Кедір-бұдыр жерден де талай рет ұшып тұстім. Алғашқыда басын дұрыс бағыттай алмай, тегіс жерде де құладым. Өзім де қол-аяғымнан түк қалмай, әбден жарақаттандым. Денемнің бір жері көгерді, бір жері қанады, енді бір жерінің терісі сыптырылды. Сонда да қойған жоқпын. Содан үйреніп кеттім.

Қолындағы шелегін жолдың шетіне қойып:

- Көрейінші, — деп үркектеп айналага қарап алды. Ауылдың іші қыз баланың велосипедке мін-генін ерсі көретінін сезетін сияқты.

Жені қысқа сары тұстес көйлегінің жалаңаш білегінен ұстап, алдыма мінгізіп алдым. «Қайдан отыра қалдым» дегендей, өзінен-өзі қысылып, қыбыжықтай береді. Айманай — бүрында колхоз бастық болған Жәнібектің қызы. Сабак сұраған апайдың алдында мысы басылып, ұялғаны болмаса, сырт көздерге ғана иба сақтап, үркектейді екен. Басқа қыздарға қараганда еркін, батылдау ма, деп қалдым. Ол сәлден соң, көңлі жайдарыланып тіктеліп отырды. Бұл маған дем бергендей әсер етті. Өзімді көрсеткім келіп, ұшыртып айдадым.

- Неге сонша қатты айдайсың?! Мені қорқытқың келді ме? — Жарқылдай күлген даусы мың құбылды.

Қайбір тақтайдай тегіс жер. Кейде, кедір-бұдыр жерлерден ұшып-ұшып кетеміз.

— Мама! — Даусының қалай шыққанын білмей қалады. Басындағы қызыл орамалы желмен бұлғаңдалап, көзімді жауып, бетімді жыбырлатады. Оған қарайтын мен жоқ. Қөңілім ала құйын. Құдды, бойыма есірік біткендей. Жанығып келе жатқандаймын. Қыдығымды келтіргендей, сондай нәзік үн құлақ түбімнен естіледі. Өзім сол жұмбақ дүниенің шешуін таппай есірем. Енді бірде, көз алдым төгілген моншақтай жылт-жылт етіп, алдымдағы қыз гүлге айналып кеткендей маза-сызданам.

Ол да басын бұрып, сықылықтай құледі. Тана көзі ойнап түр-ау, ойнап түр. Үні неткен таза, неткен ашық. Бұлақ сылдырына ұқсай ма, әлде қоңыраудың үніне келе ме, әйтеуір бір сиқыр бардай... Сүйтсем де, даусымды шығаруга қысылам. Менің даусым оның қасында шегірткенің шырылдағанынан да түрпайы. Бұрын нағып жек көргеніме енді өкінем. Соны әлі күнге дейін ұмытпаған-ау деймін. Мені келемеждең келе жатқандай, бір сөйлеп, бір құледі. Сондай ашық, ақ қөңіл, мезгіл-мезгіл өзгеріп түрлене қалатыны табиғи жаратылсы ма екен? Әр кез әр түрлі әсер етеді маған. Тұрған жұмбақ. Нәзік үні, сыпайы жүрісі, неге екенін білмеймін, дегбірімді алып бітеді-ай. Оны көрген сайын, жанарымды ала алмай, қарай бергім келетіні несі екен?! Өзімді ұрып алатын адам жоқ. Әйтпесе оның жаман оқығаны маған көрек пе? Өзім бір келістіріп оқып жүргендей. Алатын бағам кілең үш, арасында бір төрт жоқ. Бір қызығы, басқалардай екілік алмаймын. Сүйтсем

де, өзімді көрмей, біреуді құстаналауға шебермін. Ақыл жоқтық қой. Енді ісіме опынып қысылып келем. Қап! Қасымда отырғанда достасып алсамшы.

Екі бетінің үші қызығылттанып:

— Шаршаған шыгарсың, суымды алып, үйге қайтайын, — деді жіңішке даусы сыйылып. Аумаган Құмар апайдың даусы! Тап қазір соган анық көзім жетті. Мен үшін ондай апай жоқ. Оған ешкімді тенестірмес едім. Қызды неге көргім келе беретінін енді түсіндім. Түсіне алмай жүрген ішкі дүниемнің құпиясын ашқандай ішімнен қуандым.

Жол жиегіне қалдырған шелекті алып, бұлаққа келіп, кішкене отырдық. Майда толқынға қызыға қарап, құрақ сыйбырына құлақ тіктік. Бұлақ көзі қайнаған су секілді. Астынан бұлкілдеп шығып, аға береді, аға береді. Ағып барып, сайға құлайды. Су бетінде шеңбер сыйып, сақина жүзді. Қияқ мұрты жыбырлады. Екеуміз де үңіліп, суретімізді іздедік. Бір-бірімізді үнсіз ұғысқандаймыз. Маған әдет болып кеткен бе, деймін. Қасымызда ешкім жоқ болса да, Айманайға көз қыығыммен ұрлана қараймын.

Қайтарда Айманайдың өзіне велосипед тепкіздім. Бір-екі рет жығылып, қалт-құлт еткен денесін игергендей халге жетті. Соңынан біраз жерге бұлталақтап айдағанына мәз болып қуанды. Осылай жүргенде уақыттың қалай өткенін де білмей қалыппыз. Айманай сиыр саууга баратын уақыт болып қалды деп асықты. Мен ертең шөп оруга Қөлдібай тоғайына баратынымды айтқанымда:

— Келгесін велосипед тебуді үйретесің бе? — дегенінде қуанып кеттім. Бұл мен үшін күтпеген жаңалық болатын.

Қой қырқымга кеткен Тұрақжан да бізben бірге баратын болды. Мен оны мектепте көргенім болмаса, дұрыс білмейтін едім. Соғыс басталған жылдың күздінде бірде жаңбыр күні-түні қоймай жауды. Сол күні біздің үйдің сары сиыры өрістен келмеді. Ауыл айналасын, өзек бойын кезіп таба алмаған соң, көрші колхозды бетке алып, екі кештің арасында жүріп кеттім. Жалаң аяғымның астында тырбиып жатқан тікенектер мен енді курай бастаған жусан күтір-күтір сынады. Шөңгені де күтірлетіп кешіп, елер емеспін. Алты ай жазда аяқиім кимегендіктен, табаным көн болып қатып қалған. Осы жақта Ақсай колхозы бар деп естігенім болмаса, бұрын барған емеспін. Менікі солардың малдарына қосылып кеткен шыгар деңген жорамал. Эйтпесе қайда кетеді? Алдымдағы көсілген жазық даланы көріп, денем жеңілденгендей, көңілім сергіп қалды. Жоқ іздеген адамның әдетін істеп, жан-жағыма жалтақтап, көзіме іліне қалатын қарайған іздеймін. Күз болса да мурныма жусанның кермек иісі келеді. Биылғы көктемнің жауынды болғанын білдіргендей бітік шығыпты. Жым-жырт жатқан дала тыныштығын бұза ұшар көкке шырылдай көтерілген бозторғайдың ана жерден де, мына жерден де қарасы көрініп, даусы шығады. Бұрын жүрген жерге үқсанап, көзіме жылы ұшырай қалғанда есіме түсті.

«Анау-мынау емес, қүрең айғырға міндім-ау сонда. Мені осал деп көрші». Сонда арқаннан шірене тартқан төрт адамды қаңбақ құрлы көрген

жоқ. Тулап-тулап аспанға құйрығын тік шаншып жұлып шықты да, көзді ашып-жұмғанша сағымдай бұлдырап, көз үшінда қылтиып барып жоқ болды. Сол күні қарасын үзіп, кешкісін үйіріне бір-ақ оралды. Соның ертесіне жиналған көпшіліктің ішінен асауды үйрететін бір адам табылсайши. Жылқышының өзі қуні-тұні аттан түспей, тақымы ауырып, зықысы қашып шаршап жүрсе керек. Ауырып тұрмын деп сылтауратты. Агроном Абыл аға мені көргенде қуанып кетті.

— Ай, сендер аттың құлағында ойнайтын баланы неге көрмей тұрсыңдар! Мына бала емес пе, былтыр шабдарды бас білдірткен, — деп мені қашып кететіндей қолымнан тас қылып ұстап алды. Мениң де күтіп тұрганым сол еді. Ат десе, шоқтай жайнап шыға келетін әдетім. Өзім де зорға шыдап тұр едім.

— Иә, иә. Әуелбек айналайын, асауды үйретуге қалайсың, зауқың соға ма? — деп Аман жылқышы менің кекілімнен сипады. Бір жақтан:

— Қаршадай балада нелерің бар, ұлмайсыңдар ма? — деп сөйлегендерді құлағым шалды. Басымды изегенше, Аман ағаның қимылының тездігі соншалық, ат үстіне қонжия қалғанымды бір-ақ білдім. Со кезде асаудың тамагынан қылғындыра ұстап тұрган қарулы екі жігіттің үстіне шапшыганда, оларға да жан керек еken, тұра-тұра қашып үлгерді. Ышқына кісінеген күрең айғыр тулап-тулап қарғып кетті. Менің тақымым тастай қатып, жалына жабыса қалдым. Асау мөнкісін мейлі, аспанға атылып шапшысын мейлі, маган бәрібір. Тек омақаса сүрініп құламаса еken деп ішімнен тілеймін. Ондай жағдайда аттың үстінен үшіп

түсерім айдан анық. Біраздан кейін бұрынғы көлдің орны борпылдақ сортаңға кезігіп, тұяғы кіріп, кібіртікей бастады. Менің құтқенім болғандай, қамшыны бастым. Асаудың үсті-басы терден ақ көбік болып, сайтаны бастыға бастады. Мөңкуге шамасы келмей, титықтап жөнге келді. Алдында мен бас білдірген шұбар ат мынау құсап тулаған жоқ. Ол басында бір-екі мөңкіп алды да, алды-артына қарамай зұлладады. Жел көтеріп кететіндегі қорыққаным бар сонда. Қазір ойласам, ас-ауқаттың үстінде жұдырықтай болып отырганым өзіме ертегідей көрінеді.

Алдынан қарауытып жота көрінгендей болды. Есіз далада көңілге соны демеу етіп, жетуге асықтым. Қырқаның үстіне шыққанымда бір өшіп, бір жанып тұргандай жарық көрінді. Қызыл інір. Шашылған тарыдай жұлдыздар жыптырлады. Ауылдың төбет иттері алдынан үріп шығып, шаужайлай жүріп, біраз жер ұзатып қала берді. Қораның қарсы бетінде қүйіс қайтарып тұрған сиыры бар шеткі үйдің есігінің алдына келгенімде, ауызғы бөлмедегі сығырайған жетілік шам сырттан кірген ауаның лебімен жалт етіп өшіп қала жаздалап, әупіріммен қалды. Іштен өзім қатарлы бала шықты. Мені көргенде қол берді. Сол кезде көлегейлек қараңғылық болса да шырамытып:

– Сенбісің? – деп басқан жерімнің топырағы жасқантып, үрей кезген есіріктен арыла алмай келе жатқан осы бір сэтте, көзіме сондай ыстық тартқаннан құшақтай алдым. Аяғымды баса алмай, шаршап келе жатқанымды демде ұмытып, жат жерде таныс кездестіргеніме қуанып, бойыма қан жүгіріп, түлеп қалғандай болдым. Ол да

мені енді танып, қайта құшақтады. Тұрақжан-ның қабыргасынан күн көрінерлік дерсің. Шашы өсіп кеткен, үйпа-түйпа, мойны қылқып, қалқан құлақтың нағыз өзі екенін енді байқадым. Қараңғыда бажырайған көзі жылтырап, сәл ғана езу тартқандай нышан білдірді. Әл-дәрмені кетіп, құр сүлдесі тұрганын ішім сезгендей. Жаным ашып кетті. Менің арықтығым мынаның қасында түк емес екен.

— Адасып жүрсің бе? — деді бірден маған.

— Сиыр іздеп жүрмін. Екі күннен бері жоқ. Ауылдың айналасынан таппай, осылай қарай кеткен жоқ па екен деп шығып едім.

— Мен де екі күн болды, баспақтарды ауыл жаққа қарай шығарып жүрмін. Келсе, көрер едім ғой.

— Эй, шешек шыққыр! Сұға бармай әлі жүрсің бе? Ерте күнді кеш қылмай, әкелмейсің бе тездетіп. — Іштен сөйлеген әйелдің ызғарлы даусы шықты.

Тұрақжан үндеген жоқ. Иінагашқа екі шелекті салдырлата іліп жүре берді. Мен де ердім. Былай шыга бере:

— Баспақ бағып, жаңа ғана келген бойым. Мені жаны жоқтай көре ме, көзіне көрінсем болды, жұмсайды. Ағам соғысқа кеткеннен бері көрген күнім құрсын, — деп нали сөйлемеді.

Құдық ауылдан шеттеу екен. Ай әлі тумаған. Тұн жер бауырлап жатып алғандай, қап-қараңғы. Жоғарыдан ағып түскен бір жұлдыз жалт еткен жалындаидай, әлдеқайда қараңғыға сіңіп жоқ болды.

— Сенсен, жүруге менің шамам жоқ. Күні бойы мал сонында жүру оңай ма? Бұрында дала-

да үйиқтайтын едім. Сонда біраз тынығып қала-тынымын. Қазір оны да қойдым. Өткенде бір тұп жыңғылдың түбіне қисая кетсем, көзім ілініп ке-тіпті. Көйлегімнің ішін кеуlep бір нәрсе бұлк-бұлк етіп, жыбырлатып алып барады. Шақырайған күннің астында маужырап, үйқылы-ояу қүйімде қолымды ішіме жүгіртсем, мұп-мұздай бірдеме алақаныма тиді. Ыршып түрдым. Түсін көргенде, жылан екен деп бақырып жібердім. Со кезде көк шегіртке зып беріп, шөп арасына кіріп кетті. Мұндай жерде жылан да, қарақұрт та, бұзаубас та болады. Содан бері қорқып, далада жатпайтын болдым. Құн ұзақты мал соңында салпақтап жүріп, аяғымды зорға алып, үйге келгенімде, әр нәрсеге бір жұмсақ, демалдышмайды. Осыдан малды колхозға тапсырсам, ауылдағы апаммен бірге тұрам. Ол да екі баламен жалғыз отыр.

Өзімен-өзі ой кешіп кетті ме, қайтып сөйле-ген жоқ. Ауылдың хабарын да сұрамады. Қайтарда суды мен алып жүрдім. Иінагашпен су тасып көрмеген едім. Иығымды тессе де, шыдап бақтым.

Жерге төсеген тулақтың үстінде екеуміз бірге жаттық. Тұрақжанның құлагыма сыйырлап айтқан сөздерінің бірін естісем, бірін естімеймін. Ол сөй-леп жатып үйиқтап қалды. Бір кезде үйқысырап:

— Апа! — деп айқайлап жіберді де, екі иығы селкілдеп жылады. Қояр емес. Болмаган соң:

— Саған не болды? — деп бүйірінен түртіп едім. Сап тыйылды. Менің кірпігім айқасар емес. Біз жатқан бөлменің іші қап-қараңғы. Тек алақандай терезеден себезгілеген ай жарығы ғана бөлме ішін жартылай алакөлеңкеге бөлеп түрді. Қос бүйі-ріме кезек-кезек аунап, таңды атқыздым. Тұрақ-

жан таңертеңгісін баспақтарын өріске айдап, мені шығарып келе жатқанда, бетін тыржитып ішін басты.

— Не болды? Ішің ауыра ма?

Ол маған жауап қатқан жоқ. Оның үстіндегі иығы жыртық боз көйлегіне қөзім тұсті. Жұлым-жұлым шалбары тізеден сәл түсіп тұр. Өні ауру адамдікіндей сыннық. Сол жерде қатты аяғаным соншалық, жылағым келіп кетті. Дәл сол сәтте ол менің ойымды іштен сезіп қойғандай, даусы ши-рақ шығып:

— Мен саған сырымды айтсам, күлмейсің бе? — деді.

— Неге күлем, мен онда қуанар едім. Ішіндегі сырын кез келгенге айтпайды ғой. Сенген адамына гана айтады. Білгің келсе, сенің ауыр жағдайынды көріп, таң қалдым. Қалай шыдалп жүрсің?

Ол ойланып үнсіз қалды. Сәлден соң барып:

— Ауылды сағынып жүрмін. Адамдары түсімнен шықпайды. Ағып жатқан өзен суын да, көлдің бетіндегі жыпырлаған құстарды да, желмен бірге тербелген қамыстарды да, қысы-жазы бір бітпей-тін шилдердің шуылын да, қыста боран басып қалатын бәкене тоқал үйлерге шейін — бәрін, бәрін, сағындым. Айта берсем көп қой, қайсыбірін айтам. Кейде солар көмейіме жыр болып тығылады. Ол кезде өзімді-өзім ұмытам. Қиялға мініп, бұлтармен бірге қалықтаймын. Соның арасынша өнім бе, түсім бе екенін білмей қиналадам. Түсіме әкем кіреді де жүреді. Ол кісі атпен кетіп бара жатады. Маған қарамайды. Мен соңынан қалмай жалғыз-аяқ жолмен ерем де отырам. Білмеймін, неліктен екенін. Құндіз ойыма түскенде қорқамын, —

күздегі шөптей өні қуарып, демі дірілдеп шықты. Мұрның тартып қойды. Күздің қара сұық желі денесіне инедей қадалып, тоңып келе жатқанын енді аңғардым. Ол мені шығарып салып, тұрган орынан қозгалмай біраз тұрды.

Тұрақжан айтқан уәдесін орындағы. Артынан бір ай өтер-өтпестен колхоздың баспағын тапсырып, апасының қолына келді. Ауылға келісімен әйелдермен шөп тасыды.

Қазір бәрімізден озған – Әлібек. Шешесі оны мектептен қол үздіргісі келмей, аудан орталығында тұратын қайнысының қолына жіберді. Қысқы демалыста ауылға келіп, көрініп кетеді. Жазғы демалыста әлі бірде-бір келген емес.

Көлдібай тогайына келгенімізге бір жетідей болды. Айналасында ой-шұқыры жетерлік, өзекті сайлы жер. Көк майса шөбі белуардан келеді. Ат-машинамен қүйқалы шабындықтың мол шөбін шабады. Машина жүре алмайтын жерлердің шөбін қол орақпен оргызады.

Бірінші күні бригадир апай он үш баланы қаз-қатар тұрғызып қойды да:

– Машина бара алмайтын жерлердің шөбін қол орақпен орасындар. Әр жұмыстың өз қыындығы болады. Байқаусызда қолдарынды кесіп алып журмендер. Араларынан бастық сайланбайды. Себебі сендер үлкенсіндер, өздеріңе-өздерің қожасындар. Жұмыс басында жағаласып ойнауга болмайды. Оны білгендерің дұрыс, – деп ескертті. Сонаң соң, соғыстан бір аяқпен оралған Оспан ағаның лыптылдата қайралған орағынан бір-бірлеп қолымызға ұстатты.

Шөп орып жүрген машинаның он қапталындағы ойлы-қырлы жердің бас жағынан жағалай тұрғызып:

— Осыдан сонау қырға дейін орасындар, — деп сағым ойнаған көкжиек жақты қолымен көрсетті.

— Қане, балалар, іске сәт!

Командирдің бүйрығын орындаған солдаттардан еш айырмашылығымыз болмай, қап-қара бұлттай қаптаған шегірткедей, шөпке жапырлап қойып кеттік. Сөйлеуге де шамамыз келмей, демалысмыздың өзі қыындалп кеткенде, ине қадалғандай беліміз удай ашып, жаза алмай қалдық. Бәрімізді артқа қалдырып, озып кеткен Тұрақжан болды. Оның соңынан Қебен де қалысатын емес. Басқаларымыз бір-бірімізден озып кете алмай келеміз. Алдымыздан кесе-көлденең жыралы сайга жеткенде:

— Ура, мен болдым! — Тұрақжан орағын жерге шаныша салып, орган жердің шөбін айырмен жи-нап үйе бастады.

— Ой, мақтаншақ! — Оның озып кеткенін көре алмай, кім қоштар еken дегендей, жалтақтап, басымызды көтеруге мұршамыз келмей, шөп орып жатқан біздерге қарады. Өзімен бірге оқитын Жұрын деген қалқан құлақ:

— Мақтанған ба? Қалып қойғаның арланудың орнына, қайдағыны айтатының не? Басқаларда жұмысым жоқ. Қалқан құлақ, саған айтам. — Жұрын үн-тұнсіз қалды. Аз ғана қунде жұмыс біздерді кәнігі орақшылардай ысылдырып тастапты. Алғашқы күнгідей беліміздің удай ашып ауырғаны да байқалмайды. Құмар апай келген сайын біздерді мақтап кетеді. Біздер оған әбден

үйреніп алғанымыз сонша, мақтауын күтіп, келгенін асыға күтетін болдық.

Өзімізше қалыптасқан тәртібіміз бар. Орылған шөпті шөмелейміз. Арамызда қалып қойғандарды тастап кетпей, оған көмектесіп, жаңа жердің шебін оруға бәріміз бірге барамыз. Бізге күннің ыстығы да әсер етіп жатқан жоқ. Қаулап өскен шөптің көлеңкесіне бір сәт демалып алсақ, шаршаганымыздың қайда кеткенін білмей, тынығып қаламыз. Жұмысқа қайта құлшына кірісеміз.

Таңтереңгісін шығыстан шыққан жеммен бірге ақ үлпа бұлттардың бетін кір басқандай қарақошқылданды да, демде түнеріп шыға келді. Бір сәтте жел көтеріліп, шаңмен бірге шөп қиқымы ауада ұшты. Со мезетте жаңбыр сіркіреді. Құтырынған жел де саябырси бастады. Қөгілдір аспанды торлап алған бұлт сылбырап жауды.

Бригадирді де аттың митың жүрісі шаршатса керек, үстері малмандай су болған шөпшілерді жаңбырдың артын күттірмей, үйлеріне қайтарды. Бұл осында келгеннен бері шөпшілердің алғаш рет дем алғандары еді. Біз де бір-бірімізben жарысып, сайдың ішіндегі жырадан өте бергенде, Қебеннің аяғы шырмауыққа оратылып, етпетінен құлап, бетін шөпке жыргызып алды. Бір жақсысы, еш жері ауырган жоқ. Алды-артына қарамай, бірден озып кеткен Тұрақжан алдымыздан көрінбейді. Жүгірген бойымда жертөлеге жеттім.

Жаңбыр жауып түр. Ауа тып-тынық. Шөп басы шық көзіндей жылтылдайды. Табигат маужырап түр. Ентігімді баса алмай, су болған көйлегім де-неме жабысқан күйімде осынау жұмбақ сырдың

құпиясына үніліп, үйге кіре алмай, төңірегіме қызыға қарап тұрып қалдым.

Көзіме, шыпта есіктің сәл ашылып қалған саңылауы түсті. Сыртынан тіреп, жіппен тағы байлағанбыз. Бұлай болуы мүмкін емес-ті. Іштен жөтелген дыбыс шықты. Со кезде құдік ойды артқа тастап, үйге кірдім. Мұрнынан сап-сары қою маңқасы ағып жүретін Бердібек белінен байлаулы күйінде үйиқтап жатыр. Мен кіргенде оянды. Қалаубектің беліне байлаған жібі орнында жатыр. Өзі жоқ. Шашыранды ойымды жиып үлгергенше болмай, жүрегім су еткендей тұрып қалдым. Со кезде:

- Қалаубек менің айранымды ішіп қойды, — деген Бердібектің сөзі маган демеу болды.
- Қалаубек даға шығып кетті ме?
- Иә.
- Неге айтпадың, даға шықпа, ұрсады деп...
- Онда жылайды ғой, — деді мұрнынан аққан сүйн тілімен жалап.

Үстімдегі көйлегімді ауыстыруға да мұршам болмай, даға шығып, қалай жүрерімді білмей сәл кідірдім де, жертөленің айналасын қарап шықтым. Ой-шұқырға, бұта біткенге көз жүгіртіп, үйреншікті келген жолыммен шөп орып жатқан жаққа қарай жүгірдім. Алдынан апам мен әжем қарсы ұшырасты.

— Апа! Үйде Қалаубек жоқ. Бердібек өзі шығып кетті... — деп айтуға ғана шамам келді. Жүгірген күйімде қастарынан тоқтамай өте бердім. Алдынан шыға келетіндей, бір үміт жетелеп бара жатқандай мені. Қайда бара жатқанымды өзім де білмеймін.

— Ойбай, не дейді! ? — Апам естіген бойда, тізесі бүгіліп отыра кетті.

— Жүрегі ұшып кетпей, тірі болса болар еді, — деген апамның мұнды даусын естігенде, бойым тітіркенгендей, үрей биледі.

Алдынан бұлдыrap жалғыз ағаш көрінді. Жаңбыр бұрынғысынан да үдей түскен сияқты. Басымнан сорғалаған су көзіме құйылып аштырмайды, алақаныммен сұртіп қоям. Жоқ іздеген адамның аяқ астына қарамай, алыстағы қарайғандардан үміт күтіп, көз алмай қалатын әдетімен ошақтай етіп қазып тастаған іnniң аузына жақын отырган Қалаубекті басып кете жаздадым.

Қалаубектің отырган жеріне су жиналған. Бір қолына қара қоңыз, екінші қолымен суды шалпылдатып қойып, екі көзі көлкіген судың бетіне түскен жаңбырдың тамшысында. Иесіз далада қунде ойнап үйренген баладай жайбарақат отыр. Мені көргенде тұра үмтүлышып жылайды гой деп ойлап едім. Оным бекер екен. Маған көніл де бөлмей қойды. Енді еңкейіп Қалаубекті көтере бергенімде, шөптің арасынан тік шаншылып тұрған қара шұбар жыланды көзім шалып қалды. Зәре-құтый қалмай, інімді көтеріп тұра жүгірдім. Екі аяғым екі жақта, талтаңдаپ қалай жүгіріп келе жатқанымды білмеймін. Бұрында үйдегі қораның жанында жыланның іні болғаны есіме келгенде барып, бойымды билеген үрейден арыла бастадым.

...Онда әлі мектепке бармаган кішкентай кезім. Біздің үйдің жанындағы қыста сиыр тұратын қораның оң жағында білінер-білінбес тесіктен қара шұбар жылан кіріп-шығып жүретінін көре-

тінмін. Ит те оған тимейді. Иттің табағына кейде сүт құйып қоятын. Содан жыланның сүтті ішкенін талай көрдім. Үйге келіп кейде менімен ойнап кететін Есіркеп деген баланың қалтасындағы рогаткасы отырган жерінде түсіп қалғанын көрген бойымда алып, далаға шықтым. Жаңбыр жауып өткен ағаштардың жапырақтары күн сәулесімен жылт-жылт етеді. Торғайлар да өздерімен-өздері сыр шерткендей шиқылдайды. Қай жерден шыққанын көре алмай, айналама қарап түр едім. Ініне қарай жылжып бара жатқан жыланды көргенде, жерде жатқан кішкене кесектің түйіршігімен көздел атқанымда басына тиді. Басын игере алмай, шайқалақтап, зорға жылжып кете берді. Дәл тигізгеніме қуанып кеткенім соншалық, үйге кіріп, тамақ ішкен ыдыстарды жуып жатқан апамнан сүйінші сұрагандай:

— Апа! Рогаткамен жыланды көздел атып едім..
Басына тиді, — дедім мергендігіме мақтанып.

— Не дедің? Жыланды аттым дедің бе? Онда нең бар?! Оған ит те тиіспейді. — Әлденеден шошынғандай апам маган үрсып берді.

Арада біраз күн өткенде, әлі сауыға алмай, зорға жылжып бара жатқан жыланды кіріп, басына агарған құйып едім. «Кешегідей емес, сауығып қалыпты» деп таңтертеңгісін шай ішіп отырганда апам көргенін айтты. Содан кейін жылан көрінбей кеткен.

Қалаубекті көтерген күйімде жертөлеге кірдім. Апам баланы қолымнан алып, бетінен сүйіп жылап жүр. Әжем де бетіне жармасып сүйіп жатыр.

— Қалаубек, кел, ойнаймыз, — деп Бердібек те қуанып кетті. Апамның алдына шығып, інісінің

аяғын тартқылап жүр. Бір сәт қуанышымызда шек болмай, мәре-сәре болдық та қалдық. Мен ішімнен апамның Қалаубекті айналып-толғанғанына қайранмын. Әншейінде, балам деп еміренгенде басынан сипайтын да қоятын. Маған ұрысқанда, төбемді ойып жібере жаздайтын. Сөйтсем, баласына деген бауырмалдығын ішіне сақтап, сыртына шығармайды екен гой.

Құмар апай біздің істеген жұмысымыз ұнап қалғаны соншалық, «балалардың істегені көрінбейді, осы қарқындарыңнан айрылмаңдар» деп мақтап кетеді. «Көз – қорқақ, қол – батыр» деген рас екен. О баста қаулаған шөпті таусылмастай көргенмін. Енді қарасам, артымыз тақырланып, шөмелелер жыптырлады, қыруар жұмыс істегенге ұқсаймыз. Ертеңнен бастап үлкендермен бірге істейміз. Бүгінгі қарқыннымыз күндеңіден өзгеше, әдет бойынша Тұрақжан алда, одан сәл артта Көбен, басқаларымыз бір-бірімізден бірде озып, бірде қалып, жұптарымызды ажырата алмай қойдық.

Төбемізден күннің көзі қуырып барады. Сонда да өлген-тірілгенімізге қарайтын емеспіз. Бір қолымызбен уысталап алған шөпті, екінші қолымызбен орақты өзімізге қарай сілтейміз. Шегіртке шырылдалап мазамызды алса, сайраган құстардың даусы көңіл күйімізді көтеріп тастайды. Арамыздан күтпеген оқыс дауыс шығып:

— Әй, балалар! Бастарымызға су салайық. Шыжып кетті гой мына күн, — дегенде, орақты жерге қадай салып, басымды көтерсем, қалқан құлак Жұрын биік шөмеленің көлеңкесіне қарай жүгіріп барады. Бәріміз шөмеленің көлеңкесі-

не үшке бөлініп, тізе түйістіріп отыра қалыстық.
Сайдан шыға келген Оразды көргенде:

— Мынау қайдан жүр, әй! — Бәріміз бірдей шулап қоя бердік.

Ол бізбен сығырая күліп, қол алысып шықты.

— Ия, сөйле. Қайдан жүрсің? — Бұрын тіл қатқан Тұрақжан.

— Үйге бара жатырмын. — Өзі кейін шегіншектеп, аяғын алшақ басып, бүйірін таянып тұрды. Жігіт болған түрі. Бұйра шашын желкесіне түсіргені болмаса, бұрынғысы. Қунде көп жүрсе керек, қап-қара болып, тутігіп кеткен. Шалбарының ба-лағын тізесіне дейін түріп алған. Кеудесі жалаңаш, қунге күйген жерлерінің терісі түскен. Жанарын сығырайтып отырған біздерге бір-бірлеп қарап шықты да, маған қайта бұрылып:

— Мында келші, — деп өзі шетке шығып тұрды. Балалар оның қайда жүргенін білгісі келіп, бірінен-бірі қалмай жаудырған сұрақтарының біреуіне де жауап берген жоқ. Қасына барғанымда, бұрын мені одаша жерде ұстап алып, екінші рет қызга хат апарып бер деп қолқа салғаны бар еді. Сол қыздың қазір қайда екенін сұрады. Ауылдағы қыздардың бәрі сауынши болғанын естіген бойда, тіл қатпастан үн-тұнсіз бұрылып журе берді.

Кешкісін дастарқан басында бір уыс қуырган бидайды шым-шымдап аузыма салып, қытырлатып, шай ішіп отырғанымда, жұмыс басына Ораздың келгенін айттым. Апам естіген бойында таңырқап қалды.

— Қайда жүр екен? — деді бірден.

— Білмеймін. Балалар сұрағанда жауап берген жоқ.

— Үйіне барып па?
— Енді бара жатыр екен.
— Сонда қайда жүргенін айтқан жоқ па? ФЗО-
га оқытуға тілек білдірушілердің балаларын алыш
кетуге келген адамға Гұлмайраның өзі Оразды
жетектеп апарып: «Әкесі соғысқа кетті. Енді бұл
маган бағынбайды. Үкіметтің қарауында жүрсе,
барсын», — деп, қолына ұсташқан. Артынан бір ай
өтпей, әлгі адам Оразды іздең келді. Өзі бірінші
кластан кейін мектепке бармай қойған. «Кейде
ұшті-қүлі жоқ болып кетеді» деп әкесі мен ше-
шесінің айтқаны есімде менің. Оның қанына сің-
ген болып тұр. Әйтпесе ат жоқ, жөн жоқ, қаңғып
жүре бере ме?

— Апа, қанына сіңген деген не сөз? — Апам
менің сөзімді естімеген болып, Ораз жайын-
да естігенін әжеме айта бастады. Әңгіме тыңдалап
отырганымды пайдаланған Қалаубек алдымдағы
қуырган бидайымды жеп алды да, иығыма бір мі-
ніп, бір шығып еркелей бастады. Бердібек оған
бірдемені айтЫП:

— Білдің бе? — деп қояды. Әжемде үн жоқ.
Апамның айтқанын беріле тыңдалап отырган сыңай
танытады.

— ...Олар бұрын аудан орталығында тұрған.
Гұлмайраның күйеуі онда инженер болып, МТС-
та істепті. Бірде үйінде жағатын отыны қалмаған
соң, қапшығын алыш, ауыл сыртына тезек теру-
ге шығады. Өзінің босанатын уақыты жақындалап,
бүгін-ертең деп жүрген кезі екен. Айтысина қа-
раганда, жаз екен. Жағатын құрғақ тезек таппай,
ауылдан ұзаганында байқамай, шаршаса да жүре
берген. Терген жарты қапшық тезегін көтеріп,

ауылға қайтуға енді бет бұра бергенде, іші бүріп ауырып, жүргуге шамасы келмей, жерге қисаяды. Қақ төбеден шақырайған күннің көзі тесіп шыдатқызбаса да, орнынан қозгала алмай жата береді. Тұрайын десе, әл жоқ. Тамагы құргап, ерні кезеріп, бір жағынан шөл қысады. Ерегескендей, азызақ жел тұрып, шаң көтеріледі. Жапан дүзде қара көрінбейді. Жан қысылғаннан әбден терлепті. Жүрегі қысылып, көзі қарауыта бастайды. Әншайінде адам көрсे, алыстан-ақ ініне қарай жүгіретін саршұнақ тышқан да, екі аяғымен тұра қалып, «бұ не» дегендей, жанынан жалтаң-жұлтаң қарап қояды. Өзін басынғандай, қиналып жатса да, ішінен күйінеді. Біраздан кейін ауырған жері басылып, есін жияды. Үйге тездетіп жетейін деп, оқыстан тұра бергенде, қайта құлайды. Есін жиганда, бұрын көрмеген қарт әжені көреді. Қайтадан толғақ келгенде, тағы да ес-түссіз қалады. Содан іңгәлап жылаған нәрестенің даусын естиді. Сол жатқаннан үш күн қозгалмай жатады. Сөйлеуге бірақ дәрмені жоқ. Қайда жатқанын да білмейді. Ат арбасымен кетіп бара жатқан сығандар үстінен шығып, хал үстіндегі әйелді аман-есен босандырып алғанын соңынан біледі. Ұл туады. Гұлмайрамен қатар босанған сыған әйел үш күн баланы емізіп асырайды. Онікі қыз екен. Баланы қызбен алмастыргысы келген сығанға бұл көнбепті.

Гұлмайраны ауыл болып сабылып үш күн ізденде, күйеуі сығандардың үстінен шығып тапқан. Орыстар тұған баласын жақсы қасиеті кетіп қалады деп сыған баласының қасына жатқызбайды дейтін, сол рас-ау, осы. Қаңғып жүре беретініне

қарағанда, сүтпен барса да сығанның қаны қалған болып тұр, — деп апам мен естімеген тың әңгіме айтып, ойламаған жерде бір таң қалдырып тастады.

Құн қызылы семіп, қараңғылық қоюлана түсті. Шашылған тарыдай жұлдыздар жыптылады. Апамның быламығын жеп, сыртқа шыға бергенімде, есік алдында Құмар апаймен қарсы ұшырасып қалдым. Кейін шегіншектеп жол беріл едім, кекілімнен сипаған болып, жымиып өте берді. Біздің жертөлеге бригадирдің бірінші рет келуі. Мені таң қалдыրғаны, мезгілсіз уақыт еді. Бердібек пен Қалаубектің басынан бір-бір сипап, әжеммен сөйлесті. Артынан:

— Жеңеше, Қалаубекті Ырысты әжеге бақтырсақ қайтеді. Мына түрімізben баладан айырылып қалып жүрерміз. Сақтанбасақ болмас. Кеше түнімен үйиқтай алмай шықтым. Басқа қолымыздан не келеді? Со кісімен екеуміз барып сөйлесіп көрейікші, не айттар еken?

— Қызы кеше «Көзі көрмейді. Кіріп-шығудан қалды. Тоқсан үшке келді, не сөйлегенін білмейді. Алжып бара жатыр» деген. Келген шаруам сол еді.

— Мейлі онда, айтып көрініз. Не дер еken, — деді апам.

Ырысты әжені балалар «ұлкен» әже деп айтады. Өткен бір жылдары, біздерді қасына отыргызып қойып, қасқырды қалай өлтіргенін әңгімелеп бергені барды. Өзінде бір қыздан басқа бала болмаған. Содан ба, үйінің жанында ойнап журген балаларды көрсе, шақырып алып, жайып қойған құрт пен ірімшігін үlestіretіn. Ол кісі: «Мен де

сендер құсаған кішкентай болғанмын. Өсе келе, балапан құсаған сендердің шешелеріндегі емес, түр-тұлғам еңгезердегі ерек пішиңді, даусым гүжілдеген жуан, ауылдағы әйелдердің құштісі болдым. Қазір шүйкедей кемпір болсам да, күнінде шіреніп тұра қап, той-мереке кездерінде балуан деген еркектеріңің өзімен белдесіп қуреске түсіп, бәйге алғанымды айтсам, «Мына кемпір алжып, не сөйлегенің білмейді» деп, былай шыққан соң мазақтайтын шығарсындар. Қалай десендер де, өз еріктерің. Бірақ қасқырды көрмесендер де, естіп жүрсіндер. Сол қасқырды жас күнімде қалай өлтіргенімді айтып берейін сендерге», – деп әжім торлаған кішкене көзін сығырайтып, ұмыт бол кеткен күндерін сәл есіне түсіргендегі үнсіз қалып, әңгімесін бастағаны әлі күнге дейін есімде жүр. Біздер сонда бұрын-соңды естіп көрмеген ерте-гі тыңдайтындаид үйіп қалдық. Қимылымыздан өзіміз қорқып, қозғалудың өзіне қорыққанымды ұмытқаным жоқ. Ол кезде «Үлкен» әженің жуан даусы қырылдаш шығатындаид қорқынышты еді.

– ...Осы Қопа өзенінің жоғарғы жақ саласы – Бектерліде күйеуім Қосжан жылқы бақты. Үш үйлі жан тұрдық. Онда қызылмұм Құміс сегізде болатын. Үйге жалғыз қалдырып, жылқы соңында күн-түн демей, сабылып жүре беретінбіз. Жастықтан гой, ешинарсе ойымызға кіріп шықпайды. Жалғыз өзі қорқып қалар-ау, бір нәрсеге ұшырап, журмесе болар еді деген уайым болмайтын. Құміс қараңғы түскенде көрші үйге барып қонады.

Бектерлінің жері шүрайлы. Әсіресе қыста жылқы малына қорегі мол. Мұнда өлең шөп пен құрақ өседі. Шөп атаулының дені – бетеге. Жыл-

да Бөктерлінің қыратында қыстаймыз. Баспа-
намыз — жартылай жер, жартылай шым.

Бұл жерге жылқышылардың қоныс тебуі де
тегін емес-ті, теріскей беті ну қамыс — ойдым-
ойдым кең алқап. Ну қамыстың ішінде үп ет-
кен леп жоқ. Ұшар басы көк терекпен таласқан,
қамыстың биіктігі сондай, іргесінде тұрып басына
қарасаң, төбендей бөркің жерге топ ете түскенін
бір-ақ білесің.

Нудың бір жақсысы, қыстың боранында ық.
Жылқының тұрган жері жайлы. Жапалақтап жау-
ган қар қалың жылқының түяғына апталып, лезде
қара жерге айналады.

Бұл жердің бір жайсыздығы — бөрінің көптігі,
тұнді былай қойғанда, шет шыққан құлыш-тай-
ларды күндіздің өзінде жарып кетеді.

Бірде тұнгі құзетте бір өзім қалғанмын. Жапа-
лақтаган қармен бірге жел ұшқыны, үйқы-түйқы.
Аспан мен жер арасы аласапыран. Бір жақсысы,
шымшып алатын аяз жоқ. Үйтқып соққан желден
қардың жұмсақ лебі басым сияқты. Үйездеп жат-
қан қалың жылқыны бір айналып шыққанша бір-
шама уақыт өтті. Айнала жым-жырт. Зу-зу еткен
ну қамыстың талып жеткен дыбысына құлақ әбден
үйренген. Жылқылар да тыныш. Астымдағы атты
шылбырын шұбатып бос жіберіп, үстімдегі шапан-
ды желбегей жамылып, тұзге отырдым. Сол сәт-
те ырылдаған дауысты құлагым шалғаны. Артыма
жалт қарасам, екі көзі оттай жанған қасқыр ұзын
қүйрығын бұтына қысып алған. Тістерін сақ-сақ
еткізіп, үстіме төніп келеді. Кезінде қасқырдың не
бір көкжалдарын жылқыга шапқанда сойылмен
талай үрганбыз. Содан етім үйреніп кеткеннен бо-

лар, пәлендей саса қойған жоқпын. Жыртқыштың ішінде қасқырдай естісі жоқ. Көрмейсің бе? Оңтайлы сәтті күтіп аңдығанын. Тырп еткізбей, үстімнен бас салмақшы гой, шамасы. Аман қалудың бір-ақ жолы бары сол сәтте есіме түсे кетті. Бұл да болса, Алланың маган тигізген көмегі шығар. Эйтпесе бұрын естіп көрмеген мұндай ой қайдан келе қалады. Жалма-жан қолымды шапанымның жеңіне сұғып, үстіме төніп қалған қасқырдың арандай ашқан аузына жұдырықты тығып жібердім. Екпінімен құлап қала жаздаپ, орнымнан тұрып ұлгердім. Сүйегімнің ірлігінің пайдасын сонда көрдім. Әрі де, бері де кетпей аузында кептеліп қалғанда қасқыр қозгала алмай қалды. Со мезетте есімді жиуға шамам жетті. Маган ту сыртымнан күш қосылғандай жігер пайда болды... Екінші қолыммен тамағынан ұстай берем дегенше, аяғының тиген жері қолымның терісін сыйдырып кетті. Бар күшімді салып, қайтадан аузындағы қолымды итергенімде көмекейіне барып тірелді. Сәті түскенін ішім сезді. Со кезде жағы қарысып, дем ала алмай әлі кете бастады. Алдыңғы екі аяғы иығымның үстіне түсіп, артқы екі аяғы жер тіреген ұлма тіп-тік боп асылып тұрды да, сұлқ құлады. Өзім де шаршап қалған екенмін, демімді алып, рахаттана тыңдағаным әлі күнге дейін есімде.

Екеүінің арттарынан мен де ілесе шықтым.

— Не бар саған? — деп апам мені көргенде ұрсып берді.

— Үлкен әжені көптен көрмеген шығар. Ол кісі балажан еді гой. Жүре берсін, — деген бригадирдің сөзінен кейін қайтып апам үндеғен жоқ.

Біз жертөлеге кіргенде, әже бұрыштағы тулақтың үстінде қисайып жатыр екен. Келгенімізді білген жоқ. Құміс апа шай қамына кіріспі, от жаға бастады. Оны байқап қалған бригадир:

— Бізге бола әлек болма, әжеге келдік. Ұйықтап жатыр ма?

— Жоқ. Шамалыны құлагы естімейді. Қасына барып, құлагының түбінен даусыңды қаттырақ шығарсаң гана, онда да шала-шарпы естиді.

Құмар апай шеттегі орнынан көтеріліп барып, әженің қасына тақалып отырды.

— Әже, сәлеметсіз бе? Денсаулығыңыз қалай, жақсысыз ба?

— Құміс! Үйге біреу келді ме?

— Әжеге келген шаруамызды өзің айтшы, — деді апам қолына шайнегін ұстап тұрган Құміске.

— Сол дұрыс шығар. Жеңгейдің баласы кеше байлап қойған жерінен босанып, жертөледен шығып, далаға кетіп қалғанын, әжеге түсіндіріп айтшы. Күндіз Қалаубекті қасына әкелсек, баскөз бола алар ма екен? — деді бригадирдің қоңыр үні жертөленің ішін жан бітіргендей сыңғырлап.

— Бригадир қызың қызың саган келіп отыр, — деді Құміс әжесіне құлагының түбінен бар даусын шығарып.

— Не дедің?

— Балаға қарай ала ма екен, — деп Құміс бар даусымен айқайладап, зорға дегенде түсіндірді.

— Жағдайымды сұрай келген екен десем, бала бақ дей ме?! О, тоба! Өлер шағымда бұны да естідім. Шырагым-ау, менде бала бағатын шама бар ма?! Көз көрмейді, құлақ естімейді, ол аз болса, жүруден де қалдым. Бұрын таяқпен кіріп

шығатын едім, енді жүрудің орнына еңбектейтін болдым. Дағаға еңбектеп шығып келем. Жазатайым, бір нәрсеге ұшырап, жазым бола қалса, құдай алдында қунәкар мен болмаймын ба?! Мені бүйтіп қор қылғанша, тездетіп алса екен. Екі иығы селкілдеп, жас балаша жылап қоя берді.

Бұны күтпеген бригадир орнынан қалай ұшып тұрғанын байқамай да қалды. Апам екеуі ұн-тұн-сіз шығып кетті. Ашық есіктен бәрі көрініп тұрды. Ішке кірмегенім мұндай жақсы болар ма?! Оның үстіне аядай жерде бас сұғатын орын да жоқ еді.

Құмар апай жертөледен шыққан соң, ойына әлдене түскендей ұнжыргасы түсіп, бірауыз тіл қат-пастан бұрылып кетті. Апам ауыр құрсінді. Үйге жақындағы бергенде барып:

— Қартайған адамның құні құн емес екен ғой, — деді таусыла.

Мен де үлкен әженің қолы қалтырап, шынашақтай боп бүк түсіп отырганын көргенімде, жандүнием түршігіп, бойымды аяныш сезім билеген.

Үлкен адамдармен жұмыс істеген көнілді. Бір өзің бүйіғып, қалың ойға батып кету жоқ. Өзіңді сергек ұстайсың. Көпшіліктің іші әжュー-күлкіден арылмайды. Қайнаған жұмыстың ортасында жүріп, әркімге бір қарағанның өзі ғанибет екен. Шаршаганыңды білмейсің. Біз үлкендермен бірге істеген күні тағы да бір шөп машинасы қосылды. Бригадир Қебенге отыр деген. Ол аттан өлердей қорқатын, зәре-құты қашып, көнбей қойды. Тұрақжан оны аяп кетті ме, әлде өзіне ыңғайлы көрді ме, сұранып атқа отырды. Қебен екеуміз сүйретпедегі өгізді «ыңқ» еткізіп, қолдағы айырдың бас жағымен бір салып қаламыз. Қол күші

қойсын ба, әп-сәтте үйген шөптің еңесі көтеріліп, пішенге айналды. Басқа балалардың барлығы да шөпті шөмелелеп, машинаның артынан жүріп отырды. Үлкендер болса сүйреткімен шөп тасып, маялады. Бәрінен де әйелдер мәз болды.

— Баланың істегені білінбейді. — Омар аға көлеңкеге бір қырынан қисая бере, бізге бір сөйлеп қояды. Қайрақтан қолы босаса, қалтасынан, төрт бұрыштап ұқыппен бүктетілген газеттің шетінен жыртып ап, темекі орай бастайды. Бір кезде сағым ойнаған көкжиектен түсіп келе жатқан екі аттылы кісіні көріп:

— Осы келген уәкіл болмасын, — деді. Оның сөзін естіп жатқан ешкім жоқ. Сөйлесе де, қолымен тырбиған шөпті жұлып, темекінің күлін салатын жер шұқырлап даярлауды да ұмытпайды.

— Байқаусызда ұшқын құшса кетті гой, мына дүние... — дейді. Соңан соң темекісін тұтатып, асықпай сорып, жаңағы аттылыға көз тікті.

— Эй, мынаның біреуі Сүйкенбаев емес пе?

Бригадир де оларға көз алмай қарап тұр екен. — Соган ұқсайды, — деді жәй гана.

— Бұл қалай соғысқа бармаган?

— Сол екен. Оқыраш көз басқарма еріп келе жатса, тегін емес. Біздің колхозга бекіткен уәкіл болмасын. Бұрын бұл шегірткенің бастығы болған жоқ па? Үш-төрт әйелді алдына салып, ін біткенниң аузына дәрі шаштырып жүретін осы. Екі бүйірін таянып, бас киімін көзіне түсіріп, шырт түкіріп, талтайып ертеңнен қара кешке дейін түрады екен. Соңда біреуінің шыдамы жетпей кетсе керек, «шегірткенің айғыры құсамай, жолымнан кетші былай» депті. Құдай-ау, соны айтқан кім

еді, есіме тұспей тұрғаны, — деді Оспан ага қи-
налғандай күрсініп.

— Айтқандай-ақ, сол екеуі екен, — деп Омар
аганың даусы қайта шықты.

Олар келген бойында бригадирге шөпшілердің
бәрін тегіс жинап, («ішінде біздер де бармыз»)
жинаалыс өткізді.

Үәкіл басына аппақ күнқағарын бір шекесіне
қисайта киіп, үртynдағы насыбайын шырт-шырт
түкіріп қойып, жінішке даусымен шіңкілдеп сөз
бастады.

— Жолдастар! Біздің қаһарман қызыл әскері-
міз жауды күннен-күнге түкіртып, соққы үстіне
соққы беріп ойсырата тұсуде. Қанды шайқас жүріп
жатыр. Міне, сол қызыл әскеріміздің күш-қуаты —
мына отырган сіздерсіздер. Тылдағы еңбек адам-
дары! Сіздер де еңбектегі бар табыстарыныңды
соларға бағыштайсыздар! Ендігі міндет — шөп
оруды тез аяқтап, жақын арада егін орагын бастау
керек! — деді.

Үәкіл сөйлеп тұрып, Құмар апайдан көзін ал-
май қарағыштай берді. Осындаida тыныш отыра
алмайтын Әлібектің шешесі Ұмсынай:

— Мынау қасқа өлеңтін болды-ау, бірдеме айт-
сайши, сіңдім, — деп қасында тұрған әжеме
сыбырлап сылқ-сылқ құлді.

Көлдібай тоғайы бір жарым айдың ішінде
жыптыраған пішендерге толды. Осының бәрі қол-
мен істелгеніне өзіміз де сенгіміз келмейді.

Пішен үстінде тұрған әжем мен апамның
қимылды жылдам. Әжемнің дене бітімі әлжуаз-
дау, содан ба, онымен салыстырғанда апам тез
қимылдайды. Пішеннің орнын дұрыстап қалады

да, жан-жақтан лақтырган шөпті үйлестіріп, орын-орнына жайғастырып жатыр. Сәл кідірсе, шөп үйіліп қалатын болған соң, екеуіне де дамыл жоқ.

Тұс ауа пішеннің төбесін шығарып бітірген әжем мен апам бір сәт сырғып жерге тұсті. Осы кезде бригадир де атын шоқырақтатып қастарына барды.

— Жеңеше, жертөлеге бас сұғып едім, Бердібек жалғыз өзі отыр. Қасында Қалаубек жоқ, — деді дегбірі қашып.

— Ойбай, не дейді?! Енді қайттым? — Шошыған дауыс жүрттың бәрін жалт қаратты. Апам сөзге келмей, жаулығы иығына түскен күйінде жертөлеге қарай жүгірді.

— Мен іздейін, қалсайшы, — деген менің сөзіме де жауап қатқан жоқ.

Со кезде Құмар апай:

— Сен де бара ғой. Екеулеп ізdemесендер, кеш болып, таппай қаларсыңдар, — деді.

Жүгіріп апамды артынан қуып жетіп, жертөлеге қалдырым да, өзім төңіректі қарап шығып, қалай жүрерімді білмей, ойланып қалым. Қаулаған шөптің арасынан, үстінен түспесең, көрінбейді де. Өткенде шөп орган жақтан табылғаны есіме тұсті. Жалғыз ағаш жақты бетке ұстап, жолдағы шеңгелдер мен бұта түптерін тінтіп, ағашқа да жеттім. Жанынан жіп-жінішке тарамыстай су ағып жатыр. Мөп-мөлдір, шекенді жаратындей мұздай екен. Шөлім қанғанша іштім. Бітеліп қалған бұлақ көзі болса керек. Жиегінде жалбыз тербеледі. Иісіне қызыққаным соншалық, бұл жерге не үшін келгенімді ұмытып қалғандай, қасынан кет-

кім келмей қалды. Шөпшілерге жақындаپ қалған екенмін. Дауыстары естілді. Бұл маған жертөледе қалған апамның үніне ұқсап, құлағымның түбінен шығып тұрғандай әсер етті.

— Баланы жогалтып алсақ, әкесіне не деп айтамыз? Қарабет болды деген осы ғой, — деп дауыс салып жатыр. Апамды аяп, көнілім босап, жылағым келді. Ми толқып кеткендей, қарадан қарап күйіндім. Ойлауга дәтім бармай қашқақтасам да болатын емес. Шыдай алмай, дөлебем қозып, ашу қысқаны соншалық, кімге тиісерімді білмей, түнеріп барам. «Сәбидің емін-еркін ойнайтын кезі емес пе? Оның ертеңнен қара кешке дейін белінен байлап кететіндей не жазығы бар еді? Елдің басына қара түнек орнатқан соғысқа лағынет айтып, «Әке-ау, ел-жұртыңнан асып, біздерді тастап қайды кеттің?» деп айқайлағым келді. Қалаубектің әлі тілі шыққан жоқ. Белінен байлап қойған жерінен босанып, өткенде үйден шығып кетті. Ағамды сағындым деп айта алмаған соң, ішінен аңсап іздейді ме, білмеймін. Содан жертөленің айналасынан іздел, зыр жүгірдім. Сол күні көптен жаумаған жаңбырдың астында үстімнен су сорғалап ізденгенім есімнен кетпейді. Міне, бүгін де Қалаубек үйден шығып кетіпті. Соны іздел жүрмін. Аға, уайымдама, табылады ғой. Оны бірден табу қыын. Қаулаган шөптің арасынан кішкентай болғасын көрінбейді. Ол да мен құсап «ағасын сағынған» сияқты. Айтатын оның әлі тілі шыққан жоқ қой. Әкеме барам деп үйден шыққан болар. Әйтпесе жертөленің айналасында ойнайтын жер жетпеді деймісің.

Мен сағынсам да шыдап жүрмін. Артыңнан ба-
руға менің қолым тимейді. Соғысқа кеткен үлкен-
дердің орнында, колхозда жұмыс істеймін. Әйт-
песе баар едім. Аға, өзінді бір көргеннің өзі не
тұрады? Сонда құлазыған көнілім көкке бір жетіп
марқаяр еді. Балалықтан аспай жүрген ақылым
бір сәтте-ақ жетілер еді. Бойымда бір елі болса да
сөзсіз өсер еді.

Аға, қасымызда жүрсең гой, қайғы-қасіреттің
не екенін білмей, бақыт шуағына бөленіп өсер
едік. Мектепте оқып білім алар едік. Сан ғасыр-
дың тарихына үңілер едік. Өткен, кеткенімізді
танаип, өмірдің бұлағы оқу екеніне көз жеткізер
едік деп кейде ойлаймын.

Жалғыз ағаштан сәл асып, жоғары көтеріліп
жүре бергенімде, жусан арасынан Қалаубектің
танауы шертиіп үйиқтап жатқанын көзім шалып
қалды. Құйіп тұрған шілденің ыстығы қойсын ба,
әбден шаршаганға ұқсайды. Ешиарсені сезетін түрі
жоқ. Бір қырынан жатыр. Күн қыздырған шекесі
терден борша-боршасы шыққан. Жалаңаш дене-
сі бүршік-бүршік, сорғалаған тер. Қарақұрым боп
аузы-басында шыбын-шіркей үймелеп жүр. Қа-
лаубек үйдің төрінде жатқандай аузынан су ағып,
тәтті үйқыда.

Бүгінгі кеште алдымызыдағы бидай көжені көніл-
сіз отырып іштік. Дастанқан басында бір-ауыз сөз
айтылған жоқ. Соны білгендей Бердібек пен Қа-
лаубек те бір-біріне ұрынбай, алдындағы көже-
сін төкпей-шашпай ішіп тауысты. Артынан қол
диірменге апам бидай тартты. Бірауық әжем де
көмектесті.

— Эже! — Бердібек жардағы кішкене саңылаудан көзін алмай қадалып қалды.

Со кезде әжем орнынан ұшып түргелді.

— Жылан! — Тұрған орнында мелшиді де қалды. Бердібек әжемнің қолынан тас қылып ұстап алған.

Жарыққа қалдырган кішкене әйнектің түбінде қалған саңылаудан басын шығарып, май шамның күнгірт сәулесінен өтіп тесірейген көзі қорқынышты екен. Денем түршігіп кетті.

— Несіне үркесіндер, тимесендер шақпайды. — Апам диірменің қолымен айналдырган күйі, түк болмағандай отыра берді. Сөйткенше болған жоқ, қара шұбар жылан көз алдымызға көрінген елес сияқты, көрінбей кетті. Әжемнің өңі қашып, біразға дейін тұрған орнынан қозғала алмай тұрып қалды.

Әжемнің қорыққаны соншалық, таңертеңгісін төсектен өңі қуарып тұрды. Шайға тұз салып ішіп отырган апам оған мал қораның жанында жыланың іні барын айтқанда таң қалып, орнынан тұрып кетті.

Бір реніштің бір қуанышы бар дегендей болды. Келесі қуні басқарма мен уәкіл келіп жиналыс ашты. Басқа жаққа баратын шаруасы барын білдіріп асығыс сөйледі. Уәкілдің сөзін бірін үқсанып, бірін үқпайсын. Үсті-үстіне бастырмалатып сөйлегенде, не айтқанын түсіну қыын екен. Бар үққаным: Жоғарғы Бас қолбасшының бүйрүғына сәйкес неміс-фашист басқыншыларымен кескілескен ұрыста көрсеткен ерлігі үшін, «Қызыл жүлдэз» орденімен наградталды дегенді құлағым шалып қалды. Жиналыс біткен бойында қасымда

тұрған Омар құшақтап бетімнен сүйді. Сол жерде тұргандардың бәрі келіп кезек-кезек мені сүйіп жатыр. Апамды әйелдер құшақтап: «Құтты болсын!» айтқандарын естідім. Басқарма мен уәкіл аттан түсіп, апамның қолын алғанын көрдім. Мен сонда да түкке түсінген жоқпын.

— Ағаң хатында орден алдын деп жазған жоқ па еді, — деді Тұрақжан келіп қолымды алып жатып. Сонда барып мән-жайды түсіндім.

Құмар апай соңынан шөпшілерді қайта жинап, соғыста от пен су кешіп жүрген азamatымыздың баласы байлаулы жерінен босанып, үйінен шығып кетіп, осымен екі рет жоғалған жерінен табылғанын айтты. Өткенде Ырысты әжеге барғанын да айтты. Ол кісімен де осы жайында сөйлескенін жасырған жоқ. «Көзі қөрмейді, таяққа сүйеніп жүруден де қалған. Бага алмайтынына көзімді жеткіздім. Осы жөнінде сіздермен ақылдаспақшымын. Бұдан былай бұл жағдай қайталанбау керек. Қалай болғанда да, балаға қарауымыз керек. Шешесін жұмыстан босатуга мүмкіндік жоқ. Өздерің біле-сіндер, қол күші онсыз да жетіспейді, — деді.

— Онда жұмыстың арасында баланы қарап келіп тұрсын. — Оспан ағаның осы ұсынысына барлығы бірдей келісім берді.

Шөп шабуды екі-үш күнде бітіретін болып, жұмысқа қызу кірісіп жатқанбыз. Құн тас төбебе-де тұр. Алғашқы күндері көлеңкеге тығылып, бір ауық дем алатынбыз. Қазір оның бірі жоқ. Құннің ыстығына да үйрендік. Апамның қосқа кеткеніне де біраз болды. Кідірген сайын жүрегім зірк-зірк етіп мазам қашты. Бір уақытта жолдағы сайдан басындағы ақ орамалы көзге бірден шалынып,

апам да көрінді. Өгізді тоқтата салып, алдынан шығайын дедім де, өзімді әрең тежедім. Агадай-дан-ак, көңілсіз келе жатқанын ішім сезді. Пішеннің көлеңкесіне үн-тұңсіз келіп отыра кетті. Тоқтап қалған шөп машинасының қасына барған бригадир де апамды көргенде ізінше кейін қайтты. Оспан ағай да апамның келе жатқанын байқап қалып, өзінен хабар құткендей, қолындағы темірін жерге қойды да, қалтасынан жыртып алған қағазына темекі орай бастады.

Мен өгіздерді қақпайлап, шемелелерді жагала-та жүрдім. Қебен сүйретпеге шөп тиеді. Жұмысқа әбден үйреніп пісіп алған, қымыл-қозгалысы нық, қарулы. Спортпен айналысқаннан шыгар, шар-шауды білмейді. Мен оның істегеніне іштей қызығам. Оның орнында мен болсам, қарым талып, тез шаршап қаларым сөзсіз. Анда-санда маған қарап күліп қояды. Сүйреткіге шөпті тиегеннен кейін салынып жатқан пішеннің түбіне әкеліп, маяшыларга көтеріп берді. Пішеннің үстіндегі әжем қағып алып жаймалап жатыр..

Шөпшілер пішеннің көлеңкесі мол жеріне жи-налып, тамақ ішуге отырды. Әйелдердің бірі:

— Қалаубек орнында ма екен? — деді.

Со кездे апамның көзінен мөлтілдең жас көрін-ді.

— Апа, маған неге айтпадың? — деп отырған жерімнен үшып тұрдым.

— Әне, қара! — деді біреу. Отырғандардың бәрі бірдей оң жақтарына бұрылып қарады.

Жиектегі қаулаган шөп арасынан алғашқыда Қалаубектің басы қылтиып көрінді де, соңан соң өзі шыға келді. Адамдарды көргенде, сескенгендей

қалт тұрып қалды. Қөлеңкеде отырғандардың бәрі де сөз қатуға тілдері күрмеліп, көрген көздерінен елес көрінгендей аңтарыла қалған. Осы мезетте «сол ма, сол емес пе» деген бір-ақ ой бәрінің де бастарына келіп тұрғаны айдан анық. Бірақ ойлаудың өзі қисынсыз еді. Жертөлөгө тиіп тұрған жақын жер болса екен. Арасы біраз жер. Жолмен келді дейін десен, сайрап жатқан жол да жоқ. Шөбі белуардан келетін сайдан өтеді. Қалай келгені белгісіз.

— Мына бала кімнің баласы? — деген Оспан ағаның жүрттан бұрын шыққан даусы көпшіліктің есін жигандай әсер етті.

— Қалай келген-әй?!

— Біреу әкеліп кеткен шығар? Әйтпесе өзі келуі мүмкін емес, — деген дауыстар шықты.

— Құлыным-ау! — Апамның жүрегінді елжірете шыққан даусы жүрттың бәрінің көзіне жас үйірді. Бір сәт жым-жырт тыныштық орнады.

— Апа! — Қалаубек апамды көрген сәтте екі қолын көтере жүгірді.

— Сөйлемді! — Қуанышың құтты болсын! Әй, қатын, естідің бе? Сүйіншінді маған бересің, — деді Ұмсынай апама айқайлап.

Апам Қалаубектің даусын естіген сәтте құлағына сенерін де, сенбесін де білмей, кілт тұрып қалып, қайта жүгірді.

— Құлыным-ау! — Апамның үні сай-сүйегінді сырқыратып жіберетіндей мұңды шықты.

— Құлыным-ау, не дедің? Тағы айтши, — деп жерден көтеріп алып, көзінен аққан жасын сүртүге де мұршасы келмей, есі кеткенше сүйді. Қалаубектің сүймеген жері қалмаған сияқты. Сонда

да апамның көзден шыққан жасы ағыл-тегіл болып, тыйылар емес.

— Уш жыл көрген зардабын жаспен жуып жатқан болар, кім білсін! — деп әйелдер сөйлеп жатыр.

— Қайтсін, бір азаптан басқа не көріп жүр. Баланы тұа салысымен, далага тастағандай болып, жұмысқа шықты. Нәрестесін узына жарытып емізген де жоқ. АナンЫҢ жылы алақанын сезбей өсіп келеді. Не деген қорлық десеңші. Енді аузынан сүті кетпеген сәбиді қараусыз қалдырып жүрісі мынау. Асылы, сүйегі берік жан. Жыласын! Иштегі шері шыққаны жақсы. — Әлібектің шешесі көзінің жасын сұртіп тұрып сөйледі.

Көзінен жас шықпаған адам қалмаган шыгар. Бәрі де жанашырлық сөздерін айтып, бірінен-бірі қалмай, жарыса сөйлеп жатыр.

Күтпеген қуаныштан маған дүние дүр сілкінгендей әсер етті. Өзімді бақыт шуағына шомылғандай сезіндім. Апамның ішінен тынып жүргенін өткенде білгенмін. Біз үйде Қалаубектің сөйлемейтінін бір де сөз еткен емеспіз. Сол күні әжемді біреулер шақырғанда апам бармай қалып, іс тікті. Алдында ыңылдалап өлең айтқан құсап отырган, артынан мұңлы даусын естігенде, менің сай-сүйегім сырқырады. Шыдай алмай жатқан төсегімнен тұрып:

— Апа, не болды? — деп сұрадым.

Мені үйіктап қалды десе керек. Даусым шыққанда, түйік ойдың тұңғиығынан шыға алмай шошып кетті де, қолындағы инесін саусағына кіргізіп алды.

— Не? — деді түк болмағандай.

— Ояу ма едің? Әжең келгенше, киімдердің жыртықтарын жамап отыра тұрайын деп едім. Қалғып кетпейін деп ыңылдағаным ғой. Қалаубекті ойлаймын... Үшке келген жүрттың балалары тақылдап сөйлегенімен қоймай, өлең айтады. Бөбек баласы үшке толғанда шақырганда, Ердос бізге тақпақ айтып берді. Әйелдер қалталынан тәтті алып бергенде, жеңешем екеуміздің қалтамызыда ешнәрсе болмай, сондағы үяланымыз-ай. Осы бала сөйлемей қала ма деп қорқам. Әлі күнге дейін бірауыз сөз айтқан жоқ, — деп көзінің жасын сығып-сығып алды.

Мен де Қалаубек қашан сөйлер екен деп, шыдамсыздана құтіп жүргенмін. Бірақ онымды апама айтпаганым мұндай жақсы болар ма. Әйтпесе жадау қөңілін жабырқатып жіберерім сөзсіз екен. Ол бала болып өздігінен жыламайды. Керегін қолы жеткен жерден өзі алып жей береді. Байлаған жерінен босанып кеткеннен бері, Бердібектің алдына қойған айранын ішіп қойып жүр. Сол үшін әжем мен апам ұрысып қалып, бірнеше күн бойы бір-бірімен сөйлеспей жүрді.

— Осында келгеннен бері жылан көрдің бе?

Жаңбыр жауган күні Қалаубектің қарсы алдындағы шөптің арасынан көргенде қорқып кетіп, інімді көтеріп қашқанымды айттым.

— Неге сұрадың?

— Жәй, әншейін. Бекер қорыққансың, түсі суық болғанмен, жыланның іші жылы. Ол — сендердің қорғаушыларың, біліп қой.

— Қалай?

— Бұрынғы аталарың ескіше оқыған білімді болған. Со кісінің қабірінің басында тастан басқа

белгі жоқ. Ақтай деген молдаға құран оқытқанда, ағаң тастың астынан шыққан жылан көріпті. Шын ниетімен тазаланып барған адам құранын оқып кетеді дейді. Ал жолай соғып, тазаланбай барған адамды алдын ала кес-кестеп, тасқа жақыннатпайды екен. Мен де түсімде ағанды жиі көрем. Бір қызығы, қасында жылан жатады.

— Ол не?

— Ағаң соғыстан аман-есен оралады, — деп әңгімеміз аяқталып еді...

— Эй, сен қатын өтірік жылап бізді тойдырың. Одан да тойды қашан жасайсың, соны айт. Өткенде күйеуің орден алды. Жоғалған балаң өзі іздел келді. Ержетті деген осы емес пе. Сөйлемейді деп жүрген балаңың даусын мына біздер естідік. Басқа-басқа, сенің жылайтын жөнің жоқ, — деді жерге түсіп кеткен орамалын сілкіп, басына тартып жатқан Құміс апа да.

— Қайдағыны айтатының не? Құдай жылағаннан сақтасын, қуанғаннан шыққан жас емес пе? Той дейсің, тойдан қашып жатқан кім бар? Келсін үйдің иесі, той сонда болады. Жу деген сөздеріңе мен де қосыламын. Бірақ мал ауылда емес пе? — деді көзінің жасын сүрткен апам олармен бірге жарыса сөйлеп.

— Ол сөз емес, ертең шөпті бітіргесін, біздерге бір-екі күн демалыс бермес дейсің бе? Сонда май әкеліп жүрген Үсен ақсақалға айтсаң, малды алып келеді, — деді Оспан да сөзге араласып.

Осыдан кейін апам Қалаубекті қарап келуге жертөлеге бармайтын болды. Бір қызығы, жұмыс орнымыздың өзгергенін қалай білетінін білмейсің, артымыздан түс ауганда келеді. Біздердің оған

үйренгеніміз соншалық, мезгілінен өтіп кешігіп бара жатса, көңіліміз алаңдап, іздейтін болдық. Оның белінен байлап кеткен жерінен қалай болсанып кететіні жұмбак күйінде қалды. Шөптен бойы көрінбей, тәбе шашы шошайып, құнге күйген денесі бұрынғысынан да қап-қара боп, жалаңбұт күйде шөп арасынан шыға келгенде ылғи бірінші көретін – Оспан аға. «Кішкентай бригадир» деп ат қойған да сол.

Ол біздерді көрген бойында:

– Апа! – деп айқайлайды. Сондағысы көп әйелдердің ішінен танып алу үшін айтады. Қалай жүрерін білмей сасып қала ма, апамды көрген бойда томпаңдап ала жүтіреді. Бригадирдің де жаны қалмайды. Оны көрсе, алдына отырғызып алады. Содан жұмыстан қайтқанша аттан түспейді.

Үйге келісімен апам әжеме:

– Амандық боп, мына шөп оруды аяқтаған соң, анау ерте туған лақтың бірін сойып, әйелдерге кішкентай бір той-томалақ жасап беру керек енді, – деп ойын білдірді. Бердібек те, Қалаубек те төсегінде пысылдал үйықтап жатыр. Төсегімде жатқан менің шашымнан сипаған апамның қолы жұп-жұмсақ, ып-ыстық. Бүгінгі күтпеген қуаныштан көңілім марқайып, көкірегім жарылардай боп, масайрап жатырмын. Содан ба, шаршаганымды да мұлде ұмыттым. Соңғы күндері біздің үйдің табалдырығынан аттаған көл-көсір қуаныш қабаттаса келіп, көз алдында тұра қалғандай сезінем. Бүкіл өн-бойыма бітпеген алып күштолып кеткен сияқты. Мана жұдырықтай інімнің қалай тауып келгенін ешкім де жөнді сөз тауып айта алмаган еді. Мен де Қалаубектен қалғым кел-

мегендей, ертегідегідей ерен ержүректік танытып, дүниеде менің қолымнан келмес, мен істей алмас іс жоқтай, көңілім алаулап барып үйқыға кеттім.

Мен асыға күткен шөп ору науқаны кеш болмай аяқталды. Ауланың іші абыр-сабыр. Үсен ақсақал өзі алып келген лақты демде терісін сыпрып тастанап, етін боршалауга кіріспті. Бердібек пен Қалаубек еркінше құмға ойнаса керек, бет-аузы, кіндіктен төмен жалаңаш денесі сатпақ-сатпақ түрімен бауыздалған лақтың қасынан айналышықтап шыға алмай жүр. Бірде басын, бірде жерге аққан қанды көрсетіп шықылықтап күліп, екеуі де мәз. Қазан-ошақтың қасында кернейінен тұтіні будақтаған сары самаурын қожылдайды. Апам келе ішек-қарнын аршып, құнжыңдан жатыр. Әжем бір жагында қолына құман ұстап тұр.

Үсен ақсақал жеңін тұрген білегімен маңдай тे-рін сұртіп тастанап, сойған лақты тез жайғап тастанады. Қазан-ошақ жақтан иісі танау жарған қызыл-күрен бауырсақтың өзге еш тағамға үқсамайтын керемет иісі жайлап алған. Әйелдер жағы қазанға тамақ салуға кіріsti. Әп-сэтте шай жабдығы даярланып, үлкендер ішке кірді. Біздер шөптің үстіне жайылған дастарқанды айнала отыра қалып, ыстық бауырсақты қаужандай бастадық.

— Өй, айналайындар! Алындар, жеңдер! — деп апам кіріп шыққан сайын біздерге мейірлене қарап қойып, бір сөйлейді. Кеселеріміздегі шайды да, бірнеше айналдырып үлгермей-ақ дастарқан-ның ортасында қалған бауырсақты да тауыстық. Содан соң басымызды көтеріп, сөйлесе бастадық.

— Қалаубектің тойында бауырсаққа бір тойдым, — деп сөзді Тұрақжан бастады.

— Қап! Жаңа көмекейіме үйлігып өлең жолдары келіп еді. Қарашы, бауырсаққа тойып алғанда жоқ болып кеткенін, — деді қолындағы кесесін беріп жатып.

— Қиналышп көрсейші, мүмкін келер, — дедім мен де қарап тұрмай.

— Күшиып жатқан баста қайдагы ақындық, мақтанып сөйлей береді. Басы қаугадай адамдардың басында ми көп болады. Көрмейсің бе, көсеміміз Ленинді, миы көптігінен басына шашы сыймай қашып кеткен, — деді Тұрақжан сөйлесе, тілі қышып тұратын қалқанқұлақ Жұрын.

— Осы мен сөйлегенде неге мұқата бересің? Не керек өзіңе? — деп орнынан ұшып тұрган Тұрақжан шет жақта отырған Жұрынның қасына жетіп барды.

— Қойдым, қойдым, ойнап айтам. — Шағыр көзі жыпылықтап, екі қолын көтерген күйі езуі бір жағына қисайып, сасқанынан күле берді.

Тұрақжанның со бойда екпіні басылып, не істерін білмей қалды. Бар болғаны:

— Енді айтсаң, ана шақшадай басыңды оям, біліп қой.

Той дастарқанының бірінші кезеңін осылай аяқтап, баяу ыргалып орнымыздан тұра бастадық.

...Егін орағы басталды. Бір жақсысы, түстө ыстық тамақ береді. Бұрынғыдай үйден әкеліп ішпейміз. Бұл да Құмар апайдың арқасы. Егін орағын бастамай тұрып, ертеңгісін басқарма жиналас ашып, егіннің бітік шыққанын хабардар еткен. Шыққан астықты ысырап қылмай жинап алу үшін, бәріміз бір кісідей жұмыла күш салу керек. Ер адамның жоқ екенін өздерің де білесіндер,

лобо-грейкіге әйелдер де отырады. Осылай амал-дап істегендे ғана тығырықтан шыгуға болатынын айтып түсіндірді. Соның артынан сөз алған бригадир егіншілерге түсте ыстық тамақ беру керек деп басқармаға тілек білдірді.

Таңертең тұрғанда жейтін ешнэрсе таппай, қызыл шайды сораптап ішіп жұмысқа кететін едік. Енді жақсы болды. Есесіне тұскі тамақты тойып ішіп алып, ішімізді көтере алмай бір сэт демалып аламыз. Үлкендер көз шырымын алады. Біздер аузымызға еріп беріп демалған боламыз. Үәкіл де жұмыс басынан кетпейтін болды. Орып кеткен машинаның артынан қалдырган бидайдың шашағын іздей ме, білмеймін, бір өзі жүреді де қояды. Бір түйір шашақтың масағын көрсе, қол орақпен оргызады. Оған қарсы сөз айтатын бұл жаһанда ешкім жоқ. Өзі би, өзі қожа. Ақ дегені – ақ, қара дегені – қара. Бірақ қанша күшті болса да бригадирге қарсы келе алмайды. Ол билік айтып, қожалық етіп жатқан жерге Құмар апай келе қалса, аузындағы сөзін шашыратып, ұрлық істеген адамдай қипақтап қалады. Құмар апайды жалғыз ол емес, ауылдың бәрі сыйлайды. Ауылда мұғалімді бұрыннан ардақ тұтады. Әлі күнге дейін біздер мұғалім отырган жерге кірмейміз. Далада анадайдан көрсек, көзіне түспеуге тырысамыз.

Үәкіл бірде керек қағазын қалтасынан алып, апайга жаздыртқанын көрген Тұракжан:

– Үәкілдің сауаты жоқ, көрдің бе, қағазын жаздыртып жатыр, – деп еді. Шамасы, оның біздің апайдай сауаты болмаған гой. Бригадирге неге сөйлей алмайтынын содан кейін түсіндік. Бір жағынан апай көрікті. Жұрттың бәрі асқан

сұлулығына қайран қалады. Әйелдер жағы оны көре алмай күндейді. Оның алдында, еркектердің де мысы басылып, жанарынан тайсақтап сөйлей алмай қалып жатады. Кім де болса, оның «кел, мұндалап» тұрган жанарына қарауга құштар. Өзінің үстемдігін орнатып, асқақ менмендігін көрсеткендей аспай-саспай сөйлейтінін қайтерсің. Бір айыбы – баласы жоқ.

Егін оратын машина деген аты ғана, жүруінен тұруы көп. Бригадир соның керек-жарагымен күн ұзақты шабуылдаумен жүреді. Арасында қолы бо-саса, әйелдерге көмектеседі.

Жұмыс басына төрт лобогрейка шыққанмен, шетінен іске жарақсыз. Жүрер-жүрмesten тұрып қалады. Бірінің бұрандасы кетсе, екіншісінің шалғысы сынады. Енді бірінің сеялкасы жапырайып майысады. Әйтеуір себеп жетеді. Осының бәрі Құралдың қолынан қайта жөндеуден өтеді. Лобогрейканың біріне Тұрақжанды отырғызыды. Өзінің ойынан шықса керек, бригадир айтқанда қуанып кетті. Бірден аттың үстіне қонжиды.

Бозала таңдан тұрганнан қас қарайғанша өгізбен қырман бастырамын. Апам жайлы болсын деп қасқа өгізді ертеп көрсепті. Алғашқы отырған күні басым айналып, жүрегім айнып жаман болдым. Кешкісін талтаңдап аяғымды баса алмаймын. Құйымшағым ойылып қалғандай удай ашиды.

Ақыры, қасқа өгіз де маған үйренді. «Міндің бе?» дегендей, отыра бергеннен қозгала бере-ді. Үстіне отырған соң, «шу!» деп даусымды бір шығарып, басын масаққа салғалы мойындарын соза берген өгізді шыбыртқымен жон арқадан бір тартам. Әбден еті өлген жануар мыңқ етпейді.

Соңындағы дөңбек тас та дүңк-дүңк етіп, шеңберді айналып домалайды. Сытырлап сынып, бидай сабақтары үгітіле бастайды. Айнала берем, айнала берем... Міне, төңірек тегіс маган қосылып, шыркөбелек айналды. Ердің басын ұстап алдым. Осы кезде:

— Бала, құлап қалма! — деген Оспан ағаның даусы алыстан талып жеткендей болды. Өзім де шеңбердің ішкі жағына қарай қисайып бара жатқанымды сезіп, ердің қасынан қыса түсем. Бұл аздай, түқтарты сыртылдап, бастары салбырап, бір мұнды әуенде тыңдагандай, шайқатыла тербеліп, аяқтарын санап басқандай, майда қадам, сылбыр қимыл да мезі қылады. Бірақ бұған да көндігеді екенсің. Көзімді еріксіз жұмып, балалық тәтті ойға беріліп кетемін. Уайым-қайғысыз, асыр салып құлышнадай ойнаған бақытты күндерім сағымдай елес береді. Ой, шіркін! Сол кездерім қайтып бір келгендей, өз қиялымға өзім сеніп, бір жасап қалам. Тәтті қиялға елітіп отырып, өгізді шеңберден шыгарып алам.

— Эй, көзіңе қара! — деп айқайды салады мұндауда Оспан ага.

— Тоқта! — деген дауыс шықса, «Uh!» — деп демімді алып, өгізді тоқтатам. Төңірек зыр қағып, айналып тұрады. Өгіз ұстінен аунап түсе жаздауға шақ қалам.

Бастырылған астықтың сабаны мен дәнін екі жаққа бөліп, жаңадан астық баулары төсөлгенше ес жиып, демалып қалам.

Басым шыр айналып, неше бау астық бастырығаным есімде қалмайды. Кешкісін тақымым мен сирагымның удай ашығанына да қарамай, өгізден

түскеніме қуанам. Өне бойым салдырап, әбден шаршаганымды сезінem.

Төңірекке қызыға қараймын. Өгіз үстінен биіктеп кеткендеймін. Бәрі алақанда тұргандай көрінеді. Көбен өгіз арбага бау тиеп жатыр. Әйелдер сүйреткімен алыстағы Тұрақжанның артынан қалмай бүкшеңдейді. Ұшы-қыры жоқ сары ала алқап алтынға бөккендей, күн көзіне шағылыса жарқылдайды. Әйелдер ашық тақырга шыгарған ұлпа то-панды күрекпен құлаштап, әуелете атып жатады.

Күн қысқарып келеді. Таңның ызғары білінді. Бұрынғыдай емес, астық деген барлық жерде қауырт пісе бастады. Қызу науқан енді басталған-дай. Маялап жиналған астық баулары шетінен күнделікті бастырылып, күнде бір өгіз арбамен астық қабылдайтын мекемеге жіберіп жатады. Таң атқаннан күн батқанга дейін шыр айнала берген митың жұмысқа мен де үйрендім.

Қырман басында адамдар күні-түні бірдей жұмыс істейді. Қыркүйек айының бірінші күнінен-ақ жел тұрып, аспанды бұлт үйіре бастады. Жаңбыр жауса, бар істеген еңбек далаға кетті деген сөз. Осыны ойлаган басқарманың мазасы қашты. Жайқалған егін жауын астында жиналмай қалса, жақсылық болмасын білді. Басына үрей үйіріліп, қайта-қайта ауданға шапқылап көмек сұрады.

Енді егін басынан шықпай жүр. Үйіліп қалған астық бауларын бастыратын малатасқа түнде отырғызатын адам таппай, май тасып журген Үсен ақсақалды отырғызған болатын. Жасы келген үлкен кісінің өгіз үстінде бір түн отыруга да шамасы келмей, белінен шойырылып жатып қалды.

Қырқүйек айы болатын. Құн желдетіп, аспанда бұлт ойнай бастады. Желдің арты көзді аштырмайтын үйтқыған шаң болып кетті. Жұрт астарына тәсеп жүрген киіз-алаша, киім - кешектерімен қырмандағы астықты жауып, үлкен әбігерге түсті. Колхоз жақтан келетін қара жолдың шаңын бүркүратып, жемен бірге қапталдаса дүрсілдеген дыбыс шықты. Пошташы қарадомалақ шал шабдарын салдырып келіп қалыпты. Бір қолындағы қамшысын көтеріп алғаннан-ақ, қуанышы қойнына сыймай келе жатқаны көрініп тұр.

— Сүйінші, келін! Сүйінші! — Кімге айтқанын білмей, әйелдер бір-біріне қарап, аңтарылып қалды.

— Әзберген келе жатыр әскерден. Ертең пойыздан түседі. Үй-ішіне хабарла деп мені басқарма жіберді. — Өзі тұрган атты тепкілей береді.

— Үа, жинал тез!

Апам сасқанынан қолындағы күрегіне сүріне құлады.

— А, құдай, рас па? Шын айтасың ба, ата?

— Тоба! Шын айтасың ба, дегені несі? Аппақ сақалыммен өтірік айтып, қай құдай қинап тұр мені.

— Әуелбек! — деді қасында тұрган мені байқамаған апам.

— А, Әуелбек! Естідің бе?

Жертөлеге келе:

— Қалаубек, жұр, ағама барамыз, — деп отырган жерінен көтеріп алдым. Ол соңғы кезде байлаған күйінде отыра береді. Бірақ келгісі келсе, қайдан болса да тауып алады. Қалаубекті көтеріп алдым. Апам Бердібекті қолынан ұстады. Екеуі тізбектеліп, артымда қалып қойды. Қалаубекті

иыгыма мінгізіп алып, алды-артыма қарамай жөнелдім. Әлі де көзіммен көрмей, сенбейтін сияқтымын. Әкемді көз алдыма елестеткім келеді. Алып-ұшқан жүрек өрекпіп, әлдебір елегізу бойыма пайда болған. Қөнілім самғап ұшқан құстай игертпейді. Әкемнің құшағында екенмін деймін. Бақыттың қандай екенін көріп тұрмын. Сүттей аппақ, мамықтай жұмсақ, шырындан тәтті, ұядай жылы, көз сүріндірер сұлулыққа разымын, құдай. Енді өзіме келгендеймін. Әкемнің бейнесі көз алдымда: ұзын бойлы, қапсагай денелі, қалың қабақтың астынан қараған ұлken көздері, келбетті қара торы жүзі. Өзгермеген со қалпы. Қалаубек басымнан үрганда барып селк еттім.

— Анау не? — Қолымен алдымыздығы қалың агаشتы көрсетті. Алыстан қарауытып тұрған соң қорыққан сияқты. Дала бұлыңғыр, алдымыздан жел гуілдең жүргізбейді. Бірақ оған қарап жатқан мен жоқ. Аяғымды адымдай басып, екпінім басылар емес. Қалаубек болмаса, құстай ұшып жүтірер едім.

— Ағаш қой. Біздің ауыл сол жерде, қазір үйге барамыз. Ертең армиядан ағам келеді. — Менің айтқан сөзім оның құлағына кірмеген сияқты. Төбеме бұрылып қарасам, танауы саңқыып, мұлгіп отыр. Бір-екі ауыз сөз айтқаны болмаса, әлі дұрыс сөйлей алмайды. Мінезі ауыр болатын сияқты. Тым түйік.

Апам келгесін үйдің ішін ақтап, тазартты. Кір-қонды жуып, тұнімен үйықтаған жоқ. Дегбірім қашқандай елегізіп, мен де дұрыс үйықтай алмадым. Қалаубек қайта-қайта оянып, апамды іздеді. Қасына келіп, кішкене басынан сипап отырса, қайтадан үйықтап қалады.

Үйге сыймай, бір кіріп, бір шығып жүргенде тұс те болды. Шайга енді отыра бергенде, дала-дан дүбір естілді. Апам екеуміз өре түрегелгенде, шығар есікке сыймай кептеліп қалдық.

Ауылға жақындаپ қалған арбадан ағамды бірден көрдім. Үстінде сұр шинел, жұлдызы жарқыраган көк құлақшынға көз жүгіртіп үлгердім.

— Аға!

Апам жалма-жан қайта үйге кіріп, Қалаубекті көтеріп шықты. Мен жүгіріп арбага жете бергенімде, ағамның қасында отырган көзі көкшіл әйелді байқап қалдым. Ол қолымен кес-кестеп ағамды қоргалай бастады.

— Жарасы әлі жазылған жоқ, болмайды, — деді қазақша таза сөйлеп.

Ағамның көзі ғана жылтырап көрінеді. Марлімен басын айқыш-үйқыш орап тастаған екен. Жанарын алмай қадала қараганмен, орнынан қозғала қоймады. Оның жай-күйімен шаруам жоқ. Маған өз әкем өңменімнен итергендей әсер етті. Бар болғаны қолын созды. Әкемнің қолын шап беріп ұстап алдым да, арбадан қалмай, қайта-қайта сүйе бердім. Менің қолымнан келгені осы болды. Бір байқаганым, сарғая күткен бойымдағы сағыныш тағат табар емес. «Бәрінен де әкениң иісін іскеп, бауырына кіріп мауқынды басқанға не жетсін!» Нақ қазір сол жетпей түрғанын іштей сездім. Сағыныш бойымды өртеп барады. Осы арада мен дәрменсіз күй кешіп, жанымдағы әкеме жете алмаганыма күйзелдім. Ішім аласапыран.

Қалаубекті көтеріп апам да артымнан жетті. Қуаныштан жылап жүр. Маған айтқан сөзінің бірін де естіген жоқпын. Ойым да, санам да әкеме

ауган. Менің сарғая күткен сағынышым басылар емес.

Арба тоқтаған кезде, әкемнің аяқ жағынан келіп құшақтай алдым. Көз жасым тыйылмайды. Неге жылап жүргенімді өзім де білмеймін. Ағам қасымда ғой, соган шүкіршілік етуім керек еді. Соны түсінбесем қайтерсің. Бәрі ойлағанымдай болмағанның кесірі.

Ағамның қеудесіне басымды қойып, өксіп-өксіп барып тынышталдым. Дүниеде сағыныштай нәзік нәрсе жоқ екен, көнілім әуелеп, бақыт құшағына кенелдім.

Менен кейін апам қасына келіп:

— Қалаубекті таныдың ба? — деді зорга сөйлеп. Ағама жақындаған иіскетті. Таңған марліні қызық көргендей, әкемнің басына қолын жүгіртті. Жанында бір әйел бар. Ағамның қасына қосып жіберген дәрігер екен. Енді түсіндім.

Әкем орнынан жаймен қозғала бастағанда, арбадан медсестра көмектесіп, қолтығынан демеді. Апам екінші жағынан келіп, қолынан ұстады. Қолаяғы сау екен, соган енді көзім жетті. Ағам әлі сөйлеген жоқ.

Бөлмеге кіргенде, төрдегі төсек көрпеге өзі барып отырды. Екі көзі біздерде, аузын жыбырлатып сөйлегендей болды.

— Жарасының орны әлі бітпеген. Тамақты талмап жүтады. Оқ жағына тиген, шайнай алмайтыны содан. Ешнәрсе етпейді. Бірте-бірте жазылады, — деп ағамның жағдайын түсіндірді дәрігер.

Үйге адам толды. Апам пошташы шалға қойды сойдырып таstadtы.

Дәрігер бір күн қонып, қайтатын болды. Кетерінде ағамның басына ораган марлісін шешіп,

жағына тиген оқтың орнын көрсетіп, марлісін жаңартты. Қара бақырдың орнындаш шұқырдың айналасы тыртық болып біткен. Жараның орны енді қабыршақтанба бастаған.

— Жарақаты өте ауыр болды. Енді күтіну керек. Эбден жазылмайынша, ауыр зат көтеруге болмайды, — деп дәрігер бізбен қоштасып арбага отырды.

Қалаубек ағамды іш тартып, қасынан шықпай ойнап жүреді. Өзімен-өзі дабырлап сөйлегені ту-сініксіз болса да, біздер соған мәз боламыз. Бұрын бұның бірі жоқ, тіпті құлмейтін де еді.

Ағам бұрынғысынан да салмақты болып кеткен. Басынан өткізген ауыр күндерін айғыздағандай, қысқартқызып алдырған шашы аппақ. Жазық маңдайы қыртыстыныпты. Әлі де сол ауыртпалықтан арыла алмай жүргендей түйық. Женгелері: «Кербез қайнамыздың әңгімесін тыңдауга келдік», — деп қалжындалап сөйлегенде де жауап қатқан жоқ. Тұнде терезе жақтан жел соғып, таңертең мойнымды бұра алмай қалдым деп кеше Бөбек келді. «Кербез қайнамның артынан сәлем берсең кете-ді», — деп енем жіберді, — дейді. Оны естігенде ішегім түйілгенше құлдім. Менімен қосыла апам мен әжем де құлді. Әкем ғана құлген жоқ.

Ағамның жағы екі жетінің ішінде жазылды. Бірақ аузын аша алмайды. Сүйық тамақ болса, жаймен сораптап ішеді. Қебіне қойдың қүйрық майын сорады. Бүгінде ауылдағылардың бәрі менің әкемнің атын ұмытып қалғандай «Май сорғыш» деп атайды. Інімнің Қалаубек деген аты үйдің ішінде ғана айттылып жүр. Өзгелер жаппай «Кішкентай бригадир» атап кетті...

ЖАРҚЫНБЕК

Мен туган жеріме келдім. Қоңырау мен азаттықтың мәнінде көп жылдан бері сыртта жүргеннен бе, сағынып қалыптын. Әр сүйем жері мен оның шаң басқан әр бұтасын бауырыма басып, аймалап сүйгім келеді. Әр бедерге, әр бояуга, әр бұтага емірене қараймын. Жазық дала күн сәулесімен күлімдеп, сағым ойнап, майда баяу жел еседі. Самал желмен бірге ағаш басындағы жапырақтар сыйдырлайды. Аяғымның астындағы құрғақ шөптің үстінде өрмекшінің өрмегі көзге шалынды. Тыныштығын бұзғым келмей, аяғымды аңдалап басам. Маңай көктемдегідей әрі нұрлы, әрі аса көңілді. Осы көріністерді қанша уақыттан бері аңсан келгенім рас.

Қаланың батыс жағы заводтан шыққан тұтіннен буалдырланып тұр. Сары су өзенінің жағасынан балалардың көңілді даусы естіледі. Сонау ертедегі өмірімізбен қазір жадымнан өше бастаган жағалау көп нәрсені қайта еске түсірді. Өткен күндер ертегідегідей елестейді.

Сол кезде осы жарқабақтың бойы шүрк тесік құстың ұясы болатын. Бұл жерді «құс базары» деуші едік. Айтса айтқандай-ақ, шырылдан, құжынаған құстардың даусынан бас айналып, құлақ тұнатын. Балалардың ұяға бойы жетпей, бірінің ұстіне бірі шығып, жұмыртқаларды ұясынан сұрып, жарып, ішкендерінен артылғанын бірінің беттеріне бірі лақтыратын. Саржагал беттерді көрген сәттегі қызықты қоя беріңіз. Мазақтаған құлқілерінің арты – көбіне қып-қызыл төбелес...

Бүгін сол құжынаған құстардың бірі жоқ. Айнала жым-жырт. Жыл сайын тасыған судан опырылып құлаған жар да қалмапты. Жымжылас төбешік.

Ертеде балалармен талай асыр салып, жасырынбақ ойнаған өзен жиегіндегі сүрлеу жолмен ілгері өрледім. Қиял түкпіріндегі жұмақтай санада жатталған, мен үшін ыстық мекеннің құлазыған түрі жаныма батып келеді. Айналасын қамыс қаптаған, баяғыдан таныс мынау үңгірді жанай өскен қос еменнен байқадым. Осы маңда ауыл малын кезекпен бағып жүріп, құздің ызғарлы желі соққанда ықтайтын едік. О, тоба-ай! Сол үңгірді де кейін қанша сагынды! Туган ауылдың тұтіні де тынысынды аша ма деймін?!

Үңгірдің төбесі тұндіктің орнындаған ашық. Ені мен ұзындығы шамалас. Біреу әкеп төгіп тастағанда, ортасы – ақ құм. Сонау бір жылдары адам кірмейтін үңгірдің ішіне бүгінде келушілер көп пе, әр жерде бос бөтелкелер мен консерві қалбырлары, қағаз жыртындылары, целлофандар, темекі түқылдары ыбырсып жатыр. Үңгірге тұсқенімде шөптің кермек иісі танауымды қапты.

...Сол күндері құздің сыз тартқан ызгарына қарамай, құмға шалқамнан жата кетіп, қек жүзіндегі бұлттармен бірге қиялым құстай ұшып қалықтайтын. Армандарымның бәрін бірдей айтпасам да, алдымға қойған негізгі мақсатым — тезірек ер жетіп, әкем мен шешемді бағып, алғысын алсам деген игі ой болатын. Ашылып бір сөйлемейтін мінезі ауыр әкемнің, ызгарлы, қараторы өңі, өне бойы тұнжырап жүретіні бала да болсам менің жаныма қадімгідей бататын. Баласының ер жетіп, жұмыс істегені қай әкеге де қуаныш әкелері — белгілі жәй. Мен де әкемді алғашқы тапқан табысыммен қуантып, жадыраңқы жүзін көруге құмартушы едім.

Дәл қазір осы үңгірдің ішінде өткен балалық шағыммен кездесіп тұргандай, кете алар емеспін. Бір нәрсе жетпей, тағатым таусылды. Көңліме не жетпей тұр?! Бала кездегідей жата қалып, жерге аунағым келді. Ол үшін үңгірдің ішін қоқыстардан тазарту керекпін. Бөтелкелерді жинауга құлшына кіріскенімде, оң жағымдағы шөптің түбінен басын қаздитып, ысылдаған қара шұбар жыланға көзім тұсті. Ізалы көздерін жылтылдатып, айыр тілін суман-суман еткізеді.

Тап осындай жыланды бірінші рет он екі жасымда көргенмін. Онда біз төртеу едік. Суга тұсуге шыққанбыз. Арамызда Әсемкүл деген қыз бар.

Шілде айы. Күн сәске тұс. Ашық аспанда, тым биіктен шарбы бұлттар баяу жылжиды. Жанға жайлы салқын самал лып етіп көтеріледі де, төніректегі тал-теректер ыргала түседі. Артынша жым-жырт тыныштық.

Біз жарыса сөйлесіп, өзенге тез жеттік. Әсемкүл суга тұсуге үнемі біздермен бірге келетін. Оған үйренгенбіз. Ол қамыс арасында шыбын-шіркей мен масаның шаққанына да қарамай, су жыланнан да қорықпай, жалғыз өзі түсе беретін. Бүгін де сүйтті. Біздер судан шыға бере бір-бірімізді қуып, жалақ ойнап жүргенде, су жағасынан қашықтап кеткенімізді де байқамадық. Құрақтың ішінен шыға берген Жолайдың оқыс даусын естігендеге барып, жағаға қарай асықтық. Оның тостаган көздері шарасынан шығып, алдына қарап қозғалмай, сілейіп қалыпты. Жанымдағы Сабырда да үн жоқ. Бар болғаны қолын алдына қарай ербендейте береді. Мен болсам, қара шұбар жыланды көргенде ғана дегбірім қалмай, тұла бойым тітіркеніп, шегіншектей бердім. Мияның түбінде білезік болып оралып алған. Басын қалтаңдатып, айыр тілін жалаң-жалаң еткізеді. Сәлден соң артымыздан Әсемкүл келді. Біздің қорыққан түрімізді көргенде, сүйкімді ерніне құлкі үйіріліп:

— Сужүректер, — деп жалма-жан шыбықпен қорғанып, жыланның қаздиган басына жармаса қалды. Оның өзіне үмтүлған қимылынан сақтанып, аяғын алып қашады. Жылан ысылдап, тілін жалаңдатқан бойы құрақтың арасына сусып кетті. Үрке қарап, біз тұрмыз. Бір жагынан қыздың қорықпаганына таңымыз бар. Оның намысымызға тиғенімен шаруамыз жоқ. «Мынаның батырын қара» деп ойладым. Осы батылдығы нәзік денесіне жараспайтын сияқты. Әсемкүлдің қоңырқай көзі тіксіне қалып, жыланның құйрығын аяғымен шапшаң басты да, басынан ұстап алған бойында, тілін суырып тастанды. Дәл қазір жыланды көрген

мезетте жүргім сұылдаپ, Әсемкүлді есіме алдым.
Қорыққанымнан үңгірден қалай шыққанымды
білмей қалдым.

Үңгірдің теріскей беті – балдар қыста шаңғы
тебетін, жазда ит тұмсығы батпайтын ну бадам.
Аңқыған хош иістен бас айналғандай. Айнала
мұлгіген, тым-тырыс. Саусқандар талдан-талға
секектеп қонып жүр. Кенет сасық көкектің құқ-
құқ деген даусы шықты.

Бүгінде қала өзгеріп, бұрын салынған тоқал үй-
лердің орнына көп қабатты үйлер түрғызылған.
Жаңарған қаланың жаңа үйлерін көріп, еңсем
көтерілді.

Көшеде әрлі-берлі ағылған нөпір халық. Кімнің
қайда баратынын біліп болмайды. Ерсілі-қарсылы
ағылған адамдардың арасында айналама асықпай
қарап келе жатқан мен кенет көшеден баяғы до-
сым Жарқынбекті қарсы кезіктірдім.

– Уай, тақырбас достым, аман ба? – деп
иығынан үстай алдым.

Жарқынбек көңілсіз, төмен қарады. Содан соң
марғау гана көз тастады.

– Өй, Ауданбай, көктен түстің бе? – Қол ұсы-
нып, сүлесоқ арқамнан қақты.

– «Жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алды-
нан». Сенімен тап осылай кездесем деп ойлаған
жоқ едім.

– Ауылға келмегеніңе көп болды гой. Қайда
жүрсің? «Көзден кетсе, көңілден кетеді» деген,
әлде туған жерді ұмыттың ба? – деді Жарқынбек
қолымды қаттырақ қысып.

– Е, достым-ай!? Құ тірлік қой. Қол тие бер-
мейді. – Екеуміздің бір-бірімізді көрмегенімізге,

міне, аттай он жыл. Орта мектепте бірге оқып, бір көшениң бойында тұрып, құлын-тайдай тебісіп, қатар өстік. Он жылдықты бітірген соң, екеуміз де институтқа түстік. Жарқынбек мал дәрігерлік, мен құрылыш-инженерлік факультетте оқыдым.

Жарқынбектің тұнжыраған әжімді өңін көріп, арада өткен біраз жылды енді аңғарғандаймын. Кішкене көздерінің айналасын сзықтар торлапты, унемі жылыштық есіп тұратын мейірімді жүзінің жүйкесі шаршап-шалдығып, әбден қүйзелген, қалқып екі құлағы қалыпты. Көзінде кірбің, өңі сынық. Бірақ соның бәрін жанардың алыс түкпіріндегі белгісіз бір жарқыл кері ысырып, жабырқауға жол бермей тұргандай көрінеді.

— Бүтін үйіңе барам деп едім, өзің кездесіп қалғаның қандай жақсы болды. Жүр, бір жерге барып отырайық.

— Қайда? — деді Жарқынбек.

— Енді, бұл — менің шаруам. Сен маган ерсең болды.

Кең залдың орта жеріне жете сәл бөгелдік те, он қапталдағы қаракөлеңкелеу, оңаша үстелге отырдық.

— Мә, мына мәзірді оқып, қалаған тамағыңа тапсырыс бер.

Ол мәзірге үнілді.

— Ей, тақырбас! Тазасынан татуды ұмытпайтын шығарсың, — дедім.

Басын изеген Жарқынбек екі езуі құлағына жете жымиди.

— Ұмытпасам, сегізден тоғызға көшкен жылы «тақырбас» деп саған Сәрсен ат қойған. Сол бала қайда?

— Өзі хабарласқан жоқ, білмеймін.

Тамақтан бұрын «Кездескеніміз үшін!» деп құйылған рөмкелерді тартып жібердік.

Мейрамханада байырғы дабыр-дұбыр, қарқылдаған күлкі, жамыраган сөздер мен азан-қазан оркестрдің даусы. Даюшы қыздар қолына поднос ұстап, зыр қағып жүр. Төбеде темекі түтіндері бу дақтады. Бірер рюмқадан соң-ақ қызара бөртіп, Жарқынбекке жорта тиісе бастадым.

— Бірге мектеп бітіргендердің ішінде бірінші үйленген сен едің. Рекорд жасаған шығарсың? Неше балаң бар?

— Қайдағы рекорд? Қалада әйелдер екеуден артық тумайтынын білмеуші ме едің? Аллаға шүкір, екі балам бар, — деді Жарқынбек.

— Екеуміздің бір жылда туылғанымызды білесің. Біреу айтса, сенбес едім. Ауылдан алыс жүргеннен бе, мектепте жүрген күндеріміз ойыма көбірек түседі. Кейде сол күндерді ансайтыным бар. Уайым-қайғысыз, мұң-мұқтажсыз өмір кешкен балалық шақ қызық қой.

Бірде сабақ біткен соң, кластастар мектеп алдындағы ағаштың жанында отырдық. Тұс әле-ті. Баяу самал тұрып, әлі күннің ыстығы қайта қоймаған. Ағаш басынан түскен жапырақтар қалбалақтап ұшып-қонып жүр. Үзіліске шыққан оқушылар ауланы у-шуға көмді. Бантиктері желкілдеген қыздар мак ойнауга кірісken. Сөзуар бала-лар әр нәрсені бір айтып, аузымыз тыным таптай отырдық. Өзің білесің, ішіміздегі сөзге ұстамыз — Асылтай. Соның әңгімесін тыңдал, күлкіге бөгіп тұрған мені бірауыз сөз қатпастан, қолымнан тартқан күйінде жүре бердің. Бір кезде қатарында

келе жатқан маған бұрылып: «Көрдің бе, бәрінің үстінде костюм-шалбар, қолдарында сағат, аяқтарындағы туфлилері де үстеріндегі киімдеріне үйлесіп, өздеріне әп-әдемі жарасып тұр. Ішіндегі жұпныны киінген екеуміз ғана. Солардай арқа-жарқа қашан жүрер екенбіз. Кейде солардың киген киімдеріне қарап, қызығып кетем» дедің. Ишінде біреуге деген наразылық бардай. Бұрын-соңды менің ойыма келмеген мына сөзіңді естігенде таң қалдым. Шынын айтсам, сенен мұндан сөз шығады деп ойлаған жоқ едім. Қапелімде, не айтарымды білмей, сені де, өзімді де аяп кеткенім соншалық: «Тез ержетейікші, өске-сін екеуміз олардан да жақсы киінетін боламыз. Көрерсің әлі» дедім көріпкелім бардай нық сөйлеп. Сен болсаң менің сөзіме құлақ аспай, қайта сыбырлап: «Біздің класта кедей шаруаның баласы екеуміз-ақ» дедің ішің от жалағандай күйініп. Енді менің сол айтқаным келген жоқ па?! Бізben оқығандардың арасында жогары білім алған екеумізден басқа ешкім жоқ. Біразы оқута түссе де, үлгере алмай шығып кетті. Мені мақтанып отыр деп ойлап қалма, сөздің реті келгесін саган айтып отырмын. Әйтпесе окуда тұрган не бар дейсің. Оқыған да, оқымаған да өз күнін өзі көріп жүргой. Сыныптастардан кімдерді көріп тұрасың? – дедім үнсіз тыңдалап отырган досымды сөйлеткім келіп. Жарқынбектің даусы енді ғана шықты:

— Бәрі де отбасын құрып, жөндерімен кетті. Үйленген соң адамдар өзгереді екен. Бір қалада тұрсақ та, көбісін көрмеймін. Кездесе қалғанда, бұрынғыдай шауқылдасып ойнап-кулу жоқ, асығыс амандасып, сырт адамдай өте шығамыз.

– Бала кезді еске түсірген қызық қой. Аузым-нан сөзім түсіп тұрған ынжық едім. Біреудің бетіне тіктеп қарай алмайтынмын. Ол уақытта біреуге сыр айту қайда маған. Өзімнен-өзім үялатынмын. Орыс мектебінде менен бір класс тәмен оқитын, көрші үйдің Әселай деген қызы болды. Жеті оқып жүргенімде, сыртынан ұнатқаным соншалық, бетіне тіктеп қарай алмайтынмын. Өзі ашық. Маған бірдеме десе, екі бетімнен от шығып, бейжай күй кешем. Үялғаным сонша, тіл қатпай, тәмен қарап тұра беретін едім. Алайда оны үнемі көруге ынтызармын. Қоңлім алаңдап, ойымнан бір шықпайды. Үстіне киген киімі де өзіне жарасып тұратын. Бидай өнді үлбіреп, моншақтай мөлдір қара көзі жанып тұрған сүйкімді еді. Ал оның қыстың күндері екі беті нарттай қызарып, үйдің алдында өз қатарларымен қар атысып ойнап жүргенін көрсем, не құдіреті барын білмеймін, Әселайдан көзімді ала алмай, телміріп қарап қалам. Қыстың бір күні ат шанада келе жатып, бір үйдің жанынан бұрыла бергенде, аяғын байқаусызда сындырып алды да, содан сылтып басатын болды. Сол күннен бастап, Әселайға деген ыстық қоңлім сүи берген. Бұрынғыдай қайда жүрсем де үнемі іздейтін әдетім ұмытыла бастады.

...Мейрамхананың іші біз келгендергідей емес, араның ұясындағы гу-гу. Өзара ду қол шапалақтап, бір-біріне қошамет білдіріп жатқандардың күлкілері, даурыға шыққан дауыстармен бірге қосыла ойнаған қоңліді әуен шарықтайды. Әр үстел басында отырған топ қоңліді күйде не бір әдемі сөздер айтып кеп, тостар көтерісүде. Ашық тұрған терезеден алыстан өткен пойыздың сал-

дыр-құлдір жүрісі естіледі. Бірақ Жарқынбектің көңілі сергір емес. Жапан түзде жападан-жалғыз отыргандай, оның жүдеу жүзі жадырамайды. Тек өткір кішкене көздерін төрдегі оркестрге қадап, оның қүйқылжыған әуеніне елжірей, құлағын тігеді.

— Жарқынбек, саған не болған, әлі бір көңіліңнің жадыраганын көрген жоқпын. Байқауымша, сен біз кездеспегелі мұлдем өзгеріп кеткен сияқтысың. Мінезің түйікталып, сөзге сараңданғансың ба, қалай, өзің тіptен ашылмадың ғой. Кездескенге қуану орнына, досқа деген мейірімді жоғалтқан адамға үқсайсың. Түсінсең, біз екеуміз бір-бірімізді жатсынған адамдаймыз.

— Осылай дейтініңді өзім де біліп едім. Ауданбай, қинама мені. — Жарқынбек ауыр дем алып, күрсініп қойды.

— Менің ойымша, сен бір қыын жағдайға душар болғансың. Шыныңды айтши, дұрыс айттым ба? Ылажы болса, менен ештеңе жасырмауыңды қалар едім, — дедім мен оның ішкі сырын ашқым келіп.

— Сен әлі өбектеп кететін әдетінді қоймаган екенсің. Қайткенде де, менің азабымды білмегенің дұрыс еді. Ежелгі досымсың ғой, саған да оңай тимейтінін, білем. Мен айтпасам да басқалардан естисің, одан да өзім айтайын, — деді даусы дірілдеп.

Алдындағы рөмкені қағып салды.

— Өмірде адамның арқалар жүгі әртүрлі ғой. Бірақ менің басыма түскен ауыртпалықты ешкімге де бермесін. Қазір менде жұрт көзіне қарай алмайтын ауыр мұн бар. Көзден жас шыққанда

ғана еңсемді көтерем, шынымды айтсам, сонда ғана өзектегі ашы запыраннан тазарып, жеңілденіп қалам. Мен үшін өмірдің мәні кеткен. Бірақ өмір сүргім келеді. Алда әлі не барын құдай білсін. Жер басып жүрген себебім де содан. Ендеше зіл қара тастай мұнды, жүректі тітіреткен шерді тыңда, айтайын.

Жарқынбек мұңайған раймен қоңыр түсті конъяктың шөлмегінен көз алмай, мелшиіп қалды. Қараторы өні қуқыл тартып, түкті қабагы түнере түскен. Бұрын мен байқамаған кескін-келбетіне қарап, аңырып қалыппын. Қарсы алдында тұрған шөлмектен рөмкесіне тағы құйып, қағып салды. Қызыл күрең конъяктің дәмін алып біраз отырғанмен, аузына нәр татпады.

Еселеп тағы құйылған рөмкесін ішіп салғанда, өні жадырап, реңі кіргендей. Бұл оның тамағына жұғын болмады ма, тамсанып қойып, үстелде жатқан қораптан темекі алып тұтатты. Көк ала тұтін көлбендең, қолқаны қапты:

— О баста Сұлушаштың шоқтығы биік ажарын көргенімде, өзіме тең емесін сезген едім, — деді даусы өзгеріп. — Сезсем де, өзіме билігім жүрмейді, білдің бе... — Сұлушаштың атын естіген сәтте, менің есіме тойдан шыққан кездегі үшеуміздің арамызда болған әңгіме түсті. Сол тойда кластагы балалардан үшеуміз ғана болдық. Басқа балдардың неге келмегенін білмедім. Той көңілді өтті. Бәрінен де біз үшеумізді Сұлушаштың ерен сұлулығы таң қалдырып еді.

Осы тойда мен мұңлыққа Сұлушашпен билеуді несіп етті. Алғашқыда өзімді меңгере алмай, аяғын басып кетемін бе деген қаупім бар еді. Үр-

шықша шыр айналып, дөңгелене билеген қыз мені де өзімен бірге үйіріп әкетті. Әншейінде биге орашолақ адам өзімді мамықтай жеңіл сезініп, су бетіндегі қалтқыдай қалқып жүре бергеніме сенбей де қалдым. Енді ғана өзімді меңгеріп, сөзуарлана бастағанымда музыка бітіп қалды.

Тойдан кейін үйге бірге қайтып келе жатқан үшеуміздің де ойымыз бір жерден шығып, Сұлушаштай сұлу қызға үйленуді арманадақ. Әрине, іштей. Артынан арамызда дау туды. Әуелі бастаған Асылтай еді. Аспандап сөйлейтін әдетіне байланысты «Аспанкөз» атанып кеткен жігіттің дауды туғызған да өзі-тұғын. Оның бір жаман қасиеті – сөйлесе ешкімге дес бермейді.

— Осы сендер сұлу қыздар далада жатқандай сапыратындарың не?! Сондай қыздар бәрімізге қайдан табылсын? Алдымен соны ойладындар ма? Табылған күнде олар біздерді ұнатса жақсы, ұнатпаса ше?! Жарқынбек қыз мінезді, жайсаң, құлгені баланың құлқісіндей жайдары, өнді екі бастан қараторының ішіндегі көз тартар әдемісі емес пе?! Ана кішкене көзінің астындағы қолмен қондыра қойғандай, қыр мұрнын көрген қыздар өздері келіп сүйкенбей ме?! Ал енді Жарқынбектің қызды сөзбен үйіріп ала қояды дегеніне өз басым сенбеймін. Оның сөзге шорқақ екенін мен айтпасам да білесіндер. — Осы кезде Мұса шыдай алмай:

— Бір өзің сөйлей бересің бе, тұра тұршы. Мен айтсам, сұлу әйелдің тұрақсыздығы жайында кітаптарда көп жазылады. Жайшылықта да сұлу әйелдер ер адамның көзінің құрты деп айтпаушы ма еді. Сол себепті өзің ұнатқан қызға үйлен-

геннің артықтығы жоқ. «Сұлу, сұлу емес, сүйген сұлу» деген содан қалған, — деді.

Содан соң үшеуміз де пікірталасымызды тоқтатып, Сұлушашты Жарқынбектен қызғанғанымызды бір-бірімізге білдірмesten тарасқан едік. Енді сондагы айтқандарымыз есіме түскенде, Жарқынбектің алдында өзімді кінәлідей сезінгендіктен шыгар, жүргім ине сүққандай шаншып кетті.

— Сұлушашпен жұмыс істеп жүрген дүкенінде таныстым. Екінші курсты бітіріп, жазғы демалысқа шыққан кезім. Со жылы күн ыссы болды. Шөпттер сарғыш тартып, ағаш жапырақтары ерте сарғайып түсіп жатты. Мен қаланың бір шетінен екінші шетіне өте сирек жүретін автобуста, ауа жетпейтін қапырықтан қашып, күннің жалындайыстық аптабына қарамай, тамағым құрғап, аузым кеуіп, кезерген ернім жарылып, жаяу діңкелеп жеткенімде, шаршаганымды ұмытып кететінмін. Ол кезде сен жоқсың. Өзіммен бір топта оқитын жігіттің үйіне кірерден бұрын темекі алуға қасындағы дүкенге кірдім. Сонда дүкенші қыздың жымығандайы мөлдіреген қос жанары маған шаншудай қадалғанын іштей аңғардым. Болмысынан бүйіғы басым бейтаныс көрікті қызга ештемедей алмай, көзім қыптылықтап, қолдарым дірілдеп, амандақаннан басқа мандытып ештеңе айта алмадым. Артынша қыздың көзқарасы ойымнан шықпай, мазамды ала берген соң, дүкенге қайта бас сүқтый. Қыз мені ескі танысындағы құлімдей қарсы алғаны себеп болды ма, білмеймін. Ұят та болса, қыздың жүзіне тіке тесіле қарауга батылдығым жеткендей. Шаралы қара көзі мен қарлығаш қанатындағы қылған қара қасты қыздың

жүқалаң қызыл реңі бір қызарып, бір бозарып үялған сыңай танытты. Осыны көрген менде ыңғайсыздық пайда болды. Шынын айтсам, осы хас шебердің қолынан шыққан суреттей, қарасаң көз таярлық сұлулығы менің мысымды басқан еді. Бір аңғарғаным, қыз үстіне қандай киім кисе де әдемі жарасады екен. Үстіндегі арзанқолды сары түсті шыт көйлегі етімен ет болып, құйылып тұр. Желкесіне буылған қоңырқай қалың шашын арқасына бос жіберіпті. Қыз ашық мінезді. Демде өзінді баурап, іші-бауырыңа кіріп кетеді екен. Сыбызғының ұніндей даусы жүрегімді жаулап, лезде құдік ойдан арылтып, қысылып-қымтырылмай еркін сөйлесіп кеттім. Менің бақытыма оның өзі сөйлеп, сөзге тартқаны жақсы болды. Ақырында Сұлушашпен танысып, құн сайын кездесіп тұрдым.

Тагы бірде мейрамханада отырған бір топ жігіттер Сұлушашқа тарпа бас салды. Бастанқыда ішіп алған еріккендердің ойындары екен деп ойлап қалдым. Сөйтсем, орталарына алып, сүйреп бара жатыр. Сол арада қыздың шыңғырған даусына милиция келіп қалды да, олар ұстаптай қашып кетті. Құндер зымырап өте берді. Танысқалы бергі бір айдың ішінде оған әбден бауыр басып алғаным сонша, қолым босаса, дүженге жетіп баратын болдым. Ұйықтасам түсімде, тұрсам көз алдымда жүреді. Бір жағынан, өзімді мазалаған іштегі құмарлық сыртқа шықпай, жанга тағат таптырар емес.

Бір кеште су жағасына оңаша алып шықтым. Қара судың айнадай жылтыраган бетінде ақшыл сәуле ойнайды. Тарғыл бақалардың шуылы құлақ

тұндырады. Жиекті бойлай жүгірген самалдан, құрақтар сусылдаپ қоя береді. Су түбінен жылт-жылт жанған жұлдыздар көрінеді. Нақ тәбемізден жұлдыз ағып түсті. Сол құнгі серуен әлі қүнге дейін көз алдымда.

Бір сәт Жарқынбектің жүзін қуаныш лебі шар-пып өтті:

— Ақ қайраң құмның үстінде қызды құшагыма алып отырмын. Үйден шыгар қезде Сұлушашқа іштегі лебізімді білдіремін деп өзіме берген сертім бар.

Міне, сол ой мені тыныштық бермей мазалайды. Қыз менің мойнынан құшақтап, нақ бір ішкі қиналыс сезімімді біліп қойғандай, біртүрлі қызара құлімсірейді. Мен болсам, мазамды алған ойдан жүрегім аттай тулап, өкпем аузыма тығылған-дай. Айтайын десем, қызды шошытып, алатындей көрем. Ақыры, нар тәуекелге бел буып: «Мен сені сүйемін, аялап өтер өмірлік жарым болшы» дедім даусым қалтырап. Сұлушаш менің мойнынан құшақтаған күйі ләм демеді. Ол өзімен-өзі ұлпа сезімнің құшагына шомып, мейірленгеннен бе, әлде бір басқаша жағдаймен бе, беті алқызылдана, алабұртып тесіле қарады. Менің күткенім бұл емес еді. Жүрегім жарылардай тулап, кеудені қуаныш кернеп, айқайлауга сәл қалдым. Өзінді қыз ұнатса, одан артық қандай бақыт бар?! Ғашық жанның сүйгені қандай ганибет! Осы арада өзімді үстай алмай, қызды алғаш рет ернінен сүйіп, мас болдым. Қызды сүйгенің рас болса, нeden болса да тайынбайды екенсің. Мен осыны басыма түскенде байқадым. Үйленбесем, айырылып қала-тындей көрдім де, ақыры Сұлушашты қоярда

қоймай, дегеніме көндіріп, екі ай өткенде екеуміз отау тіктік. Екі бала дүниеге келгенге дейін, екеумізден бақытты жан болмаған шыгар, бір кісідей тату-тәтті өмір сұрдік. Отбасы арасында болып тұратын ұрыс-керістің не екенін білмедік. Бірде жұмыстағы бір жігіттің туган қунінде ішіп алғанмын. Үйге келе жатып сағатыма қарасам, әйелдің дүкенді жабатын мезгілі жақындаپ қалыпты, біраз жер болса да бірге қайтпақшы болып бұрылдым.

Қаланың шет жағындағы дүкенде істейтін. Қою қара түн көзге тұрткісіз қап-қараңғы. Мақпалдай жұмсақ, тып-тынық ауа. Жаңбыр сіркіреп тұр. Үстімдегі киімім су болатынын білсем де жүре бердім. Қала шетінде қайдан жарық болсын. Көше тастай қараңғы, асфальтызыз шалшық жол. Ішкенім бар, жердегі шалшық суга да қарамай, аяқты былш-былш басып жүріп келем. Бір кезде екі аяғымды бірдей шұқырға тығып алдым. Шұқырдың ішінде саз балшыққа жабысып қалған аяқиімімді зорға шыгарып жүре бергенімде, аяғым тайып, құлап түстім. Үсті-басым малмандаі болды. Енді жұрт көзіне көрінуге қысылып, дүкенге қалай баарымды білмей, екіойлы болып тұрған едім, алдынан екі адамның сұлбасы көрінді. Екеуі маған таяна бере: «Братан, темекі берші» деді қараңғыда бойы сорайған біреуі. Даусы да өзінен зор екен. Со мезетте, екіншісі немен ұрғанын білмеймін, төбемнен қойып қалды. Бүгіле бере құладым. Есімді жиып, орнынан тұрғанда ешкімді көрмедім. Қолымдағы сағат пен әмияным жоқ. Аман қалғаныма қуанып, мәңгреген басымның ауырғанына да қарамай, сүйретіліп, Сұлушаш істейтін дүкенге жеттім. Бейсауат жүр-

гіншілердің азая бастаған кезі. Ауық-ауық алыс, қараңғы түкпірлерден қора құзеткен иттер әупіл-деп қояды. Неге екенін білмеймін, өзімнен-өзім ұрланып, терезеден сығалай қарадым. Осы кезде дүкенде жұмысшы болып істейтін орыс жігіті жанындағы Сұлушашты қолынан ұстап, қапсыра құшақтай алғанда, шаттана мәз болған әйелімнің құлқісі сыңғырлай шықты. Лезде екеуінің бастары түйісіп, үндері өшті. Бұлардың әмпей-жәмпей болып жүргендері бүгін бірінші күн емес екені көрініп тұр. Өздері әбден бір-біріне еті үйреніп кеткен адамдардай. Бұдан әріге шыдамым жетпей, әйелдердің бәрі опасыз-ау деп ішім қыз-қыз қайнады. Дегбірім қашты. Қызғаныш оты тұла-бойымды қүйдіріп, тап бір безгегі ұстаган жандай болдым. Осы арада әйелімнен жиіркенгенім соншалық, табан астында езіліп жатқан шалшық суға ұқсатып, басым ауған жағына лағып журе бердім. Одан аргысы есімде жоқ. Үйге қалай жеткенімді де білмеймін. Таңертең төсектен тұрғанымда түнде жылаганым есіме түсті. Артынан Сұлушаш сол маскүнеммен бірге қаладан кетіп қалды. Екі бала әкемнің үйінде, – деді мұңайып.

Ол осыны айтты да, сұлқ отырып қалды.

Маған Жарқынбекке сөз тауып айту қияметтей көрінді. Қиналып отырсам да, көз алдыма Сұлушаштың бейнесі келе қалды. Адам айтса сенгісіз, оның қайдағы бір маскүнем орыспен кеткені маған таңғаларлық оқиға көрінді. Осы ой мені жігерлендіре түскендей болды да, Жарқынбектің көңілін аулап, сөйлеп кеттім.

Ертесіне жұмысқа шақыртқан басқарма бастығының бүйрыйғымен Жарқынбекті көре алмай, кері қайтып кеттім.

Кейін жұмыс орнымды ауыстырып, туган жерге оралдым. Үлкен комбинатқа директор болып келгесін, кадрларды өзгертіп, жұмыс тәртібі қатаң қолға алынды. Өзім де уақытпен санаспай, жұмыстың басы-қасында күн-түн демей жүрдім. Комбинаттың ай сайынғы жоспары орындала басталды. Жұмысшыларға қосымша ақы қосылды. Жұмыс жүрген соң, көңіл күй де өзгерді. Бір күні қолым боста Жарқынбектің үйіне келіп, қоңырауын басқанымда, қарсы есіктен көршісі шығып қалып, оның көшіп кеткенін айтты. Енді қайдан табарымды білмей жүргенімде, базарда аяғын шәлкес басып Жарқынбек шыға келгенде, қайран балалық шақ көз алдыма келе қалып, мұндаі қуанбаспын. Айналадагы қаптаған көвшілікке де қарамай, қарсы алдына тұра қалдым. Менікі досыма деген ыстық ықыласымды білдіру, бір жағынан қалай қарсы алар деген ой гой. Ол мені күндеңі көріп жүрген танысына ұқсатты ма: «Жұз грамм ішейік», — деп жабыса кетті.

— Жарқынбек, қайда жүрсің? Сені іздең, таба алмай жүрміз гой, — дегенімде маган соза берген қолы сылқ етіп, бетіме бажырая қарап тұрып қалды. Мені көрген Жарқынбек демде ес жиып, көзіне жас алды. Маган жақындауга именіп қалған досымды бауырыма басқанда, мұң тұнған жанарын алып қашып, жасқана қарады. Тап қазір мен білетін Жарқынбектен гөрі, айдалада әбден адасып, құр сүлдесі қалып, шаршаган адамның өмірге үркес қараган сүлдесіне көп келіңкірейтіндей болды. Оның осы түрі қуанышымды су сепкендей басты. Ұмыт болып кеткен сол бір күнгі кеш есіме түскенде, он жыл оқыған мектебіміз көз алдыма қайта көлбендейді.

Мектеп бітірген оқушылардың жүздері толқып, балдар мен қыздардың өндөрі гүл-гүл жайнайды, біздердің қуанышымызда шек жоқ. Соңғы күндері есейіп, өзгеріп кеткенімізді сеземіз. Өмір бұрынғы ойлаганнан да қызық болып елестейді. Айнала сондай әсем, адамдар да жайдары жүздерімен көз тартады. Онының бітірген балалар мен қыздардың бәрі мерекедегідей сәнді киініп, топ-топ болып залға кіріп отырғаннан кейін мектеп директоры салтанатты жиналыс ашып, аттестатты қолымызға тапсырды. Мен оқуга аттанатын жаздың қоңыр кешінде кітапханадан шығып келе жатқан маған Жарқынбек қарсы кездесіп:

— Жақсы болды жолыққаның, саған бара жатыр едім, — деді. Сол кезде жайдары жүзін жогалтқан досымның бұрын-соңды мен байқамаған мұң толы кішкене жанарына көзім түсті. Сәл үнсіздіктен соң барып:

— Жүрші, тәбеле шығып қайтайық, — деді.

Мен үнсіз іlestім. Самал әлсіз есіп түр. Алыс күннің ақырғы шапағынан айнала ал қызыл нұрға бөленген. Осы бір сәтте қаумалаған үйлер қабақ шытқандай қарақошқыл түске ене бастаган. Енді тәбеле шыққанда, шашылған тары сықылды бір шетінен бір шетіне көз жетпеген құжынаған үйлер иек астында қарауытып көрінді. Біз оқыған мектеп ағаштардың арасында, қол созым жерде сияқты. Тәнірек жапырлап жанған шамдарға толды. Әне-міне демей, апақ-сапақ түсіп, көз байланды. Алыстан жанған оттай жылтылдал, іңірдің алғашқы жұлдыздары көрінді. Тәменнен Сарысу өзенінің салқын лебін бетке соғып, самал есті.

Жарқынбек кішкентайынан балдарға ұрынуды білмейтін жуас болып өсті. Мектепте жақсы

оқыды. Әншейінде сөзге шорқақ ол сабақ айтқанда бар ынты-шынтысымен беріле сөйлеп, мұгалімнің сұрағына қисынын тауып, мұдірмей жауап бергенде, біздер шаң қауып қалатынбыз. Оны өгей шешесі қарғап-сілеп, көп жұмсайтын. Кейде сабаққа дайындалмай келіп, бес алған бағаларының арасына екі де қосылып, үздік оқитындардың қатарына жете алмай, мектепті бітірді. Әншейінде сөзге жоқ досым:

— Екеуміз кішкентайымыздан бірге өстік, он жыл бойы мектепте де бірге жүрдік, қалай айтқанда да арамыздағы достықтан артық ештеңе жоқ. Енді екеуміз екі жаққа кетіп барамыз, қайда жүрсек те, бір-бірімізге тілекtes болып, достығымызды ұмытпайық, — деп айтпақшы едім саган, — деді толқып. Ол менімен қоштасып, көз жасын сұртіп мұңайғанын көргенімде, менің де көңілім босап кеткен сонда. Достықты түсіне білетін қимас адамың болған ғанибет екенін сол кеште білдім.

Міне, дәл бүгінгідей, сонда да Жарқынбектің мұң толған жанары шытынаган әйнектей бұзылып түрған. Досымның тағдыр тауқыметін аз шекпегенін, мыж-мыж беті мен үстіндегі киімінен байқап, аяп кеттім. Қазір ішкілікке салынып, азып кеткендерден басқа, бүйтіп ешкім жүрмейтіні белгілі. Үстінде неше жылғы тозығы жеткен ескі киім, өзі әбден жүдепті. Жағы суалып, еті кеткен қыр мұрны сорайып, ұсқыны қашқан. Үйленгеніне біраз болса керек, қасында еріп жүрген қызын таныстырыды.

— Аты — Аягүл. Мектепті екі жылдан кейін бітіреді, жақсы оқиды, — деді. Жарқынбек қызын

айтқан кезде, бірден өні өзгеріп, ыржиып құлді. Кішкене қыз баланың құздің қара сұзығына реңі қашып кеткенін көріп, көп сөйлей алмай, мен де іздел барғанымды айтып, мекенжайын сұрағанымда, қаладан елу шақырым жердегі совхозда тұратынын айтты.

Жексенбі күні Жарқынбекті уәделескен жерде күтіп алдым. Өзім әдейі онымен оңаша отырып сөйлескенді қалап, әйел мен балдарды совхозда тұратын інімнің үйіне жібергенмін. Үстіндегі құздік палтосының жеңі түтіліп желінгені болмаса, ішінен ақ көйлек пен костюм-шалбар киіп, өткендегіден өні әлдеқайда жақсы көрінді. Екеуміз асықпай тамақ ішіп, соңында біраз отырдық. Шынын айтсам, Жарқынбек мұлдем өзгеріп кетіпті. Өткен күндерімізді айтып, біраз көңіл көтерсек деген ойымнан ешиәрсө шықлады. Әңгімеге көңіл-қошы жоқ, есіл-дерті араққа ауып отырганын біліп:

— Екі балаң ержеткенмен, кешегі қасында жүрген Аягүліңді оқытып білім беру сенің міндетің емес пе, ендігі жерде ішімдікті тоқтатқаның жөн гой, — деп едім, үнсіз отырған Жарқынбектің түсі өзгеріп:

— Маган ішімдікті қой десең, онда сен менің досым емессің.

Көмекейінен шыққан сөзінің зілін таныдым. Басын тәмен түсіріп, маган ренжігендей сыңай танытты. Ішкен ішкіліктен буыны босап, әрненің басын шатқан Жарқынбекті ауылына жүрейін деп тұрган автобусқа отыргызып жібердім.

Кеудемді басқан қалың мұндан ұзақ уақыт арыла алмадым.

Алтынбек ашудан қүйіп кетті. Ол тұла бойында бұрын-соңды болмаған қүйгелектік танытып, көкірегіндегі бар ыза-кегін әйелінің басына үйіп-төгіп тастамақшы болған еді, бірақ телефон тұтқасын тастай салған оған айтып ұлғірмей, қапыда қалды. Оның кемерінен асып, тіл ұшында, көмейінде кептеліп қалған сөздері енді қайтып оралмасын іштей сезіп, қатты қуйінді.

Алтынбек әлгінде гана кабинетіне ентелеп кіріп келген, кеспелтек денелі, қараторы Бектұрды көргенде, қуанышында шек болмай, өңіндегі бет әжімдері тегістеліп, жүзі жадырап сала берген. Құрылыс мекемесінде қызмет істейтін Бектұрдың қағазbastылау Алтынбекке жұмыстан қолы босаған кезінде ерінбей келіп, хал-жәй сұрасып, әңгімелесіп кететін бұрыннан қалыптасқан әдеті еді. Екеуі көптен көріспегендеріне қынжылғандай болып, шұрқырай табысып, аман-саулық сұрасқан соң, төрдегі абажадай жазу үстелінің жанына қойылған кішкене үстелдің екі жағындағы жұмсақ креслоға келіп жайғасқан. Сағынысқан мауықтарын басып, мәз-мейрам болып, жұмыс орнында отыргандарын естерінен шыгарып алғандай, бөлмені бастарына көтерген дауыстары даурыға шығып, бірімен-бірі жарыса сөйлесіп жатты.

Шілде айы. Бөлме іші қапырық. Екеуі омырауының алдын жиі-жіңі желпіп қойып отыр. Кеүкейе әңгіме қызығына кірісе қоймаса да, ананы айтып, мынаған көше береді. Алтынбек осыны аңғарып, өзінің жұмысы бастан асып, бұрылуға шамасы келмей отырса да, өрбімей отырган арадағы сөз желісіне дем бермекші ниетпен тамағын қырнап, ауқымды әңгіме айтпақшы болған еді. Одан бұрын Бектүр ептілігімен сөз бастап қетті. Ол көптен бері көкейіндегі сауалға жауап таппай жүрген-ді. Дәл осы жолы соның реті келді. Енді соны бір сәтке де санасынан шығара алмай, сары майдай сақтағандағы еңбек нәтижесін Алтынбектің өз аузынан естігенше тағат таппай, асыққан сыңай танытты. Оның қоңыр жұзі құбылып:

— Екеуміздің достығымызда мін жоқ қой. Дегенмен сенен бір нәрсе сұрагым келеді, — деді тосыннан.

— Ол не?! Бұл сөзді басқа біреу айтса иланар едім. Қалай түсінерімді білмей отырмын. Менің жәйімді билетін жалғыз сен деп жүрсем, сен де менен шеттеп бара жатқанға үқсайсың, — деді Алтынбек таңдана шыққан қоңыр даусымен.

Бірақ ол досының айтқан сөзіне мән бере қоймады. Біреу көмейіндегі сөзін қагып ала кете-тіндей асығыс:

— Сен бақыттысың ба? — деп сұрады Бектүр салған жерден.

— ?!

— Арманына қол жеткізген адам өзін бақыттымын дейтін болса, оны сен деп ойлаушы едім. Себебі өзім сені төрт құбыласы тең деп санаймын. Екі балаң сойып қаптап қойғандай, өзіңе тартқан.

Қосағың да ешкімнен кем емес. Әлі күнге дейін құлыш мүшесі бұзылмаған, қылдырықтай қыздан аумайды. Жұмыстагы абырой-атагың екі бастан, көптің ішіндегі ілгерінің бірісің. Өмірде жолы болғыш адам бар болса, соның бірі сенсің. Ал енді неге құмілжіп қалдың? Әлде менің қойған сұрағым үнамай ма?!

— О, не дегенің! Қапелімде қалай жауап берерімді білмей, қиналғаным ғой, — деді сәл езу тартқан сабырлы үнмен.

Бектүр оның даусынан бойындағы әлдеқандай түсініксіз жайсыздықты аңғарғандай болды. Мұнысына әуелі таңырқаса да, ізінше:

— Қызық екен, — деді жәй гана. — Үлкен болғанда журналист болам деп армандаушы едің ғой. Есінде ме?

Алтынбектің кішкене, өткір қой көзі қалындау қабагының астынан, Бектүрга таңдана қарады. Сонан соң, бидай өнді дөңгелек жүзіне құлкі үйіріліп, әлдене есіне түскендей, көтеріңкі үнмен:

— Есімде неге болмасын, арманын адам ұмытушы ма еді?! Өмірге қойған мақсатына жеткендер де, жетпегендер де бар. Арман демекші, он жыл мектепте бірге оқыған балалардың арасынан бөле жарып, бір пендеге айтпаған сырымды саған айтқанымды да, әлі күнге дейін ұмытқан жоқпын.

— Сен ешкімге қосылмай, өне бойы жалғыз жүретінсің. Сонда саған балалардың таң қалатының білетін бе едің? Сені «қияли» деп мазақтайтынымыз есінде шығар. Енді ойласам, сол уақытта табиғатпен бірге сырласқандай боп, көрғен-білгеніңді оңаша ойға тоқып жүреді екенсің

гой. Біздер оны қайдан білейік. Саған соның пайдасы тиген болу керек. Әйтпесе, мектепте бірге оқығандардың ішінде, атағы шыққан сенен басқа ешкім жоқ. Бір ғана обылысқа емес, республикаға танымал журналиссің. Бір кітабың шықты. Амандық болса, кітап тағы да шыгар. Соңан соң, Жазушылар Одағына мүше де боларсың. Соңдагы қуанышыңды сенімен бірге бөлісетін күн де келер. Сонымен, менің қойған сауалыма беретін жаубаңың қандай, соны айтшы.

Алтынбек ойланып қалғандай, үн қатуға асыға қоймады.

Сол арада үстел үстіндегі қызыл телефонның «шырылдап» қоя бергені. Екеуінің әңгімелері үзіліп кетті. Алтынбек тұтқаны көтерген кезде:

— Ал-ло! — Тұтқаның арғы шетінен шыққан жіңішке дауыс Бектүрга да анық естілген.

— Алло! — Алтынбектің қоңыр үні аса жәй, маңғаз шықты.

— Алло! Алло! — шыдамы таусыла шыққан әйел даусына Бектүр таңданып қалды.

— Ия, тыңдалап тұрмын, — деді сосын жайбаракат үнмен.

— Алло! Ал-ло! Алтынбек, сенбісің?

— Зәуре, сенбісің?! — Әйелінің даусын енді аңғарған Алтынбек.

Осы арада Бектүрдың да көзінен қуаныш үшқыны ойнап, Зәурені жаңа көргендей елең етті. Алтынбек қолындағы тұтқаны ұстата қоятындаі көріп, орнында қозғалақтап барып тынышталды.

— Алтынбек, үнің шықпайды гой. Бәлденбей, даусынды қаттырақ шыгарсайшы.

Әйелінің даусын естігеннен-ақ, Алтынбектің қабагы түсіп кеткен еді. Сөйлесуге зауқы жоғын бірден даусынан аңғартып:

— Не дейсің? Айтсайшы, енді, — деді.

— Саган таң атқалы қоңырау соғып, ала алмадым. Қайда болдың? Мені бар шаруамнан қалдырың.

— Қой, мүмкін емес! — Алтынбек таңырқап. — Келгеннен бері, менде сыртқа шығатын уақытта болған жоқ. Сенесің бе? Әлі бірде-бір темекі тартқан жоқпын. Летучкага да бара алмадым. Оның үстіне...

— Эне, бұл сүйтеді. Қарап тұрмай, өзім өтірікші болдым ба? Сенің осы айтқан сөзге сенбей, ерегесіп кететін әдетінді қашан қоясың, — деп Зәуре таусыла қалды.

Әйелінің сөзі Алтынбектің жүйкесіне тисе де, онша мән бере қоймады.

— Зәуре, телефонды босқа ұстамай, айтатын шаруанды тезірек айтсайшы. Менде уақыт жоқ.

Сол еken, Зәуренің үстем даусы сыңғырлай жөнелді.

— Жә, қарай гәр. Сенде жоқ уақыт, менде бар дейсің бе? Біле білсен: үйдің де, түздің де жұмысын істеп жүрген мен емес пе? Одан да өткенде айтқан мақалаң не болды? Жаздың ба? Сөзді көбейтпей, соны айтшы. Менің білгім келгені, сол шаруа.

Бектүрдүң жаздай жайнаған көңілі су сепкендей басыла қалды. Ойлағанында болмай шыққанына іштей тыжырынып, тың-тыңдаған адамдай үнсіз отыр.

— Қай мақала?

Тұтқадан ызалана күңіренген дауыс шығып:

— Біліп едім осылай боларын. Қай мақалаң не, сенің? Мақала — мақала да, оны менен несін сұрайсың? Жазатын сен білмесең, мен қайдан білейін. Маган жөн айтатын адамдай сұрауын қарашы. Үнемі не басы, не аяғы жоқ бірдемелерді мұрныңың астынан міңгірлейсің де қоясың. Сосын оны түсініп көр.

Алтынбек басқаны күтсе де, тап осы сөзді күтпеген еді. Жанды жеріне тиіп кетті. Қапелімде, не деп жауап берерін білмей, тосылып барып:

— Айналайын-ау, сондағы айтпағың не? — Аптықпай, мән-жәйды дұрыстап түсіндірсейші.

— Осы сенің не ауруың бар? Қашан да бір нәрсе сұрасам болды, біліп тұрсаң да өтірік аңқауси қаласың. Әншейінде гой, білмейтінің жер астында. Бұлбұлдай сайрап, жұрттың алдына түсіп ауыз аштырмайсың. — Жіңішке дауыс зілдене шықты.

— Туу! Құлағымды жардың гой, жәй сөйлесейші. Зәуре, менде уақыт жоқ деп айтпап па едім. Тұскі үзіліске де аз ғана уақыт қалды. Үйге барғанда айтарсың.

— Не деп тұрсың? Айтқан бір ауыз сөзді түсінбей тұрып, маган ақыл айтуга көштің бе? Түсте үйде болсам, нем бар еді, саған қоңырау соғып. Әдіре қалғыр-ай, ойыма тұспей, жанымды қинауын қарашы. Қөрмейсің бе? Қас қылғандай, тілімнің ұшында тұр. Е-е, таптым, есіме түсті. Бас мақала! Естіп тұрсың ба? Бас мақала! — деп Зәуренің демде үні өзгеріп, қуанған даусы шықты.

Алтынбек бас мақаланы естіген сәтте-ақ, даусын шығаруға да шамасы келмей, табан астында неге керек бола қалғанына түсінбей, аңырып қалған.

Жаңа астықты жинау науқаны басталар қарсаңында шығатын бас мақаланы даярлауды редактор бұл жолы өзіне жүктегенін, сөз арасында Зәуренің естігені есіне түсті. Және де оны, алдын ала жасаған кестедегі мерзім ішінде жазып, жауапты хатшыға тапсыратынын да біletін.

— Бас мақалада шаруаң қанша, жөнімен жүрсейші. Үйде мазалағаның аздай, енді жұмыста да тыныштық бермейтін болдың ба? — деді әлденеге ренжігендей, даусы жарықшақтанып. — Одан да маған жолға алып жүретін сөмкені дайындал қойшы. Соңыра, күннің ыстығы қайтқасын, облыс басшыларымен бірге, алыс аудандардың біріне жүремін.

— Бас десе, құлақ деп, айтып тұрған сөмкен не, маған? Айтқан сөзді тыңдасайшы. Мені жолымнан қалдырмай, шаруамды бітір. Жұмысқа баруым керек.

— Тағы қандай шаруа?! — Алтынбек шошып кетті.

— Осы сен үйиқтап отырғаннан саумысың. Таң атқалы не айтып тұрмын? — Зіркілдеген Зәуренің даусы телефонды жарып жіберердей шықты.

Бектүр ерлі-зайыпты екеудің әңгімесін лаж жоқ тыңдаған сайын өзін өте қолайсыз сезінді. О бастан-ақ телефондағы Зәурені бөгде әйелге үқсатып, тіптен өзгеше даусын қалай түсінерін білмей дал болған.

Рас. Олар көп кездесе де бермейтін. Содан ба, көрген жерде де, дастархан басында отырғанда да, қуаныш күлкілері кеуделеріне сыймай, айра-жайра боп бір көтеріліп қалатын. Қалай болғанда да, досының әйелін өзі етene танитын адамына үқ-

сата алмай қойды. Сөзі де өктем. Бұрын-соңды көрмеген бөгде біреудің әйелі сияқты. Әлі де үйрене алмай, оның құлағына түрпідей тиіп тұрғаны да содан. Сөйтсе де оны жамандық атаулыдан алыстасып, оған деген ыстық ықылас пен қимастық көңіл танытып, кездейсоқ кездескен жерде Зәуремен жарасым тауып айтатын қалжың аралас артық-ауыс сөздерін есіне түсіргендей бола ма, әйтеуір, оған шаң жуытпай, естіген құлағына сенгісі келмей түр.

Бектұрдың көз алдына Зәуренің бет-бейнесі елестеп кетті. Әншейінде, кішірек келген дөңгелек қара көздері кімді де болса өзіне үршықтай айналдырып, тез үйіріп ала қоятын, асқан шеберлікпен майдалап сөйлейтін өнері де бар, сүйкімді биязы үні де тартымды, қараторының ішіндегі сүйкімді әйелден еш уақытта дәңайбат міnez шыға қояды деп ойлаудың өзі қиянат еді. Ақыр аяғында, аттас біреу шығар деген күдікті ой шырмап алды. Өйтіп ойламасқа оның амалы да қалмаган. Бәрінен де, әйел адамға келіспейтін жат міnez танытып, күйеуіне зіркілдеп, шап-шап сөйлеген тұрпайы сөздері өзіне қатысы жоқ болса да, жанына батты.

— Бас мақала неге керек? Соны айтшы маган, — деді.

— Сен бар гой, жүйкені тоздырып бітірдің. Шарапаң не, жөнінмен жүрсейші деп мені бір ауыш көресің бе? Әлде, осы телефонда манадан бері еріккеннен тұр деп ойлайсың ба? Тұрсам — сенің қамың, сенің абыройың. Сені дырдай азamat дейді. Ал үйінде көзге ілінер бір затың жоқ. Өзіндей жүрттың үйін көрмейсің бе? Бөлмелері кірсең шыққысыз, шетелдің небір қымбат дүниелері мен

жиһазына толып түр. Кәне, өзің айтшы. Солардан біздің қай жеріміз кем? Болмаса, олардың істеп жүрген жұмысы артық па? Қоймаға түскен затты таныс іздең алатын бұрынғы кез емес. Құдайға шүкір, не іздесен де, дүкеннен бәрі табылады. Орталықтағы дүкенге жаңа кіре қойып едім. Іші айнадай жылтырап, өзгеріп кеткен. Ағаш, тастың неше түрі бар. Солардың ішінен біреуінің түсі әдемі екен, маған қатты ұнады. Басқаларынан қымбат болғанмен, бағасына арзиды. Дүкеншіге алам деп кеттім.

— Оны маған несін айтасың? Аласың ба, қоясың ба, оны өзің біл. Менің онда шаруам қанша? Тек, не болса соган мазалай бермей тыныштық берші.

Алтынбектің күйзелгені сонша, аузының іші құрғап кетті. Енді ол «Мынаған бірдеме айтшы» дегендей, Бектұрга жәутендең қарай берді. Ойлы көзінің терең ұңғылында қазір паш етуге болмайтын бір құпия сыр барын аңғартты.

— Бәтшагар, сен бар ғой, құндіз-түні қағаз кеміріп, нағыз көк ми болғансың. Сен де бір, көшеде жүрген диуана да бір. Быламық сөзінді кейін де айтарсың. Босқа сөйлеп, уақытты алғанша, алдымен түсініп алсайшы. Білесің бе, ағаш-тасты алатын ақша керек. Қолдағы бар қаражатым жетпей түр. Маған әнеуқүнгі жазған бас мақаланың ақшасы керек. Енді түсіндің бе?

— Қызықсың?! Мақаланың қаламақысы неге жетсін? Сәті түскен күні мақала жазылар, немесе қаражат та табылар, оған әлі уақыт бар ғой.

Алтынбек өзін зорға тежеп, жайбарақат айтқан сыңай танытты.

Күйеуінің сөзі Зәуренің шамына тиіп, одан сайын зығырданы қайнап кетті.

— Сөйлесе, сөйледі дейсің. Содан бері де біраз уақыт өткен жоқ па? Бас мақаланы жазбай, күн ұзақты үстелде қақшиғанда не істеп отырасың? Сен бар ғой, әбден жаман үйреніп кеткенсің. Осы уақытқа дейін, өзің біліп бір затты істеген адам емессің. Сенің соңында мен жүруім керек. Өзіңе салса, қағаз бетін бір жылда бір түртіп жүрмек-сің. Саған бәрінен де жан тыныштығынды қуткен артық. Сенде бала-шаганы ойлау жоқ. Арпылда-сам да менің арқам шығар қатарынан қалмай жүргенің.

Алтынбек Зәуренің сай-сүйегін сырқыратып, жер-жебіріне жеткізе сөйлеген сөзіне қашанғы шыдасын, бұжолы бала кезінен бойына біткен салмақты мінезі ұшты-қүйлі жоғалып, үні тым өктем, қатқыл шықты.

— Маған осы жұмыс істетесің бе, жоқ па? Ақша керек болса, кассадағы ақшадан неге алмайсың? — Оның үстел үстіндегі тамырлары білеуленген арық қолы сәл дірілдеді. Өзінің қатты ашуланғанына қысылғандай, қалтыраған қолдарын үстелдің астына тықты. Тұла бойынан біртүрлі дәрмен-сіздік, әлжуаз, бейшаралық байқады. Оның үстіне Зәуренің шаптыққан даусы миын шаққандай, жанын ауыртқаны соншалық, дегбірі қашқан өнді бозара бастады.

Бірақ Зәуре барған сайын айылын жимай, өршелене түсті.

— Айтып тұрған кассаң не? Өмір бойы тірнектеп жинаған ақшаны бір күнде сауып қойсан, артында не қалады? Ол ақша келешекте де ке-

рек емес пе? Бойжетіп қыз отыр. Уақыт дегенің осындағы зымырап өтпей ме? Со кезде жетім қыздың тойында, қолыңды қусырып, үзатпақсың ба?! Сосын ел бетіне қалай қарап жүресің. Қатын әкелем деп, күніге діңгірлеп бала жүр. Айтқанға құлақ аспай, бір күні қолыңа келін түсірсе, не істейсің? Кассадагы бар ақшаны жұмсап қойсаң, қарабет болған сонда болмай ма? Одан да мүмкіншілігің барда неге жазбайсың? Ақша дегенің бас мақалада емес пе?! Оны кім болса соған бере бермейтінің біле тұрып, жайbaraқат жүргенің қалай? Көр де түр. Осылай арқаны кеңге салып, сәті түскенде деп жүре берсең, уысыңа өзі түсіп тұрған ақшадан да ертеңгі күні айрылып қаласың. Асылы, сені бірдеме түсінеді деп айтып тұрған мен ақымақ. Заты еркек қой, бір амалын табар деп дәмеленбеймін бе? Қараши, бар уақыт босқа кеткенін, – деп телефонды тастап жіберді.

Ауыр тыныштық орнаған бөлменің қос тerezесінен төгіліп түскен айқыш-үйқыш сәуле сырлы еденнің бетінде шашылған моншақтай жылтылдады. Төргі үстел жанында қарама-қарсы отырған екеуінің бастары төмен түсіп, қалың ойға кеткен. Өздері бір-бірімен қатысы жоқ жандардай, әрқайсысы өз ойларымен әлек.

Екеуі біразға дейін тіс жармады. Алтынбектің бет-аузы өрт сөндіргендей түтігіп, қос қабағы түйілді. Ойға шырмалып, бір нүктеге тесіле қарап отыр. Әлден соң, басын тік ұстап, ызалы кеудесін көтерді. Кішкене көзінің қараышқтары әрең қозғалып, қарсы алдындағы Бектүрға қарады.

– Енді кеш! – Қапыда қалған, мұнға толы өкінішті үн. Сонан кейін, қорғасындағы ауырлық

еңсесін езіп, бойы бір тұтам боп бүрісіп, адам аяғандай күйге тұсті.

Алтынбек көкірегі қарс айырыла ауыр бір күрсініп алды.

— Білген шыгарсың енді, Зәуренің қандай екенин.

Бектүр өзін екі оттың арасында қалғандай сезді. Іші әлем-жәлем. Санасында сапырылысқан ой тізбектерінің арасынан екі пікір бір-біріне қарама-қарсы дараланып, өзгелерін ығыстыра бастаған тәрізді. Екі жақтың да күш салмағы кезек басып, ауытқи береді. Ақыр соңында, оның көңіл күйі толқып, алабұртты. Зәурені жамандыққа қимаганмен, оның сөйлеген сөздерін естіген құлагына иланбауга да болмай, амалы құрыды. Сенбесінде шара жоқ.

Алтынбек кішкентай кезінде де момын, құлық-сұмдықпен, тіпті ешнәрсемен ісі жоқ, тек оқуын ғана білетін, қой аузынан шөп алмайтын жуастың жуасы еді.

Әлі есінде. Көк жуа теруге күннің алғашқы күркірегенін асыға күтіп жүрген, көктем айы болатын. Бесінші сыныпта оқитын кезіміз. Сарғая күткен күнге де жетіп, Алтынбек екеуміз балалармен бірге Жарлысайдың етегіне шықтық. Жалғызаяқ соқпақ жолға түсіп, шұбырып келеміз. Ойымызға не келсе соны айтып, көпіріп кететін періште шақ. Енді бірде бәрімізді аузына қаратып, көртік танауды таңқып, Шопанбек сөз бастады.

— Жаңа жауған ұлпа қардың үстінде шаңғы тепкен қандай рахат!

Айнала аппақ. Таза ауа. Ақ көрпе жамылған жазық далада, бір өзім суда жүзгендей кезіп жүр-

мін. Жалғыз өзім ет қызумен жүргенімде, ауылдан қалай ұзап кеткенімді байқамаппыш. Ана-дай жерден аузынан көбігін шашып, маган қарай бұлкілдеп келе жатқан сары бурадан қорыққаным соншалық, кейін қарай зулап кеттім. Ауық-ауық мойнымды бұрып қарап қоям. Қайда қашып құтыласың дегендей, бұлкілдеген сол жүрісінен жаңылмай, желіп келеді. Қазір-ақ мені жамбасымен езіп тастайтында. Басы кегжендер, аузынан көбігі шашырайды. Менде өң жоқ. Денем сіресіп, иілмейді. Қимылдаған аяғымда гана жан бар. Алдымда жарқабақ, оған жетсем, құтылғаным дей бер. Бірақ жүрісім өнетін емес. Буыным босап барады. Енді қайттім? Сол сәтте аузы үнірейген апан кезіге кетті. Қап-қараңғы үңгірдің ішінде есімді жиып үлгергенімше болған жоқ, алыстан талып естілген дыбысты құлағым шалды. Ырылдағандай болды. Осы маңда қасқырдың ұясы бары есіме түскенде, зәрем тас төбеме шықты. Асып-сасып даға шықсам, жаңагы сары бура аузынан көбігі шығып, ауылга қарай бұлкілдеп барады еken.

— Қасқырдың қүшігі қандай болады? Бұрын көрдің бе? — деді Сақыш. Осы арада күтпеген оқига болды. Шопанбектен бір жас кіші інісі Сапар өзімен-өзі алаңсыз келе жатқан Алтынбектің басындағы шошайып тұрған төбетейін жұлып алды. Сірә, төбетейінің ішінде бірдеме барын байқап қалса керек. Со кезде қыырған шоқпақтай сары шекерлер жерге шашудай шашылғанын көрген біздерде ес қалмады. Бұндайда қатарыңдан қалған ұят. Намысты қолдан жібермеуге тырысып қимылымызға көз ілеспей, көздің құртын жеген шекер талапайға түсті. Бір қызығы, «менікі ти-

мендер» деп жерден алып, жерге салып жатқан біздердің біреуімізге де жармаспады. Өзі жерде-гі шекерге қол созған жоқ. Біздер болсақ тегін олжага кезігіп мәзбіз. Дәмі қандай! Балдай тәт-ті. Аузыңда судай еріп, жегенің білінбейді, құ-марың қанбайды. Қарсы алдында тұрган досыма көзім түсіп кетті. Түк болмағандай, алысқа қарап маңқып тұр. Мен оған бір түйір шақпақ шеке-рімнің жартысын бөліп бердім. Үн-тұнсіз қолым-нан алып, тісімен жартысын сындырып, аузына салып сорды. Қолында қалған шекерді көрген Шопанбек әлімжеттік жасап, құш көрсетпекші болғанда, арашаға түсіп бергізбей қойдым. Ол жерде оның орнында басқа бала болса, «менікі, тимендер» деп, әрқайсымызға бір жабысар еді. Болмаса, қарсыласып, жағаласар еді. Не болма-са, ызага булығып жылар еді. Ол бұның бірін де істеген жоқ.

Мінездері қайшы адамдарға бірге өмір сұру-дің қандай қыын екенін енді білген Бектұрдың іші удай ашып, Алтынбекті аяп кетті. Басқа қолынан келер көмегі болмаған соң, босқа отыра бермей, сөзбен қөңілін аулагысы келді. Бірақ не айтарын білмей, жұмған аузын аша алмай састы. Өмірде болмаған бақытсызыздық басына түскендей, ауыр қүйзелді. Бұрын байқамапты. Сөзге шорқақ еке-нін осы жолы үққандай, өзін тіpten жек көріп кетті. Тап қазір оған жанын сергітерлік, қөңіліне қуаныш себерлік сөздерді айтқанның еш өрескел-дігі жоқ екенін білді. Бірақ осындай сэтте керек сөзді тауып айта алмай, аузына келгенін талга-май, қалай болса солай сөйлей салатын кез де бо-лады. Ол да сүйтті.

Мұндауда қалжың сөз жүрмейді. Табан астында Бектұрдың аузына дұрыс сөз де түсे қоймады. Қысылтаянда жазық маңдайына шып-шып сұық тер шықты. Мұнша бұлінгеніне өзі де түсінбей, әдет бойынша жалтыр маңдайын алақанымен сипалады. Даусы да дұрыс шықпай, міңгірлей берді.

— Бұлінген ешнәрсе жоқ қой. Несіне ренжисің? Пендершілікпен айтқан, артық ауыз сөзде тұрған не бар?! Үй болғасын ыдыс-аяқ сылдырламай тұrmайтынын білесің. — Осының өзін зорға айтты.

Алтынбек Бектұрдың бір де сөзін естімеді. Қазір оның құлағына түк кірер емес. Ашуы сыртына шығып, түгі жығылып, өзін қоярга жер таппағандай, бөлменің ішін әрлі-берлі кезіп жүр. Бір кезде:

— Қанағат жоқ, қанағат! — деп мұдіріп, қайта сөйледі.

— Оның ұғымынша, одан ешкім аспау керек. Үйде не керектің бәрі бар. Жетпей жатқан еш нәрсе жоқ. Екі бала болса да, не кием, не ішем демейді. Сонда да оның аузына «жоқ» деген сөз шегенделіп қалғандай кетпейді. Оған не айтарсың, — деп жұдырығымен үстелді қойып қалды. Сәлден соң қатулы өні жұмсарып, қатқыл шыққан даусы да бәсеңсіп, қайта сөйледі.

— Сен білмейсің, Зәуремен бұрын көрші тұрдық. Оқуды бітіріп, жұмысқа алғашқы шыққан күндердің бірінде, репортаж алатын болып ауданың бір совхозына бардым. Қасымдағы адам жол бастап, айналасы шарбақпен қоршалған төбесінде шифері жоқ тапалтақ үйдің ауласына кіргенімізде, алдымыздан ақ халат киген қыз шықты. Ол мені көргенде бұрыннан танитын адамдай күліп, қарсы алып амандасты. Мен де оны бір жерде

көрген адамыма үқсаттым да, есіме тұсіре алмай абыржып қалдым. Осы бір қолайсыз жағдайдан қыздың өзі құтқарды.

— Көршіні көргеніме қуаныштымын. Оқуды бітіріп, жұмысқа кіріскең екенсіз ғой. — Сыңғырлаған құлкісі маған қатты әсер қалдырыды. Сонда барып, көшіп келген көрші үйдің қызы екені есіме түсті. Арамызда үш үй болатын. Сыртынан көргенім болмаса, жүзбе-жүз көріп тұрганым осы. Қыз мінезі ашық екен. Бірден-ақ мені сөзбен үйіріп алды. Сол жерде танысып та ұлгердік. Ұлбіреген көрші қыздың тартымды көркінен гөрі, маған көкірегінен сызылып шыққан назды үні қытығыма тигендей болды. Ішкі жан дүниемді күн нұрындай бөлеп, жібектей сызылып тұрган бейнесі көз алдымнан кетпей қойды. Бақытты өмір сүреміз деп, қуанганым соншалық, уақытты соза бермей, ішкі лебізімді білдіріп, қолқа салып едім. Көнген сыңай танытты. Екі ай өткенде үйлендім. «Қыз күнінде бәрі жақсы, жаман қатын қайдан шығады» деп үлкендердің қалай біліп айтқанына таң қалам. Сонда періштедей-ақ, еш кемшілігі жоқтай көрінген арудан осындағы адудынды мінез шығады деп ойлаппын ба?! Үйде де көрген күнім осы. Күніге айқай, бір тыныштық болмайды. Бұлай боларын кім білген? Әр нәрсеге де қанағат керек. Онда ол жоқ. Барды көтере алмай ма, білмеймін, бойында таусылмайтын дүниеқоңыздық пен менмендік. Өзінен ешкімді асырғысы келмейді. Енді кеш! — деді мұңға толы өкінішті үнмен досы Алтынбек.

ҚҰДІРЕТ

— Сақау! Әй, Сақау!

Әкесінің даусын естіген Тасболат оқып отырған кітабын тастай сала, далаға жүтіріп шықты.

Бұл ауылда Тасболатты ес білгелі «Сақау» деп атайдын — жалғыз әкесі ғана. Оған құлағы үйрекен, арланбайды. Бірақ алғашында жылап қалғаны есінде.

Бірінші сыныпта оқып жүрген. Үлкен үзіліс кезінде: «Сақау! Сақау!» деп балалардың бәрі бірдей хормен мазақтады. Құлағына сонда түрлідей тиіп, шыдай алмай ызага булыққан ол үйге келіп, шешесінен:

— Апа, ағам мені өз атыммен атамай, неге «Сақау» деп атайды? — деп әлгінде балалардың келемеждегенін ренішпен жеткізген.

— Құлыным-ау, ағаң сені жек көргеннен айтады десен, оның бекер. «Тасболат» деген аргы аталарының аты екен. Әкең оны кейін білді. Әрі сенің алдыңдағы екі ер бала да тіл-көзден шетінеді. «Аузы құйғен үрлеп іshedі», осылай атаса, сені аман-есен жүреді деген ырымы оның. Сені жақсы көргені, еркелеткені. Онда тұрган не бар?! — деп шешесі бауырына басып, бетінен сүйді. Артынан балалар да Тасболат мән бермеген соң, далаға айтқандай болды ма, мазақтауын догарды. Оның өзіне салсаң, әкесінің «Сақау» деп атағаны «айналайын» деп айтқанмен бірдей.

Атының ұнаганынан емес, оның ағасына деген ықыласының бөлектігінде. Оның түр-тұлғасы мен өзгелерге үқсамайтын жаратылсы ерекше. Оған басқа балалардың әкелеріне үқсамайтын кербездігі, көп сөйлегенді жақтырмайтын мінезінің ауырлығы, сөзге тым сараңдығы үнайтын. Денесі ең-гезердей, қою қара мұртты, қыр мұрынды келген кісі болатын. Түсі де, дене бітіміне қарай, қара торы өңіне үйлесіп тұратын сұық еді. Сөзге де үйірлігі жоқ. Өзіне сай жуан дауысымен асықпай, кесіп бір айтады. Түйеден түскендей бір сөзінің өзі-ақ жетіп жатыр. Оның ұстіне ағасының шай ішкендері сәuletі де елден бөлек. Дастанхан басында тіп-тік отырып, кесені үш саусағының ұшына шошайтып ұстайтындығы да өзіне жарасып тұратын. Кейде ағасының қабағынан қар жауып, сыйданып отыратын кездері болады. Ондайда ұнжырғасы түсіп, жақындауга тайсалатын. Артынан оның жылышырайлы жүзін көріп, қақаған сұықта ыстық пешке қақталғандай, әрі-сәрі күйге түседі. Бірақ ондай сәттері сирек.

Жердегі шөп сынығын көтермейтін, үй шаруасына икемі жоқ әкесінің қора ішін тазартқанын бұрын-сонды көрген емес. Қолына айыр ұстап, жердегі шашылған шөптерді жинап жүргеніне таңырқады.

— Ертең қанша сабағың бар? — деп сұрады бұдан.

— Бес сабақ болу керек еді. Екі апай ауырып қалыпты.

— Онда сабағыңа жексенбі күні дайындаларсың. Тайлақты түйенің өрістен оралмағанына үш күн болыпты ғой. Мектептен келген соң атпен

Үшшоқы жақты қарап кел. Сонда жүрген шығар. Аңы шәбі бар, түйенің жайылымы. Құз болса со-лай қарай кететін. Жылдағы әдеті сол. Әзбергенге айтып жуас ат алдыртайын ертеңге, – деді.

Тасболат үшін бұл күтпеген жаңалық еді. Үл-кен көздері жайнап, таңқы танауы шедіре耶 қалды. Осы сөзді дәреже көріп мақтанды және бұрын жалғыз жібермейтін әкесінің алғаш рет жұмсап отырганына қуанды. Атқа құмарлығы да бар.

«Жүйрік ат болса гой. Далада құйындастып шабар ма еді?!» – деп армандал қойды ішінен. Осылар себеп болып, үйге қарай тұра жүгірді.

– Үйге қарай жүгірмейді, – деді ағасы. – Үйге қарай жүгірген – жаман ырым.

Ауылдың батыс жағындағы беленен ассан, алыстан қарауытып Үшшоқы көрінеді. Оның ар жағы – «Жыланды» төбе. Онда немере ағасы Жолай түйе бағады. Тасболат былтыр жазғы демалысын сонда өткізген. Ағасына көмекшілікке жарап, жаз бойы түйе бақты. Түйені жазда бақсан оңай. Алысқа ұзамайды. Шөпке тойып алғанда ықылық атып, күйісін қайырып жатады. Құзде қиын, қояншығы ұстагандай, мойнын жерге бір имей, басын кегжитіп, желге қарсы танауы шуыл-дап, аяғы-аяғына жүқпай кердендеп, қайыру бермей қашқанда, жүйрік атқа жеткізбейді. Көз жазып қалсан, іздел табудың өзі машақат. Ән-шайінде бойы сорайғанмен, сай-саланы қуалап кеткенде, көзден таса қалып, таппай қалатын кездер болады.

Түйе бақты деген аты ғана, көбіне сондагы балалармен ойнады. Ойынның неше түрі осында. Атқа мініп жарысқың келсе, шаба бер. Ауыл-

дың шығыс жағы теп-тегіс, сонау «Қаратөбеле» жеткенше. Бірақ бәйгеге түсетін ат табу қиын. Мал бағып, арқасы жауыр болған, шабан аттар өңдей. Мұнда доп ойнайтын ашық алаң бар. Бір қинайтыны, допқа әуес балалар жоқ. Қүрессең, ауылдың батыс жағы – аяғың батпайтын бүйра құмдар. Балалар осы жерде қүресіп, жагаласады. Бір жақсы жері, жығылсан жұп-жұмсақ, жамбасың ауырмайды. Ал жасырынбақ ойнағың келсе, жасырынатын жер де көп. Қамыс та, тал да, шенгел де, айналасы қалың шөптен көрінбейтін шұқыр мен сайлар да жетеді. Осылардың арасына тығылсан, сені ешкім таппайды. Керек пе, жатып үйікта. Бірде Тасболат жүгірген күйінде айналасы шөптен көрінбейтін шұқырдың ішіне қойып кетті. Шөптің іші шытырлап, шулап қоя бергенде, тапқасынан шыға келген қоянның ербиген құлағынан қорқып, бақырып жібергені бар.

Ауылдың қақ ортасы – тақыр жер. Асық ойнауга жақсы. Құн ысып кеткенде, үйдің көлеңкесіне тығылады. Саяда отырып бес тас ойнайды.

«Жиделі» өзенін, мұндағылар «бұлақ суы» деп айтады. Мұздай болғанда керемет. Құн қапырық, ыссыда түссен, салқын суға денең жеңілденіп, рахаттанып қаласың. Ал енді таңдайың кеуіп тұрганда ішсөң гой... Демде ішкі сарайың ашылып, көзің шырадай жанып шыға келеді. Құн сәулесінен су түбіндегі тастар да мөлдіреген моншақтай көз қарықтырады. Бір айыбы, суда балық болмайды.

– Қазір қүннің көзі едәуір қысқарды. Ауа райы ашық деп алданып қалма, күз айлары құбылмалы, тез бұзылады. Үшшоқыда түйенің бар жоғын біл

де, айналмай тез қайт. Мына тұрган жер емес пе, сүт пісірімде жетесің.

Тасмаганбет ат үстінде отырған баласының бетінен сүйді.

— Жолың болсын!

Берілген тапсырма үлкен жауапкершілік жүктегенін түсініп, түйені тапқанша, өзін көрсетпекші болған Тасболат:

— Ага! — деді әкесіне. — Мен әлі кішкентаймын ба?

— Жоқ, балам. Бұрындары он үшке толған ер бала отау иесі болған. Сен он төрттесің, соны біліп қой.

Әкесінің жүзі құлім қақты. Өзінің де күткені осы еді.

Баланың астындағы қүрең төбел аттың жал-құйрықтары үйисқан. Қарны қампиып, осы жарылып кететіндей тырсыып тұр. Қамшы басуга аяйсың. Мына тұрган жерге демде барып келе қоятындаі сыңаймен Тасболат жолға шықты.

Ол ат тізгінін қоя беріп, белеске көтерілді. Шетсіз-шексіз далага көз жетпейді. Алдынан мемнүндалап шақырып тұргандай, мұнартып Үшшоқы көрінеді. Аспан ашық. Маңдайдан соққан самалмен бірге жусанның жұпар иісі аңқиды. Жол жиегінде жағалай өскен пырдай жусандар күмістей жылтылдаپ тұр. Анадайдан шоқ-шоқ талдар көлбендейді. Жорғасын төгілткен қүрең төбел басын сәнімен көтеріп алған.

Кең далада інінің аузында қаздыып тұрган сарышұнақтар мен қураған бұталардың басына қонған қараторғайлар көрінеді. Көк жүзіне іліп қойғандай боп қалықтап жүрген жапалақты көр-

генде, бұдан да кішкентай кезін есіне алды. Ол кезде мектепке бармайтын. Сонау шырқау биіктегі ұлпадай аппақ бұлттарға қарап, қалайша жерге түсіп кетпей, салбырап тұр деп таңырқайтын. Алабұртқан көңілі бірде сол бұлттарды қолымен ұстап көрмекші болады, бірде ұстіне шығып ойнасам деп қызықтайды. Артынан сонау биіктен құлап кетемін бе деп, қарауға қорқып қояды. Бала біткен қиялшыл келеді. Қазір де қиял қанатына мініп, «Айға ұшатын косманавт болам» деп армандал жүр. Жұрт ашпаған жаңалықты бір өзі ашып, елдің бәрін қуантпақшы ойы. Сонда өзін ел-жұрты бастанына көтеріп, қолпаштайтын шығар деп қошеметтеріне бір марқайып қалды. Осылай ойға берілгенде уақыттың қалай өткенін де байқамады. Білінбей сырғитын уақыт қасқағым сәтте зуылдапты.

Өзектің жағасындағы қамысты бойлап, Жиделі өзенін жанамалай өрге көтерілді. Дала бозторгайдың әуеніне тербеліп тұр. Алыстан кішірейіп көрінгенімен, шығысында көсіліп жатқан жазыққа жалғасатын ирек жон әжептәуір-ақ ұлken екен. Жотаның ұстіне жақындаған сайын ұлken-ұлken жалаңаш тастар көбейді. Міне, Үшшоқыға да келді. Алдымен төңіректі шолды. Қайда қарасаң да, тұ-ұу алыста буалдыр көкжиекпен астасып жатқан кең дала. Құдды басындағы төбетейге ұқсан жер дөңгеленіп жатыр. Жиделі өзені батыстан күн көзіне шағылысып, айнаға түскен сәуледей көз қарықтырады. Мына жотаның ұстінен қараганда, «Жыланды тәбе» дегенің теп-тегіс екен. Өткен жылды Жолай ағасы екеуі осы жермен жүргенін машиналың даңғыл жолынан таныды. Сонда жолдың

бойынан құжынаған жыландарды көрген. Біреуін машина басып өткенде жылан шағып алатында қорқып еді. «Жылан өліп қалған шығар» деген Тасболаттың ойын түсінгендей, машина жүргізуші мұртты жігіт: «Оған жылан өлмейді. Осы жерден күніге өтеміз. Өлген жыланды көрген жоқпын. Бұл жерден жаяу адам да жүре береді. Өзің тимесең, олар өздігінен саған тимейді. Баурайда күн көзіне қыздырынып жататын жылдағы әдеті».

Қазір сол жаққа қарауга қорықты. Одан әріде ағасының ауылы көрініп тұр. «Әттеген-ай, қазір балалардың бәрі оқуга кеткен, ауылда жоқ. Әйтпесе баратын едім», – деді ағасының ауылына қызыға қараган бала. Енді шоқының үстіне шығып, төніректі қарамақшы болды. Шоқы дегенің үйіліп қалған төмпешік емес екен. Табаны ағаш үйдің көлеміндей бұжыр-бұжыр тастар биіктеген сайын жіңішкере береді. Үстіне аяғын тіреп шығатын тепкішек бар. Көкпен таласып, баяғының батырларындағы тәқаппар тұр. Тасболаттың үстіне шығуга батылы жетпеді. Мужілген тастардың кеткен жерлері болмаса, Үшшоқының бір-бірінен айырмасы шамалы. Қай ғасырда екенін кім білген, жаугершілік заманда осының үстіне шығып, күн-тұн демей төніректі қарауылдаған. Үш шоқыга бірдей күзет қойған. Бірі байқамаганың бірі көрер деп ойласа керек. Бұрын да алыстан келе жатқан жауды көріп қалса, бала-шагаларын жасырып, алдарынан жасақ шығып. қарсы соғыска дайындалады екен. Сонын арқасында шапқыншылардан елін, жерін аман алып қалып отырған деп жүз бір жастағы қария Тасыралы айтқанын шөбересі

Нұрым мақтандышпен айтып еді. Әуелде жота емес, тау болған деп білгісінген сонда. Құздің сұргылт көрінісін жаңа танып түргандай, айналасына құмарта қараған бала бұл жерге жоқ іздең келгені, енді есіне түсті. Алыстағы көлеңкелеу жердегі қарайғанды малға ұқсатқанмен, не ағаш, не тірі жан екендігін айыра алмады. Не де болса барайын деп, аттың басын солай қарай бұрды. «Күрең тәбелдің жүрісіне қызықпайтындар бар ма екен? Жоргасы қандай керемет!» деп таңданған Тасболат жүрісіне сүйсініп, атына қамши үйірді.

Құннің көзі көкжиекке қарай еңкейіп қалыпты. Зеңгір аспан бетінде қарақошқыл бұлттар пайда бола бастаған. Терістікten шыққан жел бірде ысқыра соғады да, бір сәт демалып, тың-тың-дагандай тына қалып, қайтадан гүілдей жөнеледі. «Ауа райына сенбе» деп әкесінің айтқаны есіне түскенде, бала іштей толқыды. Кенеттен дауыл көтерілді. Шашақтары селдіреген ағаш бастары шуылдай бастады. Бұріскең бұтақтар мен қураган шөптер де мас кісідей бұлғақтады. Жел жұлып кеткен жапырақтар мен құс қауырсындары ауда үйірліп, айналып жүр. Іле-шала нөсер құйып кетті. Үсті су болған Тасболат амалсыздан қалың ағаштың тасасын панарап, жаңбырдың басылуын күтті. Әншейінде тез өте қоятын нөсер қоймай жауды. Бұл көмкерген көгілдір аспан күн батқан сайын тарылып, қараңғылана бастады.

Нөсер басылды. Жел азынаған, тас қараңғы тұн. Тасболат қараңғыда жалғыз жүрудің қандай қорқынышты екенін енді сезе бастағандай. Әлгінде ғана жанына серік болып келе жатқан кеуде толы қуаныштың әсерінен туган қиялдың қайда

кеткенін білмей, орны қоңылтақсып, жапан түзде көңіліне сүйеніш іздегендай алаңдай берді. Бәрі де ойдағыдай бола қояды деген бала көңіліне күтпеген жерде күдік кіріп, тығырыққа тірелгенін байқап келеді. Көзге тұртсे көргісіз тұн ішіне қадалып қарады. Қорыққанға қос көрінді ме, әлде-бірдеме қараңдағандай болып, бүкіл денесі мұздарап қоя берді. Бала төңірегіне үрке қарап, қашуга шақ отыр. Енді бірде, қаңыраган далада өзінен басқа тірі пенденің жоқ екенін сезіп, аспаны бұлт, алды бұлдыр, атам заманнан тас болып қатқан тажал мүсіндей, қараңғы тұннің ішінен төніп кеп қалатын жартастардай, қарайған біткеннің бәрі зорайып көрінгенде, тұсынан сескенбей қалай өтсін? Үрей туды... Минут сайын өз өмірі туралы қалтырап, айналадағы құпия біткеннің бәрі мынау өлі үнсіздік жайлаган тыныштықта дөңкип жатқан қоңыр тас та, сүмендеп ерген ат тұяғының тықыры мен кей сәт құлағын тікірейткен күрең төбел де жалмауыздай көрініп, үрейін еселеп келеді. Аттың тізгінін бос қоя берген бала бас киімін көтеріп, мандаіындағы кекілінен тартқылап жылады. Екі иығы селкілдеп, Тасболат әкесін шақырды:

— А-ға-аа!

Со кезде «сен үлкенсің» деген даусы құлағына жаңғырыққандай болды ма, жоқ, әлде айдалада бір өзі екені есіне енді түсті ме, әйтеуір алыстағы оның даусын ешкім естімейтінін тұсінгенде барып, өксігін бір-ақ басты. Тағы да торығып, алақтап айналасына қарады. Әлде үрей, әлде шаршағаннан ба, денесі қалтырап, жаңбырдан кейінгі қара сұық өңменінен өте бастады. Әке-шешесі ойына түсіп, оларды елжірей сағынып кетті. Иен дала-

да енді қайтып оларды көре алмайтындаі, да-уыс салып тағы да айқайлағысы келді. Бірақ бұны кім естиді. Түн баласына көз ілмейтін малшы да малын қотанға бекітіп, әлдеқашан үйқыға кеткен шығар, кім білсін?! Үн шығарған жоқ.

Жел қайтадан ерегеспе долылыққа басты. Ты-мағының құлақ бауын түсіріп, тамағының астынан байлап қойды. Қойны-қонышын қеулеп, ат үстінен ұшырып әкететіндей еліреді. Ердің басын қос қолдап ұстап алған. Түнде жүрген жол ұзақ. Межелі жерден жаңылып, қазірдің өзінде-ақ ес кетсе, елді мекенге жеткенше шықпа, жаным, шықпа де.

Елсіз далада бойын үрей билеп келе жатқан Тасболаттың алдынан кішкене жылтыраган оттар көрінді. Төбесі қөкке жеткендей қуанып кетті. Осынау жапан түзде көзіне ыстық тарта қалатын-дай сүйеу табыла қояды деп ойламаған еді. Балага бұл да демеу болды. Ердің үстіне қайтадан жайланаңып, желліне қеудесін көтерген Тасболат тор төбелді тебіне түсті. Ат та осыны құткендей, басын көтеріп, құлагын қайшылап, аяғын серпи басты.

Енді жаңағы көрінген жарықтың қайда кеткені белгісіз, жым-жылас болды. Бір кезде айнала қайтадан кішкене жылтыраган оттарға толып кеткенде, секемденген көңілі қатты жүдеп сала берді. Осындаға қайдагы-жайдагылар еске түсептіні бар. Шайтанның отқа үйір екенін, шаштары жалбырап, ұсқынсыз түрлері құбыжыққа ұқсап, жарықты айнала асыр сала жер тепкілеп, үстерінде лыпа болмай, ербенде билейді деп балдардан естігені ойына келгенде, шын қобалжи бастады.

Бірақ оттың төңірегінен ешнәрсе көрінбеген соң, көңілі орнына тұсті. Ерте заманнан бері жаугершілік кезінде адам денесі қайда қалмаган дейсің. Сүйектегі фосфордан жарық шығатынын біреу білсе, білмейтіндер де бар емес пе? Қапелімде балага ғана емес, ұлкендердің өзіне де қорқыныш әкелетіні сөзсіз еді. Келе-келе көздері жылтыраган жарыққа да үйренді. Қауіпті ешнәрсе жоқ екеніне көзі жеткен бала бәрібір алыстан көрінген оттардың жақындай бере, көрінбей кеткеніне түсіне алмай қойды.

Кейде жаның құйзелсе, жігерің қайнай түспей ме?! Тасболат та көрген азабына шындалып қайраттанғанмен, осы бір тас қараңғы түн ішіне көзі үйрене алмады. Қанша уақыт өтті. Жол – жургеннен таусылатын болса, ендігі таусылар еді. Әлі жүріп келеді. Бағыт-бағдар жоқ. Қай жерде келе жатқанын білмей қиналғанда:

– Шынымен-ақ адасқаным ба? – деп іштей құбірледі. Тас қараңғы түннен, енді қайтіп таң атып, құн шықпайтындей, бәрі де қайтып оянбайтын, мәңгілік үйқыға батқандай міз бақпады. Тың тыңдаса, ысқырған желдің ызыңымен, бірқалыпты үзенгі сыңғырынан алабөтен құлаққа ұrap бөгде дыбыс жоқ. Желден ықтап, атына жабысты. Жанына серік болар мақұлық – астындағы жануар ғана. Бірақ бұл да жанарын тайдырып түр. Ер-тұрманның ербиген қасы көрінеді. Ат та шаршап, ердің басы аспанға шығып кеткендей құлағын жымитып, басын жерге салды да, дәрменсіз күрсінді. Жота ма, әлде жазықтық дала ма, айыруқыны. Осы тартқан азабы үшін кімге ашуланарын білмей күйінгенде, өршелене түсіп, астындағы

атын тебінеді. Не салса да көндім ендеши, не болса да құрдым болмаса, деген бір ой дүлей өлермендікке жетелейді... Сүйткенше болмай, қараңғы түннің ішінен әлдебірдеме қимылдағанын байқап қалды.

Міне, көз алдына бір нәрсе қорбаңдағандай, жүргегі алып-ұшып, дір етіп кілт тоқтай қалды. Бүкіл денесі, екі тізесі қалтырап қоя берді. Со мезетте ат үркіп, жалт бұрылды да, Тасболат құлап қала жаздалап, дер кезінде ердің басынан ұстап үлгерді. Қараңғыда анық ажырата алмаса да, домалап бара жатқан қаңбақты көзі шалып қалды.

Әйтеуір түн екенін біледі. Әбден есі кетіп шаршаганы сонша, ат үстінде былқ-сылқ етіп, құлап кететіндей отыр. Әлден уақытта жүрген жүрістің шегі болмай кеткенін астындағы жануар да сезді ме, төрт табандап жүрмей тұрып алды. Бала амалсыз аттан тұсті. Алдынан шығып, жүгенін иығынан асыра, қос қолдап бар күшімен алға тартып, табанымен жерді нық баса тіреп, екінші аяғын алдына қарай көтере бергенде, қас пен көздің арасында Тасболат шалқасынан құлады. Ат орнынан қозғалған жоқ. Түк түсінбеген күйі, не істерін білмей қиналған бала жапан дала-да өзімен-өзі іштей арпалысты. Өзінің осынша дәрменсіз болғанына күйінді. Кенет ызадан булығып, еңіреп жылады. Суық мұнар мен өлі тыныштық жайлаган далада басу айтатын тірі пенде табылмай, ат та құр сүлдесі қалған. Бейшара, шаршаган шығар. Әйтпесе «Қасындағы мені ұмытпа» дегендей осқырынып, құлағын тікірейтіп тұрар еді ғой. Ақыры қашанғы жыласын, солығын

басып, атты тұрган жерінде шідерлеп, қолына шылбырдың ұшынан орап, үстіндегі куфайкісімен жерге қисая кетті. Ол енді қорыққан да, үрейленген де жоқ. Үйдегі әкесі мен шешесін ойлады. Әкесі – колхозда басқарма. «Мені ізден жатқан шығар. Апам «жүрегі ұшып кетпесе болар еді» деп түнімен ұйықтамай, уайымдайтын шығар. Ағам шыдамды, не де болса ішіне сақтайды. Жұрт сияқты күйгелектенуді білмейді. Ауылды дүрліктіріп, біреулерді жұмсал жатыр ма екен? Ұят болды-ау! Оларды әуреге салғанымды қарашы. Ағамның айтқанын істеп, тез қайтқанымдағой, бүйтіп айдалада жатпас едім».

Ес білгелі әкесінің кеше бірінші рет бетінен сүйгені есіне түсті. Әлі орны ып-ыстық болып, күйіп тұргандай. «Әкем мені үлкенсің деді-ау. Аға! Күні кешеге дейін бір маңдайымнан сипап, бетімнен бір сүймедің гой. Басқа балалардың әкелеріндегі күніге айналып-толғанып, мейіріміңді төгіп тұрсаң гой! Бір ауық қиял қанатына мініп, шырқау биіктегі бұлттармен бірге қалықтап жүрер едім. Менің бетімнен сүйші, алақаныңмен маңдайымнан сипашы, иісінді сезейін, мейіріміңді бойыма сіңірейін. Бірақ мен енді үлкенмін, өзің айттың. Сипамасаң да болады. Иә, ага! Ендігі жерде өр мінезіңе қарап өскенімнің өзі не тұрады. Ол маган күш те, қуат та береді. Бұған мен сенемін. Қөрдің бе, айтқаныңды істемей, далада жатырмын. Маган ұрыспаймын деп айтшы. Кешіресің гой. Бұдан былай балалығымды тастап, істеген ісіме мүқиятты болам деп уәде берем. Маган сенші...»

«Әке, неге мені әлі бір ұрган жоқсың? Осы жолы жақсылап үршы. Есімде қалсын. Таяқ же-

ген жақсы. Тәртіп бар жерде – ақыл бар. Мүмкін, құлақ аспай жүре бергенім соның кесірі шығар». Бала жылап жатқан күйінде үйықтап кетті.

Тасболат тұндегі қорыққаны тарс есінен шығып, түк болмағандай үйқысынан оянганда, күздің салқын таңы әбден атқан еді.

Шығыста ұзыннан түсіп сұлап жатқан жотадан асып, Ұшшоқы үстін шарпып, құн шығып келеді. Аяқ-қолын созып, құрбақадай тарбиып, керіліп алған соң, мұздап қалған денесі жылынғандай болды. Орнынан тұрды. Мөлдір аспан төрінде қоңыр ала бұлттар көшіп жатыр. Қиырдан соққан ызгарлы желдің екпіні сәл бәсендеген. Төңірегіне қарады. Таныс жерге үқсайды. Жотаның үсті екен. Бірақ Ұшшоқы алыстап кеткен. Немере агасының ауылы көрінбейді. Құн батыс жақта тұрганын енді байқады. Қалай болғанын түсінбей, таң қалды бала. Тұнімен айналып жүргенін кейін үқты. Ат та тұндегі орнынан қозғалмапты.

Тасболат тас қараңғыда құлама тіп-тік жардың үстінде тұрган аяғының ізін көріп шошып кетті. Бұрын өзеннің орны болса керек. Су тасып, мұжіліп құлағаннан пайда болған жарға үқсайды. Әріректе, кең арналы өзен жазықпен жарыса орағытып, ағып жатқан судың арнасы ап-айқын көрініп жатыр. Төменде жазықпен беттескен жер бұлдырап көрінеді. Одан ар жағы апанның үнірейген аузындай қап-қара, түсі қорқынышты.

«Мынадан құласам, бүйтіп тұрмас едім гой».

Қапелімде бойын үрей билеп, қараңғы түпсіз шыңырауға құлап кетердей кейін шегінді. Мына құздан қалай аман қалғанына бала таң-тамаша болды.

...Кеше түнде әлдебір күш желке тұсынан тартқандай еді. Енді есіне тұсірді. Соны негып аңғармағанын айтсаңызы. «Сонда ол кім болды екен?» деп ойлады бала. Эйтпесе мына жерден құласам, нем қалатын еді деп тіп-тік жардың үстінен басқан ізіне тағы қарады. Жаңбырдан кейінгі із мені көрдің бе дегендей баттиып жатыр. Тайга таңба басқандай. Басқан бәтеңкенің бас жагы тиғен жардың шеті опырылып, құлаган орны үнірейіп қалыпты. «Киелі жердің иесі болады» деп кеше оқыған кітабында жазылған болатын. «Әлде сол ма?» деп ойлады.

— Құдірет! — Бұрын айтпаған, ешкімнен естімеген бұл сөздің аузына қалай тұскенін байқамай қалды бала.

— Құдірет! О, құдірет! — деп Тасболат қайта күбірледі.

Атына міне бере, алыста келе жатқан екі аттылы кісіні шырамытты. Иен далада ауыл адамдарының сұлбасын таныған Тасболат:

— Мен мұндамын! — деп кең даланы жаңғырықтыра айқайлап жіберді.

Kөптен шет облыста жүрген Ербак ауылдасы Нариманның қалада тұратынын кездейсоқ білді. Іссапарға келген сайын Олжабай кластасына қоңырау шалып хабарласатын. Бұл жолы да сөйткен еді. Телефонның аргы жағындағы дауыс: «Үйге кел де, кел», — деп жабыса кетті. Әуелгіде қонақтардың үстіне келгеніне қысылса да, артынан өкінген жоқ. Ауылдағы көршісін тауып, соған мәз болды.

Сол ауданнан көшіп кеткеннен бері де отыз алты жыл өтіпті. Кім есінде қалсын? Сөзден сөз шығып, Нариман жайында әңгіме қозгалғанда, оған онша мән бере қоймап еді. «Әкесі Бақтығалидың өзі де құр емес» дегенде барып, құлағы елең ете қалған. Ол үймен кішкентай кезінде көрші тұрганы есіне түсіп, сол жерде әдіресін жазып алышп, қуанбасы бар ма!? Содан оны көргенше асықты.

Асыққанда кері жүретін қырсық уақытқа не шара?! Келген жұмысын бітіргенше тағат таппай, заводтың директорын күнүзақ күтіп, ешқайда шыға алмады. Ол да бір болмағыр біреу екен, не жұмыста жоқ, не үйінде жоқ, қайда жүргенін ешкім білмейді. Тектен-тек үш қүні босқа өтті. «Келген шаруаларымды тез бітіріп, ауылға ба-рам» деген ойы іске аспай, жіпсіз байланды.

Ербақ жексенбі күні Нариманды арнайы іздең шықты. Мамыр айы болатын. Аспан ашық. Төбенден күннің көзі шақырайып тұр. Маужыраган ағаш жапырақтары баяу ескен желге еркелей діріл қағып, билейтін тәрізді. Күндегі өзі көріп жүрген қала тынысы: адамдардың даусы, машиналардың шуылы. Жоғары-төмен тынымсыз ұшқан торғайлар жарыса шырылдаپ жатыр.

Ербақ қаланың батыс жағына қарай жарты шақырымдай жүрген соң, өрге қарай төбешік басына шықты да, төменнен құн көзіне шағылысып, элеватордың зәулім биік сұлбасы көрінді. Бұл баратын Мичурин көшесі сол маңда. Қайда барса да машинамен жүріп, әбден жаман үйреніп кеткен ол аяғын әлтек-тәлтек басып, бойын игере алмай, жүрісі де өнер емес. Ол қазір қаланы жаңа көргендей, айналасына көз жүгіртіп, сезім құшағына бөленіп келеді. Ой шырмауына түскен. Қөнілі алыста.

...Нариман ол кезде он төрт жаста болатын. Оның ешкімнен қорқып именуді білмей, қасқайып тұратын жаратылысы да қызық еді. Сол жылдары аудан орталығымен жалғасып жатқан «Жайшар-уа» деген ауылда Ербақтың үйі Наримандармен көрші тұрды. Өзінен екі жас үлкен Нариманның өжеттігі мен айтқан сөзінен қайтпайтын бірбет-кейлігі оған қатты ұнайтын. Әке-шешесі де: «Тіл көзден аман болсын. Болайын деп тұрған бала» десетін. Нариманның қалай дүниеге келгені туралы әңгімені әкесінен талай естіген де.

...Маусым айының іші. Сол күні аспан ашық болатын. Ал кешкүрим мал өрістен қайтар кезде, ауа райы демде өзгеріп, көк жүзін бұлт торлап,

шаң-тозаңмен бірге жердің топырағын суырган қатты жел тұрды. Соңынан аспан айрылардай күн күркіреп, сатүр-сұтыр найзагай ойнап, нөсер жаңбыр жауады. Осы кезде Сәрсенқұл толғағымен арпалысып, жаны мұрнының үшінда қинаалып жатқан. Сай-сүйегінді сырқыратқан даусы тым аңы. Жиналған көрші-көлемде ес жоқ. Ауылдағы жалғыз фельдшер де жолаушылап кеткен екен. Көшениң шет жағында тұратын жұз жасқа келген татар кемпірге жүгірді. Ол әже қашан барсаң да басында ақ жаулық, үстіне аппак киім киіп, алдына Құран Қәрімді ашып қойып, оқып отыратын адам еді. Бақтығали сол әжені шелектеп құйған жаңбырдың астында зембілге отыргызып, үстін көрпемен жауып, тағы бір жігітпен алып келді. Әже келе сала, Сәрсенқұлдің кіндік түбін басып, аман-есен босандырып алады. Нұр жауғанда туылды деп, «Нариман» атын да өзі қойыпты...»

Сөйтіп, Нариман өсе келе тентектігімен аты шықты. Оның сотқарлығына ыза болған Бақтығали үстінен шагым айтып келгендердің көзінше оны аямай ұратын. Кейде ұргызбай қашып кетіп, күнүзақты көшеде тентіреп, әкесінің ашуы басылды-ау дегенде үйіне келетін, болмаса, далада да түнеп шыға салатын. Қыстың күндері Бөрібасар итінің қасындағы үйілген шөптің ішіне кіріп алып үйіктайды. Оның төбелес десе есі кетіп, топ баланың бас-көзіне қарамай, шетінен қалпақша лақтыратуғын. Ауылдағы бала біткен одан именеді. Тіпті апаларына келген жігіттерге де, тас не кесек лақтырып, болмаса, ағашпен ұрып, үйінің маңына жыуытпайтын. Олар да теке тіресіп, бере-

ке таппайтынын білген соң, қолындағы сағатына дейін беріп, тілін тауып алдайтын.

Бірде Ербақ ауыл сыртында жайылып жүрген бұзауды қарауга кетіп бара жатып, бір топ балалардың алдында тұрған Нариманды көрді. Қолында таяғы бар. Сөйткенше болмай, апыртопыр жағалас басталды. Әп-сәтте бірі жығылып, бірі қашып, төбелес сап тыйылды. Орнында тапжылмай тұрған Нариманга жүгіріп келіп, таңданыспен:

— Аналарға не істеп қойдың?! Тым-тырақай қашқандарына қараганда, сыбагаларын бердің-ау, — дедім мен.

— Бәрін істеп жүрген — райкомның баласы Сәбит. Анада доп ойнап жүріп, қайта-қайта алдымнан шығып, жол бермей, ойынды бұза берген соң, аяғынан шалып құлатқанымда тасқа тиді ме, бет-аузы даладай қанаған. Сондағы өшімді алам деп, балаларды жинап келгені ғой... Өздеріне сол керек, енді қайтып келмейтін болған шыгар. Өңкей қоян жүрек! Бір-екеуін ұрып құлатып едім, қалғандары тұра қашты. Қолымның қышуы қанбай қалды, — деді ыржиып.

— Топ балалардың арасында жүрегің шімі-рікпей, дәтің шыдалп, солармен қалай төбелесесің? — Ербақ таңданғанын жасырмады.

— Ондай кезде еркім өзіме бағынбайды. Құтырынып кетем. Бойымда төбелеске деген ерекше құлшыныс пайда болып, арқам қозады. Ойыма қорқу, сескену деген кіріп шықпайды. Таяқ жесем, өкініп жыламаймын. Қайта ол маған жағады. Денемнің құрысқаны тарқап, рахатқа бөленем.

Сол күні екеуі өзенге сұға тұсуге барады. Жолда жатқан бүтін қызыл кірпішті көтеріп алған Нариман:

— Мына кірпішті басыңмен ұрып, сындыра аласың ба? — депті Ербаққа қарап.

— Шөлмек емес қой, шерте салғанда сына қалатын, — деп Ербақ күліп, немқұрайлы жауап береді.

— Ендеше, қара, осыны басыммен ұрып сындырам, — деп кірпішті екі жағынан саусағының ұшымен ұстап, маңдайымен соғып, қақ бөліп түсірді. Сонда көрген көзіне сенерін де, сенбесін де білмей аңырып қалған Ербақ:

— Басың ауырған жоқ па? — деп сұрады. Маңдайындағы қызарған орнын көргенде: — Шыныңды айтши, ауырды ма? — Жаны ашып, қайта сұрады.

— Неге ауырмасын, ауырды. Бірақ шыдам кепрек. Мен кішкентай күнімде ешкілердің сүзіскенін көріп, басыммен қабырғаны ұратынмын. Кейін жерде жатқан тақтайды маңдайыммен ұрып, сындырып жүрдім. Кірпішті қақ бөлгенімді қазір көрдің гой, — деп мақтанғандай бол сөйлеген Нариман Ербақтың арқасынан қағып, мәз болып күлді.

Келесі күні ойнап жүргенде Нариман: «Шұбат ішіп шығайық», — деп, Ербақты ертіп үйіне келген. Есік аузынан қабагы тұксиіп қарсы ұшырасқан әкесі бірауыз тіл қатпастан, оны шап беріп ұстап, түйе қорага жетелей жөнелді. Ербақ та ілесті. Бақтыбай есікті іштен жауып, он жақ босагада ілулі тұрган үш қамшының ішіндеңі қысқалау қызыл тобылғылысын қолына алды. Оның ойын

түсінген Ербақ та шошып кетті. Қорыққанынан бойы шымырлап, денесі түршікті. Нариман әкесіне қарап жайбарақат тұр. Бақтығали ашудан жарылардай күйініп:

— Кеше не бұлдірдің? Бол, айт! Әйтпесе мына қамшымен жоныңды тілем. Жөн-жосықсыз біреуге тиіскеннің қалай болатынын сонда білесің.

Нариманда үн жоқ. Айыбын мойындағандай, басы салбырап тұра берді.

— Олай болса, өз обалың өзіңе! — Сегіз өрмелі қамшымен жон арқадан бір салды. Қамшыны қөтеріп, екінші рет ұруга дайындалған әкесі: — Айтасың ба, жоқ па? — деп қайта ақырды.

Нариман ақталғысы келмейтін сияқты, бо-зарған қүйі жауырыны бүрісіп, тіс жармады. Жылап тұрса да қорыққаны білінбейді. Нариманды аяп, арашага түсейін деп еді. Бойы дірілдеп, үні шықпай, тұрган орнынан қозғала алмады.

— Жөнімен кетіп бара жатқан баланың атын тартып алып мінгенде қайда бардың? Онымен де қоймай, атын ақсатып келгенің не? Сенен-ақ өлетін болдым-ау. Жұрттың бетіне қараудан қалдым. Мына жүрісіңмен қалай адам боласың? — деп Бақтығали айқайға басқан.

Жон арқаны қамшы тіліп жатыр... Қарауга дәті шыдамаған Ербақ бетін жауып, жүресінен отыра кетті. Содан Бақтығали есікten шығып кеткенде гана басын қөтерді.

Бір шетте бүріскең Нариман біразға дейін орнынан қозғалмады. Ербақ қасына жақындағанда көрді, көзі жасқа шүпілдеп тұр екен. Үстіндегі сарғыш түсті жолақ көйлегі әр жер-әр жерден

сетінеген. Әр жер-әр жерден қан білінеді. Әлден уақытта:

— Мен оған қазір көрсете, — деп тісін қайрады.

Сөйтті де, сыртқа қарай зыта жөнелді.

Тағы да бірдеңе бүлдірмесе болар еді деп көнілі қобалжыған Ербақ та соңынан келеді.

Нариман бұлармен қатар Сапардың үйінің қасына тоқтады. Әкесі Ғалымжан география пәнінен сабақ береді. Жалма-жан жерден жинап алған тасты бер жақ беттегі екі терезеге лақтырып, әйнектерді күл-талқан етті. Содан соң:

— Осы ма сендерге керегі, — деп өзіне-өзі тістене сөйледі. Кері бұрыла бергенде, үйден шыққан дауысқа кілт тоқтады.

Үй жақтан айқай естілді.

— Терезені қиратқан кім? — алдымен Қалима жүгіріп шықты. Соңынан Ғалымжан мен Сапар да көрінді.

Нариманды көрген бойда Қалима:

— Тапа-тал түсте жын ұрды ма сені? Сенен-ақ қалдық қой, бәлеке! — деп бері жетіп келді. Ғалымжан да әлдене айтып жатыр.

Бірақ Нариман олардан сескенген жоқ. Олардың сөздеріне құлақ та аспады. Қас батырша адымдап, қастарына жетіп барды.

— Менмін тас лақтырған, ал не істейсіңдер? Ал істендерші, көрейін, не істер екенсіңдер маган. — Үнінде діріл бар. Ызадан күйіп түр. Үзіп-үзіп шақ сөйледі. Алдында түрган мұгалімін де елер емес. Бажырайған көзінен жасы сорғалап, үшеуіне алма-кезек қарады. Сәлден соң:

— Әкемнің маган не істегенін білесіндер ме? Міне, көріндер! — деп көйлегінің қолтығынан тартып қалды. Жыртылған көйлегін шешіп, жерге лақтырып тастады. Арқасының сау-тамтығы жоқ. Қамшының орны жолақ-жолақ, қанталап кеткен. Әр жер-әр жері — қан.

Сапар қарай алмай үйіне кіріп кетті.

— Мен өле таяқ жейтіндей не жазығым бар. Атың аман. Аяғы ақсаса, мен емес, інге аяғында тық деген, — деп өжеттігіне салып, өршелене айқайлады.

Жас баладан мұндай айбарды күтпеген екеуі де сасқалақтап қалды. Демде райларынан қайтып, бірауыз сөз қайтаруга шамалары келмеді. Қалима шамалыдан кейін есін жиып:

— Мына баланың түрі жаман, адам өлтіруден де тайынбас, — деген естілер-естілмес.

Ал Ғалымжан ештеңе демей бұрылып кетті. Ол осыдан бес жыл бұрын осы ауылға қызмет ба-бымен көшіп келген болатын.

Нариманның атасы Рысқалидың емшілігі бар еді.

...Оқушылардың қысқы демалысқа шыққан кезі. Далада қар ұшқындаپ қатты жел тұрған. Бір адым жер шақ көрінеді. Қорадағы сиырга дейін құйрығын шабына тығып, бүрісіп тұр. Ауладағы төбет ит «Бөрібасар» күркесінде бұйығып жатыр. Үйге кірген Ғалымжанға үрмек түгілі басын көтерген де жоқ.

— Ассалаумагалейкум! — Ғалымжан қара-көлеңке бөлмеге кіріп, табалдырықтан аттап тұрып қалды.

— Эликумассалам. Жоғары шық, Ғалымжан. — Бақтығалидың әкесі күтпеген қонақты көнілді қарсы алып, үй-ішінің аман-саулығын сұрап, отырған орнынан сәл жылжып, төрден орын ұсынып жатыр. — Үй көрсету біздің орынымыз еді. Әне-мінемен соған құнт болмай жүргені, — деп қысылған ниет көрсетті.

— Өтеннен естіп едім, — деп бұрыш жақта бес тас ойнап отырған оқушыларынан ыңғайсызданғандай Ербақ пен Нариманға көз қырымен қарап мұдірді.

— Айта бер! — Нариманның атасы Рысқали оны елемегендей сөз қатты.

— Сол кісі сізді айтқан еді. Жақсы емші, барып көрінсейші деген соң...

Рысқали сақал-мұртын сипап, үндеңкіремей сәл отырды. — Көрейін. Мензеп отырған ауруың жұтқыншағыңың астындағы томпақ па? Әлде басқа да ауруың бар ма?

— Иә. Соңғы жылдары жаныма қатты батып жүр. Дәрігерлер жаза алмай қойды. Олардың білетіні — «кесеміз» дейді.

Рысқали орнынан тұрып кетіп, мыс сымды қолына ұстап оралды. Жанып тұрған примустың жалынына мысты ұстап оқып отырды. Әбден қып-қызыл болып қызарғанда:

— Маган жақынырақ отыр, — деді Ғалымжанга.

Мұны көрген Ербақтың зәресі тас төбесінен шықты. Сонда да екі көзі сымда. Нариманның еті үйренгені көрініп тұр. Қолындағы бес тасын шашып, көңіл бөлмей ойнап жатыр. Әлгі қызарған мыс сыммен Ғалымжанның тамағын қысып байлады да: — Бір жеті болғанда маган кел, оған

дейін тұрсын, — деді. Сонан алқым bezі ісігі жазылып кетті. Содан шығар, Ғалымжан тerezенің әйнегін сындырган Нариманды әкесіне шағымданып айтқан жоқ.

...Откен күн көріністері көз алдынан өтіп жатты. Ой жетегіндегі Ербақ іздеген үйінің үстінен шыққанда есін жибы. Шағын ескі үй екен. Үйдің төбесіндегі түскен шифердің орны үңірейіп тұр. Ауласын қоршаған шарбаққа да әрнәрсені қойып жамай берген. Есіктегі қоңырауды басқанмен ешкім шыға қоймады. Содан соң сыртқы есіктен имене басып, табалдырықтан аттады. Ауызғы бөлмеде отырған орта жастағы кісімен амандастып:

- Нариманның үйі ме? — деп сұрады.
- Иә.

Ербақ әлгі кісінің қасына отыра кетті.

Ішкі бөлмeden адам шығып болмады. Жабық есіктің астыңғы-үстіңгі саңылауынан әйел даусы естіліп тұр:

— Аурудың қайсысы да жақсы емес. Соның ішінде демікпе жаман екен. Әбден қинағы. Дәрігерлер де емдей алмай, пенсияға шығарған. Қазір, шүкір, тәуір болдым. Саған мың да бір рақмет...

Сөйлеп отырған қартаң әйел аздан соң шығып кетті. Орнына Ербақтың қасындағы адам кірді. Енді ауызғы үйде Ербақтың бір өзі қалды. Ішкі бөлмеге құлақ тігіп отыр. Бұ жолы кірген адамның даусы тым жәй шығып, түк ести алмады.

— Өз пигылышынан тапқансың, ештеңе істей алмаймын, — деген Нариманның даусын естіді.

Ал әлгі адам іштен көңілсіз шығып, бұған көңілсіз көз тастап жүре берді.

Нариманмен қол алысып тұрып Ербақ ішінен: «Көшеде көрсем, танымайды екенмін», — деп ойлады. Орта бойлы, дөңгелек жүзді жігіт ағасы ақ көйлек, ақ дамбал киіпті, басында — ақ тақия.

— Қолымды жуып келейін, отыра беріңіз, — деді.

Ербақ бір өзі қалғанда тағы бір кішкене бөлменің жабық есігін көрді. Орыстар салған үйдің бөлмелері осында тар болатынын билетін. Баласы жарысқа қатысып, жүлде алған медальдары қабыргада ілулі тұр. Он жақ бұрышта теледидар, қасында магнитофон бар.

Ербақтың қарсы алдына келіп отырған Нариман:

— Жүзің таныс көрінеді, — деді. Қатты шаршаган адамдай тым жәй сөйледі.

Ербақ:

— «Көзден кетсе, көңілден кетеді» деген. Әйтсе де есінізге түсірерсіз, — деп өзінің атын айтты.

Нариман көзі құлімдеп, орнынан жас балаша ұшып тұрды.

— Шынымен Ербақсың ба? Бойыңа ет жүқпаган, бірақ түрің мұлдем өзгерген. Танауың таңқып, бойың кішкентай болатын. — Басын шайқап, жәймен құлді.

Екеуі қайта құшақтасты.

— Жамбыл қаласында тұрамын. Іссапармен осындағы заводқа жиі қелемін, бірақ бұрын осында екениңді білген жоқпын, — деп Ербақ салған жерден ақталып жатыр.

Аман-саулықтан соң:

— Үлкен кісілер бар ма? — деп сұрады Нариманнан.

— Әкем беріде қайтыс болды. Шешем біраз бұрын кетті. Уш қыз, екі ер балам бар. Биыл көшіп келгеніме бес жыл болады.

— Олжабайды білесің ғой, соның үйінде естідім. Содан көргенше асығып, бүгін қолым бос болгасын шыққаным. Көшеде көрсем, танымайды екенмін. Сенің де бойың ұзарып, өзгеріпсің. Ұақыт қалай тез десейші. Кеше ғана сияқты. Ауылдан көшкендеріңе отыз бес жыл болған екен. Баяғы өжеттігің қалған шығар. Әлі құнгә дейін, есіме түссе, күлем.

— Көке, біреу келіп тұр. — Есіктен бас сүкқан кішкене бала.

— Кенжең болар, сенен аумай қалған. Ана суреттегі балаң үлкенің болар, үлкен атасына келетін сияқты.

— Көргендердің бәрі солай дейді. Ем алып жүрген адамдар ғой, асықпасаңыз, отыра тұрыңыз.

— Айып болмаса, жүрейін. Кеткенше хабарласмын, — деп орнымнан мен де көтерілдім.

— Жақсы онда, әйел жұмыста, мен үйдемін. Кел, құтемін, — деді.

Ербақ келген жұмысын бітіріп, қайтатын құннің ертесіне Нариманды мейрамханага шақырып еді, Нариман:

— Ондай жерге баруга болмайды ғой, — деп аттонын ала қашты. — Арақ пен темекіні тастағаныма біраз болды. Ол дәурен кетті ғой келмеске, — деп кере қарыс мандайы жазылып, тана көздері үшқындалап, мәз боп күліп алды. — Одан да таза ауада жүріп, әңгімелескеніміз жөн болар.

— Қалауың болсын. Әкеңіздің құрдасы Әбу деген кісі есінде шыгар. Сол адамның айтқаны есінде ме? — деді қуакылана езу тартқан Ербақ.

— Оны неге ұмыттайын. Осы балаң адам болса, мұрнымды кесіп берейін. Өмірі абақтыда өтер деп әкеме айтқанын айтасың ба? Жалғыз сол ма? Бірде кластагы балалардың мазасын алғып, тыныш отырмаганым үшін бұрышқа түргызып қойғанда, әкем келіп қалды. Сонда Ғалымжан ағай жыларман болып, «Осы балаң адам болса, мұрнымды кесіп берейін» деп, ол да шагым айтқан. Ой, несін айтасың, небір күндер өтті гой.

Екеуі жүре сөйлеп далаға шықты. Еңіске түсіп, сайға келді. Сайдың батыс жағалауына бұталар жабағыланып, үйисып өскен, соның қоюлау бір жерінде құлама жарқабақтың түбінде шөп арасымен жасырынып қайнар ағып жатыр. Бір түп ағаш су түбінде жанға сая болып тұр. Иісі аңқыған ылғал ауа, сондай рахат, қарсы алдындағы бұталар қызып, күн көзінде саргайып көрінеді. Шөптерді жапырып отыра берген екеуін аймалағандай, кенет жел есіп, зымырап өте шықты, айналады ауа діріл қаққандай болды.

Нариман тамағын кенеп қойып, жұмсақ, жайдары дауыспен әңгімесіне кіріспін кетті.

— Мен Биада әжемнің бауырында өстім. Ауылдың үлкен кісілері жасы үлкен әжеме сәлем беріп келеді. Олар маган да ерекше ықылас танытушы еді. Менің маңдайымнан сипап, бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай: «Бәрі осы балада. Адам баласына беретін қадір-қасиет көп», — деп айттын. Ол уақыт мектепке бармаған кезім. Үйге кім келетінін алдын ала айтып отырады екенмін.

Кім ауырып жатса, оны да айтамын. Кетіп бара жатқан біреу аяғын сындырып алады десем, айтқаным келеді екен. Әжем марқұм: «Бұл баламның аузы дуалы», — дейтін. Ата-бабаларымыз да, әкем де көрік ұстап, құміс сақиналар соққан. Әкем пілте мылтықты да қолдан жасайтын, өзі мерген болатын. Бірде құс атқанда балапаны бар үйрекке тиіпті. Балапанын көргенде бойына аяныш сезім оянғаны соншалық, қолындағы пілте мылтығын сол жерде сындырып таставаған. Содан қайтып мылтық жасамаған, құс та атпайтын болған. Артынан садақа берді. Ал менің арманым әскери адам болу еді. «Онда ел-жүртүнді танымай кетесің. Орысқа үйленесің», — деп әкем көнбей қойды. Құнінде арақты суша іштім. Сонда қанша ішсем де мас болмайтынмын. Ал темекіні де көк тұтінге оранып үсті-үстіне тартушы едім. Әкем маған қырық бес жасқа келгенше, үйленуге болмайды деген еді. Мен айтқанына құлақ аспадым.

...Осы арада Нариманның даусы өзгере қалды. Шаршаган адамдай жиі үхілей бастады. Ербақта үн жоқ. Сабырмен әңгіменің жалғасын күтті.

— Иә, әкем әруақты адам болатын. Бірінші баламыз дүниеге келерде маған: «Балам, баланың (келіншегінің) аяғы ауыр, қыз туады, бірақ сейлей алмайтын болады. Әруақ ұстамағанның кесірі...» — деді. Екінші баланы көтерген кезде де мені шақырып алып: «Қыз туады, бұның да тілі байланып қалды. Бұл да әруақ ұстамағанның кесірінен болды. Атын Айсулу деп қоясың», — деді. Осы арада даусы бұзылып, зорға айтты. Тік біткен кірпіктері әрең-әрең қимылдады. Сұп-сұр боп

қаны қашқан жүзінде мұң мұнары үялаган Нариман өзіне-өзі келе алмай күрсінді. — Ух! — Кеүде тұсын алақанымен сипалап, көз алдына өмірінің қатпар-қатпар көріністері елестеп кеткендей, жиырыла тұскен жазық маңдайы суық тартып, біраз отырды.

— Құдірет деген қандай! — деп, темекісін тартып келген Ербақ та ауыр ойдан арылып, сертіл қалғандай сөз қатты. Нариман оның сөзіне мән бермегендей, көзін сұзіп, өзінің қарсы алдында отырған бала кездегі жолдасына ойлы қарап, көпті көрген адамдардай, талай ауыр күндерді басынан өткізгенін айтуда асыра қоймады. Өмірдің өзі оқытып, әбден шындалп тастаган сыңай танытқандай.

— Әкемнің айтқанын тыңдамағанның кесірінен, ақыры осылай болып тынды. Ол кезде агрегат цехында істеймін. Жұмыс кезінде де уақыт тауып, арақ ішіп жүре беретінбіз. Бір жолы тұс кезінде бірге істейтін Аршын деген жігіт сатып алған мотоциклін жуды. Жиналған он бес шақты адам иісі мұрныңды жарған көк шөпке бірі жантайып, бірі жүресінен, енді бірі молдасоқынып отыра қалдық. Алдымызға жайған газеттің үсті толған тағам. Иін тіреспіп тұр. Арақты бірінші жасы үлкендерге қүйды. Айналдырган төрт стакан, кезекпен алып жатыр. Менің есіл-дертім ащи суда, «қашан келесің» дегендей екі көзіммен жеп барам. Әдетте таңертең жұмысқа келгенде де жұтып алушы едік. Сол күні таңертеңгі үлестен құр қалғанмын. Сірә, ішкенше тағат таппай есім кетіп отырғаным содан болса керек... Стаканға қарай-қарай көзім талып, тамагым құрғап отырғанда, маган да кезек келді.

Зып еткізіп, стаканды алған қолымды аузыма апара алмадым. Басқа бермесін жаман екен. Өз қолым өзіме бағынбайды. Отырғандардың бәрі бірдей маған қарап, көздерімен жеп қоярдай тесіп барады. Берекетім қашып, қысылғаннан терлеп те кеттім. Ақыры арақты іше алмадым. Денем құрысып, жұмыста жүре алмай, үйге ерте кетіп қалдым. Болған жәйді әкеме айтып едім, бар айтқаны: «Ә, балам, бетің бері қараган екен», – болды (Армиядан келгенде темекіні де қойып кеткенмін). Осы оқиғадан кейін, көп ұзамай аяғым ауырып, баса алмай қалдым. Дәрігердің емінен нәтиже болмады. Сонынан ауруханага жатқызып, операция жасады. Сонда ұйықтату үшін берген дәрісі әсер етпеді. Дәрігерлердің не істеп жатқандарын айтып, сөйлей беріппін. Олар бетімді жауып таstadtы. Сонда да мен оларға көзіммен көргендей айтып жаттым... Одан да жазылмады. Алты айдан кейін екінші рет операция жасағанда тізедегі шеміршекті алған жердегі тіккен жіп шірімей, сол күйінде тұрғанын көргенде, дәрігерлер таң қалды. Жіп өзінен-өзі шіріп, орны бітелу көрек екен.

Аспанды торлаған ақ шарбы бұлт тарғылдана бастаған. Жалғыз ағаш басындағы жапырақтарды суылдатып, жеңіл құйын соғып өтті. Көзіне түскен шашын кейін серпіп, басын көтерген Ербақ оқыс дір ете түсті.

Нариман жайдарлы даусына қайта көшті. Көзі құлімдеп, дәңгелек жүзі жадырап, көніл күйі демде өзгеріп шыға келді. Содан, үшінші қызға аяғы ауыр болғанда әкем: «Әй, бала, бері кел, қыз бала болады. Аты Жаңылсын болсын, бұның ақыл-есі

дұрыс. — Осыдан үш жыл өткесін үл туады. Бірақ ол уақытта мен болмаймын», — деді.

Ұлды ауруханада босанып жатқанда, әкем марқұм үйықтап жатқан маган аян берді: «Әй, бала, негып жатырсың? Ұлды болдың ғой», — деді.

Төсегімнен үшіп тұрдым. Қоңырау шалсам, жаңа ғана босаныпты.

...Бір жылдары, ұмытпасам, сексенінші жылдардың орта тұсы. Маңғыстаудың жерінен ыстық су шығып, жұрт шұбырып, сол суга көп барды. Соған барғанда, жұз үштегі Нәсимолла мен әкем кездесіп қалыпты.

Сақалы аппақ қария әкеме: «Әй, Бақтығали, сенің үлкен балаң әруақ ұстасын», — депті. Әкем: «Ол балам айтқанды тыңдамайды», — деген екен, «Онда маган жібер», — депті.

Әкем қайтыс болар алдында маган ұлды боласың дегені бар. Нәси атын да өзі қойып кетті.

Арада бір жыл өткенде үш баламен Нәсимолла атага бардым. Жапырайған ескі үйдің дәлізінде қазагы, орысы бар — толған адам. Шөпшегінің қолында тұрады. Мені көрген бойда:

— Ә, балам, келдің бе? Нариман балам, келдің бе? — деп, бұрын көрмесе де, танып қарсы алды. — Әкең о дүниеге кетіпті, иманды болсын». «Тағы да ұлды боласың, — деді. Атын Гасырбек қой. Перзентханада сол баламен қатар бір қыз бала дүниеге келеді. Шешесі оны тастап кетеді. Сен сол қызды асырап ал, атын Балкенже қой», — деді. Сөйтіп, мен жұзден асқан екі кісінің батасын алдым. Айтқанында, ұлды болдым. Айтқанында, перзентханаға әйеліммен қатар бір студент

қыз түсіп, кейін сәбиін тастап, медсестраның халатын киіп, терезеден қашып кетіпті. Алдында мен бар жәйды келіншегіме айтып, әлгі сәбиді алатын болып келіскең едім. Дәрігерлердің бәрі қазір алсандарап документі дайын, алып кете бересіңдер дегеніне де көнбей, «наркоман қыздың баласын алмаймын» деп отырып алды. Қанша жалынсам да көнбеді, тіпті азар да безер болды. Міне, жыл сайын сол баланың туган күнінде қатты ауырамын.

Несін жасырайын, осында көшіп келген жылы жоқтықтан қатты қиналдым. Сол сэтте, бір нәрсені ойына алғандай, ауыр дем алып күрсінді. Алақанымен бетін сипап, төмен қарап сәл отырган соң: — Жүре берсең, көре бересің деген. Не көрмедік. Қара, сумен отырган құндер болды. Бірде тұнде әкем марқұм аян берді. «Таңертең сүт сатып жатқан жерде, шиланда буылған ақша жатады. Соны ал. Ешкім ешнәрсе демейді. Садақанды бересің».

Әйел таңертеңгісін сүтке барғанда, шынымен шиландағы бір бума ақшаны көреді. Сонда жүрттың көзі байланып тұрган гой. Еңкейіп алуға әйелдің қолы бармайды. Соны көріп тұрган орыс әйел артынан алады. Сөйтіп, беріп тұрган несібеден айырылып қалдық. Жеке өмірде мұндай жағдайлар көп болды.

Нариман Ербаққа жайдарлы жүзбен күле қарап:

— Сені жалықтырып жіберген жоқпын ба? Шыныңды айт. Болмаса келесі жолға қалдыра тұрайық. Әңгіме жетеді тыңдайтын болсаң.

— Шынын айтсам, әңгіменің адам айтса, сенгіз екен. Кішкентай күнімде ертегі тыңдаганым-

дай күй кешіп отырмын. Өзің шаршамасаң болды, маған қарама. Өте қызық екен, — деді.

— Ертегі деймісің? Айтқан сөзінің жаны бар. Әркім өз басынан кешпеген соң, мұндай әңгіменің сенімсіздеу көрінетіні рас. Оған сөз жоқ. Өйткені біздерді заман солай тәрбиелесе, бірден жетеңе қалай қона қойсын. Мынау Доссор жақ — менің атамекенім. Ол жақта әлі де туыс-жекжаттар бар. Ауыл сыртында неше гасырдан келе жатқан үлкен қорым бар. Сол қорымда біздерге аталас Бай-бақты ата жатыр. Қиналған жұрт «қасиетті кісі» деп, басына барып түнейді. Кейде сол Доссордан да: «Ата Нариманға бар деп аян берді», — деп келетіндер бар.

Алланың құдіреті! Адам өмірде жас кетсе, сол күйінде өзгермей қалады екен. Мен соны көрдім. Бір топ адам қорым арасында келе жатқанбыз. Алдынан үстінде аппақ шапаны бар, он бесон алтының шамасындағы бала шығып, бас иіп амандасты.

— Ұағалеикумассалам! — деп мен де сәлем беріп жауап қаттым. Басқалар түкке түсінбей, аңтарылып тұрып қалды. Менің жасым отыздан асқан, мен үлкен болғасын, маған сәлем беріп тұрганы. Болған жәйді айтып едім, арамыздағы ақсақалдардың бірі: Бала әулиенің жатқан жерін таптай жүр едік, осы болды гой», — деді.

Ал өткен қыста бір үлкен кісі ізделп келді. «Тамақ іше алмай, ауырып жатқаныма біраз болып еді. Түсімде бір адам ашылып қалған көрпемді жауып: «Жазыласың, менің атым — Нариман. Таңертең тамагынды ішесің», — деді. Айтқаны келді. Содан жұрттан естіп, өзіңе келдім». Ме-

нің алдыма қаншама адамдар келеді? Солардың кейбіреулері ауруын көріп-сезіп тұрып сенбейтіні жаман. Ондай кезде қатты қиналадам...

Осыны айтып Нариман: «Намаздың уақыты болыпты-ау», – деді әңгімесін аяқтағанын сездіріп. Ербақ қоштаса бастады.

Арада он бес күн өткенде, бұл қалаға тағы жолы түсті. Бұл жолы келген жұмысымды тез бітіріп, кешкілік пойызға мінетін болдым. Мезгіл – сағат үштің шамасы. Такси ұстап, Нариманның үйіне келді. Ауызғы бөлмеде біраз адам отыр екен. Қайтсе де, амандастып кетуді жөн көріп, кезек күтті.

– Дүкенде су алып жатқан бір адамнан сізді естіп, шешемді қоярда-қоймай алып келдім, – деді ішкі бөлмeden шыққан жіңішке дауыс. Ербаққа таныс секілді көрінді.

Ал Нариман әлгі дауыс иесімен емес, оның шешесімен сөйлесіп отырған секілді:

– Сіз осында балалардың көңілін қимай келген екенсіз. Жиырма бір күн қалды... Солай аян берілді. Сертті бұза алмаймын. Бұндай әңгімені басқага айтпас едім. Сіз көтере алатын болғасын айтып отырмын. Қызыл май мен су алып келсін қазір. Дем салып берейін. Кете-кеткенше тамақ ішесіз, – деді.

– Әруағыңа ризамын! Айналайын балам, айтқаның рас. Балаларым қоймай алып келіп еді, рақмет балам! – Сондай ризашылықпен айтты.

Әжейдің үнінен қамығу, уайым байқалмайды.

Адам көтере алатын жағдай ма? Нариман айтарын айтқанмен, ішінен еңіреп езілгенін бұзылып шыққан даусынан сезіп қалған Ербаққа дақатты әсер етті. Ізінше басына ақ жаулық тартқан,

өні таймаган сары әйел есіктен шықты. Соңында – өзімен бір институтта оқыған Жайрагұл. Ербақ үрей билеген бойындағы қорқыныш сезімнен ұшты-күйлі арылып, орнынан ұшып тұра жаздады. Тек аргы жақтан шыққан:

– Кірсін! – деген қажыған әлсіз үнді естігенде, өзін-өзі ұстал қалды. Сөйтіп отырғанда Ербақтың да «кезегі» келді. Оны көргенде Нариман өзінің шаршаганын лезде ұмытып, дөңгелек жүзі бір сәт жадырай қалған.

– Жаңа бір әже келді, – деді сөзінің арасында. – Былай қарағанда жетпісте дегенге сенбейсің. Кескін-келбеті келіскең, өні де жап-жас. Сөйлеген сөзі де орнықты. Құні жақын қалғанын білсе де өзінен-өзі мүжіліп, өмірден құдер үзіп, түңілген адам емес. Не деген қайрат десейші!

Ербақ табиғаттың тылсым сырын қалай түсінеп рін білмей, таң қалған күйі отырып қалды.

Түн үйқысын төрт бөліп, мазасын алған ой Бигүлдің санасын сарсытып таstadtы. Денесі біrде ысып, біrде суиды. Ойы әр саққа бытырап, өмірі көріп білмеген ынтызарлық сезім бойын кернеп барады. Қиялымен жігітінің ыстық құшағында жатқандай балқып, кірпіктері айқаса берген...

Біr жатақханада жатқан екеуінің бөлмелері де қарама-қарсы. Өзінен біr курс жоғары оқитын Жандоспен сауық кештерінің біrінде танысты. Әуелгіде өзін биге шақырып, жанынан кете алмай, айналсоқтап жүрген ұзын бойлы жігітке үйрене алмай, жатырқап жүрді. Келе-келе өзгелерге үқсамайтын ерекше қасиеттерін тани түсіп, көп ішінен дүрдиген бүйра басы көзден таса болса болды, тағат таппай, айналасына алақтап, әлдене жетпей, сыңарын іздеген аққудай аландайтынды шығарды. Осы біr қараторы жігіт жүрегіне шоқ болып түскенін сонда ұқты. Сол шоқты махаббат сезімімен аялап, жел тиген өрттей лапылдатқысы келді. Неге екенін өзі де байқамай, ол есіне түскен сәтте жаны жадырап, езу тарта жымия қалатыны рас. Өзге жігіттерден гөрі, өзіне ыстық тартатын Жандосты сырттай меншіктеніп, иемде-

ніп алатыны соншалық, сырт көзден де қызғанатын. Дегенмен арадагы қылау түспеген достықты көздің қарашығындай сақтап, одан асып ешқандай іс-әрекетке бара қоймаған Жандосқа бұл қылығының артық екенін білді. Ұры сезім өз-өзін іштей қыштап, қатты үялтады. Екеуі күнде күн күргатпай кездесіп жүрсе де, жігіт өзіне әлі күнге дейін я сөзбен болса да, я тіс жарып, жылы лебіз білдірген емес. Әрдайым кездесуге Бигүлдің жүре-гі лұпілдеп барып, тасыған көңілі су сепкендей басылып қайтушы еді. Сонда да ол Жандостың аузынан шығар бір сөзді есту үшін, күнде қуде-рін үзбей, асыға күтумен жүрді. Оңаша ұшыраса қалса, көбіне Бигүлдің өзі сөйлеп, жалығып ке-тетін кездері де болады. Ондайда Жандостың ойлы жүзін жаңа көргендей, көз айырмай қада-ла қарап: «Япыр-ай, осындаиды ой бөлісіп, көңіл көтеріп, сөйлеп отырса қайтер екен, жап-жас басына жараса ма осы? Өзге жігіттер қиналмай айта салатын бірауыз сөзді соншама зарықтыра күттіріп, адамды қинайтыны несі екен?» – деп ойлады. Оның кексе кісілердей тым байсалды кейіп танытатындығына күйіп-піседі. Сөйтсе де, реніштің көлеңкесінен із де қалмай, жігіттің осы мінезінің өзі-ак көзіне тым жылы ұшырап, ол де-генде шыгарға жаны бөлек бола қалатынын ай-тып жеткізе алмайсын. Жігіттің махаббат жайлы жұмған аузын ашпауы қызға жұмбақ еді. Кей-де Бигүл «Әлде бұл мені ұнатпай ма?» деп те күмәнданды.

Жылы төсекте тұн көрпесін жамылып, көз іл-мей, таңды үйқысыз атқызыған талай тұндер қыз арманының үнсіз күәгері болғандай-ды. Әйт-

се де, Бигүл өз лебізін білдіре алмай, «Қыздың жолы жіңішке» деген әдептен аса алмай, жігіттің ұсынысын тағатсыз ұзақ тосты.

Жандос осы институтқа өз қалауымен түсті. Оқу бітіріп, ауылында инженер болып жұмыс істесем деген алдына қойған мақсаты бар еді. Бес жылдық оқу да бітуге таяу. Ол әлі білімнің тереңіне бойламады, қызық өмір қумады. Өзі қатарлы жігіттердің жұп-жұп болып қыздармен жүргендे-рін көргенде, «Алдымен оқуымды бітіріп алайын» деп, өзін алдарқатушы еді.. Осы уақыт ішінде бір қыздың бетіне қарап, бірауыз сөз айтып көрмепті. Қазір де қызға көңілі жоқтай, өзінің ынжықтығына қатты қысылып жүрген кезі. Ойламаган жерден оған Бигүл кездесті.

Екеуі алгаşқы кездескен күннен-ақ бір-біріне үйірсектігі ұлғайып, нығая берді. Махабbat туралы әлі бір сөз айтЫлмаса да, үн-тұңсіз тұратын талай сәттерде екеуінің бейкүнә көздері ұшырасып қалатын-дағы, Бигүлдің жанары жәудіреп, жіп-жіңішке шеке тамырының лыпылдай соғатынын Жандос байқап, таң қалатын.

Жандос деген жігіт қиялышындағы қызынын тапқаннан бері жаңа сезімге бой ұрып, өзгеріп кеткен. Махабbat сезімін аялап, кейде жалын атқан жүрегі жыр төгеді, жастық шақтың қызығын енді танып үққандай. Мына өмірдің жаңа таңы енді атқандай, әйтеуір, бойында бұрын болмаган өзгерісті байқады. Басқалар не десе, о десін, Бигүлдің басқа қыздардан сұлу, тартымды екені айдан

анық. Бәрінен де соған риза еді. Кейде қыздың келбетіне сүйсіне қарайды. Қарайды да, соған шүкіршілік етеді. Сабырын сақтап, үркітіп алмауға тырысады. Өзінен аса көрікті, сұлу адамның жанары өткір келетіні шындыққа жанасатындей. Жандосты Бигүлдің мысы басады. Содан да болар, қызға көңілін білдірейін десе, батылы жетпейді. Әлі де Бигүлмен кездесіп жүргенінің өзі шындықтан гөрі, елеске көбірек үқсан жүр. Сондай бір өзінің күйзелген кездерінде Бигүлді көзімен көріп барып көңілі көншитіні бар. Қыздың өзіне деген ықыласын әлдене бөліп тұргандай сезінеді. Қашан да аңқылдаған ақ көңіл жайдарылығынан әдемі қыздың наздану мен балаң еркелігі жарасым тауып, бетін қақпай, ерке өскен қыздың іші-бауырына кіріп, қас-қабагы ашылып, Жандос барса, көтеріңкі күйінен жаңылмай, мәз болып қарсы алады. Бұган оның көңілі тасып, абдырап қалады. Онымен қоса, Бигүлдің даусы да жігіттің тула бойын иітіп жібереді. Әйтсе де Бигүлді көргенде қысылып-қымтырылып, берекеті қашып, өзін еркін сезіне алмайтыны бар. Осыған түсінбейді. Бәрінен де оны қатты толғандыратын тағы бір нәрсе, танысқандарына бір жылдай уақыт өтседе, әлі күнге дейін қызға көңілін білдіре алмай, азаптанып жүргені еді. Осы жігерсіздігіне күйінеді. Ол аздай, кейде Жандос Бигүлмен кездесіп сөйлескендерін жанына жақын тартудың орнына, жоқты-барды әңгіме қылып, айдалага лагып кеттетіндігіне жыны келеді. Осылар жөнінде өздерінің ара қатынасын санағына жеткізе түсіндіргісі келіп, әрі Бигүлдің өзіне деген ықыласын білмекші болып, ішкі ойымен қанша арпалысқа түсті?

Ондайда іздегенін тапқан жігіт көңіліне қыз ылғи оттай басылады. Бигүлдің елден асқан сымбаты мен ажарына көзімен-ақ тояттап, марқаяды. Ең бастысы, оның мінсіз мұсіні, мінезі мен жан сұлулығы, тым-тым қашықтан, буалдыр тұман арасынан бұлдырап қана, қиялышындағы қыздың көшірмесін өңінде тапқандай болып, ұзақтан ғана құмартады. Алғашқыда Бигүлдің сұлулығына сұқтанып, қайран қалып, көзімен ғана ішіп-жеп, аялап жүрсе, бірте-бірте қиялдан отырып тілдесетін. Махабbat жайлы әлі ойламағанымен, сүйіспеншілік алдында болатын сағынып-сағаюдың мұнды сезімдеріне толы жәйттерді басынан өткеріп жүр. Қай жерде болып, көңілін немен сергітіп бақса да, Бигүлдің бейнесі есінен кетпей, тұла бойы соған қарай алып-ұшып, қыздың сөйлеген сөздерін, сұп-сүйкімді мінезі мен еркеліктері жүргегіне тыным таптырмай, қайта кездесуге асығады. Бір айыбы – сөзге жок. Тұйықтық пен ұялшақтықтың азабын тартудай-ақ тартты. Бұл аздай, жұрт сияқты жайбарақат, емін-еркін, ойнап-күліп, әзілдесіп отыру орнына, тобық жүтқандай томпиып, іштен тынады. Сөз деген көңілде сайрап, көмекейге құйылып-ақ келеді, бирақ сыртқа шықпағасын не пайда? Кейде бұл-бұлдай сайрап отырган қыздың алдында тамағына кептеліп кеп түрған сөзді шығара алмай, міңгірлайтіні несі екен?

Жандостың стипендия алған күні екеуі мейрамхананың екінші қабатына көтеріліп, оңашалау жерден бос орын тауып отырды. Даңашы әйелді едәуір тосты.

Сол аралықта үнді әні шырқалды.

— Қандай мұңды ән?! — деді Бигүл, мағынасын ешкім аударып бермесе де сүйіспеншілік жайлыш екенін іштей ұғынып.

«Осындай оқашада, сүйгеніңің қасында отырғанға не жетсін. Сөздің қажеті жоқ, тек қана жүректің нәзік пернесін басатын әуен керек» деп Жандос та ішінен әнді үйіп тыңдал қалды.

Пиала түбіндегі сұынқырап қалған шайын ұрттаған оның көзі бұрыштағы үстелде отырған екі жігітке түсті. Өзімен курстас Сауранбайды тани кетті. Сәлемі түзу, ақ көңіл жігіт. Ол да Жандосты көргенде, екі езуі құлағына жете мәз болған. Сауранбай Жандостың жанындағы қызды енді байқап, бірден «Қызы керемет!» деп бас шайқап, бармағын шошайтты. Артынша ойнақы әуен естіліп, Сауранбайдың жанында отырған орта бойлы, сопақша жүзді жігіт бұларға қарай беттеді. Жандос Бигүлді биге шақырып үлгергенше, әлгі жігіт:

— Қарындаңас, сізді бола ма? — деп еппен басын ііп, қолынан үстай алды. Оның қысылып-қымтырылмай, өзін еркін үстап, баса-көктеп жетіп келгені оған ерсілеу көрінсе де, өзінің орамы жоқ икемсіздігіне қатты ренжіп, іштей сөгініп қала берді.

Екеуі билеп жүр. Жандостың көзі бейтаныс жігітке түсті. Енді аңғарды, оны бір жерде көрген адамына ұқсатты. Осы арада, неге екенін өзі де түсінбей, демде Бигүлді одан қызғана бастады. Екеуі Жандостың ойын сезе қойғандай, бұрыннан таныс, ет жақын адамдардай тым көңілді бола қалды. Бірін-бірі жоғалтып, жаңа табысқан сияқты. Екеуі вальстің ыргағымен ортада билеп жүр. Осы кеш солардікі сияқты, өздерін-өзде-

рі ұмытқан. Бигүл жүқа ернін жымқырып, бұған қарап күлімсіреп қойды.

«Көрдің бе, өзіңдей жігіт үйіріп әкетті. Сендей емес, қалай сөйлесудің жөн-жосығын біледі. Ал сен ғой, маңқылып әлі жүрсің. Жан-дүнием қалай азаптанып жүргеніне көніл бөлмейсің. Ойыңа кіріп те шықпайды. Ғашықтар неге бірін-бірі за-рыға құтеді?» деп емеурінін бимен сездіргендей.

Жандос Бигүлге іштей елжіреп, жаңа көргендей қарап отыр. Жан-дүниесін тәтті сезім баурап алған. Екі беті дуылдал, жүрегі тулап, дүрсілдеп қоя берді. «Қыз деген сезімтал келеді деуші еді. Менің осы қалпымды Бигүл біле ме екен? Өзің қандай нәзік болсаң, жаңың да сондай сұлу шығар?! Сенің құлімсірекен көздерің анағұрлым көбірек ұнайды маған. Ондайда сенің дидарың дәл баланың өңіндей сүп-сүйкімді көрінеді» деп іштей толқып, өмірінде ойына келмеген тұп-тұнық, кәусар сезім он екі мүшесін тұлатып, жан толғанысын сыртына шығара алмай тебіренді. Сені айтуга «әдемі» деген сөз де жетпейді деп, нақ қазір айтқысы келіп кетті. Одан жанарын ала алмай қалды. Құтпеген сәттің орайы келіп, бір-біріне жымия қаасты. Бұл жай ғана табысу емес, екі жастың көрмесе тұра алмайтын, аңсаған жүректердің сағыныш лұпілі еді. Қыздың тұп-тұнық, мөлдір қара көздері тағы да күлімсіреп жігітке қарады. Осы көзқарас Жандосқа көп нәрсені үқтыргандай еді. «Менде кінә жоқ» деп бейкүнә қараган. Оның жәудірекен көздерін көргеннің өзі-не көнілі бір серпіліп қалды. Айналадағы көпшіліктің Бигүлге назар аударғанын байқады. Қызы өзінен алыстап бара жатқан тәрізді. Көп арасына

сініп, көрінбей кетті. Мына Сауранбайдың серігі қызғанышын қоздырып, тағы да аласапыран күй кештірді. Міне, екеуі дәңгелене билеп, тағы алыстан көзге шалынды. Бейтаныс жігіттің құшағында жүрген Бигүлге еріксіз назары ауды. Қасындағы жігіт оған бірдеме дейтін тәрізді. Қыз кет әрі емес, сәл жымигандай болды ма?! Алапылда, тұла бойы ыси бастады. Тап бір безгегі ұстаган жандай қалш-қалш етеді. Сүйткенше болмай, би де аяқталды. Іле-шала екінші би басталды. Со мезетте, қызды орнына апара жатқан бейтаныс жігіт орта жолда ізет ете иіліп, Бигүлдің қарсыласуына мұршасын келтіртпей, қолтықтай алып, би ырғагына бөгелмей, ілесе жөнелді. Оның пигылы да, көңілі де тоқ. Жандос жігітке қызығып та, қызғанып та қарап отыр. Олар көптің ішінен ыргала билеп, бір дәңгеленіп өтті жанынан. Екеуінің күлімсірей қараган жанарлары түйісіп:

— Бәсе, мені ұмытпаған екен гой, — деп қызғанышын басты. Бигүл де өзіне таныс Жандостың жүзіндегі бұрын байқап, аңғармаған ерекше сүйкімді бет-әлпетіне ынтығып қараган сэтте жігіт бойындағы жаңа өзгерісті сезгендей, қадалған жанаарын тайдыра алмаған күйі ұзап бара жатты. Бигүлге деген бір жақындық көктемнің бәйшешегіндей бой көрсетіп, Жандостың көңілін әлдилеп барады. Өмірде ешқандай көзбен көрмеген әсемдік, сырлы сезім, жылы шуақ соның ғана көзінен табылғандай. Бигүлде адамды бірден тартып кететін сүйкімділік бар екенін біледі. Сондықтан да бейтаныс жігітпен екеуінің тіл табысып кетуінде бүліне қоятындағы ешиәрсे жоқ екеніне кәміл се-

ніп отыр. Қазір ол бөтен ой кірмейтіндегі қамсыз отыра алмасын түйсініп тұр.

«Қалай ол танымайтын қызбен бірден шүйіркелесіп кетті? Бұрыннан таныс адамдай үйіріп алды. Менің осыным дұрыс па? Әлі күнге дейін бірауыз сөз айта алмай, соңында салпаңдап жүрмін. Бүте берсем, қыздан айырылып қалуым да мүмкін-ау».

Бұрын мұндай ой ойламаган санасы енді кеш болатындаш шошынып отыр. Жандос ақыры билеген жоқ.

Олар күре жолдың бойымен қатар келе жатыр. Арапарында қолайсыз ұнсіздік орнаған. Жандостың жүрегінде елегізу, қобалжу пайда болған. Қапаста қиналып, сүйеніш іздегендегі қыздың ып-ыстық алақанынан ұстап, өзіне тартты. Қыз осыны күткендей, қарсылықсыз икеміне көне берген. Жаңа гана жан-дүниесін құрсаулаган қызғаныш пен құдік атаулының қалың тоңы әп-сэтте еріп кетті. Жігіт көңілі орнына түсіп, ентек батылдық бойын билеп...

Қыздың ыстық демі тұла бойын лап еткізіп, қүйдіріп барады. Екеуі ыстық сезімнің құшагында масая бастағандай. Жандос күнілгері дайындаған сөз тиегін ағытпақшы. Жасқаншақтығы тілін күрмей берді. Екеуі ай сәулесі түсіп тұрган еменмен қатарласқан тұста сөзін бастауға оқталды. Көп жігіттер «сүйдім-қүйдім» деп ауыздары-ауыздарына жүқпай, қыздардың басын оп-оңай айналдырып алады. Басқалар айтқанды бұл неге айта алмайды осы? Қазір айтады. Қызды ұнататынын, жақындаса тіл-аузы байланып, өртеніп кете жаздайтынын, алыстаса күндіз-түні сағына-

тынын, ойлай беретінін, көңіл түкпірінен кетпейтінін... Жан сарайы сайрап келеді, бірақ қанша оқталғанмен, ләм-мим дей алмады. Ақыр аяғында: «Сөздің керегі қанша, сөзден де құшті құдірет бар. Ол — адамның көзі. Көз іші сырды тез жеткізеді», — деп өзін жұбатып қойды.

Тұн ортасынан ауып барады, қала үйқыда. Зеңгір аспан жыпырлаған жұлдыздарға толып, қылықты қыздың құлқісіндегі көз тартады. Табиғат тылсым құшағына бөленіп, өзгеше сыр шерткендегі мұлгіп тұр. Тымық ауа. Жандостың кеудесі қуанышқа толы. Төбесі көкке екі-ақ елі жетпей тұр, себебі қыз кешкі салқыннан тоңды ма, жігіт құшағына тығыла түсті.

Олар бір топ ағаштың ортасында үй орнындаі жерді көмкеріп, желегін кең жайған алып қайыңың қасындағы қаулап өскен шалғын шөптің арасына отырды да, жігіт қызды бауырына тартып, аймалай бастады. Бигүл сүйкімді көздерін жұмып, жігіт құшағына құлай берген. Қызбен бірге Жандос та көк майсага құлай берді... Басы, көзі, мойнынан өліп-өшіп сүйіп, құлын мүшесін қос алақанымен жоғары-тәмен сипалап жатыр, сипалап жатыр... Екеуін де ыстық сезім баурап, қыздың талықсыған үні естілген шақта, жігіттің бойын кернеген бұла күш лықсып келіп, жан құмарын қандырғысы келген ыңғай танытты. Қыл үстінде тұрғанын сезді ме, қыз да әлсіз бұлқынып қойды. Өзгелерден артық санап, ардақ тұтқан жігіті, мұндей әрекетке бара қояды деп ойламаған. Жігіт пигылын байқаса да, жан мен тән тілегі намыспен арпалысып әлек. Сырт көзге қыз мінезді жігіттен өрескелдік ойлаудың өзі қисынсыз.

Бөтөн емес, жанындај җақсы көретін Жандос болған соң еркінен айырыла берген...

Қыздың демі жігітті күйдіріп-жандырып, талықсыған тәтті үні жан дүниесін қопарып тастады. Ақыл санаға бағынбай, пигылы өзгеріп кетті. Тап қазір оны таразылап, зерделеп жатуға уақыт жоқ. Тұтқылдан бас көтерген ғаламат сезім кернеп, лықси жөнелгенде, саусақтары қыздың іш киіміне жетті...

*...Жалындай шарнып шеरтер емес әлдене,
Білмей тұр жігіт аңсарын басар жол ізден...*

Кенет желкеден бүрген қарулы қол батыра қысты да, Жандосты бала құрлы көрмей, алдына дік еткізіп тұрғызған адамды көрген сэтте естен тана үрейленіп, төбе шашы тік тұрды. Қарсы алдындағының бет-әлпетін тұн қараңғысы көлегейлеп көрсетпеді. Тіл-аузы байланған. Оңашада пайда болған бейтаныс оның есін жиуога мұрша бермей, қақ шекеден періп кеп жіберді. Шалқасынан құлаған Жандос орнынан қайта тұра алмады.

— Саган осы да жетер.

Үні зілді шықты. Жандосқа қайырылған жоқ.

Бигүл оқыс шошынып, отырган жеріне кіріп кетер тесік таптай, байғұс қыз дір-дір етті.

— Тұр! — Бигүлде өші бардай, зекірген өктем дауыс. Қасындағы адам тұрган орнынан қозғалған жоқ. Бигүлдің өздігінен қозгала қоймасын білді ме, жаңағы адам Бигүлді қолтығынан үстап тұрғызып:

— Даусынды шыгарушы болма! Ана жігітіңдей қасында тығылып жататын адамың біз емес. Ұқтың ба? — деді.

Сәл мұдіріп:

— Маған бәрібір, — деді жарықшақтана шыққан дауыс. Бигүл орнынан тұрып, құлаған жерінде жатқан Жандосқа ұмтыла бергенде, қызды жібермей ұстап қалды да:

— Оған сенің жаның ашымай-ақ қойсын! Өлмейді, қазір тұрады, — деді жаңағыдан бетер ызгарлы. Бигүлді қолтығынан ұстап, трассага қарай жетектеп кетті. Қыз қарсыласпай көне берген.

Әуелгіде Жандос ес жия алмады. Бигүл ойына түскенде барып оның басы салбырап, айналасына сезіктене қарады. Маңайынан ешкім көрінбеген соң, қызды уайымдай бастады. Жандостың басына небір ойлар бірінен соң бірі қабаттаса келіп, жаман ойлағысы келмей, ел аман, жүрттынышта қасындағы қызынан айырылып қалғанына намыстан жарылардай күйініп кетті. Бұл өзін қорлағанмен бірдей еді. Бейтаныс адамның оны алып кеткенін іштей сезді. Бойын кернеген ашудан құтырынып, әлгінде өзін соққыға жыққан адаммен жекпе-жекке шыққысы келді. «Сенен келген пәле болса, көрдім ендеше» деп, белін бекем буынып, тапап тастайтындей сыңай танытты. Балтасын айға білеп, бойындағы күшін қайда сыйғызырын білмей, төзімі таусылып, ішін намыс оты өртеп шыдатар емес. Аяқастынан біреу кеудесін езіп жатқандай ышқынып, екі жұдырығымен жерді төмпештеп ұрды. Сәлден кейін бір уыс шөпті ұystап тұрып:

— Бигүл! — деп тас қараңғы тұнде айқайлаган жігіттің қаһарынан жан түршіккендей еді.

«Олар мезгілсіз уақытта не істеп жүр? Қаны бұзық біреулер болса, мені бұлай тастап кетпес еді

гой. Онда қызды неге өздерімен бірге алыш кетті? Бұл жерге қалай келді?»

Енді Бигүлден әбден құдерін үзіп, қажыған Жандос жанары бір орнынан қозгалмай, мелшиген күйі отыр. Айналасына зер салды. Әлі де Бигүл қасына қайтып келетін сияқты. Оған қарайғанның бәрі бірдей адам сықылды көрініп, көзі жеткен жерге тесіле үңіледі. Құлагына су сарынының шуылы естілгендей. Төменде арнаның бойын қуалап, жылтырап ағып жатқан суды көргенде, кішкентай күніндеғі апасының тілерсегіне түсетін шолпысы есіне түсті. Баяу жүрген сайын, сыңғыраушы еді. Шолпының даусын естігенде, ойын баласы көбелекше желліне қалатын. Тап сол күйді қазір де басынан кешіп...

* * *

Әлгі екеу қызды жатақханасына жеткізіп салды. Бигүл бөлмесіне жетіп, кереуетіне құлай кеткен. Жанындағы қыздар үйлеріне кетіп, бөлмеде бір өзі еді. Болар іс болды десе де, екі жігіт қатар ойынан шықпай, басы қатты. Бірінен-бірі ыстық тартып, жанын қоярга жер таппай жатыр. Енді бір мезетте ұмыт болып кеткен сонау бір күндер қыз жанарына ұялап, қапсағай денелі Дәурен елестеді. Оның біреу қуып бара жатқандай асыға сөйлейтін әдеті болушы еді. Дегенмен Бигүлге ұнайтын. Орта бойлы, бидай өнді, пісте мұрын жігіт көз алдында тұр. Бәрі сол қалпы. Ұмытылып бара жатқан сагынышы қайта оралып, бойында жатырқайтын жаттық жоқтай. Дәуреннің бейнесіне көзі тоймай, іші-бауыры елжіреді. Қапталдан

кесе-көлденендең, Жандос шыға келгенде, Дәүреккінің бейнесі зым-зия жоғалды. Оның жағдайы қалай? Бөлмесіне жетті ме екен? Қолтығынан демеуге шамасын келтіртпеді ғой мана Дәурен. Жандосты аяды. «Енді ғана табысқанымызда, көрмейсің бе келе қалғанын» деп Дәуренге өкпеледі. Осы кезге дейін іздесең, қайда қалдың? Әлде қызы басыммен менің іздеуім керек пе еді сені? Тұннің бір уағына дейін торуылда жүретіндей кімің едім сонша? Әлде маган істеген мазағың ба?» Қиналған қызы ағыл-тегіл жылап-жылап, әзер көзі ілінді.

Жандос есін жиганда, қыздың өзіне бүйирмайтынын білді. Амалсыздан: «О, баста қыздың артық жаратылысын білген едім, өзіме тең емесін сезген едім. Енді қарашы, ойлагандай болып шыққанын», — деп күйінді. Іші қызы-қызы қайнады. Опынғанмен, өкініштің орны толмасын түсінді, болған істі мойынмен көтеру ғана қалып, құсалықпен қызы көзіне қалай қөрінерін білмей, қатты састы. Қиналғаны соншалық, алдынан Бигүл шыға келгендей, жүзі шайлығып, махаббатынан айырылғанына кәміл сенді.

Ертеңіне үлкен үзілістен шығып, екінші қабаттан төмен түсіп бара жатқан Жандосқа Сауранбай қарсы ұшыраса қалды. Сол баяғы, қашан да ашық, акжарқын күйінен жаңылмай:

— Ау, күйеу бала, той қашан?! Бигүлді жаңа көрдім, — деді ол салған жерден ойында ешнәрсе жоқтай ыржия күліп. Ол Сауранбайдың ақпеп-

йілділігі, сөйлегенде ар жағынан көмекейі көрініп тұратын, арамдығы жоқ аңқаулығына риза болып, кездескен жерде өзі де ықыластана амандасатын. Ал қазір оны көрген сәтте-ақ, көңілі қалған адамдай суқаны тартпай, бойын жайсыздық билегеніне таң. Қалай болғанда да, кежегесі кейін тартып, кешегі мейрамханадағы отырысынан кінәрат тауып, өкпесі бар адамша сейлесуте зауқы соқлады. Сауранбайдың «күйеу бала» дегені жынына тиді. Онымен қоймай, қыздың аты естілгенде, сіркесі су көтермей тұрган Жандостың кешегі тас болып қатып қалған ашуы аяқ астынан бүрк-сарқ қайнап, өзін ұстай алмай, байқаусыз тұрган жігітті жақтан салып жіберді.

— Өй, есің дұрыс па? Саган не болды? — деді жұдырық күтпеген Сауранбай.

Жандос жөнсіз кеткенін білсе де, сыр берген жоқ. Қайта өршелене түсіп:

— Эй! Сен не дедің? Қане айтши.

Ашуга булығып, шыдамы қаша сейлеген Жандостың қас-қабағы түйіліп, көзі ызғар шашып, Сауранбайга төне түсті. Әлі де сыбагасын алып болмаганын байқатып, екі колының жұдырығы түюлі. «Үндемегеннен үйдей бәле шығады» деген. Енді ұрынарга себеп іздегендей, даусы кіт үзілді. Әбден қызынып алған оған Сауранбай әлдене десе, ілінісе кетуте шақ түр. Жандостан басқаны күтсе де, тап осыны күтпеген ол алақанымен жағын ұстап, онымен сейлесудің мәні жоғын сезген калпы, жауап катпастан жоғарғы қабатқа қарай тез-тез адымдай берді.

Күтпеген жерден ши шығып, ерегестің аскынып кеттей тоз аяқталып калғаны да жақсы болды. Олардың ешкім көртеп жүз

Қанша үстаймын деп құлшынсаң да, қолға үстауға келмейтін алтындаі қымбат уақыт аққан судай жым-жылас өтіп жатты. Сол кештен бері өзіне ғана өкпелеген Жандос жаратылысына біткен жігерсіздігінің азабын тартудай-ақ тартты. Жігіт болып, қызбен тіл табыса алмаған қателігін түсінді. Өмірінде қызға жақындалмай, ереккек тән іс-әрекеттің болмағанынан кеткен кемшілігін үгүйнеп, қызға қайтып баруға намыстанды. Бигудден мұлде хабарсыз кетті. Кешегі қызғаныш пен күйінштің не екенін емірінде тұнғыш рет шындалап сезінген күндер өтті басынан. Қайда жүрседе, қапталдан қалмай еріп, Бигуді бір көруге зар болып жүргенімен, уайымға мұжіліп, өңі қашып, жудеп, маҳабbat азабына шыдай білді.

Жазғы демалыс аяқталып, жан-жақтағы студенттер қайта орала бастады. Жандос та темір жол вокзалынан такси үстап, қаланың үлкен көшесімен сырғыған күйі төрт қабатты жатақхананың алдына келіп тоқтай калды. Эншейінде тыным таппай, ашылып-жабылып тұратын сыртқы есіктып-тыныш түр. Студенттердің әлі келмегенін кезекші әйелден естіді. Жатқан бөлмесінің кілтін алып, орнына кетті.

Жатақхана іші бос.

Кенет есікті тықылдатып, белмеге Сауранбай кіріп келді. Жандос сенерін де, сенбесін де білмей «Бұл қайдаң жур?» деп ойлады ішінен. Сауранбайдың келгеніне тіксініп, үната қоймаган. Бұнын келетіндей реті жолы езіне аж. Жай жүргеменін іштей салып.

«Сонда неге келді? Менің келгенімді қалай білген?» Оның сұыт жүрісіне түсіне алмай отыр.

— Сәлем! — деді Сауранбай Жандостың бетіне күлімдей қарап. Дәнене болмағандай қол алысып амандастып жатыр.

Іле сөзінің соңында:

— Саған шаруамен келдім, — деді ол қипақтап. — Әңгіме Бигүл жайында, — деді тагы.

— Бигүлге не болды?! — Жаны мұрнының үшына келе қалды.

— Бигүлге ешнәрсе де болған жоқ, аман. Сен білмейтін шығарсың, қыздың ауылда жігіті болған. Онымен мектепте он жыл бірге оқыдым. Былайша айтқанда — менің досым.

— Оның маған не қажеті бар? Қыздың өзіне барып айт.

Даусы зорға шықты.

— Иә, білем, оны айтпасаң да болады. Сен ойлағандай, бұл жәй шаруа емес. Дәл қазір екеумізге екі адамның тағдыры байланысты. Қысқасы, менің досымның Бигүлге үйленгісі келеді. Болған жайды егжей-тегжей айтып берсең, жігіт қызға қосылмақшы.

Жандостың қазіргі жағдайына ол мән бермей, ашила сөйледі.

Бигүлді сағынған жүрегі жаңа ғана шым-шым еткен. Жандостың үнсіз қалғаны Сауранбайды әлекке салғандай.

Ол енді жалына бастады:

— Сенен өтінем, бәрін жасырмай айтшы... Маган жасаған жақсылығың болсын, осы жақсылығыңды өмір бойы үмытпаймын деп уәде берейін. Біле

білсең, сенің әнеуқұні қол тигізгеніңді көңіліме алмай, келіп отырган жоқпын ба алдыңа?

— Енді маган не дейсің? — деді Жандос ашумен.

Оған тесіле қаралған Сауранбайдың жүзінен қиналыс ізі байқалды.

Бірде Бигүлдің: «Мені ұнататын жігіт бар», — дегені есіне түсті.

— Жандос! — Жалынамын, менің орнымда сен болсаң қайтер едің? Мені түсінуге тырысшы.

Осы сөз Жандостың жанына батты. Пиғылды жаман адам екенін енді білген тәрізді.

«Әлде, Бигүлмен сөйлессем бе екен? Кешірім сұрап, алдына жығылсам қайтеді? Қиянат жасағам жоқ қой».

Сауранбайға:

— Саған айтатындағы арамызда ешнәрсе болған жоқ. Осы шын сөзім, сенсөң. Басқа сұрайтының бар ма менен? — деді қабағы салыңқы күйде.

— Ендеше, екеуміздің арамызда ешқандай түсінбеушілік болмасын, жолдас болайық, — деді Сауранбай қолын ұсынды. Екеуі қол алысты.

Содан соң:

— Сен тек Бигүлге ғана емес, маган да қатты ұнайсың, біліп қой оны.

Ашыла сөйлеген Сауранбай жайдары күлген болды.

— Иә, айтпақшы, саған өткенде қол жұмсаған Бигүлдің жігіті екенін білгенің дұрыс, бірақ қасындағы жігіт мен емес. Өзімен бірге істейтін жолдасы. Екеуі жұмыстан шығып келе жатып, сырттарыңнан сендерді көрген-дағы, соңдарыңнан ілесіп, жүріп отырган. Сендерге жақындалп, не іс-

терін білмей аңтарылып, біраз тұрыпты. Алғашқы екпіндері басылып, текten-тек қастарыңа жетіп барудың, я қайтып кетудің есебін таппай, бөгеле берген. Біршама уақыт өткенде еміс-еміс шыққан Бигүлдің даусын естиді. Со кезде қызғаныштан өті жарылардай болып қалай жетіп барғанын білмей, саған тарпа бас салған көрінеді.

Тұннің бір уағында, маган келді. Осылай да осылай, Бигүлді бөлмесіне апарып қеліп отырмын, — деп болған жайды баяндап берді. Мен оған не дейін, болар іс болғасын. Шынымен, араларында ештеңе болған жоқ па?

— Жоқ, болған жоқ!

— Осы сөзді өз аузынан естігім келген. Саған рахметімді айтам. Қош! — Сауранбай Жандоспен құшақтасып қоштасты.

* * *

Күннің көзі ашық. Желсіз тымық ауа. Тау баурайында ақша бүлттар қалқып жүр. Бес жылдың қалай зымырап өткені де белгісіз, алда диплом қорғайтын күн жақын. Қазір жетекшісіне барып, жазған жұмысын тексертіп, қолын қойдыртып алса болғаны.

Аялдамада адам көп. Тұсынан өтіп бара жатқанында, өзіне таныс нәзік дауысты құлағы шалғандай болды. Сөйткенше болған жоқ, білегіне әлдекім жармасты.

— О, Жандос, сәлем! Сені де көретін күн бар екен гой?! — деді қуанышын ірікпей.

Жалт қарап:

— Бигүл! — деді Жандос.

— Сол баяғы қалпың, өзгермепсін, — деді басқа сөз таппай қысылған ол, Бигүлдің жанарынан құйындай ойнаган қуанышты байқап:

— Қайдагы, кемпір болдық қой. Бір балам бар. Өзің ғой келмей кеткен, әйтпесе... — Бигүл ойына әлдене түсіп кеткендей, сәл іркілді.

Іші өртенген Жандос:

— Кінә өзімнен болды. Білем. Іздемедім. Алдыңда кешірім сұрап барғым келген, бірақ...

— Мен сені сүйгемін сенсең. Ал сен қайырылмай кеттің ғой сонда...

Бигүлдің кірпіктері лезде жасқа шыланып қалды. Жандос елжіреп:

— Мен сені ұмыта алатын емеспін... — деді бар болғаны.

— Енді кеш, болары болды. Сенің өмірің әлі алда, бақытты бол! — деді Бигүл жүргегіндегі астан-кестен сезімді ірке алмай.

Көп тұруға дәрмені жетпеді ме, Жандостың бетінен сүйіп алып, қайрылмастан жүре берді.

Бигүлді сол тұнгі кештен кейін көріп тұрганы осы. Жүргегі жылаған жас жігіт келіншек көз ұшынан ұзап кеткенше, артынан қарап тұрды...

III

ілде айы. Тәулік бойы жолдамын. Пойыз шыққан бекеттен бері купеде бір өзім.

Уақыт өтпей, зеріге бастадым. Кітап оқып, көзім талған кезде, ауық-ауық терезенің ар жағындағы далаға, енді бірде терезе жақтауына жабысып қалған шыбын-шіркейге, салбыраған өрмекшінің торына қарап қоям.

Пойыз бірқалыпты жүріп келеді. Темір жолмен жарыса жүретін тарам-тарам жолда шөп тиеген ат арбалар ілбіп барады. Жолдың келесі қапталында электр желілері тартылған бағанаlardан басқа, иен далада көзге түсерт дәнеңе жоқ.

Терезеден кірген ыстық ауа сырттағы тепловоздың ышқынысын, ескі вагондардың салдыр-гүлдір тарсылын айқын жеткізеді. Сол арада кезекті қалашықтың сыртынан сорайған құбырлар күн сәулесімен шағылысып шыға келді.

Пойыз ышқынуын додарып, жүрісін баяулата бастады.

Вагон енді жылжи бергенде, қупеге бір адам кіріп, қарсы алдындағы мені көрмегендей, басын салбыратқан тұңжыр қалпы үн-тұнсіз, төменгі бос орынға жайғасты. Маган оның сырт тұлғасы қатты әсер еткені соншалық, көзімді ала алмай қарап қалдым. Кішкене қысық көзінің айналасындағы білінер-білінбес ұсақ әжімдер мен кірпідей

тікірейген қысқалау қара шашының арасына аздаған ақ кіргені болмаса, жігіт агасына келіп қалған жігіттің бидай өңі күн тимегендей, жел сүймегендей үлбіреп тұр. Орта бойы тығыншықтай, денесінің бұлшықеттері үстіндегі ақ көйлегін жыртып жіберердей тырсыып, ерекше көз тартады. Ол менің қарасымды сезгендей, кішкене қысық көзінің қыығын тастап, үстіндегі киімін ауыстырып болған бойда етпетінен жата қалып, портфелінен алған журналдың мүқабасын ашып, оқи бастады.

Купенің іші қапырық. Желдеткіш те салқында тудың орнына, ыстық ауаны үрлеп ыңыранады. Әлгінде ғана қасыма серік келді деп қуанған көнілім су сепкендей басылса да, онымен сөйлесуге ілік іздел, ауық-ауық қарап қоям.

Ол мені байқамағандай тұр танытып, журналын оқып қозгалмастан жатыр. Ой құрсауынан шыға алмай, бірде оң жағыма, бірде сол жағыма қарап жатқанымда күн де еңкейіп қалған екен.

Осы кезде басын көтерген серігім:

— Тамақ ішпейміз бе? — деді майда қоңыр үнмен қазақшалап.

Бітіктеу қысық көзін алғаш көргенде-ақ мен оны қазақ деп ойлаған жоқ едім.

— Басқа ұлт па десем, өзіміздің қазақсың ба? — дедім салған жерден.

— Ұлтым кәріс, — деді томпиған қүйі.

— Онда өз тілінді де білетін шыгарсың?

— Білгенде қандай! Үйде кәрісше сөйлесеміз, — деді селдір қабагы сәл көтеріліп, бұлттан шыққан күндей жадырап.

— Қайда жүрсөң де өз тілінді ұмытпаганың дүрыс қой. Қазақша таза сөйлейді екенсің. Қалай үйрендің?

- Мектепті де, институтты да қазақша оқыдым.
- Бәсе.

Ойламаган жерден көршімнің кескін-келбетін бір жерде көрген адамыма ұқсатып, шырамытқандай болдым. Бір көмескі бейне жақындалап қеліп, алыстап кетеді. Бірақ әрі ойлап, бері ойлап, есіме түсіре алмадым. Бұрын көргенімді ұмытпайтын едім. Уақыт өтіп, көп нәрсе өзгерсе керек.

Менің үн-тұнсіз ойланып қалғаным оған әсер етті ме, кішкене қысық қөзін маган сәл қадап тұрды да, ойымды оқып қойғандай:

— Аға! Түріңіз маган таныс сияқты, — деді күлімсіреп.

— Міне, қызық! Екеуміздің ойымыз бір жерден шыққанын қарашы! Мен де түрінді бір жерден көрген адамыма ұқсатып, қайдан көргенімді есіме түсіре алмай тұрмын.

— Қызық екен! — деді салмақты кейіппен басын шайқап.

— Қайда тұрасың? — дедім.

— Бұрын А. қаласының маңындағы бір ауылда тұрғанбыз.

Ертеректе әкемнің ағасы тұратын жаңағы мен отырған станцияга көшіп келіп ек.

Ол аяғына сүйретпесін сұқты да, артына бұрылып, сұлгісін ала бергенде, он жақ құлағының түбіндегі жіңішке тыртықты қөзім шалып қалды.

— Сенің атың Аврора емес пе? — дедім айтарымды айтсам да, сенімсіздеу үнмен.

Ол маган жалт қарады.

— Шынымен мені таныдыңыз ба? — Жаңа мән бере қоймап едім, — деді ол ақталғандай күмілжіп.

— Бұрын біздің ауылда тұрдыңдар гой. Әке-шешен қалай?

Аврора қолымды алып, құшагыма қойып кетті.

— Рахмет, аға! Мені қалай танып қойдыңыз?

— Е, танымағанда! Оң жақ құлағыңың түбінде, баяғыда байқамай ұстарамен кесіп алған орын әлі тыртық боп тұр екен. Соны көзім шалып қалды да.

— Апыр-ай, ә!?

— Менің сенен бес-алты жас үлкендігім бар. Бала күнімде шаш алғанды қызық көріп, бірге жүрген балдардың шашын алатын едім. Ол кезде ауылда шаштараз жоқ. Бір күні сенің шашыңды алып бола бергенімде, өткір ұстараның жүзі құлақ түбіндегі терінің етін ырситып кесіп кетті. Сонда шапшыған қанды көріп, алды-артыңа қарамай шыңғырып, тұра қашқансың, Аврора.

— Иә, иә! Солай болған.

— Соның орны көзіме оттай басылды. Енді таныған шығарсың мені?

— Танымай қалғанымды кешіріңіз... Одан бері қаншама жылдар өтті...

— Оқасы жоқ. Онда сен ілмиген арық едің. Қазір спортсмендерге ұқсап дененің бұлшықеттері ойнап тұр.

— Рахмет, аға! Ауыл-аймақ аман ба?

— Шүкір, аман. Өзің қалайсың?

— Көріп тұрғаныңыздай, — деді Аврора жымып.

— Спорттың қай түрімен айналысқансың? Нәнсің ғой өзі? — дедім мен де таңырқап.

— Спорттың исін сезбейтін маган түр-сүрі бәрібір. Еріккенде турникте ойнаймын. Сол шығар, — деді самарқау. — Мен қазір...

Тағы да бір нәрсе айтқысы келгендей, маган қарап тұрды да, кілт бұрылып, жуынуга шығып кетті.

Үстел үстіне тамағымызды жайғастырдық. Пойыз жүрісі барған сайын ұдеп, соқпа-соқпадағы салдыр-гүлдір екеуміздің сөзімізді түк естіртпей қойды. Тамақты үн-тұнсіз отырып жеуге тура келді.

Тамақтан кейін Аврора темекі тартып келді. Ол келгесін әңгімеміздің көрігін қыздырдық.

— Мұғалімсің бе? Қай пәннен бересің? — дедім әңгімеге тартып.

— Мұғаліммін деп айтқан жоқ едім ғой, — дедім ол жылы құлімсіреп.

— Біздің облыс орталығында пединститут қана бар. Сосын ғой айтқаным, — дедім күмілжіп мен.

— Солайы солай, бірақ мен мұғалім болып істеген жоқпын, — деді де бірдеме айтқысы келгендей, қысық қозін маган сығырайтып.

— Қалай бастарымды білмей ыңғайсызданып тұрганым, — деп бір жынышп қойды.

— Әңгіме тыңдауға өте құмармын. Айта отыр, жол қысқарсын! — Оны жігерлендіре түскім келіп, әдейі даусымды көтердім.

Ол аз-кем үнсіз қалды.

Мұғалімнің алдында сабак айтып тұрган балага үқсан, Аврора бірде басын қасып, енді бірде бетін уқалап, бір ауық жөткірініп, шынымен қобалжып тұрганын байқатты.

— О баста жылы орнынды суытпай, көшпеу керек екен. «Әр елдің салты басқа, иттері қара

қасқа» деуші ме еді сіздерде. Сол рас екен. Көшіп барғаннан кейін жалғызықтан қатты жапа шектім. Стансаның басы әр ұлттың өкілдері жиналған жер екен. Соның ішінде қараусыз, бейбастақ өскен балдардың істемейтіндері жоқ. Басында солардың істеген қылықтарын көргенде, жүрегім түршікті. Бұрын тұрган жерде турникке асылып, бір-бірімізбен құресіп, доп қуып, қала берді, жасырынбақ ойнайтын едік қой. Ал мына жерде оның бірі жоқ. Балага жат қылықтардың неше түрін көре-сің. Оңаша жерге барып тартатындары — темекі, ұрланып ішетіндері — арақ, істейтіндері — ұрлық, сөйлегенде боқтық сөздерді қосып айтып үйренип кеткен. Сонымен не керек, балдармен тіл табыса алмай, біраз жүрдім. Есесіне таяқты жеп, үсті-басым көгеріп жүрді. Кейде қалталарынан пышағын суырып, жүрегімді жарып жібере жаздайды. Қыс айының бет қарыған аязды қундерінің бірінде мектептен шығып, үйге бара жатқанымда екі орыстың баласы көшениң бұрышынан үн-тұңсіз артымнан қалмай ілесіп, кішкене жүрді де, оңаша жерге келгенде, аягымнан шалып, етпетімнен құллатты. Сол арада даусымды шығаруга шамамды келтірмей, аузымды шарфыммен жауып, үстімдегі сырт киімімді шешіп алған бойда үйлердің арасына қашып кетті. Келесі күні тагы да сол екеуі алдымнан шыға келгенде зәрем ұшқаны сонша, аягымның әлі кетіп, қашуга мұршам келмей қалды. Қасыма жетіп келген бойы сәл ұзындауы қалтасынан шығарған пышагын жалаңдатып:

— Жан керек болса, даусыңды шығарма, әйтпесе мынамен ішінді жарам, — деді шіңкілдеп. Қасындағы тапалтақ сары қолымнан шап беріп

ұстап алды да, адам аяғы баспаған қалың қарды омбылап, шеткі үйдің оң жағындағы жүрим-жүрим қаңқасы қалған ескі туалеттің жанындағы ағаштың қасына алып барды.

Жүрегім дүрс-дүрс соғып, айналама қарасам, үрлеген желден жиналған омбы қар жентектелген жер екен. Бойымды үрей билеп, зәре-құтым қалмады. Қарсы алдымда тұрған сарының қолындағы пышағы төбе шашымды шымырлатып кетті. Тапалтақ сары маңқиган жуас, әлі бір де даусын шығарған жоқ.

Қолына пышақ ұстаган сары менен екі-үш жас кіші болар, соған қарамай түрі жаман, қаны бетіне шауып, көзге суық қаруының жүзін жалаңдатып, және де істеген ісіне көңілі көншіп, көкірекіне наң пісіп, бір өзі жаудың бетін қайырғаннан кем болмай, шікірейіп тұр.

Қолымды артыма қайырып ұстап тұрған тапалтақ сары қалтасынан алған беламордың қорабын ашип, біреуін алып тұтатты да, қолыма ұстадты.

— Енді шылымды тарт! — деді қарсы алдымда пышақ ұстап тұрған сары, шіңкілдеген жіңішке даусын көтеріп.

— Тартпаймын, — дедім сазарып.

Ол сөзге келмей, шап беріп құлағымнан ұстады.

— Тартасың! — деді селдір қабагы тұксисіп, шіңкілдеген өктем дауыспен.

Даусым шығып сөйлегесін бе, жаңағыдай емес, бір нәрсенің себі тигендей, бойыма күш пайда болды.

— Ал, не істейсің? Тартпаймын, — дедім қасарып.

— Артем мынаны қара! Естідің бе, не айтқанын? — Тапалтақ сарыға қарап мырс етті. Ол

менің қолымды артыма қайырган күйі тұр еді.
Жауап қатқан жоқ.

— Онда сенің мына құлагыңдан тартып, шыңғыртсам, қалай шылым шеккеніңді білмей қаласың. Сүйтейін бе? Қалауың болсын, өзің айтшы, — деді ызғарлы даусы жұмсарып.

Айтқанына көнбесіме болмады. Жагалассам, бұл екеуіне құшім жетпейді. Босанған күнде де, қашып құтыла алмаймын.

— Шілмиген арық екенсің, аяп тұрмын. Әйтпесе сенің құлагыңдан тартқан маган не тұрады. Бол тез!

— Шылым тартсам, босатасыңдар ма? — дедім қандай ойлары барын білгім келіп.

— Саня, болсайшы. Онымен тәжікелесіп тұратын уақыт жоқ, — деді Артемнің жуан даусы қырылдап. Үнінің сұстылығы сонша, қарадан қарап зәрем ұшты. Қолым дірілдеп, шылығында аузыма қалай апарғанымды байқамай қалдым.

Темекінің иісі қолқамды атып, құсқым келіп, кібіртікте қалғанымда Артемнің зығырданы қайнап кетті.

— Бұдан өлмейсің, бол тез! — деп желкемнен түйіп қалды.

Мениң күткенім сол еді. Өтірік істегенімді білдіртпей, етпетімнен құлап бара жатқанымда, сұықтан қолы тоңды ма, босата салды.

Сондағы ойым — тұра сала қашып кету еді. Оган үлгермедім. Тапалтақ сары қарулы екен, мені қаңбақ құрлы көрмей, бір қолымен желкемнен бүріп тұргызған кезде, палтомның ілгектері сыйтыр етіп үзіліп кетті. Темекінің қайда қалғанын білмеймін, қолымда жоқ.

— Шылым қайды? Тап! — деп Саняның беті тырысып баж етті. — Саня, оны қой, анадан бер. Бар ма? Жынын тез басады, — деді. Артемнің қыли көзі күлімдеп шыға келді.

— Табылған ақыл екен, — деп Саняның жұзі өзгеріп, кішкене тесірейген көк көзін маган қадап, басын изеді. Артынша өнді бұрынғы қалпына келіп, қабагы түсіп кетті.

— Бұған оны беріп не керек? Алдымен шылым тартқызып үйретейік те, — деді.

— Оның несін аяйсың, кешегі палтосының ақшасы емес пе? Соны тартсын, — деп әлденеге көңілденгендей жымиды.

— Әзірге бұған темекіні тартқызып үйреткен дұрыс шығар. Қолымыз оған әрең жеткенде... — деді кішкене сары қиналып.

Мейлі, онда, — деп тапалтақ сары келісе кетті.

Саня өзі тартып түрған шылымын маган беріп жатып:

— Қорықпа, бір-екі тартқасын үйреніп кете-сің, — деді. Көзі жыртиып, екі езуі құлағына жете күлді.

Саняның білгішсініп, маган ақыл айтып түрғанына жыным келді. Бірақ қолымнан не келеді, босқа таяқ жегеннен басқа, — деп өзімді тежедім. Ішімнен дәмеленген үмітім үзілгеніне көзім жеткенде, қатты налып, ұнжыргам түсіп кетті. Енді маган айтқанын орындаудан басқа жол қалмады.

Бұ жолы қолым дірілдемеді. Шылымды шеккен кезде көзімді жас буып, қақылдап үсті-үстіне жөтелдім.

— Міне, жігіт! Бұл — сенің ер жеткеніңдің белгісі, — деді.

Артем қырылдаған жуан даусымен жырқылдай құліп мәз.

— Бұдан былай саган ешкім тиіспейді. Себебі біз сені қорғап жүреміз.

— Ұқтың ба? — деді Артем көнілденген күйі.

Екеуі біраз іс тындыргандай, мені жайыма қалдырып, мәз болып құліп, өзара сөйлесіп кетті. Не айтып жатқандарында менің шаруам болған жоқ. Бір сәт те болса олардың мені елеусіз қалдырғанына қуандым. Ойым алаң. Әлі де қашып құтылудың жолын табуға тырысып, танауымды тартып, ауық-ауық көзімді сұрткен болып, айналама білдіртпей қарап қоям. Бір кезде төбесі ортасына түсіп, жарым-жартылай сабаннан қалаған қабырғасының қаңқасы түрған үйдің жанында кетіп бара жатқан милиция формасын киген адамды көріп қалдым.

Ағай! — деп айқайлаған даусымның қалай шыққанын өзім де байқамай қалдым.

Ол менің даусымды естіп жалт қараганда, Артем мен Саня менімен шаруалары болмай, тұрақшты. Саня қалың қарда аяғын зорға көтеріп, жүгіре алмай бара жатса да, маған жұдырығын түйіп, сес көрсетті. Оның маған «сазайыңды тартасың, асықпа» деп бара жатқанын ұқтым.

Қалың қарды омбылап, милицияға жеткенімше, ентігіп шаршап қалдым. Жасы қырықты алқымдаған сары жігіт екен. Сірә, түсім қашып кетсе керек. Мені малақайымның сыртынан сипап, құліп қарсы алды.

— Ана екеуі саган тиіспіп жүр ме? — деді жолсыз жерде жүгіре алмасын біліп, ұзын көшениң

бойымен қашып бара жатқан екеуінің арттарынаң қарап.

— Иә. — Бұзақылардың зорлап шылым шеккізгеніне күйініп, ызадан жарылардай болып, даусым зорға шықты.

— Не дейді?

Танымайтын үлкен кісінің алдында сөйлей алмай, басым салбырап тұрдым.

— Атыңды айтшы.

— Аврора!

— Аврора, ана қарсы алдымызда тұрған екі қабат қызыл үйді көрдің бе? Ендігәрі көшеде сотқар балдар тиісетін болса, сол жерге барып, дежурный милицияға айтсан, оларды со бойда ұстайды. Сосын есепке алыш, не істеп, не қойып жүргенін күнде бақылап отырады. Үқтыхаң ба? Үйіңе қорықпай бара бер. Енді саған ешкім тиіспейді. Мен асығыс едім, жақсы, Аврора, — деп басымнан сипап, аяғын тез-тез басып жүріп кетті.

— Экең, болмаса, шешең мектепке барып айтпады ма? — деп едім. Аврора кекеткендей мырс етті.

— Аты-жөнін білмейтін балдарды қайдан тапсын. Бірақ мен үйге шағымданбайтын бала болдым. Бар бітіретінім — ішімнен тынып жүре беруші едім.

Бірде тұс ауа үйден шығып, көшеге қарай жүре бергенімде, екі үйдің арасындағы шарбақтың қуысына жиналған көршілердің балдарын көріп, қастарына бардым. Бірінің қолына бірі жармасып, шылым тартып тұрған үстінен түстім. Айтып қояды деп қорықты ма, соңғы кезегі маған тиді. Бұ

жолы кәнігі шылым шегіп жүрген кісіше аузымнан тұтінді будақтатып шыгарған кезде:

— Мә, мынаны қара! Қайдан үйреніп жүрсің, әй, — деп бәрі қойша жамырап қоя берді. Осы темекіні сол күннен бастап тартып кеттім. Адам жаман нәрсеге неге үйір болғыш келеді осы. Осыны қанша қоямын десем де қоя алмадым. Денсаулыққа жау екенін біле тұра тартамыз, өзіңе жасаған қиянат емей немене! — деді де, қолындағы шылымын ерніне қыстырып шығып кетті.

— Небір оқиғаларды басымнан өткізіп, оныншы сыныпқа көштім. Жаз айының жаймашуақ күндерінің бірінде, көшениң қақ ортасында тұрган мен қатарлы үш бала жандарынан өтіп бара жатқан маган:

— Тоқтай тұршы, — деп ішінен сидіған сарысы қасыма келді.

— Тимур, — деп бірден қолын берді.

— Қорықпа, біз саған тиіспейміз. Сенің жалғыз жүргеніңді жиі қөрем, достассақ қайтеді, — деді қолымды жібермей, қысып ұстаган қүйі.

— Ярмола! — деп қабағы тұксиген бидай өнді бала Тимурдың қапталынан саусағының үшын шошайтып, жоғары көтерді.

Мұрны сорайған, құшық кеуде, қара торы бала да өзін таныстырып:

— Никонар! — деді.

— Аврора!

Сол арада әңгіменің ыңғайына қарай, мен де, мектепте бірге оқытын достарым жайлы сөйледім. Үшеуі маган риза болып, арқамнан қақты. Әр нәрсеге бір нәрсе себеп болатындей, сөйлесе келе, көшедегі бұзық балдарға үқсамайтындей ерекше

көрінді. Сөзіміз жарасып кетті. Артынан жиі кездесіп тұрдық. Сүйтіп жүргенде, оныншы сыныпты бітіретін уақыт та таянып, есейіп ержеткенімізді сезініп, жаңа бір кең дүниенің табалдырығынан аттағандай, қуанышымыз қойнымызға сыймай жүрдік. Төртеуміз мәре-сәре болып, көңілді жүрген күндеріміздің бірінде кафеге кіріп, бір-бір кружкеден сыра іштік. Менің алғаш сыраның дәмін татқаным осы еді. Көшеге көңілді шықтым.

Жақын жерден шыққан музыканың даусын естігенде, Никонардың мұрны сорайып, кішкене көзінің қарашықтары жылтылдаپ, үшеумізге кезек қарап алды да:

— Үйықтап тұрсындар ма? Селт етпейсіндер гой. Музыканың даусын естідіңдер ме? — деді күлімдеп.

— Естігенде қайтеміз, ал естідік, — деді Тимур қызырайып.

— Жаңағы сырага мас боп қалғаннан сау-мысың? — деді Ярмола келемеждей құліп.

— Анаған қарашы, музыкага есі кетіп, көзі ойнап тұр, — дедім мен де Никонарга қызыға қарап.

Менің сөзім оған дем беріп жіберді-ау, деймін.

— Жүріндер, кеттік, — деп әй-шәйға қарамай, музыканың даусы шыққан жаққа бұрылып жүре берді.

Імьрт үйіріле орталық алаңда гармоньді бе-зілдетіп, музыканың қүйқылжыған әсем әуеніне билеп, ән салып жүрген сауықшыл жастардың арасына біз де барып қосылып кеттік. Ән-шілердің әуенде әсем сазы бүкіл көшеге шалқып төгілуде. Әншейінде аузы тыным таппай, ән ыргағына қосылып, ыңылдаپ жүретін Никонар

бар қызықтан қалып қойғандай, бірден топтың ішіне ентелей кіріп, күмістей таза даусын көтепіріп, қосыла шырқайды. Оның даусы көше бойын жағалап, қиянға самғап кете барды. Тұргандардың тұла бойлары шымырлап, тыныстары кеңінен ашылып, аңырайған кейіпте Никонардан көз алмай қалған.

Әншісімақтар әндерін аяқтап, үндеңей Никонарга қарап тұр. Оның өнді бал-бұл жанып, көздерін жұмып, әсем әннің әсерінен айыгар емес. Жерден енді-енді көтеріле беріп, қараңғыда үйлердің үстімен қалқып, қияндағы жұлдыздарға қарай қалықтап кеткендей боп көрінген.

Әншінің әсем даусы бүкіл көшеге жайыла, шалқып төгіледі. Сөйтеді де, құдды бір тына маузырап, ләzzат құшағына бөленгендей болады.

Ән аяқталғанда біздің Никонар қошеметтің астында қалды. Артынша ойнақы әуен ойналып, жиылған жүрттың делебесін қоздырды.

Тимур да қалыспай, қыз-келіншектердің бірінен соң бірін ауыстырып, билеп жүр. Ол да бар өнерін салып, үйіріп-иіріп әкетіп, шыркөбелек айналдырып билейді.

Көпшіліктен бөлініп, шетте Ярмола екеуміз тұрмыз.

Бір кезде топтың ішінен мана көрінбеген, жасы отыздан асқан, сырыйтай ұзын сары маңдайына түсken сабау-сабау, жирен шашы жалбырап, үстіндегі ақ көйлегінің ашық омырауынан әйел суретінің басы қылтиып, алқа-салқа қүйінде билеп жүрген Тимурға ойқастап жетіп барды.

— Сен неге менің әйеліммен билейсің? — деді екпінде. Салған жерден тарғыл даусы ызғарлы

шықты. Тимурды қашып кетеді деп ойлады ма, шап беріп қолынан ұстап алды. Шүнірек, көкпенбек тұз көзі өте суық. Құшық мандайы жирылып, ашуға мініп алған. Бұрыннан онда өші бар адамдай өңі түтігіп тұр. Сөйлеген сөзі музыканың даусына қосылып, күмбірлеп естілді. Со бойда сырыйтай ұзын жігіттің әйелі кім екенін білгім келіп, жан-жагыма қарадым. Билеп жүрген топтың арасынан етженді келген келіншек екеуіне көзін алмай қарап тұрды. Бірақ ұзынтура оған көңіл аударып қараган жоқ. Оның өз есебі өзінде болса керек деген ой келді маған.

Ұзынтураның түрін көрген Тимур қапелімде не айтарын білмей, кінәсін мойындал төмен қарады.

Жігіттің көзі ежірейіп, Тимурдың төбесінен төніп тұр.

- Неге үндемейсің? – деді.
- Тұсінбедім, не дедің? – деді Тимур аузына сөз тұспей, тілі күрмеліп.
- Сен не, саңыраусың ба? Әйеліммен неге би-лейсің деп тұрмын гой, саған.
- Бұл жерде жалғыз сенің әйеліңмен емес, басқа да қыз-келіншектермен биледім. Онда тұрған не бар? – деді Тимур қабагын кіржитіп.
- Сен олай бұлтарма! – деді ұзынтура.
- Сен де босқа тиіспе маған. Мен сені танымаймын. Әй-шәй жоқ, неге тиісесің? – деп Тимур әрі қарай айта алмай, ызадан булығып қалды.
- Бәрібір мен саған шыныңды айтқызбай қоймаймын.
- Мынаны көрдің бе? – деп жұдырығын көрсettі де, – Әлде менің әйелімді бұрыннан танисың

ба? Құшагыңа қысып, мәз болып сөйлестің. Мен бәрін де көрдім.

Екеуінің даурығып, керілдескен дауыстарына билеп жүргендер де үрпісіп қарап қалды. Мінезі ауыр Ярмола бимен шаруасы болмай, қиялға беріліп, алысты шарлап кетсе керек, айқай шыққан жаққа енді қарап, қапталында тұрган маған:

— Анау не деп тұр. Жүр, барайық, — деді. Мен оның соңынан ердім.

— Екеуінің бөлісе алмай жатқандарың не? — деді ол қастарына барған бойда.

Ярмоланы көргенде, ұзынтураның қызарған көзі ақшиып кетті.

— Саған не керек? Кет әрі, жан керек болса, — деді тарғыл даусы шытынап.

Ярмола оның сезін қаперіне де алған жоқ. Қайта одан сайын қайсарлана тұсті.

— Мен сенен адам құсап сұрап тұрмын гой. Неге әкіреңдейсің, — деді.

Айқай шыққан дауысқа қарап қалған топтың ішінде Никонар да бар болатын. Ол да көрген бойда қасындағы билеген қызбен шаруасы болмай, емпелеңдеп қасымызға жетіп келді. Төртеу-міз төрт шеттен, сырыйтай ұзын бойлы жігітті қоршап алдық.

Ұзынтура төртеумізге қарсы тұра алмасын білді ме, қашатын адамдай айналасына алақ-жұлақ қарап, өзіне қадалған көздерді көргенде, қайта жігерленіп, кішкене қызарған көзі шарасынан шыға аларып, төртеумізге кезек-кезек айбаттана қарап, сәл тұрды да:

— Сендерге не керек? — деді тұксиген қабагын қарс жауып.

— Бұл сұраққа бірінші сен жауап бер. Бәсе, саған не керек? — деді Ярмола.

— Сендердің қолдарыңнан не келеді, сонда? Өңкей сүмпиген сүмелектер, — деді ол да есесін жібермей.

Жанжалдың жөн-жосығын енді түсіне бастаған Никонардың көк көзі ежірейіп:

— Кім сүмелек екенін әлі көресің, асықпай тұра тұр. Алдымен сұраққа жауап бер, — деді.

— Бұл жерден оңай құтылам деп ойлама, орынсыз жала жауып, тиіскенің үшін сыбагаңды алмай кетпейсің. Оны біліп қой, — деді ашуы терісіне сыймай кеткен Тимур шыдай алмай.

Оның тас қып ұстаган қолын Тимур жүлқып жіберіп, босатып алды.

Со кезде тұнгі жарыққа шағылысып, білегінен сыптырылып, жерге түскен алтын баулы сағатын ұзынтура сондай әбжіл қимылмен жып еткізіп, қалтасына сұңгітіп жіберді.

— Сағатымды бер! — деп қолын созған Тимурдың ашы даусы тұн тыныштығын дүр сілкіндірді.

Осы кез беймезгіл шақта шығып жатқан айғай-шуга үрпісіп қарап тұрган топтың жәймен жылжып, жақындарап қалғанын байқап қалған Ұзынтура аяқ астынан ызгарын шашқан келбетінен айығып, өзінен-өзі қипақтап, айналасына қарай берді.

— Не айтып тұрсың? Мен сенен сағат алған жоқпын, — деді беті шімірікпестен. Ал не істейсің дегендей сазарып, Тимурдан көзін алмай қарады.

Осы кезде ашуы терісіне сыймай кеткен Ярмола Ұзынтураны аяқпен іштен тепті. Бірақ оны елең қылған ол жоқ. Тимурдың созған қолынан

ұстап, өзіне тартып, итеріп жіберді. Оны құлап бара жатқан жерінен мен ұстап қалдым. Сосын Ярмоланы жақтан бір салды. Никонар да қарап түрмай, белден тепті. Сыриған ұзын дene аяғын бір-екі басып, жолдың жиегіндегі тасқа сүрініп құлады. Төбелеске икемсіз мен де қосылып, төртеуміз оны тұруға мұршасын келтірмей, жынымыз қозып, есерленіп соққанымыз сонша, бір уақытта құлағын ұстап, құлындағы даусы шықты. Оған да қарамай, әлі де тебе берер ме едік, еңгезердей екі сақшы жетіп келіп, төртеумізді басы-көзімізге қарамай, қолындағы таяғымен төпеп ұрганда, көзіміздің оты жарқ етіп, қашуға мұршамыз келмей қалды. Артынша бипілдетіп, милицияның машинасы жетті.

Ұзынтыра қираваңдалап, зорға тұрды. Мұрны қанаған. Құлағын ұстап ыңырысып, үйілей береді. Тіс қаққан бәле әдейі істеді ме, кім білсін.

Сақшының біреуі келген милиция лейтенантына:

— Бір адамға төртеуі жабылып үрып жатқан үстінен тұстік, — деді.

Ол сөзге келмей:

— Машинаға апарыңдар, — деп нұсқау берді. Өзі шетке шығып, рациямен сөйлесті. Милициада екі сағат отырып, жауап алғып болған соң, төртеуімізді екі тапшаны бар кішкене бөлмеге қамады. Ұзынтыраны ертең сағат үште кел деп, үйіне қайтарды. Ол талайды көрген бәле екен, ертесіне дәрігерден справка алғып келіп, тергеушіге берді. Сейтсек, бұрын нашамен сотталған болып шықты. Бірақ біздердің ісіміз одан жеңілденген жоқ. Төрт адамның бір адамға жабылғанын үйымдасқан

қылмыс деп айып тағып, сот екі жылға шешім шығарды.

Тұрмеде кішкентай камераға бір күн қамады. Кірпігі жыпылықтаған сырықтай арық, жасықтау, дөңгелек көз надзиратель зілдей ауыр есікті ғұрс еткізіп жапты да, сол есіктің кішкене терезесінен еңкейіп:

— Қерек болған жағдайда шақырарсың, — деді діңгірлеп.

Камераның ортасында тұрған күйімде бұрын-соңды болып көрмеген әлдеқандай құса кеудемді кернеп, не істерімді білмей алабұрттым. Артынша көңілім босады. Демде еңсемді басқан үрей құйын-дай үйіріп барып сейілгенде, камера ішін көзбен шолып шықтым. Шытынап жарылған төбеде — шаң басқан электр шамы, терезеде — көк бояуы сatalaқ-catalaқ жуан темір тор. Қуңгірт, лас бөл-ме ішінде сәкіден басқа түк жоқ. Әлдеқандай жа-зулар мен қара дақ түсіп, айғыздалып қалған үй қабырғасында шашырап жазылған әріптерді оқып, көруге ұят, келеңсіз суреттерді көргенде, еріксіз күліп жібердім.

Камера есігінің ар жағынан әлдебіреу аяғын тарпылдатып кеп, ашулы тіл қатты:

- Не дейсің?
- Селк етіп, жалт қарасам, есіктегі тесіктен сұық жанар оқтай қадалып тұр еken.
- Сіз шақырдыңыз ба?
- Жоқ, мен күлген едім...
- Тесіктен қараган сұық жанар жоғары көте-рілді де, құңқ еткен көмескі дауыс естілді.
- Бұл жерде күлуге болмайды...

Надзирательдің сопақ беті, әжім торлаған жазық мандаіы көз алдыннан елестеп өтті...

Тастай қараңғы камераны әрлі-берлі кезіп жүрмін. Кешеден бері бойды билеген жайсыздықтан көңіл құлазып, ішім толып бара жатыр.

Бөлме іші жым-жырт. Нақ осы бір тыныштықты құткендей, сидам арық ұзынтыраның қалқиған құлағы, еті іскен көкшіл көзі, жалбыраған жирен шашы, тамағындағы бұдырмағы жоғары-төмен бұлт-бұлт етіп жүгіргені, ұзын кейпіне дейін көз алдымға келді.

...Күмбірлеген музыканың әуенімен шат-шадыман күлкіге бөленіп, билеп жүрген Тимурға ұзынтыраның әдейі тиіскені және оның алтын сағатын иемдену мақсатында жалған ашуланып, оңай олжадан дәмеленген жылан көздері жылмиып, көз ілеспес шалт қымылмен, жып еткізіп қалтасына сала қойғаны, сауысқанша сақтықпен қарап, қабағының астымен айналасына көз жүгірткені есіме түсті. «Өзі наркоман болса, өзі тагы да түрмеде отырып шыққан болса, алтын сағатты көріп, әдейі соқтыққанын енді біліп, санымды бір-ақ соқтым. «Неткен зымиян едің! Ит мініп, ирек қамшылаған сүмырай!» деп зығырданым қайнап, тас тиген әйнектей шытынадым. Істі дұрыс жүргізбей, бекерден-бекер жас тәнімізді жаралаган, жыртиған көзін бір ашып, бір жұмған тергеушіге де зығырданым қайнап, тісімді қайрадым. Міне, бірер минуттың ішінде осынша сауал бірінен соң бірі лықсып келіп, кінәм жоқтығын ауызбен айттып жеткізе алмағаным өкіндім.

Надзирательдің сопақ беті, әжім торлаған жазық мандаіы көз алдында әлі түр...

Қамаудағыларды сыртқа шығарып жүргізді.

Тұрменің сыртқы қабырғасының жоғарғы жағы тікенді сым тартылған биік болат шарбақпен қоршалыпты. Ауладағы асфальттің ой-шұқырлы жерлерінде іркілген қақ сулар жылтырайды. Жоғарыдан күн сәулеңінің қызығы ауладағы асфальт бетіне үрлана түсіп, сұрғылт жалпақ көлеңкелердің ортасын оюландырып әлдеқандай бір өрнек түскен. Әлгінде ғана көтерілген қоңыр жел түрме үйінің қалтарыс-қалтарыстарын қуалай үрлеп, баяу ғана ызыңдаپ қояды.

Қасымда келе жатқан етжеңді келген орта бойлы шикіл сары кісі:

— Бұрын сені көрген жоқпын ғой. Мұнда келгениңде қанша күн болды? — деді сыйырладап. Аузында бір тісі жоқ қызыл иегіне көзім түскенде, онсыз да аза бойым қаза болып тұрған денем шіміркеніп кетті.

— Екінші күн, — дедім.

Менің көңілсіз күйімді сезіп:

— Өзің тым жас екенсің. Қажыма, үйрене келе, қалай өз үйідей болып кеткенін білмей қаласың әлі. Тек, қасарыспай, жаныңдағылардың айтқанын істеп, тілін тауып, достасып алсаң болды. Олар саған керек жерінде көмегін аямайды. Онсыз бұл жерде көрген күнің қараң. Бұндай жерде сөйлемесуге рұқсат етпейді. Біліп қойғаның дұрыс, — деді де қайтып сөйлемеді.

— Қасыңдағы үш серігінді айтпадың ғой. Олар қайда? — деп сөзін бөлдім.

— Айтпақшы, ұмытып бара жатыр екенмін. Ойыма жақсы салдыңыз, — деп көзін жыптыластып, алақанымен желкесін қасыды.

— Ауырып қалып, бір жыл оқи алмай қалғаным-ның кесірінен, он сегізге толғанымда бір ай өткен. Бойлары менімен шамалас болғанмен, үшеуі де менен кіші болатын. Олардың жасы жетпегендіктен жасөспірімдердің тұрмесіне кетті.

Тұрмеде небір жайлар өтті бастан. Ұмытпасам, соның бірі келесі күні болды. Тұскі асты ішіп болғасын асханадан шыға берістегі кранның қасында тұрған кружкамен су алып іше бергенімде, бойы ортадан сәл жоғары татар жігіт менің жаңадан келгенімді білді ме, қолымдағы кружканы әйшәй жоқ жұлып алды. Онымен қоймай, итеріп жіберді. Бетон еденде жатқан темірге сүрініп құлап қалдым. Ол кружкадағы судың төгілгенінен қалғанын жұта салып, ыдысты орнына қоя берген кезде, жалма-жан орнынан тұрдым да, істеген қылышына жыным ұстап, жұдырығыммен көк желкеден бір қойдым. Ол тәлтіректеп барып бой түзеді. Аюша ақырған даусы жер жарғандай шығып, көз ілеспес жылдамдықпен келіп, кеудемді иығымен қағып жіберді. Ұршықтай үйіріліп, құлаган жерімде тұра алмай жатсам, қасыма күжірейіп, қалың қабагы қара бұлттай түйіліп, надзиратель жетіп келді.

— Бұл жерде неге жатырсың? — деді. Оның зілді даусынан қорыққаным соншалық, денемді аяз қарығандай дірілдеп кетіппін. Жалма-жан намысқа тырысып, ауырған жерді де ұмытып, тұра бергенімде, қолындағы таяғы құйрығыма сарт етті.

— Саған айтып тұрмын. Неге үндемейсің? — деп құйрығымнан тағы ұрды.

Не де болса, шынымды айтайын деп, айналама қарасам, асханадан тамақ ішіп шыққандар маган қарап шықылықтап күліп, мәз боп тұр. Солардың арасынан біреуі менің әлгі жігітті іздегенімді байқап қалса керек, алақанымен аузын жауып басын шайқады.

— Еш нәрсе де болған жоқ. Құлап қалдым, — дедім.

— Кімді алдағың келеді? Айт шыныңды!

— Менің жауап қатпай, үнсіз қалғаным оған үнады ма, әлде жаңадан қелген адамға аяушылық жасады ма, зәрлі даусы жұмсарып:

— Душтағы шелекке су құйып ал да, сол жерде жатқан тряпкамен еденді жуып шық, — деді.

Еденді жуған кезде түрменің іші сары сонаның үясындай гүілдеп кетті, үзіліп естілген әндер, дарақы құлкілер, боқтық сөздер қосылып, үзын дәлізде еден жуатын шүберекпен су шылпылдан жатты.

Осы бір тастан қаланған ескі үйге әкеліп қамаган жандардың тірлігіне қатты әуестеніп, үйып тыңдағаным сонша, қолымдағы шүберекті түсіріп алып, сілейіп қаттым да қалдым.

Жиналған топты бізтұмсық түрме бастығының көмекшісі келіп таратып жіберді.

Келесі күні тұскі тамақты ішіп болғасын камерага келдім. Кешегі татар жігіт төсегін әкеліп, есік жақтағы бос орынға жайғасып жатыр.

Мені көріп:

— Сен енді менен құтыла алмайсың. Сенде менің есем бар. Соны білесің бе? — деді тістеніп сөйлеген даусы темір жонған станоктың даусындаі, камераның ішінде зыңылдан.

Мен оған көңіл бөлмеген болып, төсегіме отырдым. Менің жауап қатпаганым қабырғасына батса керек.

— Неге ұндеңейсің? Саған айтып түрмyn! — деп кішкене көзінің қарашықтары маған ызғар шаша қарады.

— Не деуім керек? Өзіннің жөн-жосықсызы тиіскенің дұрыс деп ойлайсың ба? Сен де есенди жіберген жоқсың. Құйрығымның ауырған жері әлі сыздап тұр. Менде аларың жоқ, берерің жоқ, неге тиістің? Онда соны түсіндірші.

— Мынаны қара! Әліне қарамай, менен жауап алмақшы?! — деді мыскылмен.

Сөйтсем, ол үш рет түрмеде отырып шыққан жерінен қайта түскен әkkі неме болып шықты. Түрмедегілер оны «Бөрі» деп атайды екен.

Камерада бесеу едік. Енді алтау болдық. Келген күні тұн ортасы ауғанда татар жігіт екі қолымен тамағымды қысып, буындырып жатқан жерінен надзирательдің тесіктен үңіліп қараганының пайдасы тиіп, аман қалдым. Содан зәрем қалмай, қорыққаным сонша, үш күн қатарынан көзім ілінбей қойды. «Бөрі» ертесіне жатқан жеріне кетіп қалды. Соған қараганда, надзирательге де айтқанын істеткізетін болғаны. Содан қу жан тәтті емес пе, намысты қолдан беріп, алдында зыр жүгіретін болдым. Жалғыз мен емес, камера-дағылардың бәрі «бөрінің» алдында сөзге келмей, бүкендей, айтқанын екі қылмайды. Ал асханаға барғанда, тамақты кезекпен алдына апарып береміз. Кезекші болатын адамды өзі айтып ескер-теді. Бір таң қалатын жай, есірткіге әуестігі жоқ. Бірақ басқаларды тартпасына қоймай, қорқытып

тартқызады. Тұрмеде бұрын мен естіп көрмеген небір сорақылықтардың қуәсі болдым. Біреулердің шеге жұтқанын, алмасты шықырлатып шайнағанын, қайнаган шәйнекке бір пачка шайды салып ішкенін көзім көрді.

Әкемнің арқасында алты айда түрмеден шықтым. Үйге келгеннен кейін өмір басқаша болады деген ойым бекер болды. Шөпті тартпаған күні жанымды қоярга жер таппай, үйдің берекетін алам.

Бәрінен де әке-шешеме обал болды. Тапқандарын бермесіне қоймай алып, зар жылаттым. Үйленсе адам болар деп ойлады ма, қоярда-қоймай үйлендіріп еді. Арада бір жыл өткенде перзентті болдым. Бірақ одан өмірім өзгермеді. Үйге бірде қонып, бірде қонбай жүрдім. Сөйтіп жүрген маған әкем кешкі мектепке тіркеп, аттестат алып берді.

Уақыт жылжып өтіп жатты. Менің күнұзақты бар ермегім – ішімдікпен көңілімді аулау, темекі тартып, нашаның азабынан құтылу, басқа ешнәрсе мені қызықтырмады. Мен үшін өмірдің қызығы қалмагандай, тұла бойымды енжарлық пен дәрменсіздік билеп, сүлесоқ жүрдім.

Несін жасырам, жүргуге жағдайым келмеген күні көшениң кез келген бұрышында түнеп шығам. Сондай күндердің бірінде, таң шапағының қызығылт нұрына бөленіп оянсан, шіркеудің шарбагының сыртында жатырмын. Далада жатып үйренген әдетпен, жатқан жеріме онша мән бере қойМАП ем. Бірақ енжарлық басқан күйден арылғандай, әдемі әуенді естіп орныман тұрдым. Енді жүрейін десем, басқан аягым өзіме бағын-

бай барады. Содан күні бойы шіркеудің әндеген қоңырау даусы құлағымнан кетпей қойды. Бір таң қалғаным, қоңырау даусының жагымды естілетіні соншалық, жан дүниеммен үйіп, тыңдай бергім келді.

Ертеңіне неге екенін өзім де түсінбей, шіркеуге барғым келіп, үйден шықтым. Оразаның кезі болатын. Қаланың орта тұсынан шіркеудің қоңырау мұнарасы қекке шашылып тұр. Күн сәулесіне шағылысқан алтын күмбезі жалт-жұлт ойнап, темір кресі қала үстінде менмұндалайды. Шіркеу қоңырауының даусы жаңғырыға шығып, көк жүзіне жайылып, көктемгі далага көңілді үн қосып тұрады. Тәнір үйінің аппақ қабыргаларының ар жағынан қалың ағаштар көрінеді.

Шіркеудің алдында тұрган машиналардың арасынан өтіп, айналасы темір шарбақпен қоршалған үлкен қақпаның есігінен кірдім.

Барлық жері айнадай тап-таза. Шашылған қылтанақ шөп көрмейсің. Жүрекке жылы, көңілді, қуанышты әсер қалдырады. Тап-таза құжыралардың алдында гүлдер өсіп тұр. Тerezelerге аппақ перделер тағылған.

Шіркеуге кіргенімде, тәнірге деген шын ықылас-пен оның құдіретіне мойынсұнғандық сезім бірден билеп әкетті. Осы уақытқа дейін өзімді-өзім түсіне алмай жүрген бойымдағы жұмбақ сырдың не екенін сезгендей болдым.

Шіркеудің бір жақ шетінде бірдей жапырылып, қара киінген монах әйелдер, екінші жарымындағы үлкен-кішісі аралас қала тұргындары да, уыздай жап-жас қолбала қыздар да тырсылын білдірмей жай басып, ерсілі-қарсылы ағылып жүр. Жап-

жас әнші монах қыздардың күмістей сыңғырлаған жінішке дауыстары жаңғырығып, майшамның көнірсіген иісімен бірге, бүкіл күмбез кеңістігін жайлап алған. Жұрттың жүзі қасиетті майдың көнірсіген иісінен көрінбейді.

Ақыры намаздан кейін жұрт тарай бастады. Сол жерде бәрінің бір кісідей, ізгі тілекпен беріле шоқынып тұрғандарын көріп, жаратқан иемнің құдірет-күшінің шексіздігіне таң қалдым. Маган шіркеудің әсері жаныма жайлы тигені соншалық, ізdegенімді тапқандай, көңілім өсіп, әр нәрсені қызықтап, жан-жағыма қарап, орнымнан қозғалмай тұрып қалдым. Әлі де тұра берер ме едім.

— Кімді күтіп тұрсыз? — деді басын іп, монах қыз маган.

Қапелімде не деп жауап берерімді білмей, үн-тұңсіз шығып кеттім.

Шіркеуге барған күннен бастап, ішкі дүниемде өзгеріс пайда бола бастағанын байқадым. Бұрын елең-алаңнан тұрып, құмар темекімді тартып, «сүйікті» ішімдігімді ішкесін ғана жаным жайтауып, өзіме-өзім келетінмін. Әйтпесе денем құрысып, еңсем түсіп, сіркем су көтермейтін. Енді темекіні бірде тартсам, бірде тартпай, ішімдікті де бірде ішсем, бірде ішпейтін халге жеттім.

Шіркеуге күн құргатпай барып жүрдім. Бармасам бір нәрсе жетіспейтіндей көңілім алаңдайды. Оның есесіне, бауыр басып қалған «үйірімнен» қашқақтайтын әдет пайда бола бастады. Алланың маган көрсеткен жәрдемі шығар, олар менен айырылғысы келмей, күш көрсетіп қорқытса да көнбедім.

Күз айы болатын. Бір күні қаланың шаңын аспанға көтеріп, қатты жел тұрды. Бағаналардың сымдарын үзіп, үйдің төбесіндегі шиферларды ұшырып жатты. Сол күні көп адамдар жарақат алып ауруханаға түсіпті.

Міне, осы күннің менің есімде сақталып қалуының себебі, үйдегілермен келісіп, шіркеуде бірінші күн тұнеген едім. Әр келген сайын, осында қалудың ретін таптай, қиналып жүруші едім. Соның сәті түсіп, попқа жағдайымды айтЫП, сөйлескенімнің пайдасы тиді.

Шіркеуге келіп жайғасқан алғашқы күні талғамы бөлек ортаның айналасындағы жым-жырттыныштық та, жан-жағына қарамай, қара киініп жүрген монах әйелдер де көңіліме оғаш әсер ете қойған жоқ. Қайта жаңа ортаның маған бірден ұнағанының әсері шығар, келген бойда адамдармен тіл табысып, сіңісіп кеттім. Уақыт өте келе, шашылған ойым жинақталып, мәні кеткен өмірдің сәні келе бастағанын сезген менің қуанышымда шек болмады. Көз тартар жаңа бір дүниенің табалдырығынан аттағандай көңіл шіркін тасып, ұжмақтың төріне шыққаннан кем болмадым. Осыдан соң Алланың құдірет-кушіне сенбей көрші, — деп Аврора жұмсақ жымиды.

Тағы бір айтатын жай, шіркеуде өзіме жат ортада жүргендей болмай, мазалаған шым-шытырық ойдан да, еңсемді езген жайсыздықтан да айығып, жан дүнием сәулелі шуаққа жылынып, көңіл күйім рахаттанды. Бұл күндері маған түсініксіз тылсым дүниенің әсері болса да, әйтеуір бір жаңалықтың боларын сезгендей, қуанышымда шек жоқ.

Тілегім орындалған соң, жарық дүниенің қызығынан құр қалып, тар қапастың қармағына ілінгеннен де әрі болып, үйден безіп, мұсәпірше хал кешіп, көше кезіп, қаңғыған өмірден құтылғаным тәубе еттім.

Қысқартып айтсам, бойдан күш кетіп, не тіріде, не өліде жоқ, екі дүниенің аралығында сүйретілген жанның өмірінде қандай сән болмақ?! Сен, мейлі, сенбе, осы жағдай менің басымнан өтті. Кейде өкініш жайланаған жалғыздықтан қарадан қарап күйініп, адам өлтіргеннен бетер азапқа түсіп қиналғаным әлі күнге дейін есімнен кетпейді. Сонда тірі жан болып тағдырыма қарсы куресе алмағаным күйіндім. Бойдан күш кетіп, дәрмен-сіздік жайласа, ойлаудан да, қуанудан да қалады екен.

— Жаныңызға қатты батқан екен, — дедім шыдай алмай.

— Ой, айтпаңыз! — деп басын шайқады ол.

— Бұрын азып-тозып, қор болған адам көрсем, неткен бақытсыз жан деп ойлаушы едім. Сүйтсем дүниеде мен түсіне білмейтін мән-жайлар көп екен, — деп сәл құлімсіреп қойды.

— Аға, көп сөйлеп жалықтырган жоқпын ба? Әңгіменің аяғына келдік, — деді қабагын сәл көтере түсіп.

— О, не дегенің?! Шаршататын әңгіме емес қой. Маған қатты ұнады, — дедім разылығымды білдіріп.

— Әңгіменің ұнаганын мен де байқадым. Отырған орныңыздан қозгалмай, ұйып тыңдадыңыз, — деді риза көнілмен.

— Есірткіге еліткенім соншалық, қөрмегенді көрген ақымақ басты қоя беріңіз. Бәрінен де мениң жолымда шыр-пыр болған әке-шешеме обал болды. Дәрігерден-дәрігерге сүйрелеп апарып, ауруханаға жатқызған жерінен қашып кеткенімді оиласам, сұмдық. Өтті, кетті. Қайсыбірін айтайдын.

— Шіркеуде қанша ай жаттың?

— Онда бір жылдан артық жатуга рұқсат етпейді. Маган бір жыл толғанда отбасыңның рұқсаты керек деп шығарып салды. — Элдене есіне түсті ме, селдір қабагына кіrbің үялап, үнсіз қалды.

Мен оның тымырайған түрін көріп, енді ашылып сөйлемесін білсем де, қайта сөзге тартып:

— Не жұмыс істейсің? — дедім.

— Жеке шаруашылығым бар. Қарамағымда жиырма адам жұмыс істейді. Бәрі жақсы. Бірақ әлі күнге дейін шіркеуді жан-дұнием аңсап, көнілім солай қарай ауа береді. Өмірімнің қызығы сонда қалғандай, неге екенін өзім де түсінбеймін, — деді Аврора мұңдайып.

— Бәрекелді, інішек! Өзің сияқты адасқан жастардың мұсылманы — мешіттен, христианы — шіркеуден рухани медет тауып жатса, қанекей. Бұл дегеніңіз алланың шапағаты гой, — дедім мен жақсы сөзімді аямай.

Ол терезеге қарап:

— Аға, мен түсетін стансама жетіп қалыптын, — деді де, төсегін асығыс жинай бастады.

Kала шетіндегі көше. Қақпа тарс жабулы. Ар жағында не болып жатқанын құдай білсін, бер жағында ебіл-дебіл жылап, бір қыз түр.

Ымырт түсіп қалған кез еді. Қыз екі алақанымен бетін басқан күйі қыстығып жылайды. Көз жасы тыйылар емес. Бір кезде ол қолдарын бетінен алғып, саусағының ұшымен көзін сұртті. Өксігін басып, жан-жағына ұрлана қарап алды. Маңайында ешкім жоқтығына көз жеткізгесін ғана темір қақпаны тарсылдатып:

— Оңгар! Оңгар! — деп дауыстады.

Ешкім жауап қатпады.

Жым-жырт тыныштық.

Кішкене терезесі баққа қараган бөлмеде Оңгар кереуетте ұзынынан түсіп, сұлқ жатыр еді. Бөлме қуықтай тар болатын. Екі кереует пен бір үстел әрең сыйып түр. Ол қыздың темір қақпаны тарсылдатып ұрганын да, атын атап шақырғанын да естіді. Бірақ былқ еткен жоқ.

«Бәрі өтті... Бітті бәрі!» — деді күбірлеп. Ол енді Аягөзді тап баяғыдай өліп-өшіп сүймейді. Қөнілі мықтап қалған. Аягөз оны алдапты. Алдағаны үшін ол қызды да, өзін де өлердей жек көріп жатыр. Мына өмір, кең-байтақ дүние қуықтай бөлмесінен де тар сияқты. Мұндай қасіретті кітап пен кино болса бір сәрі, өз басынан өткерем деп ойладты ма?!

Орнынан тұрды. Сосын кереует жанында тұрған орындықты есікке қарай теуіп жіберіп, бөлменің аядай терезесінен тысқа көз тастады. Бірақ әй-некке шағылысқан күн сәулесі ештеңе көрсеткен жоқ. Қайтерін білмей, ұнжыргасы түсіп, тар бөл-меде ерсілі-қарсылы біраз сенделді де, кереуетке келіп отырды.

Есіне сол бір тәтті кеш елестеді...

Оңғар мен Жолдас – осы қалаға диплом алдын-дағы тәжірибеден өтүге келген жас инженерлер. Екеуі бір заводқа орналасып, жап-жақсы жұмыс істеп жур. Қала мен жұмысқа бірдей бейімделе бастаган. Бірде түнгі ауысымнан келген Оңғар күндізгі ауысымнан кешке қайтатын Жолдасты күте-күте, көшеге жалғыз шықты. Аялдамаға жақындағанда автобустан жаңа түскен Жолдасты қарсы кезіктіріп:

– Жұр, біраз қыдырып қайтайық, – деп үйде жата-жата зеріккенін айтты.

– Аяқ басуға шамам жоқ. Әбден шаршадым, – деді Жолдас басын алып қашып. – Күні бойы цехтың ішінде жүгірдік те жүрдік. Трубамен хим-продукт жүрмей, төгіле берді. Сөйтсек, пневмо-трубага қағаз тығылып қалыпты. Үйге барып тынықпасам, әбден сілем қатты.

– Қөп сөзді қойып, маган ер. Екі кештің арасында жатам дегенің жап-жас жігітке жараспайды, – деп Оңғар қоярда-қоймай ертіп алды.

Бұлар тұрған аялдамадан төмен қарай бір көше түссе, орталық парк бар. Оңғар Жолдасты солай қарай бастап жүрді.

— Айтпақшы, неге сонша кеш шықтың? — деді Оңғар досының қал-жайын сұрап.

— Екінші кезектің мастері кешігіп келді. Соны күтіп қалдым...

— Мен сенің шаршаганыңды басайын, — деген Оңғар көшениң қарсы бетіндегі сыраханаға бұрылды. Әуелі буфеттен жұз-жұз грамды сілтеп алып, сыра залында қос-қос құтыны босатқан соң ғана орындарынан тұрды.

— Қазір көр де тұр! — деді Оңғар көшеге шыққаннан кейін Жолдасқа, — Біз қазір айдай сұлу қыздармен танысамыз. Қыдырамыз, тынығамыз. Шын айтам, бір жақсылықты жүргегім сезіп келеді.

Жолдас күлді.

— Немене, көріпкелдің бар ма?!

— Шыда... Шыда... Қөресің қазір-ақ, — деді Оңғар сенімді үнмен.

Екеуі парктің қақпасынан ішке ене бергенде, алдарында қолтықтасып бара жатқан екі қыз көрінді.

— Міне, кездесті, — деді Оңғар қыздар жаққа иек қағып. — Ал енді не дерсің?!

Жолдас абыржып, қипақтай бастады.

— Қой, құрысын! Ұятқа қалармыз, — деді ол.

— Несі ұят? Бозбаланың бойжеткенге қырын-дағаны да ұят па?! Сөзді қой, жүр, кәне...

— Болмайды, — деді Жолдас шегіншектеп, — біздің бұнымыз — әдепсіздік.

— Екі бірдей қызға бір өзім қалай бармақпын? — Оңғар көйлегінің жағасын түзеп қойды. — Ең болмаса, серік болсаңшы.

— Мына түріммен бейтаныс қыздардың соңынан жүргенім ыңғайсыз емес пе? — деп қобалжыған Жолдас әуелі Оңғарға, сосын үсті-басына қарғыштады.

— Ендеше, қалауың білсін! Ерегескенде жалғыз-ақ кетем, — деді Оңғар. — Қайсысымен танысайын, сен тек соны айт!

— Маган салсаң, анау сары көйлектісі әдемі екен, сонымен таныс.

...Екі қыз парктің ішін айналып шығып, бір кезде келген іздерімен кері қайтты. Жолдас қалып қойды да, Оңғар соңдарынан ерді.

Көп ұзамай Оңғар мына қылышының ерсілеу екенін түсіне бастады, бірақ өртең естіген елге күлкі болмау үшін, алған бетінен қайтуды ойла-мады да.

Біршама уақыт қыздардың соңынан қалмай еріп келді. Үшінші көшениң қылышына келген-де, қыздар қоштасып, сары көйлектісі оңға қарай бұрылып, екіншісі тіке тартты. Жолдастың айтуы бойынша, бір бұрым өрілген қолаң шашы бар сары көйлекті қыздың соңынан іlestі. Бағанаған бері арқасында бұлғақтаған бұрымы есін тандырып еді...

Осылай бейтаныс арумен танысадың оңтайы келгеніне қуанып, сәл озыңқырай бере қызга сұқтана қараған. Қарақаттай көздері әдемі екен. Ерні ұлбіреп тұр. Талдырмаш қана орта бойына қаз мойны мен қылдырықтай белі жараса қалған.

Оңғардың мысы басылды. Мына сенделістен ештеңе шыгатын емес. Аялдамаға да жетті. Қыз сол арада тоқтап, автобус келе жатқан жоқ па дегендей, мойнын созып, көшеге қарады. Оңғар

да тоқтады. Ол да мойнын созып, көшеге қараған болды.

Сосын қызға жақындал:

— Қарындас, осы мен сізді бір жерде көрген сықылдымын, — деді өп-өтірік. Даусы жасанды шықты.

Бұл сөзден оның өзі де қатты үялды. Өйткені ол ешқашан ешкімді алдап көрмеген болатын.

Қыз үндеген жоқ. Таңданғандай боп бетіне қаралды. Ол Оңгардың өтірікті қиыстырып та айта алмағанын, тіпті айта алмайтын да жігіт екенін сезіп қойған секілді.

— Кешіріңіз, — деді Оңгар артынша қызырақтап, — мен әншейін... Мен сізді еш жерде көргем жоқ. Әншейін айта салып ем. Кешіріңіз!

Қыз езу тартып күлді. Бірақ бұл жолы да тіл қатпады.

— Мен өтірік айтып тұрмын, — деді Оңгар абдырап. Қазір не деп тұрганынан, мұндайда не деу керек екенінен мұлде шатасты. — Менің атым — Оңгар, — деді тағы құдды қыз мұның есімін білгісі кеп тұрғандай-ақ. — Біз практикаға келіп ек. Сіз осында оқитын болсаңыз керек...

Қыз бұл жолы да үн демеді. Басын шайқады. Бұл «оқымаймын» дегені болса керек.

— Мен сізді шығарып салайын, — деді Оңгар — Айып етпесеңіз...

— Өзім де жете аламын, — деді қыз алғаш рет тіл қатып.

Екеуі автобусқа бірге мінді. Қатар отырды. Қыз бұған қарсы болған жоқ. Қаланың шет жағындағы бір белгісіз аялдамага келіп тоқтағанда, автобуста жолаушылар сиреп те қалған еді. Олар бірге түсті.

Үйіне шығарып салып тұрып, ертең сағат жетіде парктің алдына кездесуге шақырды.

Ертесіне дәл кешкі сағат жетіде парктің алдында тұрған Оңғар қызды келмейтін шығар, әншайін тезірек құтылу үшін айта салды ма деп ойлаган. Бекер құдіктеніпті. Парк қарсысындағы биік үйдің бұрышынан шығып, бері беттеген кешегі қызды көргенде, жүрегі аттай тулап, бұлқынып кеткен. Бірақ сабыр сақтады, кешегідей абдырамады.

Олар паркке кірмей, көшеде қыдырыстыады. Кешкүрым. Қолеңкелер ұзарған шақ. Өлеусіреген күн сәулесі ағаштардың қалың жапырақтарының арасынан жылт-жылт етіп, бұлардың жолына шашу боп шашылғандай аяқ астына да төгіліп жатты.

Екеуінің жақын таныстығы осы күннен басталған. Олар бұдан кейін күнде кездесіп тұрды. Оңғар үшін бұл бір гажайып күндер болды. Өйткені ол қызды бір көргеннен-ақ сүйіп қалған еді. Асаяу жүрегі қеудесіне сыймай, кей-кейде қуаныштан жүрегі жарыла жаздайтын.

Иә... Аягөзді ұмыта алмайды. Күндіз құліп, түнде үйықтап жатса да оның мейірім тұнған көздері, сүйкімді жүзі, құлкісі, сөзі, қылыштары... есінен еш шығар емес. Көз алдында күні бүгінгідей тұр. Тағы бірде Оңғар Аягөзді жалдамалы үйіне шақырды. Аягөз алғашында бұл ұсыныстан үзілді-кесілді бас тартқанымен, қайта-қайта өтінген Оңғардың көңілін қимады ма, сонынан келісті.

Екеуден екеу. Оңаша. Оңгардың қыштағанына қарамай, Аягөз стақанға құйылған шарапқа ернін ғана тигізіп, үстел үстіне қайта қойып отырды. Бір шәлмек шарапты Оңгар бір өзі тауысты. Сосын екеуі есік алдындағы тақтай сәкіге шығып, таза ауамен тыныстады.

Жаздың тымық кеші.

Оңгар алғаш рет өзінің ғашықтығы жайлышырын бөлісті. Адамзат жаратылғаннан бері сан мәрте қайталанған сезімнің құдіреттілігін түсінбекен екеудің тілі байланды.

Тұнгі салқын бойын тоңазытты ма:

— Тоңып кеттім, — деді қыз білектерін қаусырмалап.

Жігіт қызды құшақтай алуға шақ қалып, оттай денесіне қыз денесі жанасса, алапат өрт басталағынын сезді. Түсінді де:

— Жүре гой, — деді орнынан түрегеліп.

Олар қайтып ішке кірді. Альбомы бар еді, соны көрсөтті.

— Мынау кім?

— Бұл ма? Бұл менмін гой...

— Қандай кішкентайсың, а?

— Сен менен де кішкентай болғансың.

— Ал неге жылап тұрсың?

— Шешем мәме бермей...

— Ұятсыз! — деді қыз табан астында бүртиып.

Қылжақтағысы келген. Қапелімде не дерін білмей, қатты сасқалақтады. Қыз альбомды жауып, үстел үстіне қоя қойды.

Кереуетте қатар отыр. Өкпелеген түрін қара! Торғайдың балапанындағы бүрісіп қалыпты. Сонда да сүп-сүйкімді! Құшақтай алып, шашынан, маң-

дайынан, ернінен, алқымынан шөпілдете сүйгісі келді. Ал памсадай сәuletімен, осы бір құйтақандай қыз жақындаған бергенде ақыл-естен айырылатыны несі?!

— Өкпелемеші... Әзілдеген түрім ғой, — Саясақтары қыздың үқыпты таралған шашынан ақырын сипады. Аягөздің жанары төменге қадалған күйі көтерілмеді. Пістедей танауынан сүйіп алғысы кеп тұрып, қос саусағымен танауын қыса салды.

— Келші, бірге көреміз! — деді альбомға қол созып жатып.

Қыз көңілденіп сала берді. Жаңағы фотоны тауып:

— Бұл менің үш жасар кезім ғой. Неге жылағаным, әрине, есімде жоқ. Қемпіт сұрап жылап түрмynиң ба, немесе керісінше, менің қолымдағы қемпітті, я ойыншық мәшинені әлдекім тартып алды ма?!

— ?!

Аягөз фотога зер салып қарады да, жылы жымыя салды. Оңгар суреттерді бірінен кейін бірін таныстырып, қашан, қай жерде түсірілгеніне асықпай сипаттама берді.

Фотоальбомды көріп бітті. Қыз тықыршып, сағатқа қарап отыр:

— Қайтуым керек.

— Неге асығасың?

— Үйдегілер іздең қалады.

— Оларға құрбымның үйіне кеттім демедің бе?

— Дегем, бірақ ертең сұрастырып қалатындаі болса...

— Сұрагандарға құрбымның үйінде болдым дейсің. Болды.

Байқады, қыз үркектеп отыр.

— Аягөз!

— Эу!

— Бері келші!

— Отыргам жоқ па?!

Оңғар оң жақ иығына қапталдаса отырган қызды қапсыра құшақтады.

— Мен сені сондай жақсы көрем, — деді құпиясын бөліскісі келіп.

Аягөз құлімсіреді.

— Мен сені өмір бойы ізден жүр едім. Қай жақтан табам деп едім. Сөйтсем, осы қалада жүр екенсің.

— Менің қазір үйге қайтуым керек...

Қыз жігіт құшағынан бұлқынып шықпаққа әрекеттегенді.

— Жоқ, жаным! Бүгін екеуміз бірге боламыз.

Жігіт енді өзін ұстай алмады. Қыздың бұлқынганына қарамай, құшып сүйе берді. Аягөздің жұмулы көздері, пістедей мұрны, аппақ алқымы, жазық маңдайы, мәрмәр білектері, сүйрік саусақтары, балдай ерні... Барлығын құштарлықпен сүйіп шықты.

— Жатамыз ба? Шамды сөндірейін... — деді көздері жұмулы жатқан қызга қарап, алқынганын баса алмай.

— Жо-оо-оқ!

Аягөз құшағынан шығып кетті.

Содан кейін екеуде кереуетте тұзуленип отырды...

— Мен де сені жақсы көрем, — деді Аягөз үзілген әңгімені жалғап.

— Ендеше неге қашқақтай бересің?

— Ұялам...

— Ұялмашы, жаным. Сен де мені құшақта, сүй!
Қос ғашықтың әнгімесі таң атқанға дейін
жалғасты. Ұйықтауды және үйге қайтуды олар
ұмытып кетті.

Содан бері біраз күндер өткен.

Кешкілік жұмыстан келген Оңғар жуынып-шайынып, тамақтанып алған соң, Аягөзben кездесетін жерге – парк ішіндегі фонтанға жақындей бере, кенет оң жағынан бір топ жастардың дөрекі күлкісін естіген. Паркте өздерінен басқа жан жоқтай бейберекет шуылдасып тұргандардың арасында қыздар да бар. Әнебір шашы желкесіне түскен ұзын қараның қолтығында тұрган қыздың түр-түрпаты бұған оттай басылды.

«Аягөзге үқсай ма, қалай?!»

Оңғардың іші бұлк ете қалды.

«Аягөз бе?!» деді ол шын таңырқап.

«Жоқ! Мұмкін емес!» деді сосын.

Оңғар анығырақ көз жеткізу үшін, ілгері озыңқырап барып, ізінше кері қайтты. Әлгілердің тұсынан өте бергенінде қыз да мұны байқап қалған болу керек, ұзынтураның қолтығынан сыйылышты шыға берді.

«Аягөз! Сол... сол!» – деді Оңғар. Мұнан кейін артына қарайлаған жоқ. Үйіне тез жетуге асықты. Алғаш рет опынды. Әлгі құшақтасқан қос бейне көз алдынан кетпей, олай да, бұлай да көлбей берді.

«Жо-оқ, ұмытпаймын... Ұмыта алмаспын Аяшымды!» – деді қалшылдал. Дәл осында қорлықпен кісіні өлтіруге де болады еken-ay.

«Бәрі өтті... Бәрі бітті», — деді Оңғар ызалы күбірлеп. Сөйтті де, әлгінде теуіп жіберген орындықты кереует жаққа лақтырып тастап, есік алдына шықты. Ол қақпаның ар жағында Аягөздің әлі күтіп тұрганын білді, бірақ енді онымен кездесуге асыға қоймады. Өйткені ол қызды қатты жек көріп тұр еді...

Қақпа тағы тықылдады.

Баяғыдай алып-ұшып барып қақпаның ілгегін ағытты. Сосын Аягөзге бұрылып та қарамастан:

— Ішке кір! — деді ренішпен.

Аягөз кірді. Өні боп-боз. Ол Оңғардың сұпсұр жүзінен, сүзіле қараган көзінен қатты ызаның, тіпті жиіркеніштің нышанын көрді.

— Ол жігіт менің жерлесім болатын, — деді Аягөз, — Осында келген еken. Кездесіп қалдық...

Оңғар үн қатқан жоқ.

— Сенің алдында менің арым таза, — деді Аягөз тағы. Бұл сөзді оның айтпауы керек еді. Бірақ айтты. Тас мұсіндей сірескен Оңғар оған да үн қатпады.

Екеудің жарты сағаттай үнсіз тұрды. Содан соң Аягөз ілбіп басып аялдамага қарай бетtedі. Оңғар оны тоқтатқан жоқ. Қызы қақпадан едәуір ұзаган соң артына бұрылып бір қарады да, аялдамага қарай тез-тез басып кете барды.

Оңғардың аяулы, аппақ махаббатын ымырт қараңғылығы бүркей берді.

КҮТПЕГЕН КЕЗДЕСУ

Новелла

Жаз айының орта кезі болатын. Күн бесінге таянған шақ. Саян іссапармен келген жұмысын бітіріп, енді қайтар жолына самолетке билет алу үшін әлгінде гана қонақүйден шығып еді. Тротуарды бойлай жәй басып, жайбарақат келе жатқанда, көңілі жаймашуақ тартып, қапелімде ойға беріліп кеткен екен. Соның әсері ме, қарсы келе жатқан әлдеқандай бір әйелді әуелі көрсө де көңіл бөлмей, кейін жанынан өтіп бара жатқанда гана, оның өзіне тесіле қараганын сезді. Бұл қалада жігіттің таныс ешкімі жоқ болатын. Бейтаныс жанды қай жерде көргенін ойына түсіре алсаши.

«Соншама неге қадалды?! Әлде тани ма?»

Саян артына бұрылып, оның соңынан көз алмай әлі қарап тұр. «Танығаны шын болса, бір қайырылар» деп ойлаган. Бірақ әйел ешнәрседен алаңсыз, бейғам жүріспен кетіп барады.

Саян бәрінен де әлгі әйелдің жанары тайсалмай қарағанына қайран. «Неге өйтті?! «Танисың, маған зер салып қараши» дегені ме?» Бейтаныс әйелдің өзін білетініне енді кәміл сенді. Ұзап кеткен әйелдің соңынан қызып жетуге асықты.

Жол бойы мектепте оқыған күндерінен бастап, жұмыс істеген жерлеріндегі таныстарына дейін еске түсірген. Алайда мұндай адамды қашан, қай жерде кезіктіргені есінде жоқ.

Желсіз күнгі ауа қапырық. Қатты жүргеннен бе, Саян терге малшынды. Содан мазасы кетіп, омырауының алдын әлсін-әлсін желпиdi.

Әйелге енді жеттім бе дегенде, ол қалт тұрып қалды. Әйел алдындағы көшениң қызып өтіп, шарбақты үйдің қақпасынан кіріп кетті. Бағананың жанында тұрган Саянның екі көзі шарбақты үйде болғанмен, ойы әлдеқайда... Келген жолымен қайтып кетудің ретін таппай, не әрі, не бері емес, азап шегіп тұр.

Ақыры тәуекелге бел байлады.

Танымайтын үйдің есігінен баса-көктеп кіріп барудың қандай қыын екенін білсе де, аяғын ауыр басып, тіке тартып барады. Жүрегі лұп-лұп соғып тұр.

Саян ауызғы үйдің есігінен кіргенде, әлгі көшеде кездескен әйел кішкене ер баланы киіндіріп жатыр екен. Екеуінің жанарлары шошына тоғысты. Екеуі де амандық-саулық жоқ, үнсіз қарап қалысты...

Бөлме ішінде тыныштық орнады.

Әйел оң қолының алақанымен алдында тұрган баланың шашынан сипап еді, киініп болған бала:

— Мама, далада ойнаймын, — деді жанарын Саяннан аудармаған күйі.

— Бара ғой! — Іштей қобалжұлы екені бай-қалса да, сырт көзге жайбарақаттық танытқандай, әйел самарқау үн қатты. Бала есікке қарай жүгіре жөнелді. Сол сәт...

Қарлығыңқы шықса да, оның қоңыр даусынан Саян әйелді тани кетті.

«Шынар!!!» Баяғы студент кезінде, осы облысқа астық жинасуга келгенінде, бұған өлердей «ғашық» болатын қаршадай қара қыз...

Онда Саян оны баласынып, бірсесе қарын-дасындағы еркелетіп, енді бірде әзілге шаптырып, әжуага жеңдіріп, не керек, оныншы жаңа бітірген жап-жас қыздың өрттей маҳаббатынан басын әзер арашалап алыш еді. Бірақ кейін есіне түсіргендеге, көз алдына ылғи тұрып алатын Шынар мұндай емес сияқты еді. Ол әрдайым денесі талдырмаш, кішкене қара көздері өне бойы күлімдеп тұратын қараторының әдемісі секілді еді.

«Өзі мұлде өзгеріп кетіпті-ау!»

— Шынар! — Үздіге шыққан дауысты әйел естіді. Бірақ естісе де естімегендей болып, жаюлы киіз үстіндегі шашылған заттарды жинай бастиады.

Әлден соң Саян тілге келді.

— Көшеде танымадым. Кешір, Шынар! Мені танығаныңды байқап қалдым. Ұзап кетсең де соңыңдан жүгіргенім сол еді.

— Мен сізді танымаймын!

Әйелдің даусы біртүрлі жат, сұық естілді.

Саян бәрін күтсе де, осыны күтпеп еді. Сасып қалды. Тамагы құрғап қалғандай жұтынды. Өні сүрланып, әп-сәтте қабагын түйіп алған әйелдің жүзіне шыдай алмай, жаман ыңғайсызданды.

«Қап, бекер келдім-ау! Осынша елпектеп нем бар еді?!" деген ой санасын шарпып өтті. Әйтсө де өзінің бөгде ойы жоқтығын білдіргісі келіп:

— Неге? Шынымен танымадың ба? Мен Саянмын ғой, — деді амалы құрып.

— Жоқ, ешқандай Саянды білмеймін, танымаймын да. — Даусы қатты шықты. Есін тандырып үрган жұдырық та мұндай болmas.

Саянда өң-тұс жоқ. Мәңгіріп қалды.

— Ол уақыт қайтып келмейді бәрібір. Қайтесің қозғап? Таңдал алған жолыңызben тарта беріңіз. Иә, иә... тарта беріңіз! Қазір күйеуім келуі керек, сіз де өз жөніңізді тапқаныңыз жөн болар.

Саянның басы мең-зең болып, құлағы шуылдан қоя берді. Шығып кетуден басқа жол қалмағанын сезіп, енді бұрыла бергенде үлгере алмады. Есік ашылып, жас шамасы он жетілердегі бойжеткен кіріп келді.

— Мама! Соңғы сабакты да беске тапсырдым, — деді жүгіріп барып шешесін мойнынан құшақтай алған қызы.

— Бітті! Бәрі де бітті енді!

Саян өз көзіне өзі сенбей тұр. Сол баяғы ерке мінез, құлім қаққан кішкене қара көздер... Қыр мұрны мен жұп-жұқалтаң ерні де айнымаған Шынардың өзі екен.

Көңілі біртүрлі алабұртып кетті. Шынардың жаңағы айтқан сөздеріне де ренжіген жоқ. Жиырма жыл өткен сонау бір күндердің... қуанышы мол жастық шақтың енді қайтып оралмасына көзі жеткендей, ет-жүрегі елжіреп сағынып тұрса да, тасжүрек жанға үқсан, байқатпай шығып жүре берді.

МАЗМҰНЫ

Кішкентай бригадир. <i>Хикаят</i>	3
Әңгімелер	
Жарқынбек	99
Қанағат	120
Құдірет	136
Нариман	151
Пиғыл	172
Шапағат	192
Ымырт	222
Күтпеген кездесу. <i>Новелла</i>	233

Тынымбай ТӨЛЕПБАЙҰЛЫ

Қанағат

Хикаят, әңгімелер, новелла

Редакторы *Гүлдария Әшірбаева*
Техникалық редакторы *Эльмира Заманбек*
Көркемдеуші редакторы *Женіс Қазанқапов*
Корректоры *Гүлзат Ақжолова*
Компьютерде беттеген *Ақмарапал Кадикенова*

Басуга 08.06.16 қол қойылды.
Пішімі 84x108 ¹/₃₂. Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Шартты баспа табагы 12,6.
Тапсырыс № 85. Таралымы 500 дана.

«Фолиант» баспасы
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13

«РЕГИС-СТ Полиграф» баспаханасында басылды
010000, Астана қаласы, Ш. Айманов к., 13



ТЫНЫМБАЙ ТӨЛЕПБАЙҰЛЫ

1941 жылы Ақтөбе облысы Байганин ауданының Жарқамыс ауылында дүниеге келген.

1965 жылы Тараз қаласындағы технологиялық институтты бітіріп, «инженер-технолог» мамандығын алып шыгады. Әдебиетті сүйген ол басқа салада жемісті еңбек ете жүріп, қолынан қаламын тастаган емес. Әр жылдарда «Арман қанатында» атты жас жазушылардың жинағына, республикалық көркем-әдеби басылымдарға шығармалары жарияланып тұрган. «Кішкентай бригадир» (хикаят), «Өмір сырлары» (әңгімелер) атты прозалық шығармалар жинағы және «Шыргалаң» романының авторы.

ISBN 978-601-302-495-0

9 786013 024950